әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 130.2 (512.1) (043.3)

Қолжазба құқығында

Алтайбаева Аяулым Нурболдиевна

Түркі дүниетанымының жастардың саяси құндылықтарын қалыптастыруға әсері

«8D02201 – Саяси философия»

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
философия ғылымдарының
докторы, профессор
Г.Т. Телебаев

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Анкара Хажы Байрам Вели
университетінің профессоры,
философия ғылымдарының
докторы Ахмет Тасгын

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2026

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ..... 3

1 ЖАСТАР ҰҒЫМЫН САЯСИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ТАЛДАУДЫҢ КОНЦЕПТУАЛДЫҚ БАҒДАРЛАРЫ..... 14
1.1 Жастар түсінігінің тарихи-философиялық және саяси-әлеуметтанулық негіздемелері..... 14
1.2 Жастар саясатының құқықтық-институционалдық негіздері және құқықтық сананың қалыптасу ерекшеліктері..... 30
1.3 Жастарға білім берудің заманауи платформаларының мәдени-әлеуметтік, саяси философиялық келбеті..... 44

2 САЯСИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ТҮРКІЛІК ДҮНИЕТАНЫМДАҒЫ НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕР..... 55
2.1 «Құндылық», «саяси құндылық», «жастар құндылықтары» ұғымдарының логикалық-семантикалық құрылымы..... 55
2.2 Түркі дүниетанымындағы саяси құндылықтардың тарихи-мәтіндік негіздері..... 69
2.3 Түркі дүниетанымына тән саяси құндылықтар жүйесінің құрылымдық-функционалдық және концептілік негіздері..... 78

3 ЕЛІМІЗДЕ ЖАСТАРДЫҢ САЯСИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ ӨЛШЕМДЕРІ..... 93
3.1 Түркілік саяси құндылықтардың жастар санасына ықпал ету көріністері мен технологиялары..... 93
3.2 Қазақстан Республикасындағы ұлттық саяси құндылықтарды қалыптастыру беталыстарының тарихи-мәдени платформаларын қайта құрылымдау бағдарлары..... 103
3.3 Жастардың саяси құндылықтарын «Жаңа Қазақстан» контексінде нығайтудың қағидаттары мен перспективасы..... 120

ҚОРЫТЫНДЫ..... 129
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ..... 136

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертацияда түркілік саяси құндылықтардың тарихи-аксиологиялық константалары арқылы Қазақстан Республикасы жастарының саяси құндылықтарын қалыптастырудың тетіктері мен осы бағыттағы саяси шешімдердің қоғамдық санаға ықпалы зерделенді. Алдымен, саяси құндылықтар мен түркілік саяси құндылықтардың концептуал негіздері сараланып, олардың қоғамдық өмір прагматикасындағы «қолданысы-нәтижесі» параметрлерінің негізгі көрсеткіштеріне саяси-философиялық тұрғыдан баға берілді. «Жаңа Қазақстан» моделіндегі жастардың саяси құндылықтарының қалыптасуының мәдени-әлеуметтік климаты аясындағы эволюциясы мен «қалыптастыру-қалыптасу» детерминациясының тәсілдері мен технологиясына талдау жүргізілді. Сол арқылы қазіргі заманғы жастар құндылықтары, олардың түзілімі мен жаңаруының парадигмалары, тұрақтылығы мен өзгеру динамикасы мәселесі зерделенді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстандық, жалпы алғанда тұтас әлемдік деңгейде де жастардың құндылықтық бағдарларының өзгерістерге түсуі мен олардың динамикасы – әлеуметтанулық, мәдениеттанулық, саясаттанулық, психологиялық тұрғыдан ғана емес, тарихи-этнографиялық контекст аясындағы саяси философиялық парадигмалар негізінде тереңірек зерттеуді қажет етеді. Мұны заман ағымының құбылуы, әлемдік интенсив даму мегатенденцияларының жастардың қоғамдық санасымен өзара тәуелділігінің әрқилы масштабтарын бағамдау мен бағалаулар арқылы айқындауға болады.

Қоғамдық өмірдің барша саласын қамтып келе жатқан виртуалданған әлемнің цифрлық жүйесінде коммуникация түрлерінің күрделі сипат табуы – XXI ғасыр басындағы іргелі өзгерістердің бірі болып отыр. Интернет, әлеуметтік желілер, яғни Инстаграмм мен ТикТок, Треадс және т.б. ақпарат алмасу желілері қарым-қатынастың жаңа формаларын танытатын инструменттер ғана емес, жастардың болмысына, мінез-құлқына, дүниеге көзқарасы мен қоғамдық санасына айтарлықтай ықпал ете алатын, елеулі өзгерістерге себеп болатын технологиялық детерминациялардың маңызды факторына айналып отыр. Сәйкесінше, осындай өзгерістер кезеңінде, алдымен, жастардың қоғамдық саяси санасының динамикасын саяси-философиялық тұрғыдан «бақылау-бағалау» тетіктерінің маңызы артып келеді. Яғни, ғылыми дискурстың қоғамдық инженериядағы рөлі салмақты болуда. Олай болса, цифрлық жүйедегі коммуникацияларды тек субмәдениет ретінде ғана емес, мәдени-әлеуметтік институттардың бірі ретінде де жіті зерделеу маңызды дей аламыз.

Сонымен қатар, техногендік прогресстің жаңа сатысы ретінде қарастырылатын постадам мен постқоғам жағдайында жастардың мәдени-әлеуметтік рөлдерін айқындауы тұрғысынан ғана емес, сол қоғамдық сананы қалыптастыратын және стихиялы түрде конструкциялайтын ықпалды өріс күші болуы жағынан алғанда да цифрлық жүйенің жастардың болмысына ықпалы арнайы зерттеуді қажет етеді. Мұның көпқырлы үдеріс екенін де ескерсек, аталған талдаулар олардың ішкі саясатқа қатысты саяси санасындағы тұрақты

дүниетанымдық негіздерді және құндылықтық өзгерістерді айқындауға септеседі. Цифрлық ықпалдың әсерімен қалыптасқан жастардың құндылықтық әлеміндегі метаморфозалар мен изоморфизмдерді саяси-философиялық тұрғыдан талдау – мемлекеттің стратегиялық дамуының негізгі бағдарларын айқындауға немесе белгілі бір бағдарламалар бойынша институттануын іске асыруға да мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы жастарының саяси санасын зерттеу ісін, оның динамикасы мен негізгі векторларын айқындау мақсатында саяси-философиялық тұрғыдан зерделеу маңызды болып отыр. Сондықтан, қазіргі заманғы жаңа саяси құндылықтардың өріс алуы ғана емес, тұрақты, ғасырлар сүзгісінен өткен классикалық құндылықтардың санадағы қабылдануының интенциялары мен өздігінен реконструкциялануы, олардың мағыналық бағдарларының ауысуы да айрықша зерттеуді қажет ететін құбылыс екені даусыз. Мұндай зерттеулер қоғам дамуындағы жастардың саяси құндылықтарының жалпылама картинасын ашып көрсетумен қатар, оны игілікті, оңды, ұтымды, тиімді, пайдалы нұсқада қайта құрылымдауға да негіз бола алады.

Қазіргі замандағы жастар санасындағы глобализация-глокализацияланған (жаһандық-жергілікті) дуалистік дүниетаным түсініктерінің саяси қырлары қоғамдық өзгерістерде әлдеқайда маңызды беталыстарды тудыруда. Дәл қазіргі жаһандану жағдайындағы азаматтық-өркениеттік бағдардағы даму векторымен қатар, ұлттық мемлекеттердің әрқайсысы өзіндік дамудың ұлттық үлгілерінен бас тарта алмайды. Бұл – тарихи танымдық ұлттық кодтармен сабақтасқан табиғи эволюциялық үдерістердің заңда жалғасы іспеттес. Осы тұста, қазіргі таңдағы Қазақстан Республикасы жастарының саяси санасындағы құндылықтар жүйесінің тарихи тамырлары мен архетиптік-образдық келбетіне талдаулар жасау арқылы, оның қазіргі заманға өздігінен трансформациялануының, сондай-ақ ресми сипатта трансформациялаудың технологиясына айрықша назар аудару да соншалықты маңызды болып отыр. Бұл тұста, біз, түркілік әлем ареалындағы құндылықтар жүйесінің VII-XIII ғасырлардағы келбетіне назар аудара отырып, оның негізгі платформаларының философиялық мәнін ашып көрсетуге, талдауға тырысуымыз қажет. Сонымен қатар, түркілік дүниетанымның қазіргі заман үшін қолданбалылығының диахрондық-синхрондық табиғатының саяси-философиялық конструкцияларына да айрықша назар аударуымыз қажет.

Зерттеу тақырыбымыз қоғамдағы саяси ахуалдардың негізгі бағдарларын зерделеу ғана емес, саяси құндылықтардың жастар санасындағы келбеті мен оның тарихи тұрғыдан ең тиімді, әлеуметтік тәжірибеден өткен, сұрыпталған, оңды бағаланған нұсқалар ретінде орнықтырылған архетиптеріне үңілуімен өзекті. Сол арқылы жастардың саяси санасына ғылыми екшелген әрі тарихи сабақтастығы бар құндылықтарды ресми институттық түрде қалыптастырудың технологиясын ұсыну арқылы өзіндік бағдар мен құралдарға қол жеткізуді көздейді. Сонда ғана бұл зерттеу қолданбалы маңызға ие болады деп есептейміз. Бұл зерттеулер сайып келгенде, мемлекетшілдік дәстүрді қалыптастырып, оның саяси онтологиясына ықпал ете алатын, халықаралық қатынастар мен әлемдік саяси аренадағы Қазақстанның Тәуелсіздігін қорғауына, беделінің нығаюы мен

ұзақмерзімді орнықты дамуының алғышарттарын құрайтын жаңа моделдерді де ұсынуға септеседі. Өйткені қазіргі заманғы жастардың қоғамдық санасындағы саяси құндылықтар жүйесінің оңды құрылымдануы – мемлекеттің тұрақты дамуының іргетасы бола алады. Сондықтан да Қазақстан Республикасы жастарының саяси құндылықтарын қалыптастырудағы дүниетанымдық өлшемді анықтау тақырыптың өзектілігін арттыра түседі.

Тақырыптың зерттелу деңгейі.

Жастар туралы алғашқы философиялық тұжырымдар көне қытай [1] және көне грек философтарының еңбектерінде кездеседі [2]. Қазақ дүниетанымына тән ойларды Абай шығармаларынан таба аламыз [3].

XIX-XX ғғ. жастар тақырыбын зерттеуге Еуропа мен АҚШ-тың ғалымдары үлкен үлес қосты. Солардың ішінде құрылымдық-функционал көзқарас бойынша Эмиль Дюркгейм [4], Толкотт Парсонс [5], Роберт Мертон [6], символдық интеракционизм мектебі өкілдері Джордж Герберт Мидтің [7] пен Маргарет Мидтің еңбектерінде көрініс тапқан. Мысалы, Маргарет Мидтің «Мәдениет және балалар әлемі» атты әлеуметтік антропология бағытында жазылған құнды еңбегінде балалық пен жастық кезең дүниенің бар бөлігінде бірдей «табиғи» жолмен жүрмейтінін, әр аймақта мәдениет арқылы қалыптасатынын алға тартады. Постотарлық перспективадан қарағанда Маргарет Мидтің Океания мен басқа да еуропалық емес елдерде қатысты этнографиялық материалдар негізінде зерттеу жасауы белгілі бір таптаурындарды туғызуымен ерекшеленсе де, бұл еңбегі алғашқылардың бірі болып балалар мен жастардың әлеуметтік-мәдени тұрғыда құрылымдануын арнайылап зерттеуімен құнды [8]. Батыс ғалымдардың ішінде жастар мәселесін ерекше көрсеткен авторлар: Пьер Бурдье [9], Хосе Ортега-и-Гассет [10], Эрик Эриксон [11], Освальд Шпенглер [12], Карл Манхейм [13]. Пьер Бурдье «Әлеуметтік кеңістік және әлеуметтік топтардың шығу тегі» еңбегінде әлеуметтік топтардың табиғи болмыс түрінде емес, тарихи және әлеуметтік шарттар аясында қалыптасатынын негіздей отырып, әлеуметтік философияда кең танымал «хабитус» концептісін енгізіп еді. «Хабитус» оның түсіндіруінше тіршілік шарттарына сәйкес қалыптасатын қабылдау, талғам, мінез-құлық, әрекет түрлерінің тұрақты схемасын білдіреді. Жастардың да әлемді қабылдауы мен дүниетанымы мәдениетке сіңген тұрақты схемалар аясында жүретіндіктен, оны қоғамдық игілікке қарай бұруға әрі ғасырлар бойы қалыптасқан таптық иерархия аясынан шығаруға болады деп түйеді.

Сондай-ақ жастар ұғымы, жастардың заңмен қатынасы, жастардың әлеуметтенуі, білім алу жүйесін зерделеген постсовет кеңістігі ғалымдары С.Н. Иконникова, И.С. Кон, В.Т. Лисовский, В.А. Луков, В.Г.Немировский, В.В. Павловский, Д.Д. Накашидзе, В.И. Чупров, Ю.А. Зубок, К. Уильямс, В.И. Добрынина, О.М. Добрынина, А.А. Жигулин, А.Т. Малхасян, З.К. Буклова, және т.б. еңбектерінде зерделенген. Мысалы К. Буклованың «Правосознание в современном информационном обществе: теоретико-правовой анализ» (2011) еңбегі – құқықтық сана қалай өзгеріп жатыр деген сұрақты ақпараттық қоғам контекстінде талдауымен құнды [14].

Қазақстанда жастар мәселесіне қатысты зерттеулердің ішінде Марлен Ларуелленің «Назарбаев буыны: Қазақстандағы жастар» (The Nazarbayev Generation: Youth in Kazakhstan) зерттеуін [15], А. Жунисбай мен Б. Жунисбайдың Жастар өзгеше ме? Назарбаев буыны мен Қазақстандағы қоғамдық пікір (Are youth different? The Nazarbayev generation and public opinion in Kazakhstan) мақаласын ерекше атап көрсетуге болады. Мысалы, А. Жунисбай мен Б. Жунисбай аталған мақаласында жастар үлкен буынға қарағанда әлеуметтік теңсіздікке көбірек түсінистікпен қарайды деген қорытындыға келеді [16]. Әлеуметтанулық зерттеу әдісіне сүйенген мұндай еңбектер Тәуелсіз Қазақстандағы жастардың келбетін тануға мүмкіндік беруімен құнды дей аламыз. Ал, Д. Шарипова, С. Бейменбетов секілді зерттеушілердің «Молодежь в Казахстане: оценка ценностей, ожиданий и стремлений» атты еңбегі де жастардың маңызды санайтын құндылықтары, үміті, үрейі мен өмірлік стратегияларының жалпы картинасын әлеуметтанулық зерттеулер арқылы нақтылауымен бағалы [17]. Сондай-ақ бұл тақырыпты тереңдеткен ғылыми еңбектер А.С. Сарсенбаев, Д.А. Қалетаев, Ғ.Т. Телебаев, Ғ.Н. Шойкин, З.С. Айдарбеков, Д.Д. Ешпанова, Г.О. Абдикерова, Л.Ю. Зайниева, Ғ.Ғабдуллина, Ғ.С. Сапарғалиев, А.С. Ибраева, Г.Р. Абсаттаров, С.А. Сартаев, М.И. Исаева, М.Д. Шаймерденова, және т.б. авторларға тиесілі [18].

Түркі әлемінің ойшылдары Әл-Фараби [19], Қожа Ахмет Ясауи [20], Махмұт Қашқари [21], Жүсіп Баласағұн [22], көне грек ойшылдары Лаэрттік Диоген [23], Платон [24], Аристотель [25], батыс философтары Г. Риккерт [26], Н. Луман [27], Е. Хофстед [28], М. Рокич [29], С. Швартц[30] еңбектерінде құндылық ұғымының мәні ашылған.

Саяси құндылықтар тақырыбына, соның ішінде жастардың саяси құндылықтарына да ерекше көңіл бөлген авторлар қатарына әлемдік деңгейде Т. Парсонс, Р. Ингелхарт, Ли Куан Ю, М. Демирташ, С. Омер сынды ғалымдарды жатқызсақ [31], отандық ғылымда бұл тақырыпты жан-жақты қарастырған С. Нұрмұратов, Ғ. Құрманғалиева, О. Карибаев және т.б. сынды зерттеушілерді атауға болады [32].

Түркілік дүниетаным, түркілік саяси құндылықтар, түркілік құндылықтардың әсері турасында В. Радлов, С. Кляшторный, А. Кононов, С. Иванов, С. Орус-оол, Н. Аюпов, Л. Федорова, Р. Безертинов, С. Аязбекова, Х. Әбжанов, А. Досымбаева, О. Сапашев, Г. Гусейнов, Г. Смагулов, М. Уланов, В. Харитонова, С. Васютин, Т. Жумагамбетов, Н. Крадин, М. Горбунов, С. Дмитриев, Х. Миннегулов, С. Малабаев және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде зерделенген. Соның ішінде М.Ю. Горбуновтың «Ценностные доминанты тюркской традиции: кочевой культурно-исторический пласт» еңбегі ежелгі түркілік мәдениеттегі елдік сана мен саяси құндылықтардың мәнін ашатын іргелі зерттеу саналады [33].

Зерттеу нысаны – жастардың саяси құндылықтарының қалыптасу үрдісі мен негізгі келбеті

Зерттеу пәні – Қазақстан Республикасы жастарының саяси құндылықтарының қалыптасуындағы түркілік дүниетанымның рөлі

Зерттеудің мақсаты – Қазақстан Республикасы жастардының саяси құндылықтарын қалыптастырудағы байырғы түркілік тарихилық дәстүрлердің ықпалы мен қазіргі заманға тасымалдануын саяси-философиялық тұрғыдан зерделеу. Осы мақсатқа сәйкес келесі зерттеу **міндеттері** қойылды:

– «жастар» және оның болмысы туралы тарихи-философиялық және саяси-әлеуметтанулық пікірлер мен тұжырымдамаларға, негізгі көзқарастарға шолу жасау;

– жастар мәселесінің заңнамалық-құқықтық институттар аясындағы негізгі қызметі мен мәдени-әлеуметтік келбетін саяси-философиялық тұрғыдан жан-жақты ашып көрсету;

– білім берудің заманауи платформаларындағы жастар мәселесін айрықшалау арқылы олардың рухани, интеллектуал, зиялылық деңгейінің негізгі параметрлерін анықтау;

– «құндылық», «саяси құндылық», «жастар құндылықтары» түсініктерін концепті ретінде пайымдай отырып, олардың мазмұны мен құрылымына логикалық-семантикалық талдау жасау;

– Түркі халықтарының сыртқы әлемдегі және ішкі саяси-әлеуметтік өмірді құрылымдау бойынша қалыптасқан құндылықтар жүйесінің мағыналық және функционал негіздерін ашып көрсету;

– Түркілік саяси құндылықтардың қазіргі заманғы Қазақстан Республикасы жастарының санасына ықпал ету өрісіне, мазмұнына, технологияларына, көріністеріне саяси философиялық талдаулар жасау;

– Қазақстандағы ұлттық саяси құндылықтарды байырғы түркілік өмір салты дәстүрлері жүйесі бойынша қалыптастырудың негізгі өлшемдерін және тактикалық-стратегиялық бағдарламаларын құрылымдау;

– Жастардың саяси құндылықтарын «Жаңа Қазақстан» контексінде тарихи-әлеуметтік парадигмалар бойынша нығайтудың негізгі қағидалары мен перспективасын құрылымдау.

Диссертацияның теориялық негіздері.

Диссертацияда басты теориялық негіз ретінде: Орхон-Енисей жазбалары, түркі халықтарының рухани жәдігерлері, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» атты философиялық шығармасы және т.б. түркі халықтарының жазба ескерткіштері мен қазіргі заманғы жастар туралы ғылыми тұжырымдамалар алынды.

Сонымен қатар диссертация жұмысында отандық және шетелдік зерттеушілердің: әлеуметтанушылардың, философтардың, психологтардың, тарихшылардың ғылыми еңбектері мен теориялары, концептілері қолданылды. Бұл зерттеудің дисциплинааралық мазмұнын тереңдетті.

Зерттеудің әдіснамалық ұстанымы бойынша мынадай әдістер қолданылды:

– салыстырмалы-тарихи – жастардың саяси белсенділігінің және саяси құндылықтарының дамуының эволюциясының әртүрлі кезеңдерін белгілеу;

– жастардың құндылық бағдарлары мен өмірлік жоспарларындағы тенденциялар мен өзгерістерді анықтау үшін нақты әлеуметтанулық зерттеу әдісі;

– проблемалық-хронологиялық – жастармен жұмыс жасаудағы саяси күштердің қызметінің белгілі бір нысандары мен әдістерінің бастауын анықтау;

– логикалық-семантикалық талдау – көне түркілік рухани маңызды ұғымдарды ажыратып алып, олардың концепт ретіндегі денотаттары мен семантикалық-лексемалық мазмұны ашып көрсету үшін қолданылды.

– герменевтикалық-феноменологиялық әдіс – тарихи мәтіндерді түсіндіру, тарихи мәтіндердегі негізгі өзек болатын ұғымдарды аршып алуға септеседі. Сондай-ақ қазіргі таңдағы жастардың қоғамдағы өзгерістерді қабылдауы мен құрылымдауының келбетін анықтау үшін қажетті.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы төмендегідей:

1. Философия тарихы және қазіргі заманғы әлеуметтанулық теориялар негізінде жастар мен олардың болмысы туралы тарихи-салыстырмалы зерттеу жүргізіліп, саяси-әлеуметтік өлшемдегі және халықаралық ұйымдардың бекітуі бойынша әрі Қазақстан Республикасындағы жас мөлшерін айқындау қағидалары саяси-философиялық тұрғыдан қайта сарапталып, оның биофизиологиялық, демографиялық, психологиялық, мәдени-тарихи ерекшеліктері айқындала келе, жастар функционализмі мәселесі талқыланды;

2. Қазақстанның саяси онтологиядағы стратегиялық ұстанымдардың бірі ретінде байыпталатын жастар мәселесінің ресми түрде институттануының динамикасына қатысты заңнамалық-құқықтық ережелер мен құжаттарға талқыға салына келе, «заңнамалық жастар» түсінігі енгізіліп, ол тарихи-әлеуметтік негіздемелер тұрғысынан талданды;

3. Жастардың білім алу мәселесінің мазмұны мен негізгі көрсеткіштерін танытатын статистикалық мәліметтер мен жастар туралы әлемдік деңгейдегі және еліміздегі бағдарламалар негізге алына отырып, атап айтқанда, интеллектуалдық әлеуетті арттыруға бағытталған – Lifelong learning бағдарламасы, Coursera онлайн курсы, шығармашылық индустрия өнімдері, кластерлер мен хабтар, акселераторлар құру секілді заманауи форматта білім беру үдерісін құрайтын инфрақұрылымдардың саяси-философиялық аспектілеріне талдау жүргізілді;

4. Философиядағы құндылық мәселесіне қатысты дискурстарға кешенді талдау жасалды: тарихи-антропологиялық, әлеуметтік-мәдени және мәдени-философиялық ракурстағы шетелдік және отандық философтардың көзқарастарын негізге ала отырып, құндылық ұғымының саяси-философиялық мәнін ашуға талпысын жасалды. Сондай-ақ Қазақстан жастары туралы «BRIF Research Group» зерттеулері негізінде жастардың құндылықтық бағдарларына қатысты талдау жасалды;

5. VII-XIII ғасырлардағы түркілік саяси құндылықтар жүйесіндегі «bəŋgű el» (мәңгілік ел), «Тәңір сыйлығы», Өтүкен, Киелі жер секілді төлтума түсініктер концептілер ретінде іріктеліп алынып, олардың құрылымдық-функционал және лингвосемантикалық негіздері ашып көрсетілді. Сондай-ақ

Жүсіп Баласағұнның іліміндегі «Құтты білік», «билік», «әділет», «заң», «билеуші» іспеттес ұғымдардың саяси-философиялық астарлары мен олардың түркі халықтарындағы изоморфты-гомоморфты мағыналары салыстыра көрсетілді;

6. Түркі халықтарының мәдени-генетикалық ортақ призмасы аясында айқындалатын саяси-әлеуметтік болмысындағы құндылықтардың қалыптасуы мен құрылымдануындағы қазіргі қазақстандық жастардың қоғамдық санасына ықпал өрісінің негізгі беталыстары саяси-философиялық тұрғыдан талданды. Сондай-ақ түркі халықтарындағы қазіргі саяси стратегиялық бағдарламалардың қызметтері мен мәдени-әлеуметтік астарлары ашып көрсетілді;

7. Әлемдегі саяси құндылықтардың қалыптасуы мен құрылымдануы, олардың шынайы әлемдегі жүзеге асу келбеті мен Қазақстандағы ресми түрде белгіленген: Адам, Отбасы, Отан, Тіл, Руханият, Білім, Еңбек, Табиғат құндылықтар жүйесі мен этикалық қағидалардың құндылықтық бағдарлары Тәуелсіздік, Демократия сияқты қоғамдағы саяси ұстанымдармен байланыстыра сарапталды. Бұл бағдарлар Ежелгі Түрік Қағандығы кезіндегі саяси өмір тәжірибесімен салыстыра көрсетілді;

8. Жастардың саяси құндылықтарының тарихи-әлеуметтік және қазіргі замандағы мағыналық өзгерістерге сай заманауи келбетіне «Жаңа Қазақстан», «Әділетті Қазақстан» идеологиясының жүзеге асып жатқан тетіктері тұрғысынан талдаулар жасалып, жаңа құндылықтар арнасына ғылыми теориялық талдаулар жасалды және оның перспективтік бағдарлары ұсынылды.

Диссертациялық зерттеу нәтижесінде қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар мыналар:

1. Жастар туралы философия тарихында маңызды ойлар айтқан әрі белгілі бір мәдени жүйе аясында этикалық парадигма қалыптастырған Конфуций, Пифагор, Гераклит, Демокрит, Сократ, Платон, Плутарх, Аристотель, Цицерон, Сенека тәрізді ойшылдардың көзқарастары жастардың саяси құндылықтарының философиялық негізін тануға мүмкіндік береді. Ал модерн кезеңдегі Толкотт Парсонс, Мертон Джордж Мид сынды әлеуметтанушылардың жастар туралы пікірлерін талқылау – ден қойып отырған тақырыпты әлеуметтік философия тұрғысынан тереңдетуге мүмкіндік береді. Жастардың биофизиологиялық жас мөлшерінің және демографиялық, психологиялық, мәдени-тарихи болмысының негіздерін анықтау мақсатында Пьер Бурдье, И.С. Кон, Хосе Ортега-и-Гассет, Эрик Эриксон, Карл Мангейм, Д.Д. Накашидзе, В.И. Чупров, Л.А. Седов сынды ойшылдардың және түрік ғалымдары Мұстафа Еркал Мұрат, Өзвери Ибраһим, Йүсел Ахмет Усанмаздың көзқарастарын қайта сараптау жастардың саяси құндылықтарының әлеуметтік тұрғыда құрылымдануына қатысты маңызды теориялық негіз бола алады. Бұл ғалымдардың көзқарастары мен тұжырымдары жастар функционализмінің мәнін айқындайтын бағдар ретінде қарастырылды. Тарихи экскурс түрінде талданып, жастардың әлеуметтік болмысына қатысты зерттеулердің парадигмалық мәнін ашу арқылы жастардың санасы әлеуметтік, саяси және жасы жағынан бсқа топтарға қарағанда мозаикалық, қарама-қайшылықтарға толы түрде

қалыптасатыны айқындалды. Яғни, жастардың болмысы мен саяси құндылықтары тұрақты, перманентті немесе жабық этикалық жүйе ішінде емес, түрлі әлеуметтік-мәдени конструкциялар мен әртүрлі әлеуметтік топтардың күрделі схемасы аясында құрылымдық сипат табатыны негізделуі қажет.

2. Қазақстан жастары мәселесінің антропологиялық және онтологиялық мазмұнын ашу нақты өмірде мемлекеттің саяси ұстанымдарынан туындап жатады. Оны сәйкесінше, Қазақстан Республикасының жастар туралы мемлекеттік құжаттары, Біріккен Ұлттар Ұйымының жастар туралы қарарлары, Дүниежүзілік жастар жылы атқарылған шаралар, ECOSOC Жастар форумының қызметіне талдаулар жасау арқылы саяси-философиялық қырынан ашуға болады. Сонымен қатар, ақпараттық қоғам жағдайындағы жастар мәселесі, жастардың виртуал әлемдегі құқықтық санасының қалыптасуы, ақпараттық кеңістік қауіпсіздігі, киберқауіпсіздік мәселесі, цифрлық трансформациялардағы жастар тұлғасының мәдени негіздемелері де саяси-философиялық талдауды қажет етеді.

3. Білім алудың координацияларын философиялық тұрғыдан рефлексиялау арқылы индустриялық хабтардың жұмыс істеу принциптері мен жастардың объективті және субъективті интеллектуалдық потенциалдарын, әлеуметтенуін талдау қажет. Тұлға қалыптастырудың білім беру ісі арқылы детерминациялануының түйткілді тұстары әлемдік деңгейдегі және Қазақстан Республикасындағы көріністері бойынша талданып, өзіндік ерекшеліктер мен айырмашылықтарды ашып көрсету өте маңызды. Қазақстандағы жастардың сауаттылық және интеллектуалдық деңгейінің индексі мен перспективасын модельдеу – білім құндылығының деңгейін феноменологиялық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді.

4. Никлас Луман, Вильгельм Виндельбанд, Генрих Риккерт, Рудольф Герман Лотце сынды философтардың құндылық мәселесіне қатысты дискурстары тарихи-антропологиялық, әлеуметтік-мәдени және мәдени-философиялық тұрғыдан талдауды ұсынады. Сонымен қатар Герт Хофстеде ұсынған мәдени өлшемдердің типологиясы, Милтон Рокичтің инструменттік және терминалдық құндылықтары, Милтон Рокич, Шалом Шварц, Толкотт Парсонстың жастардың құндылықтық бағдарлары туралы еуропоцентристік тұрғыдан бағамдаулары мен Махатхир Мохамад, Ли Куан Ю және т.б. «азиялық құндылықтар» ұғымына сай құрылымданған идеяларына салыстырмалы талдау жасау қажет. Сонда ғана жастар мәселесіне қатысты зерттеулерді белгілі бір мәдени дискурстың детерминациясынан арылуға болады әрі оны Қазақстанның ерекшеліктеріне сай жүйелеуге болады. Микроқоғам деңгейінде саяси құндылықтар конструкциясын, әсіресе, Демирташ Мехметтің, Эндрю Хейвудтің саяси құндылықтар туралы пайымдауларын Серік Нұрмұратов, Гүлжан Әбдіғалиева сынды отандық философтардың аксиологиясымен салыстыра зерттеу мүмкіндігі туады. Елімізде жастарға елеулі әсер етіп жатқан «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын, волонтерлік қозғалыс аясындағы жастардың құндылықтық бағдарларын BANI (Brittle Anxious Nonlinear Incomprehensible World) дәуірі, Вок-мәдениеті

феномендерімен салыстыра отырып, қазіргі заман сұранысы мен қазіргі қоғамдық сана тұрғысынан қайта таразылау қажеттігі туындайды.

5. Байырғы түркілік (V-XIII ғасырлар) саяси құндылықтарды зерделеудің өзіндік қиындықтары бар, өйткені түркілік әлемдегі төлтума ұғымдарды саяси концептілер мен категориялар ретінде зерделеу – оны құрылымдық-функционалдық тұрғыдан тұжырымдауды қажет етеді. Мәселен, «Ел» концептісінің эквиваленттері: өлке, мемлекет, халық және т.б., ал «Халық» түсінігінің баламалары «будун», «бодун», «ара-албытызы» т.б. логикалық-семантикалық құрылымын негіздеуіміз қажет. Бұл тұста, А. Досымбаеваның О.С. Сапашевтың, С. Аязбекованың, Г.Р. Гусейновтың, Г. Смағұлованың, В.И. Харитоновaның, Н. Аюповтың, Р. Безертиновтың, М.С. Ұлановтың түркі дүниетанымы жөніндегі концептуал зерттеулеріне сүйене отырып, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы: «билік», «әділет», «заң», «билеуші», «саяси ұстаным», «заңдылық», «ағартушы билеуші», «әміршінің халыққа қатынасы», «шыншылдық» т.б. түсініктердің саяси тәжірибедегі қолданысына үңілу, «beŋgű el» (мәңгілік ел) утопиялық концептісін талдау және оның Тыва (Хунан Қара эпосы), Алтай халықтарындағы жырлармен изоморфты үндестігі мәселесі ерекше талдауды қажет етеді.

6. Түркі халықтарының тарихи-әлеуметтік мәдени болмысы мен қазіргі заманғы жалпылама картинасы, оның мәдени-генетикалық ортақтығы арқылы құрылымданған құндылықтары, саяси сипат алатын «Ел» мен «Жер» концептілерінің құндылығының диахрондық-синхрондық келбеті мен платформалық идеясының тұрақтылығы, сәйкесінше, «Ел-Жер-Халық-Тіл» құндылықтық түзілімінің қазіргі заманғы көрінісі мен оның әлемдік саяси сахнадағы құндылықтық бағдарларының артуы – қазіргі заманғы мультимәдениеттілік, толеранттылық, патриотизм генезисіне қатысты архетиптік, ділдік көріністерінің морфологиясы арқылы құрылымданатындығын ашып көрсетуді қажет етеді. Бұл тұста, жастардың қоғамдық санасы, мінез-құлық бейнелері, ділдік ерекшеліктері, қалыптасу құрылымын тереңірек зерделеу аса маңызды. Бұл, сезім тәжірибелері мен эмоционалдылық мотивациялар түзілімінің нақты шынайы өмірге ықпалы, оның когнитивтілігі-рефлексивтілігі, коммуникация мен сұхбаттастық әлемнің жаңаша бейнесі, мәдени құндылықтар жүйесінің жастар санасына ықпал ететін детерминатты факторлары арқылы түсіндірілуге тиіс.

7. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасындағы ұлттық құндылықтарды ұсынатын және қалыптастыратын ресми және ресми емес әлеуметтік институттар жастарға қатысты отбасы институтының тұрақтылығы, өмір ұзақтығы сапасы, адам құндылығы, «Ұрпақ» құндылығының мәні, Бала бақыты, бос уақытты тиімді пайдалану, интеллектуализм мен білім құндылығы іспеттес т.б. жалпыадамзаттық игіліктерге келіп орайласады және өркениетті заман талабымен үндеседі. Бұл үдерістер елімізде түркілік тарихи құндылықтармен кіріктірілуі, реконструкциялануы, модернизациялануы және «Рухани жаңғыру», «Мәдени Мұра» мемлекеттік бағдарламасы, зайырлы мемлекеттік ұстанымдар тәрізді ресми мемлекеттік деңгейде институттануға қарай бет түзейді. Сондай-ақ

«Әділетті-Қазақстан – Адал азамат» тұжырымдамаларын түркілік құндылықтар арқылы жаңа сапа тұрғысынан зерттеу де аса маңызды болып есептеледі.

8. Жастардың саяси құндылықтарын қалыптастырудағы қиындықтар мен проблемалық алаңды ашып көрсету, оның әрі қарайғы перспектив бағдарлардың жүзеге асуындағы «Жаңа Қазақстан» идеологиясы, «Әділетті Қазақстан» орнату, «Заң мен тәртіп» қағидатын ұстанудың мүмкіндіктеріне жол ашады. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы мен еліміздегі жастар мәселесіне қатысты мемлекеттік қолдаулардың нақты нәтижелері Қазақстан Республикасының даму перспективасында жаңа мүмкіндіктерді ашудың платформасын негіздеуді керек етеді. Бұл платформалар түркілік рухани құндылықтарды саяси философиялық тұрғыдан қазіргі заманға сай қайта құрылымдауды қажетсінеді.

Диссертацияның практикалық маңыздылығы. Диссертациялық зерттеудің негізгі теориялық ережелерін және талдау барысында алынған мәліметтерді жалпы қоғамдық-гуманитарлық пәндерді оқыту барысында білім беру мақсатында пайдалануға болады.

Зерттеу материалдары жоғары оқу орындарының оқытушыларына, докторанттарына, магистранттары мен студенттеріне, сондай-ақ ғылыми зерттеумен айналысатын мамандарға пайдалы болады.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер мен қорытындылар Қазақстанның мемлекеттік органдары мен саяси ұйымдары тарапынан сұранысқа ие болуы мүмкін және ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен туындаған, немесе қалыптасқан қарама-қайшылықтар мен қиындықтар жағдайында жастардың саяси құндылықтарын қалыптастыру тетіктерін жетілдіруге негіз бола алады. Сондай-ақ, диссертация материалдары мен тұжырымдары жастардың саяси құндылықтарының қалыптасу ерекшеліктері туралы ғылыми әдебиеттер қорын кеңейтеді, жастардың саяси құндылықтарын қалыптастыруға кедергі келтіретін факторларды анықтауға септеседі.

Зерттеу нәтижелерінің апробациясы.

Диссертациялық әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Философия және саясаттану факультетінің Философия кафедрасының орындалды. «Философия» кафедрасының 2025 жылғы 16 қазанындағы мәжілісінде (№3 хаттама) алдын ала талқылаудан өтіп қорғауға ұсынылды.

Диссертацияның негізгі тұжырымдары автордың қазақстандық және шетелдік 4 басылымда жарық көрген мақалаларында, бір Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағында жарияланды:

1. «Политические концепты в традиционном тюркском миропонимании», Алтайбаева А.Н., Телебаев Ғ.Т., Бексейит А.М. // Философия. Журнал Высшей школы экономики. – Современная философия 2024. – Т. 8, № 3. – С. 176-206

2. «Түркі халықтарының саяси құндылықтарының жастар санасына әсері», Алтайбаева А.Н., Телебаев Ғ.Т. // Вестник Карагандинского университета. Серия «История. Философия». 2024, 29, № 2 (114). – Б. 229-237

3. «Influence of philosophical and political values in Kazakhstan», Алтайбаева А.Н., Телебаев Ғ.Т. Ташғын А., Рау И. // ҚазҰУ хабаршысы. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. 2024. - № 3 (89), - Б. 26-36

4. «Құндылық теориялары және саясат пен құндылық қатынасы», Алтайбаева А.Н., Телебаев Ғ.Т. // Философиялық және қоғамдық-гуманитарлық «Адам әлемі» журналы. - № 4, (102), 2024. – Б. 117-124

5. «Өскелең жастарға құқықтық тәрбие беру – Жаңа Қазақстанның жаңғыру жолына апаратын алғышарттардың бірі», Алтайбаева А.Н. // I Аманжол Қасабек оқулары философия ғылымының докторы, профессор Қасабек Аманжол Қасабекұлының 80 жылдығына, Бүкіләлемдік философия күніне арналған «Қазақ философиясын зерттеудің әдіснамалық негіздері» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының жинағы. Алматы, 17.11.2023. – Б. 189-194

Диссертацияның құрылымы. Диссертация үш тараудан, кіріспеден, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттерден тұрады.

1 ЖАСТАР ҰҒЫМЫН САЯСИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ТАЛДАУДЫҢ КОНЦЕПТУАЛДЫҚ БАҒДАРЛАРЫ

1.1 Жастар түсінігінің тарихи-философиялық және саяси-әлеуметтанулық негіздемелері

Жастар ұғымын талдауда философия тарихы аясында түрлі дәуірлерде этикалық ақыл-ойдың жастарға қатысты қандай тұжырымдар қалыптастырғанын талдау маңызды. Сонда ғана қоғамдық ойдың эволюциясы тұрғысынан әрі қазіргі заманғы контекст негізінде жастар ұғымының өзгерісін бағамдай аламыз. Кез келген философиялық категория белгілі бір дәуірдің бейнесі мен қажеттіктерін алдымызға тосады. Жастарға қатысты саяси ақыл-ой тарихында түрлі этикалық құндылықтар жүйесі қалыптасқан. Ал қазіргі заманның шарттары мен қоғамдық өмір шындықтары дәстүрлі құндылықтарды қайта ой елегінен өткізуге жетелейді. Бұл бір шетінен, өткенді сұрыптауды білдірсе, тағы бір жағынан өткеннің ұмыт қалған маңызды құндылықтарын қайта жаңғыртуға да септесуі мүмкін. Бұл бөлімде тарихи-философиялық талдауымызды XX ғасырда қарқынды дамыған саяси теориялар мен әлеуметтанулық зерттеулер негізінде түйіндеуге тырысамыз. Сонда ғана жастар ұғымын өткеннің идеал ретінде ұсынған этикалық бағдары шеңберінде ғана емес, нақты қазіргі күні әлеуметтік өмірдің белсенді субъектісіне айналған әрі қоғамдық дамудың маңызды акторы бола алатын әлеуметтік топ ретінде айқындауға мүмкіндік туады. Ол үшін жастардың қазіргі мәселелері, яғни жастар проблемасын институттық тұрғыда шешу механизмдері де талдануы қажет. БҰҰ секілді жаһандық институттардың зерттеулері мен жергілікті мемлекеттік саясат бағдарламалары жастарға қатысты ұстанымның динамикалық сипатын танытады. Мұны тереңірек түсіну үшін жастарға қатысты саяси ұстанымдар мен әлеуметтанулық өлшемдердің өзегінде жатқан ғылыми тұжырымдарды саралап шығу қажет.

Жастар ұғымын философиялық-этикалық шеңберде жүйелі түрде қарастырған ежелгі өркениеттің бірі – Қытай. Ежелгі қытай ойшылы Конфуций жастар тәрбиесіне үлкен мән берген, себебі ол жастар – үйлесімді қоғамның негізі деп санады. Үлкенді сыйлау, ізгілік, тәрбие, өзін-өзі жетілдірудің маңыздылығына тоқталды. Жастар, Конфуцийдің ойынша, білімге ұмтылып, отбасында ізетті, отбасынан тыс жерде тәрбиелі болуы керек, сонымен қатар қоғамға пайдалы болғаны дұрыс.

Конфуцийдің жастарға қатысты негізгі қағидалары келесідегідей тұжырымдарға келіп саятынын көрсетуге болады.

Біріншіден, үлкенге, ата-анаға құрмет. Конфуций үлкендерге құрмет отбасылық және қоғамдық тәртіптің негізі деп есептеген. Жастардың үйден тыс жерде ата-анаға тақуалық, үлкенге құрмет көрсету керектігін баса көрсетеді.

Екіншіден, білім мен өзін-өзі жетілдірудің маңыздылығы. Конфуций білімге үлкен мән берді, данышпан білімді өзін-өзі жетілдіру және кемелдікке жету үшін қажет деп санады. Бізге жеткен кей ескі деректерде ойшыл айтты деп

саналатын «Рефлексиясыз оқу пайдасыз, ал оқусыз рефлексия қауіпті», – деген толғам да кездеседі.

Үшіншіден, халыққа деген сүйіспеншілік пен ізгілікке ұмтылу. Конфуций жастарды халықты сүюге, ізгілікке ұмтылуға шақырды. Жас адам адал, шыншыл, қоғам игілігіне ұмтылуы керек деп есептеді.

Төртіншіден, өзін-өзі тәрбиелеу және жауапкершілік. Конфуций жас адамның өмірінде өзін-өзі тәрбиелеу мен жауапкершіліктің маңыздылығын атап өткен болатын. Жас адам ұстамдылыққа ұмтылып, шектен шығудан аулақ болу керек деп есептеді.

Бесіншіден, қоғамға пайда тигізу. Конфуций жастар қоғамға пайдалы азамат болуға ұмтылуы керек деп есептеді. Білім мен тәрбие қоғамдық игілікке үлес қоса алатын, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруға бағытталуы тиіс екенін атап көрсетті.

Тұтастай алғанда Конфуцийдің жастар туралы ілімі үйлесімді, жарасымды қоғам құруға қабілетті, адамшылығы мол, білімді, саналы азаматтарды қалыптастыруға бағытталған.

Осы тұжырымдардың негізі Конфуцийдің еңбектерінде Сяо ұстанымы – (ұл мен қыздың ата-анасын құрметтеуі) – ата-анаға деген өркениеттік қарым-қатынас деп аталады.

Конфуций осы тұжырмадаманы былайша түйіндейді: «Жастар ата-аналарын құрметтеуге, ал үйден сырт жүргенде, үлкен адамдарға сый-құрмет көрсетуге, қандай іс болса да жауапкершілікпен қарауға, туған халқын сүюге және адамшылық қасиеті мол жандарға жақын жүруге тиіс. Егер осы істерді атқарғаннан кейін де күш-қуаттары жетіп жатса, онда бар күш-жігерлерін білім алуға жұмсаулары керек» [1].

Жастарды тәрбиелеу мен оқыту, олардың қоғам мен мемлекетке қызмет ету мәселелеріне байланысты ой-толғамдарды Пифагор, Гераклит, Демокрит, Сократ, Платон, Аристотель, Цицерон, Сенека және басқа да көрнекті антик философтарының еңбектерінде кездестіруге болады. Сонымен қатар олар «жастар» деген ұғымның орнына «жас азаматтар», «жеткіншектер» ұғымдарын жиі қолданған.

Антика философиясында Пифагор жастар үшін адамгершілік мінез-құлықтың маңыздылығы мен қажеттілігі туралы пайымдап, осы мақсатта бірқатар ережені тұжырымдаған. Мысалы, «заңды құрметте» қағидасы. Бұл қағида ата-ананы құрметтеуді, әр нәрседе ұстамды болуды талап ететін қағида.

Пифагор жас азаматтарды кез келген жаман, зұлым адамдармен кездесуден қорғауды маңызды деп санады, әйтпесе олар теріс әсер етеді деп сеніп, бұл ережені «Меланураны жеуге болмайды» деген сөздермен айқындап берген.

Ойшылдың пікірінше, жас азаматтар ізгілікті үйрену үшін тағы да бірқатар ережені ескеруі керек еді. Мысалы, «Баспалдақтың соңғы баспалдағынан ары қарай жүрме» дегені адалдық пен әділеттілік жөніндегі қамқорлық дегенді білдіреді. Сонымен қатар Пифагор араласу мен достық қарым-қатынаста таңдаулы болуға, ешкіммен достаспауға, өз еркін өмір сүруді қамтамасыз етуге тырысуға, ешкімге тәуелді болмауға, ешқашан екіжүзділікке бой алдырмауға,

қоғамдық істерден аулақ болуға кеңес береді [34]. Пифагор мектептерінде жастарды тәрбиелеу мен оқыту маңызды және қажетті мәселе болып саналды, оның мақсаты жастардың санасын дұрыс арнаға ұйыстыру және үйлестіру болды.

Демокрит даналыққа, яғни үш қасиетке ие болуға жетелейтін білімге бірінші кезекте мән берді: «жақсы ой ойлау», «жақсы сөз сөйлеу», «жақсы іс істеу». Жастардың менталитетін қалыптастыру үшін Демокриттің пікірінше, ата-ана өз балаларының тәрбиесіне асқан жауапкершілікпен кіріскені абзал. Тәрбие мен оқыту үдерісі адам болмысын өзгертетін қиын, бірақ сауапты жұмыс. Азаматқа қажетті қасиеттер білім мен тәрбие арқылы жүзеге асады. Демокрит парасатты іс істеу білім алмағандарға да тән екенін, адамның кемелдену жылдарында жасай алатын барлық игілігі білімге байланысты екенін атап көрсетеді, ойшыл тұжырымынша: «Адамдар, табиғаттан гөрі тәжірибеден көбірек жақсы адам болады» [35].

Демокрит жастың да, үлкеннің де өмірлік мақсатын жақсы көңіл-күй, өлшемге бағынатын ләззат деп есептеді. Демокрит этикасы оптимизмі әрі парасаттылығымен жастардың адамшылығын қалыптастыруға бағытталған. Ойшыл пікірінше дана адам зұлымдыққа тап болған күннің өзінде, оны абсолют деп санап, жетегінде кетпейді немесе шарасыз қалмайды, өйткені оны жеңуге болады деген қорытындыға келеді. Дана адам жамандықтан да жақсылыққа бастар ой түйе алады, дегенмен мұндай тұрғыда ой түйе білу үшін де білім керек. Осы ретте білім мен даналықтан айырылған адам жақсылықты жамандыққа айналдыра алатынын да көрстеді. Олай болса, адамның ең басты ізгі қасиеті – білім, даналық, ал олардан жақсылық туындайды.

Плутарх жастардың менталитетінің қалыптасуы және ондағы отбасының рөлі жөнінде де ой сабақтайды. Плутарх көптеген әкелер мұғалімдер мен тәрбиешілерге балаларын тапсырып, олардың еңбегін төлесе де, өздері балаларын жас кезіннен тәрбиелеуге атсалыспайды деп айыптайды. Жасөспірім шақ балалық шақтан қиынырақ, өйткені балалардың теріс қылықтары жасөспірім шақтағы шарасыз және ауыр қылмыстарға қарағанда оңай түзетіледі [36].

Плутарх әкелер ақылды, зейінді, сергек және тәрбиелеудің барлық мүмкін әдістерін қолдануы керек, онда бәрін, қорқыту, өтініш, кеңес беру де көрініс тапқаны абзал деп түйіндейді. Орынсыз сән-салтанат пен байлық қайғы-қасіретпен аяқталуға әкелуі мүмкін, ал ұстамдылықпен еңбек етсең, байлыққа, атақ-даңққа оңай жетесің.

Сократтың өмір жолы мен көзқарастары қазіргі жастар тәрбиесі үшін де зор маңызға ие. Сократтың ойынша, адамның басты мақсаты өзін-өзі моральдық тұрғыдан жетілдіру болуы керек. Сократтың тұрғысынан келгенде адам болмысының негізгі мақсаты парасатты сана арқылы ізгілік пен ақиқатқа бағытталғандығында көрініс тапқан. Жақсылық білімнен туындайды, ал жамандықтың себебі надандықта жатыр.

Сократ адамдардың көпшілігінің басты қателігі мынада деп санайды: «көпшілік, ненің жақсы екенін біле тұра, оны істеуге мүмкіндіктері болса да,

істегілері келмейді, басқаша әрекет етеді» [37]. Сократ адам, әрі қарай қандай әрекет ететінін таңдау мүмкіндігі болған кезде, ол әрекетті білім негізінде жасай алады деп дәйектейді: «Мұнда, біз айтып отырған қадам кез келген жағдайда білімге барып тіреледі». Ал керісінше, жақсылық пен жамандықты таңдауда қателесетіндер, білімнің жоқтығынан қателеседі. Білімсіз жасалған қате әрекет әрқашан надандықтан туындайды. Сократ сұхбатын «әділдік, парасаттылық және батылдық, мұның бәрі білімнен» деген сөздермен түйіндейді [37, 252 б.].

Сократтың шәкірті Ксенофонт «Кирдің тәрбиесі» романында мемлекеттің басты міндеті жастарды тәрбиелеу мен оқыту деп білген. Ксенофонт пайымдауынша сезімнің қалыптасуы, жас жігіттердегі әділеттілік, оларды мінсіз, әдепті азаматтар етеді.

Платон да осыған ұқсас пікірді ұстанып, жас жігіттің кемел азамат болуына көмектесу үшін басты міндет деп білім беру деп атады. Платонның идеал жағдайында кәрі де, жас та ең бірінші және негізгі тұлға ретінде мүмкіндігінше оқуы керек, ал білім саласына жауапты тұлға мемлекет болуы керек. Осылайша, Платон жастардың ақыл-ойын дамыту үшін жан-жақты білім беруді қажет деп санады. «Бұл қандай білім болады?» деген сұраққа. Платон «Дене үшін бұл гимнастикалық білім, ал жан үшін – музыкалық. Ал музыкалық білім біз үшін гимнастикадан бұрын болады» деп жауап береді [38].

Платонның пайымынша, мына принцип бойынша қарекет еткен абзал: моральдық сана туа біткен, ал тәрбие негізге алынуы керек. Осыған байланысты ойшыл көзқарасын келесідегідей тұжырымдайды: «Бала кезімізден бойымызда әділдік пен сұлулық бар, ата-ананы тыңдау, оларға бағыну және құрметтеу ықпалында тәрбиеленген, әсер еткендей болып өстік. Рас, қарама-қарсы тәртіптегі инстинктер де бізде туа біткен, бірақ заңдарға бағыну қажеттілігі сезімін тәрбиелеу үшін олармен күресу керек» [38, 171 б.].

Платон өнерді, жастардың ғана емес, қоғамның барлық жас категорияларының адамшылығын арттырудың маңызды құралы деп санайды. Сұлулық арқылы ізгілік пен әдемілік адамның жан дүниесіне еніп, соның нәтижесінде адам кемелдене түседі, еліне жақсылық әкелемін деген жанашыр азамат болып қалыптасады. Кемелдікке ұмтылған тұлғаның дамуы өнердің табиғаты мен онда айқындалған адамшылық мұраттарына байланысты. Өнер жастардың бойында Құдайды танып-білу, үлкенді сыйлау, батылдық, қайсарлық, байыптылық, тәртіп сияқты көптеген адамшылық қасиетті жетілдіруге көмектесуі керек. Сондықтан мемлекет бірінші кезекте жастарды, олар жақсы әдетке айналдыруға тиіс ән, өлең, күй, би өнерін кеңінен таратуға ден қойғаны дұрыс. Өнердің барлық түрі азаматтық тәрбие үдерістеріне, әділ қоғамдық тәртіпті құруға қызмет етуі керек, оған бағыну ең биік қасиет болып есептеледі.

Жастар мәселесі Аристотель еңбектерінде де көрініс тапқан. Аристотельдің тұжырымдауынша, көп жағдайда мемлекеттің тағдыры жас ұрпақтың саяси және адамшылық тәрбиесіне байланған; азаматтар қатаң мемлекеттік тәртіпке үйренбесе және мемлекеттік рухта тәрбиеленбесе, заңдардың ешбір пайдасы болмайды. Қоғамның бір мүшесінің тәртіпсіздігі – бүкіл адамның тәртіпсіздігі іспеттес. Аристотель «Саясат» трактатында

мемлекеттің жастарды тәрбиелеудегі рөлін былайша бағамдайды: «Заң шығарушының жастар тәрбиесіне ерекше көңіл бөлуі керек екеніне бірде бір жанның шүбәлануы екіталай, өйткені бұл мәселеге мән берілмейтін мемлекеттерде мемлекеттік жүйенің өзі қатты зардап шегеді» [39].

Аристотель жастардың менталитеті ізгілікпен сипатталуы керек деп тұжырымдайды, бұл мемлекеттің басты міндеті, өйткені жастар тәрбиесі жеке емес, мемлекеттік мәселе: «Қазір әркім балаларының тәрбиесін жеке шаруам деп ойлайды, әркім өз қалауынша үйретеді. Негізі, ортақ мүддеге қатысты нәрсені бірге жасау керек. Оның үстіне, әр азамат өз алдына, ол мемлекеттің шаруасы деп ойлауға болмайды, олардың бәрі мемлекеттің бір бөлігі. Әрбір бөлік үшін, әрине, тұтастай алғанда, жалпыға қатысты қамқорлық болуы керек» [39, 25 б.].

Монтень Аристотельдің Македондық Александрды тәрбиелеген әдістерін жоғары бағалады. Монтень былай деп жазады: «Мен Плутархтың пікірімен келісемін, Аристотель өзінің ұлы шәкіртіне силлогизмдер құрудың даналығын және геометрия принциптерін онша үйретпеді. Ол оған ерлікке қатысты жақсы ережелерді сіңіруге тырысты, батылдық, жомарттық, ұстамдылық және қорқынышсыз өзіне деген сенімділік, осындай жабдықпен ол оны әлі бала болса да әлемді жаулап алуға жіберді. Сол кезде оның қарамағында небәрі отыз мың жаяу әскер, төрт мың атты әскер, ал қазынасында қырық екі мың экю ғана бар еді» [40].

Аристотель ғылым тарихында бірінші болып адам дамуының туғаннан 21 жасқа дейін жас ерекшелігіне қарай кезеңдерін анықтады. Аристотельдің пікірінше, адам 21 жасқа толғанда қоғамның толыққанды мүшесі болады. Тәрбиешінің түпкі мақсаты бір-бірімен байланысты үш бөліктен тұратын жанды дамыту: өсімдік, жануар және рационал. Жанның әрбір бөлігі қатаң белгіленген функцияларды орындайды, бұл үш түрлі қажеттілікті анықтайды. Жанның үш түріне сәйкес келетін тәрбие түрлері: физикалық, ақыл-ой, моральдық.

Аристотель жастарды тәрбиелеудің мақсаты адами кемелдікке жету деп пайымдайды. Кемел адам өз қызметін жоғары деңгейге жетуге бағыттайды. Кемелдікке жетудің құралы – ізгілік. Аристотельдің пайымдауынша адамдық қасиет – дұрыс бағдарлай білу, дұрыс таңдай білу, жақсылықты анықтай білу және әрқашан барлық жағдайда тек соны ұстану.

Цицерон жас ұрпақтың оқу-тәрбие үдерісіне мемлекет ықпалының маңыздылығы жайындағы мәселені қозғайды. Ол мемлекет білім беруде қолдануы тиіс шараларды айқындауға көп зер салды. Философ мемлекеттің негізін жастарды дұрыс тәрбиелеуден көрді [41]. Мемлекеттің міндеті – жастарды идеал азамат етіп тәрбиелеу. Мінсіз азамат шындықты біліп, әділ, рухы биік, әдепті болуы керек. Азаматтың алдында жалпы игілікке қол жеткізу үшін қал-қадірінше еңбек ету, әділдік қағидасын ұстану, оның көмегіне мұқтаж жандарға қол ұшын беру, ешқашан жамандыққа бармау, біреудің мүлкіне қол сұғуға жол бермеу міндеті тұр.

Сенека еңбектерінде де жастар тәрбиесіне көп мән берілген. Сенека философияны адамның өзін-өзі моральдық тұрғыдан жетілдіруінің негізгі құралы ретінде дәйектейді. Сондықтан мектептегі білім беру үдерісінде

философия негізгі пән болуы керек. Сенека білім алатын адамның белсенділігіне, яғни өзін-өзі тәрбиелеуге үлкен мән беріп, адамның Тәңірлік мұратқа үнемі ұмтылуын негізгі тәрбие әдісі деп санады.

Сенеканың білім беру жүйесі «норма» категориясына негізделген. Педагог өз қызметінде нормадан кез келген ауытқудың алдын алатын, өзінің жеке мінез-құлқымен норманы ұстануды көрсететін философ болуы керек. Құрал ретінде философтар оқу үдерісінде уағыздарды пайдалануы керек.

Сенека білім беру энциклопедиялық сипатта болуы қажеттігін атап көрсетеді, адам білімінің шексіз прогрессі жайындағы идеяны пайымдап, материалдық игіліктер алуды мақсат еткен ғылым мен өнерге теріс көзқараста болды. Сенека тәрбие мен оқытудың негізі оқушылардың моральдық принциптерді меңгеруі, жақсылық пен жамандықты білуі керек деген тұжырым жасады.

Сенека білім берудің түпкі мақсаты жастарды «құдайлар мен адамдар қауымдастығында» өмірге және белсенділікке дайындау деп байыптайды. Ол ең жоғары игілікті адалдық деп анықтайды. Жастарды тәрбиелеу үшін жақсы нұсқаулармен қатар жақсы үлгілер қажет. Сенека былай деп жазады: «Ізгілік ішінара жаттығу арқылы, ішінара тәжірибе арқылы беріледі, өйткені ол үшін үйрену де, үйренгеніңді істеу арқылы бекіту де қажет. Ал егер солай болса, даналық жарлықтар ғана емес, сонымен қатар нұсқаулар да пайдалы: олар құмарлықтарды жарлықпен тізгіндеп, тежейді» [42].

Сенека мейірімділік пен қауымдастық қайырымдылықты негіз ретінде атады; өзге жан кез келген адам үшін қасиетті нысан болуы керек. Біріншісі, бәріміздің адам екеніміздің өзі бізге жүктеген міндет.

Осындай «жастар» ұғымына қатысты құнды ойларды біз қазақ философиясынан да кездестіреміз.

Абай адамның жақсы не жаман болуы құдайдан емес, тәрбиеден деп есептейді. Жетінші қара сөзінде: «Жан бізді жас күнімізде билеп жүр екен. Ержеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік. Жанды тәнге бас ұрғыздық, ешнәрсеге көңілменен қарамадық, көзбен де жақсы қарамадық, көңіл айтып тұрса, сенбедік. Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенге-ақ тойдық. Сырын қалай болады деп көңілге салмадық, оны білмеген кісінің несі кетіпті дейміз. Біреу кеткенін айтса да, ұқпаймыз. Біреу ақыл айтса: «Ой, тәңірі-ай, кімнен кім артық дейсің!» – дейміз, артығын білмейміз, айтып тұрса ұқпаймыз...» [3, 10 б.].

Бірақ біз неге өсіп келе жатқанда әлемді тануға деген осы ұлы құштарлықтан айырыламыз? Неліктен біз бала кезіндегідей белгісіз нәрсемен кездескенде тамақ пен ұйқыны ұмытпаймыз, неге ғылым қуып, белгісіз нәрсені ашатындарға ермейміз? Біз көкжиегімізді кеңейтіп, өмірдің басында жинақталған қазынаны көбейтуіміз керек еді... Яғни, адамның бойында туа пайда болатын жан құмары тек қана жанның пайдалы тамақтарын сіңіру қажет.

Ал он тоғызыншы қара сөзінде: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Сол естілерден есітіп білген

жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады» [3, 30 б.], деген ойын «Жасымда ғылым бар деп ескермедім, Пайдасын көре тұра тексермедім» өлең үзіндісімен әрі қарай сабақтастыруға болады.

Біздің бүгінгі басты міндетіміз, ұрпағымызға дұрыс және тиімді бағыт-бағдар беру, оларға отансүйгіштік рухын сіңіріп, озық ұлттық дәстүрлеріміз аясында тәрбиелеу. Жастарға жан-жақты дамыған, үйлесімді тұлғаның әр түрлі бағыттарында өзін-өзі жүзеге асыруға мүмкіндік беру керек. Абай өзінің көптеген шиырлары мен «Қара сөзінде» пендеге тән әдепсіздік, әділетсіздік, надандық, арсыздық, пара және пәлеқорлық, мақтаншақтық, менмендік, арамдық және т.б. теріс қасиеттері жөнінде ренішпен сөз қозғайды. Ал нағыз адамға тән адамшылық, ізгілік, шыншылдық, білімділік, әдептілік пен әділеттілік, қайраттылық пен төзімділік, имандылық сияқты көптеген қасиетіне жан-жақты талдау жасап, адамның өз бойында осы қасиеттерді бар мүмкіндігінше жетілдіру қажеттігін байыптайды.

Әсіресе ғылымды игеру жайындағы Отыз сегізінші қара сөзінде былай деп ой топшылайды: «Әуелі адамның адамдығы ақыл, ғылым деген нәрселерменен. Мұның табылмақтығына себептер – әуелі хауас сәлим (сезімнің табиғи таза түрі – А.А.) һәм тән саулық. Бұлар туысынан болады, қалмыс өзгелерінің бәрі жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады. Талап, ұғым махаббаттан шығады. Ғылым-білімге махаббаттандырмақ әлгі айтылған үшеуінен болады. Ғылым-білімді әуелі бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпенен яки алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша. Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады. Сонан соң ғана алла тағаланы танымақтық, өзін танымақтық, дүниені танымақтық, өз адамдығын бұзбай ғана жәліб мәнфағат (пайда алу – А.А.) дәфғы мұзарратларны (залалдыдан қашу – А.А.) айырмақлық секілді ғылым-білімді үйренсе, білер деп үміт қылмаққа болады. Болмаса жоқ, ең болмаса шала» [3, 28 б.].

Абай бұл сөзінде өмірдің басты мәні байлықта емес, ғылым мен білімде деген ойды қайталайды. «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшінші – залымдық деп білесің. Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде ешбір нәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік хайуандық болады. Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады. Залымдық – адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан қисабына қосылады» [19, 29 б.] дей келе мұның барлығының емі ғылым мен білімде деп тағы ой қорытады.

Болмыстың шынайы мәнін, құндылықтарды табу және жалған құндылықтарға құмарлықпен өміріңді жоғалтпау идеясы төртінші қара сөзде кеңірек ашылады: «Адам баласы жылап туады, кейіп өледі. Екі ортада, бұ дүниенің рахатының кайда екенін білмей, бірін-бірі аңдып, біріне-бірі мақтанып, есіл өмірді ескерусіз, босқа, жарамсыз қылықпен, қор етіп өткізеді де, таусылған күнде бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды. Қулық саумақ, көз

сүзіп, тіленіп, адам саумақ – өнерсіз иттің ісі. Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегіңді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды» [19, 14 б.]. Бұл әсіресе екі қолын бос қойып, құр сенделумен уақытын өткізіп жүрген жандарға тура қаратып айтылған сөздер іспеттес. Жастардың жағдайына алаңдаған хакімнің болжамы қазіргі жастардың хал-ақуалымен сәйкестігі, ақынның сол қоғамдағы уайымы қазіргі күннің өзекті мәселесі.

Қоғам құрылымының маңызды әлеуметтік тобы ретінде жастар тақырыбына қатысты көптеген ғылыми зерттеу еңбектері бар, сәйкесінше жастар түсінігіне қатысты анықтамалар да жеткілікті. Бұл анықтамалар да мәні мен мағынасы тұрғысынан және жастардың жас шамасы және қоғамдағы рөлі тұрғысынан түрлі көзқарастар кешенін қамтиды. Әйтсе де осы анықтамалардың ортақ ұқсас мәні – жастардың мықты әлеуетке ие қоғамның қозғаушы күші ретінде сипатталуымен ерекшеленеді.

Американдық ғалым Толкотт Парсонс жастарды әлеуметтену үдерісінің бөлігі ретінде тақырып етеді, онда адамдар ересек өмірге дайындық кезінде әлеуметтік нормаларды, құндылықтарды және рөлдерді меңгереді.

Енді Парсонстың жастар мәселесін зерделеуінің негізгі аспектілеріне тоқталсақ, олар төмендегідей:

– Жастардың әлеуметтену үдерісінде екенін, яғни олар қоғамда қызмет ету үшін қажетті әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды меңгеретінін атап көрсетті;

– Жасөспірімдік кезеңді тұлғаның қалыптасатын, әлеуметтік рөлдердің игерілетін және жеке тұлғаның ересек өмірге дайындалатын кезеңі ретінде сараптады;

– Жастар әлеуметтік құрылымдарды сақтауда және өзгертуде маңызды рөл атқарады деп бағамдады. Олар әлеуметтенудің объектілері де, қоғамға әсер етуге қабілетті субъектілер де болып есептеледі;

– Құрылымдық-функционал талдауын жастарды зерттеуге қолданды, оларды қоғамдағы тұрақтылық пен тепе-теңдікті сақтау үшін белгілі бір функцияларды орындайтын әлеуметтік жүйенің бөлігі ретінде негіздейді.

– Жастардың отбасы, мектеп, құрдастар сияқты басқа әлеуметтік топтармен қарым-қатынасына мән берді, бұл тұрғыдағы қарым-қатынастардың тұлғаның қалыптасуы мен әлеуметтенуіне әсер ететінін атап өтті [5].

Роберт Мертон «жастар» ұғымына жеке ғылыми категория ретінде нақты анықтама бермеген. Дегенмен оның ғылым әлеуметтануы мен әлеуметтік құрылымға арналған еңбектерін, атап айтқанда, аномия және рөлдік теория тұжырымдамасын жастарды зерттеудегі әлеуметтанулық көзқарасты түсіну үшін пайдалануға болады. Мертон жастарды әлеуметтік рөлдердің белсенді дамуымен және қоғам нормаларына бейімделуімен сипатталатын балалық шақ пен ересектік арасындағы өтпелі кезең ретінде ой елегінен өткізді.

Мертон қоғам қол жеткізу мүмкін емес мақсаттарды қойғанда және/немесе оларға жету үшін шектеулі құралдарды ұсынғанда аномия пайда болады деп есептеді. Жастар жағдайында бұл қоғамның үміттері (мысалы, табысты мансап,

жоғары әлеуметтік мәртебе) мен жастардың нақты мүмкіндіктері арасындағы сәйкессіздікте көрінуі, ал оның ауытқуға әкелуі мүмкін.

Мертон әлеуметтік рөлдерді қоғамдағы белгілі бір жағдайға байланысты күту ретінде таразылайды. Жастар әртүрлі әлеуметтік рөлдерді (студент, жұмысшы, отбасы мүшесі, т.б.) меңгеру сатысында. Бұл рөлдердегі күту мен нақты мінез-құлық арасындағы сәйкессіздік қақтығыстар мен ауытқуларға апаруы да ықтимал.

Ғалым жастар өмірінің маңызды аспектісі болып табылатын әлеуметтену үдерісіне назар аударды. Жастар әлеуметтену үдерісінде қоғамда қабылданған құндылықтарды, мінез-құлық нормалары мен ережелерін меңгеріп, өзінің әлеуметтік рөліне бейімделеді.

Мертон, басқа әлеуметтанушылар сияқты, жастық кезеңді статустың, рөлдердің және күтудің өзгеруімен сипатталатын балалық шақтан ересектікке өту кезеңі ретінде бағалайды [6].

Жастар ұғымын тереңдетуде рәміздік интеракционизм бағыты үлкен үлес қосты. Әсіресе, осы ретте Джордж Мидтің тұжырымдамасын атап өткен жөн.

Бірегейлікті дамытуда Мид екі әлеуметтік фазаны ажыратады, оның барысында бала жалпы әлеуметтік жүйеде бағдарлануды үйренеді және өзінің жеке басын біледі. Мид бұл үдерісті ойын мысалында түсіндіреді. Мид ойынды ерекшелейді, онда бала үлкен рөлдік позицияға ие бола отырып, ересек адам рөлін ойнайды. Ойын барысында бала рөлдерді ауыстыра алады, олардың арасында өзара әрекеттесе алады. Бұл кезде ол өзін сырттан көреді және оның бойында бірегейлік тұжырымдамасы қалыптасады, өйткені осы өзара әрекеттесу үдерісінде ол өте нақты реакцияны көреді, оны өзіне сынап көреді. Рөлдік ойын үдерісінде балада түсіндіру және ерік еркіндігі үшін жеткілікті кең өріс болады, ал ол таңдаған рөлдер, әдетте, әлеуметтік жақын ортаға қатысты. Мид «ойын» деп атайтын ұжымдық ойын үдерісінде бала әлдеқайда қатаң ережелер жүйесіне енеді. Ол футбол, бейсбол сияқты ойындардың мысалдарын негізге алады. Мұндай ойындарда бала топта ойнауды және жеке алдына қойған командалық мақсатты белгілі бір функцияны орындау, мысалы, гол соғу немесе белгілі бір ұпай жинау ретінде көруді үйренеді. Яғни, өз алдына топтық мақсатты көріп, ереже бойынша ойнай отырып, ойынның бұл түрінде бала әлеуметтік өзара әрекеттесу принциптерін түсінеді. Бұл жағдайда ойынға қатысушылар жалпылама басқа ретінде әрекет етеді. Яғни, жалпылама басқаның бақылауы арқылы жеке тұлғалық тұлға пайда болады [7].

Маргарет Мид ұрпақтар арасындағы өзара әрекеттестіктің басым сипатына байланысты мәдениетті үш негізгі түрге бөледі: «Постфигуратив, мұнда балалар барлығын бұрынғылардан үйренеді; балалар да, ересектер де өз құрбыларынан үйренетін түрді конфигуратив; ересектердің балалардан үйренетін жағдайды префигуратив деп атайды». М. Мидтің пікірінше, қазіргі заман, ұрпақ арасындағы құндылық алшақтығымен сипатталатын мәдениеттің префигуратив түрінің үстемдік ету дәуірі [8].

БҰҰ соңғы статистикасына сәйкес дәл қазір әлемдегі жастардың саны (15 пен 24 жас аралығында) 1,2 миллиард, яғни дүниежүзі халқының 16 пайызын

құрайды [43]. Жастардың әлеуметтік топ ретінде жалпыға бірдей танылған халықаралық анықтамасы жоқ деуге болады. Жастар ұғымының жас мөлшеріне қатысты әлем елдерінде әртүрлі шамалар көрсетілген.

Біріккен Ұлттар Ұйымы 15 пен 24 жас аралығындағы адамдарды «жастар» тобына жатқызады. Бұл анықтама 1981 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының қарарымен мақұлданғаннан кейін БҰҰ-ның жастарға байланысты барлық статистика осы жас мөлшері бойынша жүргізілді [43].

БҰҰ-ның демография, білім беру, жұмыспен қамту және денсаулық сақтау мәселелері бойынша жыл сайын ұсынатын статистикалық мәліметтерінде жарияланымдар белгіленген осы жас шама бойынша көрсетіледі.

Айта кететін бір жайт, БҰҰ жастардың жас шамасын 15 жастан басталады деп бекіткенімен Біріккен Ұлттар Ұйымының «Бала құқықтары туралы Конвенциясының» бірінші бабында «балалар» термині 18 жасқа дейінгі адамдар деп көрсетілген, яғни, бұл Конвенцияда жастар категориясындағы адамдардың жас мөлшері 18 жастан басталады дегенді білдіреді. Сәйкесінше, көптеген елде «жастар» категориясындағы адамдар 18 жастан бастап саналады [43].

Дүниежүзілік банк (ДБ) бойынша жастар 15 пен 24 жас аралығындағы адамдар болса; ересектерге 25 және одан жоғары жастағылар жатады. Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ) жастарды 15-24 жас аралығы ретінде қабылдайды. Экономикалық Ынтымақтастық және Даму Ұйымы (ЭЫДҰ) «ЭЫДҰ жастар іс-қимыл жоспары» есептерінде жастар 15-29 жас аралығындағы шамамен берілген. Еуропа статистикалық басқармасының (EUROSTAT) есептерінде 18 бен 29 жас аралығын жастар ретінде қабылдайды. Халықаралық институттардың есептерінде жастардың жас аралығының нақты анықтамасы жоқ екені байқалады [44].

Қазақстанда болса жастардың жас мөлшері 18 бен 35 жас аралық шаманы қамтиды. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы Мемлекеттік жастар саясаты туралы Заңының 1 бабының 3-тармағында: «Жастар – Қазақстан Республикасының он төрт жастан отыз бес жасқа дейінгі азаматтары», деп елімізде жастар категориясына енетін әлеуметтік топтың жас мөлшері белгіленген [45].

Жастар – кез келген өркениеттегі дамудың ең маңызды қозғаушы факторларының бірі және қоғам өзінің болашақ игілігі үшін жасайтын өсіп келе жатқан капиталы екені сөзсіз. Жастар – тек өзіне ғана тән әлеуметтік мәртебесі, әлеуметтік-психологиялық, моральдық атрибуттары, субмәдениетіне ие, өз мақсаттары, мүдделері, қажеттіліктері бар, мамандық бойынша ең кейінгі және заманауи білімдерге ие, салыстырмалы түрде халықтың нақты әлеуметтік-демографиялық тобы.

Жастар – қазіргі қоғамдық құрылымды динамикалық түрде өзгертетін маңызды құрамдас бөлігі ретінде зерделенеді және әлемнің көптеген елінің халқының едәуір бөлігін құрайды. 2022 жылдың басындағы статистикаға сәйкес Қазақстанда 14 пен 28 жас аралығындағы жастар халықтың шамамен 20% құрайды.

Жастар түрлі салада әлеуметтену үдерісі арқылы қоғамдық тәжірибені игеруі арқылы қоғамдық жүйені жаңғыртады. Яғни, әлеуметтенудің мәні – нақты әлеуметтік жағдайларда тұлғаның қоғамға енуі/қатысуы болып есептеледі. Жастардың азаматтық жауапкершілігі қоғамға, оның ішінде қоғамдық қозғалыстарға белсенді қатысу сияқты компоненттерді қамтитын күрделі, көп қырлы құбылыс ретінде анықталады. Жастар әлеуметтік-демографиялық категория ретінде қоғамның әлеуметтік-мәдени және саяси-экономикалық бағытының өзгеруіне жоғары әсер ететін үлкен потенциалға ие әлеуметтік топ ретінде саналады [46].

Жастар категориясы өз кезегінде жас мөлшеріне қарай 4 топқа бөлінеді:

– 14-16 жас – жасөспірімдер. Бұл жыныстық жетілудің жалғасатын жасы, сонымен қатар организмдегі өзге де биологиялық жүйелерінің дамуы жүреді. Бұл жас физиологиялық және психологиялық даму деңгейі мен жылдамдығының максимал диспропорциясымен сипатталады. Олар негізінен ата-анасына немесе мемлекетке тәуелді орта мектептер мен кәсіптік оқу орындарының оқушылары;

– 17-19 жас – жастық шақ. Биологиялық тұрғыдан алғанда, бұл физикалық жетілудің аяқталу кезеңі, өзін-өзі анықтау жасы – дербес кәсіби қызметтің басталуы немесе сапалы жаңа кәсіби дайындықты таңдау және жүзеге асыру. Бұл жаста әлеуметтену үдерісі жалғасып, азаматтық құқықтардың толық дерлік кешенін алуды жүзеге асыра алады, сонымен бірге әлеуметтік-саяси рөлдердің және олармен байланысты мүдделер мен жауапкершіліктердің ауқымы кеңейеді;

– 20-24 жас – жастар. Бұл жастағы адам физиологиялық тұрғыдан ересек бола отырып, әлеуметтену үдерісін жалғастырады. Бұл жас тобын, ең алдымен, негізгі кәсіптік даярлығын аяқтаған, жұмыс күшіне енген және өз отбасын құрған студенттер мен жастар құрайды;

– 25-30 жас – ересек жастар. Бұл жаста жеке еңбек және отбасылық өмір тәжірибесіне, сондай-ақ жастардың саяси қарым-қатынасқа қатысуына сүйене отырып, жетілген тұлғаның қалыптасу үдерісі аяқталады. Бұл жастағы жастар өз отбасында ата-ана рөлін атқарады [47].

Қоғамдық ғылымдарда жастар ұғымына әртүрлі аспектілерде зер салынған бірнеше анықтама бар. Сол анықтамалардың бірі, И.С. Конның пікірінше: «Жастар – жас ерекшеліктерінің, әлеуметтік мәртебенің ерекшеліктерінің және өзге де әлеуметтік-психологиялық қасиеттердің жиынтығы негізінде анықталған әлеуметтік-демографиялық топ. Жастық шақ, белгілі бір кезең, өмірлік цикл кезеңі ретінде биологиялық әмбебап болып саналады, бірақ оның нақты жас шегі, онымен байланысты әлеуметтік мәртебесі және әлеуметтік-психологиялық сипаттамалары әлеуметтік-тарихи сипатқа ие және белгілі бір қоғамға тән әлеуметтік жүйеге, мәдениетке және әлеуметтену заңдылығына байланысты болады» [28]. Пайымдап отырғанымыздай, жастардың әлеуметтік-демографиялық топ ретіндегі жас шекаралары бұл анықтамада тек табиғи биологиялық циклге ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-психологиялық және мәдени-тарихи факторлардың тұтас кешеніне де байланысты.

Пьер Бурдье «жастар» ұғымын объективті шындық ретінде емес, әлеуметтік өзара әрекеттесу үдерісінде қалыптасатын және белгілі бір тарихи жағдайға тәуелді әлеуметтік құрылым ретінде саралайды. Қатаң анықтама берудің орнына, ол «жас» ұғымының уақыт өткен сайын өзгеріп отыратын, динамикалық ұғым екеніне назар аударды.

Бурдье жастардың әлеуметтік топ ретінде басқа әлеуметтік топтар мен таптардан оқшау өмір сүрмейтінін атап көрсетті. Ойшыл осы аталған топтың мүмкіндіктерін, шектеулерін және өмір сүру жолын анықтайтын белгілі бір әлеуметтік құрылымдар мен институттар шеңберінде қалыптасатындығын дәйектейді. «Жастар» ұғымы «әдет» ұғымымен тығыз байланысты – жеке адамның әлеуметтену үдерісінде қалыптасатын және оның мінез-құлқы мен дүниені қабылдауын анықтайтын бейімділіктердің, көзқарастардың және идеялардың жиынтығы.

Сонымен, Бурдье үшін жастар жай ғана жас тобы емес, оның тұлғасы, мінез-құлқы мен мүмкіндіктері әлеуметтік құрылымдардың, хабитустың және нақты тарихи контекстің өзара әрекеттесуімен анықталатын әлеуметтік категория [9].

Ал испан ғалымы Хосе Ортега-и-Гассет болса, жаңа ұрпақтың ескі толқыннан алатын құндылықтарды трансформациялайтын ерекше ұрпақтар сабақтастығының бар екенін атап өтеді. Гассет, бір уақыт кезеңінде өмір сүретін адамдар тобында ортақ құндылықтардың қалыптасатынын және уақыт өте бұл құндылықтардың жаңа ұрпақ арқылы өзгеретінін таразылайды.

Ортега-и-Гассет адам өмірін әрқайсысы он бес жылға созылатын бес кезеңге бөледі: балалық шақ, жастық шақ, өмірге араласу кезеңі, тәжірибелік кезең және кәрілік [10].

Американдық психолог Эрик Эриксон адам өмірін әрқайсысы белгілі бір даму мәселесін шешуге арналған сегіз кезеңге бөледі. Бірінші кезең – нәрестелік кезең, екінші кезең – өзінің дербестігі мен ішкі құндылығын сезінетін балалық шақ кезеңі. Үшінші кезеңде («ойын баласы жасы») бала бастама сезімін, әрекетке деген ұмтылысты қалыптастырады. Төртінші кезең – мектеп жасында баланың алға қойылған мақсатқа жету қабілетін қалыптастыру міндеті шешіледі. Бесінші кезең – балғын шақ – «мен» түсінігі қалыптасатын кезең. Алтыншы кезең – жастық шақ басқа адаммен жақын психологиялық жақындыққа деген қажеттіліктің пайда болуымен сипатталады. Жетінші кезең – ересектік кезең, сегізінші кезең – толыққан кезең мен кәрілік – орындалған міндет сезімінің пайда болуымен сипатталады [11].

Освальд Шпенглер жасаған мәдениеттер мен өркениеттердің дүниежүзілік тарихы картинасында әрбір мәдениет жеке тұлғаның жас кезеңдерінен өтеді. Шпенглердің пікірінше, белгілі бір мәдениеттің даму сатысын анықтауға (яғни, оның жас шкаласындағы орнын анықтауға) сүйене отырып, эквиваленттілігін, симметриясын, «морфологиялық жақындығын» немесе «мәдени гомологиясын» айқындауға болады, құрылымдарды және алдамшы сыртқы ұқсастықтардың артында жатқан олардың еңсерілмейтін маңызды айырмашылықтарын жазуға мүмкіндік бар.

Шпенглер мәдениетті туу, өркендеу, құлдырау және өлу кезеңдерін бастан өткеретін тірі организм ретінде ой елегінен өткізді. Жастық шақ бұл тұрғыда қалыптасу және өркендеу, кемелдену мен құлдырау алдындағы кезең ретінде сарапануы мүмкін.

Оның философиясы аясында мәдениет өзінің кемеліне жетіп, құлдырау мен деградация сатысы болып саналатын өркениетке өтеді. Мәдениеттің бір бөлігі ретінде жастар да осы өзгерістерге ұшырайды. Ол мәдениеттің қалыптасу және өркендеу сатысындағы «жанының» көрінісі. Мәдениет өркениетке өткенде, жастар өзінің бастапқы қуаты мен бағытын жоғалтып, прагматик һәм ұтымды бола бастайды, бұл өз кезегінде құлдырау мен деградацияға әкеледі [12].

Карл Мангеймнің байыптауынша, қандай да бір қоғам аға ұрпақ тәжірибесіне негізделсе, жастардың әлеуеті елеусіз қалады. Динамикалық даму барысындағы қоғамдардың дәстүрлі қоғамдардан айырмашылығы оларда ең алдымен жастармен санасады.

Мангейм жастарды әлеуметтік резерв ретінде әрекет ететін ерекше әлеуметтік-демографиялық топ деп анықтады. Ол, әсіресе, жаңа жағдайларға бейімделуді қажет ететін серпінді қоғамдарда, жастар өзгерістерге дайын әлеует деп санады. Оның пікірінше, жастар табиғаты бойынша консервативті де, прогрессивті де емес, керісінше жаңашылдық пен өзгерістердің қайнар көзі [13].

Жастар туралы постсовет кеңістігі елдерінің философтары, әлеуметтанушылары, психологтары бірқатар ғылыми еңбек жазды. Осы тұста солардың біразына тоқтала кеткенді жөн деп есептейміз.

Д.Д. Накашидзенің еңбегінде, жастар – әлеуметтену үдерісі, оқу сатысынан өтіп, есейген жаста оқу, білім беру, кәсіптік, мәдени және өзге де әлеуметтік қызметтерді атқарған адамдардың ұрпағы деп сипатталады. Сондай-ақ жастар – жас ерекшеліктерінің, әлеуметтік мәртебенің ерекшеліктерінің және екеуі де анықтайтын әлеуметтік-психологиялық қасиеттердің жиынтығы негізінде анықталған әлеуметтік-демографиялық топ [49].

В.И. Чупровтың көзқарасынша, балалық шақтан ересек өмірге өту үдерісі кезеңінде: жасөспірімдік жас және жастық шақтан тұратын екі фазаға бөлінеді. Жастар кең мағынада жас ерекшеліктері мен олармен байланысты қызметтің негізгі түрлері негізінде құрылған топтық қауымдастықтың кең ауқымды жиынтығы деп түсіндірілсе, тар мағынада жастар ұғымы – осы категориядағы топтың әлеуметтік жағдайының, қоғамның әлеуметтік құрылымы мен құндылықтарындағы орны мен функцияларының жас ерекшеліктеріне қарай ерекшеленетін әлеуметтік-демографиялық топ деп анықтайды [50].

Ю. Ф. Карякиннің тұжырымдауынша, бір мемлекеттің құрамына кіретін әртүрлі ұрпақтар толқыны – бұл әртүрлі өмірлік тәжірибелер, әлемге әртүрлі көзқарастар, әртүрлі өмір салттары, өмірлік мақсаттар, стратегиялар, жоспарлар, сенімдер, мәні бойынша – әртүрлі адамдар тобы деп түсіндіреді.

Жастар – өмірлік циклдің белгілі бір биологиялық кезеңі, бірақ оның нақты жастық шегі, онымен байланысты әлеуметтік мәртебесі және әлеуметтік-психологиялық сипаттамалары әлеуметтік-тарихи сипатқа ие және белгілі бір

қоғамға тән әлеуметтік жүйеге, мәдениетке және әлеуметтену үлгілеріне байланысты нақтыланады.

Жастар – жас ерекшеліктерімен де, олардың әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси жағдайының, рухани дүниесінің қалыптасу, даму жағдайында болуымен де айқындалатын ерекше әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері бар үлкен әлеуметтік топ.

Жастар – жас ерекшеліктері мен соған байланысты іс-әрекет түрлері негізінде құрылған топтық қауымдастықтың кең жиынтығы.

Л.А. Седов «жасөспірімдер синдромы» ұғымын қолдануды ұсынады. Жасөспірімдердің ойлауы тарихтан тыс, максимализммен, шыдамсыздықпен, эмоционалдылықпен, құмарлық пен сәттілікке сенумен, негативизм мен нигилизммен, конструктив әрекеттерден деструктив әрекеттер бағдарламаларының басымдығымен сипатталады. Жасөспірімдік шақ, кез келген өзге жас шамасы сияқты, бірнеше белгіні қамтиды. Совет дәуірінде жастармен өткізілетін түрлі үгіт-насихат, идеологиялық шараларда «Коммунизмді жастар құру керек деген ұран жиі қолданылды [51].

Ұрпақтар арасындағы қарым-қатынастың сипаты барлық мәдениет пен өркениет үшін өзгермейтін құндылық емес, көптеген фактормен, ең алдымен қоғамның типімен және оның мәдениетінің ерекшеліктерімен анықталатыны айқын дүние.

Бұған дейінгі келтірге зерттеушілердің ойларын тұжырымдай келе жастар ерекше әлеуметтік топ ретінде қоғамда бірқатар нақты функцияларды орындайтынына көз жеткізукге болады. Олар:

«1. Әлеуметтік жетілу функциясы. Л.С. Выготский, Э. Клапаред, С. Холл, В. Штерн және басқалары жастардың негізгі сипаттамасы ретінде жастарды бөліп, жастардың мінез-құлқын және олардың сана ерекшеліктерін анықтайтын әлеуметтік жетілу функциясы деп тұжырымдады.

2. Әлеуметтену функциясы. 1916 жылы П.А. Сорокин «Қазіргі отбасының дағдарысы» атты еңбегінде әлеуметтену функциясын жастардың қоғамдағы негізгі қызметі ретінде анықтады және дәл осы функцияны орындаудың арқасында жастарды дербес әлеуметтік топ ретінде айтуға болады.

3. Өзінің әлеуметтік мәртебесін қалыптастыру функциясы. И.С. Кон, Л. Розенмайр, Ф.Р. Филиппов және өзге де бірқатар зерттеуші жастардың әлеуметтік мәнін оның әлеуметтік құрылымдағы нақты мәртебесіне байланысты зерделейді. Бұл көзқарасты жақтаушылар жастарға әлеуметтік жағдайының аралық сипаты тән, бұл олардың әлеуметтік статусының толық еместігінен көрінеді дейді.

4. Өзін-өзі ұйымдастыру функциясы. 1943 жылы К. Мангейм «жастар субмәдениеті» терминін ғылыми айналымға енгізгеннен кейін бірқатар зерттеуші, атап көрсеткенде М. Мид, А.И. Шендрик пен Г. Гризе жастар субмәдениетін жастарды ұйымдастырудың ерекше формасы ретінде зерделей бастады. Өзін-өзі ұйымдастыру функциясы бұл әлеуметтік топтың ішкі және сыртқы әлеуметтік байланыстарын ұйымдастыра отырып, оның дербестігін арттырады.

5. Репродуктив, инновациялық және трансляциялық функциялар. Қоғамның әлеуметтік құрылымын жаңғырту және жетілдіру қабілетін жүзеге асыру барысында жастар қоғамдық өндіріс пен қоғамдық өмірдің субъектісіне айналады. Сонымен бірге репродуктив қызмет материалдық өмір сүру жағдайлары мен әлеуметтік тәжірибенің мұрагерлігімен, инновациялық қызмет олардың жаңаруымен, ал трансляциялық қызмет жаңарған өмір сүру жағдайлары мен тәжірибені болашақ ұрпаққа берумен байланысты».

Осы тұста қазіргі түрік ғалымдарының да жастар мәселесі туралы жазған пікірлеріне тоқталып өтсек.

Ыстамбұл университетінің профессоры Мұстафа Еркал былай жазады: «Жастар ұғымына байланысты анықтамалардың көп болғанына қарамастан әлі күнге дейін нақтыланған ортақ ғылыми анықтама жоқ. Бір топ зерттеуші жастарды қоғамдағы ерекше әлеуметтік орны тұрғысынан назарға алса, екінші топ зерттеуші экономикалық жағдайының тұрақсыздығын, ал басқалары жастардың жас шектеуімен байланыстырып түсіндіреді» [52].

Сонымен қатар түрік ғалымы мынаны атап өтеді: «Жастар өзінің идеалистік, іскерлік және белсенді қасиеттерімен назар аударатын әлеуметтік топ ретінде қоғам болашағының маңызды көрсеткіші. Жастар туралы зерттеулер бізге болашаққа бағдар беретіндігімен маңызды. Жеке тұлғаның дамуы мен әлеуметтенуі өмір бойы жалғасатынын ескерсек жастық шақта қалыптасқан құндылықтар уақыт өте келе өзгеруі де ықтимал екенін де ескергеніміз абзал. Адам ағзасының дамуы жастық шақтың кейінгі кезеңінде тоқтағанымен оның рухани және эмоционал тұрғыда дамуы жалғаса береді. Осыған байланысты, жастардың ұстанатын құндылық пайымдаулары жеке тұлғаның әлеуметтенуі үдерісінде жаңартылуы мүмкін. Жаңашыл және өзгеріске бағытталған көзқарастар мен мінез-құлықтардың жастық шақта қарқынды жүзеге асатынын ескерсек, бұл құбылысты жас ұрпаққа дұрыс жеткізу маңызды қызмет болып саналады. Жаһандану үдерісінде дүниенің тоқтаусыз дамуы мен үнемі өзгеру жағдайында ұлттық болмысты сақтау үшін қоғамдағы барлық әлеуметтік топтардың ұлттық құндылықты сақтауға мүдделі болуы қажет. Осы орайда ұлттық құндылықты болашаққа жеткізетін жастарды тәрбиелеу басты ұстанымға айналдыру керек» [52, 358 б.].

Доктор Мұрат Өзвери зерттеуінде келесі мәселеге назар аудартады: «Бүгінде әлем халқының 20 пайызын жастар құрайды. Ал жастардың төрттен үш бөлігі дамушы елдерде тұрады. Жастар, ең алдымен, белгілі бір жас кезеңімен ерекшеленетін әлеуметтік топ. Бұл кезеңді адамның жеке басының құндылықтары қалыптасатын, тәжірибесі аз болғанымен, жігері ең күшті, адам өмірінде үздіксіз ізденіс үстемдік ететін кезең деп анықтауға болады» [53].

Тағы бір түркиялық ғалым Ибрахим Йүжел докторлық диссертациясында бұл мәселеге мына қырынан келеді: «Ғылыми әдебиеттерде жастар ұғымының жалпы қабылданған анықтамасы жоқ. Жастар ұғымы бір феномен ретінде көп өлшемді құбылыс ретінде сипатталады, ол оны биопсихологиялық-әлеуметтік және мәдени ерекшеліктерімен балалық шақ пен ересек кезеңді байланыстыратын көпір тәріздес. Кей авторлар жастық шақтың үдеріс екені

жайында ой қозғап, бұл кезеңнің биологиялық, психоәлеуметтік даму және жетілу жасын білдіретінін зерделейді. Осы көзқарасқа сәйкес, жастық шақ балалық шақ пен ересектік арасындағы кезеңді білдіреді. Бұл кезеңде жеке адам физиологиялық және психологиялық тұрғыдан қалыптасып, әлеуметтену үдерісін аяқтап, ересек өмірге дайын болады деп бағамдауға болады» [54].

Жастық шақ құбылысын балалық шақ пен ересектік арасындағы даму, рухани жетілу және өмірге дайындық кезеңі деп сипаттайды. Сондай-ақ жастар ұғымы: балалық шақ, жасөспірімдік, жастық және жастық шақ ұғымдары тарихтағы контекст пен уақытқа байланысты бір-бірінің орнына қолданылғанын көрсетеді. Жастар анықтамасының ауқымы, шекарасы және әлеуметтік баламасы тарихи және әлеуметтік тұрғыдан да өзгереді. Индустрияға дейінгі дәстүрлі қоғамдардағы жастар феноменінде биологиялық факторлар тиімдірек болса, постиндустриал заманауи қоғамдарда әлеуметтік-мәдени факторлар шешуші рөл атқарады.

«Жастық шақ ұғымы әртүрлі ғылым саласында түрлі анықтамаларға ие болған құбылыс. Осыған байланысты биология жастықты белгілі бір жас тобы ретінде назарға алса, психология пәні оны адамдардың даму кезеңдерінің бірі ретінде анықтайды. Саясаттануда жастар феномені қоғамдық қозғалыстар мен саяси қатысу контексінде анықталса, педагогика жастарға оқу үдерістерінің орталығындағы болмыс ретінде мән береді. Әлеуметтік жұмыс саласы жастарды негізінен жастар проблемалары тұрғысынан түсінуге мән береді» [54, 14 б.].

Ахмет Усанмаз докторлық зерттеуінде жастарға қатысты мына мәселеге мән береді: «Жастар ұғымы әр қоғам мен мәдениеттегі адамдардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне байланысты өзгеріп отырады. Әлеуметтік нормалар, экономикалық жағдайлар, білім беру жүйесі және технологиялық даму сияқты факторлар жастар тәжірибесіне әсер етеді. Жастар – жаңа идеялардың, технологиялардың және мәдени өзгерістердің негізгі тасымалдаушылары болып саналатындықтан қоғамның дамуы мен прогресінің әлеуетін білдіреді. Қоғамдның тұрақты дамуы үшін жастарды инновация, кәсіпкерлік және әлеуметтік белсенділік сияқты салаларға тартудың маңызды рөлі бар. Сондай-ақ жастар – әлеуметтік өзгерістердің қозғаушы күштерінің бірі болып саналады. Қоғамдардағы көрініс тапқан белсенді қозғалыстар, әлеуметтік реформалар және саяси трансформациялар негізінен жастардың бастамасымен жүзеге асады. Жастар қоғамдағы әлеуметтік әділеттілік, адам құқықтары және қоршаған ортаны қорғау сияқты мәселелерге сезімталдық таныта алады. Жастар жаңа қарым-қатынастарды құру арқылы қоғамның әлеуметтік құрылымын нығайтады және әртүрлі топтар арасында байланыстар орнатады. Қоғамның мәдени мұрасы мен құндылықтарын кейінгі ұрпаққа жеткізуші және тасымалдаушы ретінде жастар маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ жастардың құндылығы мен рөлі әлеуметтік, мәдени және тарихи факторларға байланысты өзгеруі мүмкін» [55, 20 б.].

Сонымен, жастар әлеуметтік және саяси топ ретінде көптеген ғылыми еңбекте зерттелді. Бірақ бір нәрсеге толыққанды көңіл бөлінбеді деп тұжырымдауға болады. Жастардың санасы бүгінде басқа әлеуметтік, саяси және

жасы жағынан өзге топтарға қарағанда мозаикалық, қарама-қайшылықтарға толы түрде деген қорытынды жасауымызға болады. Түйіндер болсақ, жастар ұғымы ғасырлар бойы этикалық өлшемде қарастырылып келсе, XX ғасырда күрделі сипат тапқан әлеуметтік-гуманитарлық ғылым салалары арқылы сан қырынан зерттеле бастады. Жастардың болмысы, олардың әлеуметтенуі білім беруден бастап қоғамдық өмірде маңызды саналатын институттар арқылы іске асатыны белгілі болды. Өркениет дегенді адам өмірінің туу, есею және қартаю сынды кезеңдерімен өлшеуден тұратын О. Шпенглердің тірі организммен аналогия жасау ұмтылысы реалистік емес секілді көрінеді. Бұл ортағасырлардан келе жатқан циклдық ойлау дәстүрінің көрінісі іспеттес, ал П. Бурьденің «хабитус» концептісі мен Р. Мертонның жастардың әлеуметтенуі жайлы көзқарасы жастар ұғымының барынша нақты әлеуметтік бейнесін ұсынуымен құнды. Әрі жастарға қатысты әлеуметтік-мәдени конструкция қатып қалған дүние емес, оны өзгертуге, деформациядан айықтырып, позитив бағытта өзгертуге болатынын көрсетеді. БҰҰ сынды ғаламдық институттардың жастар жайлы маңызды құжаттары мен жекелеген елдердің жастар саясатына қатысты ұстанымын паш ететін құқықтық актілері жастар ұғымын әлеуметтік шындық ретінде танытып қана қоймай, оны оңтайландыруға, әлеуметтік топ ретінде айқындауға әрі адами капиталды дамытуға қатысты шешімдер табуға жол ашты дер едік. Осы тұрғыдан ақыл-ой тарихында жастар ұғымы этикалық шеңберден, әлеуметтік-мәдени конструкт ретінде қайта тұжырымдала алатын әлеуметтік топ деңгейіне дейін эволюцияланды деп қорытынды жасауға болады. Сол арқылы жастар ұғымының функционалдық маңызы да айқындалды.

1.2 Жастар саясатының құқықтық-институционалдық негіздері және құқықтық сананың қалыптасу ерекшеліктері

Мемлекеттің ең үлкен қазынасы халық деп саналатын болса, жастар мемлекеттегі адами ресурстар тұрғысынан мықты әлеуетке ие әлеуметтік топ ретінде саналады. Болашағының жарқын болуын көздейтін мемлекеттер жастардың білімін, экономикалық жағдайын, мәдени және саяси белсенділігін арттыруға бағытталған және қоғамдық өмірге тартуға байланысты қажетті шараларды үнемі жүзеге асырып отырады. Ол шаралар жастар туралы заң, жастар жылы, жастарды түрлі салада әлеметтенуін көздейтін бағдарламалар түрінде көрініс тапқан.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін қалпына келтіргеннен кейінгі тарихында «Жастар саясаты» туралы заң бірнеше рет қабылданды. Бұл заңның алғашқысы 1991 жылғы 28 маусымда қабылданған «Қазақ КСР-дегі мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңы. Сарапшылардың пікірінше, экономиканың бір түрінен екінші түріне көшуді көрсететін бұл құжатта демократиялық, ашықтық қағидаттары да қамтылған еді. Әрине, бұл құжат жастарды дамытудың маңызды бағыттарын айқындаған өзекті және дер кезінде қабылданған Заң болды.

Жастарға қатысты қабылданған маңызды құжаттардың бірі 1999 жылғы 28 тамызда бекітілген Қазақстан Республикасының Жастар саясатының тұжырымдамасы [56]. Бұл құжаттағы көрсетілген негізгі бағдарлар: жастардың адамшылық-рухани дамуын, әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін жүзеге асырылуын, зияткерлік және физикалық дамуына жағдай жасалуын, еңбек, білім және денсаулық сақтау саласындағы құқықтардың қамтамасыз етілуін, халықаралық мәдени, экономикалық, ғылыми және білім беру үдерістеріне қатысуына байланысты бағыттар назарға алынған.

Тұжырымдамада жастар санасын өзгертуге ерекше назар аударылды: «Қазақстандық жас буын бойында отаншылдық, іскерлік, жауапкершілік қасиеттер қалыптастырмай, жастардың ізгілікті, рухани өркендеуіне, сондай-ақ өткен буынның әлеуметтік-мәдени тәжірибесін, әлем өркениеті жетістіктерін игеруіне жол ашпай әлеуметтік ұстанымдағы экономикасы бар демократиялық қоғам құру мүмкін емес. Мұндай мақсаттарды жүзеге асыру жастарға, жалпы қоғамға қатысты саясатты қалыптастыру мен жүзеге асыру ісіне жастардың өздерін белсенді түрде тартуды көздейді. Мемлекет жастарға, олардың материалдық деңгейі мен әлеуметтік жағдайына қарамастан, өмір жолын таңдау мен жеке жетістіктерге жету үшін мейлінше мол мүмкіндіктер ашуға тиіс. Сонда ғана жастар саясатының өзекті міндеті – жастардың тұлғалық қалыптасуын қамтамасыз етуі іске асатын болады» [56, 38 б.].

Жастар саясатын қолдауға қатысты тағы бір құжат 2004 жылғы 7 шілдеде қабылданған «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңы болды [57]. Бұл заңда жастар категориясының жас мөлшерінің 14 пен 29 жас аралығы деп белгіленді. Бұл заң, жастарды жеке әлеуметтік-демографиялық топ ретінде айқындап, аталған топқа әлеуметтік құқықтар мен мемлекеттік кепілдіктер берді.

Осы құқықтар арасында ең негізгілері болып мыналар белгіленді: «Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік оқу орындарында тегін негізгі орта, жалпы орта білім алуға, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім алуға; жергілікті мемлекеттік басқару органдарының шешімі бойынша жеңілдікті жағдайларда мемлекеттік спорттық-сауықтыру және мәдени-ағарту ұйымдарына баруға; жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқитындар мен тәрбиеленушілер үшін қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жүруге; құқықтық, психологиялық, педагогикалық мәселелер, сондай-ақ отбасылық және жыныстық тәрбие мәселелері бойынша консультациялар түрінде әлеуметтік қызмет көрсетулерді; мүгедектерді, әскери қызметтен босатылған әскери қызметшілерді, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған, арнаулы білім беру ұйымдарынан және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарынан оралған адамдарды, нашақорлық, уытқұмарлық, маскүнемдік дертінен емделуден өткен адамдарды, адамның иммунитет тапшылығы вирусын жұқтырған және ЖҚТБ-мен ауыратын адамдарды оңалту жөніндегі қызмет көрсетулерді тұтынуға; Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға; ауыл жастары арасынан шыққан азаматтар үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беретін кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтар бойынша оқуға түскен кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мөлшерде қабылдау квотасы көзделеді» [57].

Бұл заңға 2015 жылы өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, бірнеше нормативтік құқықтық құжаттар бекітілді [58].

Заңда алғаш рет бірнеше жаңа ұғымдар көрініс тапты: «жас маман – отыз бес жасқа толмаған, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген және білім туралы құжатта көрсетілген мамандық бойынша үш жылдан аспайтын уақыт жұмыс істеп жүрген Қазақстан Республикасының азаматы; жас отбасы – ерлі-зайыптылардың екеуі де отыз бес жасқа толмаған отбасы не баланы (балаларды) отыз бес жасқа толмаған ата-ананың біреуі тәрбиелейтін толық емес отбасы» [58].

Бұл заңда мемлекеттік жастар саясатының міндеттері ретке келтіріліп, ықшамдалған түрде былай жазылды: «жастардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау; жастарды елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне тарту; азаматтыққа тәрбиелеу және қазақстандық патриотизм сезімін нығайту болып табылады» [58].

Сонымен бірге жастар саясатының бағыттары да жаңартылған түрде көрсетілді: «қолжетімді және сапалы білім беруді қамтамасыз ету, ғылыми-техникалық әлеуетті дамыту; денсаулықты сақтау және нығайту, саламатты өмір салтын қалыптастыру; жұмысқа орналасу мен жұмыспен қамту үшін жағдайлар жасау; жастар арасында кәсіпкерлік қызметті дамыту үшін жағдайлар жасау; жас отбасылар және жұмыс істеп жүрген жастар үшін қолжетімді тұрғын үй жүйесін дамыту; жастардың құқықтық мәдениет деңгейін арттыру; экологиялық мәдениетті қалыптастыру; жастарда сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыру; дарынды жастарды дамытуға жәрдемдесу; мәдени оқу-ағарту мен бос уақыт үшін жағдайларды қамтамасыз ету; жастардың цифрлық сауаттылығын арттыру; жастардың волонтерлік қызметін дамыту» [58].

2022 жылғы өзерістерге сәйкес «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңда жастар ұғымы 29 жастан 35 жасқа дейін өзгертіліп, нәтижесінде халықтың үштен бір бөлігі жастар категориясында саналатын болды. Жастар, мемлекеттің ерекше мән беретін әлеуметтік тобы ретінде түрлі әлеуметтік жеңілдігі бар мемлекеттік бағдарламаларға қатыса алады («Жастар практикасы», «Дипломмен – ауылға», «Серпін», «Жастар – ел тірегі», «Жасыл ел») [59].

«Дипломмен – ауылға» бағдарламасы ауылдық аумақтарды кадрлармен қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл бағдарлама «Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту туралы» және «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңдар аясында жүзеге асырылады. Оның философиялық мәні – «жер» мен «отан»

құндылықтарын нығайту, жастардың туған аймаққа әлеуметтік жауапкершілігін арттыру болып табылады.

«Серпін» бағдарламасы аймақтар арасындағы әлеуметтік теңсіздікті төмендетуге және жастардың білім алу мүмкіндігін кеңейтуге бағытталған. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің деректеріне сәйкес, бұл жоба еңбек ресурстары артық аймақтардан кадр тапшылығы бар өңірлерге жастарды бағыттауды көздейді. Бұл – әлеуметтік мобильділік пен өзін-өзі анықтау идеяларымен тығыз байланысты.

«Жастар – ел тірегі» бағдарламасы жастарды стратегиялық ресурс ретінде қарастырады. Бұл бағыт Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» 2015 жылғы заңында бекітілген, онда жастар қоғам дамуының маңызды субъектісі ретінде айқындалады.

Ал «Жасыл ел» бағдарламасы 2005 жылдан бастап жүзеге асырылып келеді және жастардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мәліметтері бойынша, бұл бағдарлама жастарды еңбекке баулумен қатар, табиғатқа жауапкершілікпен қарауға тәрбиелейді.

Жалпы алғанда, аталған бағдарламалар жастардың еңбекке бейімделуін, әлеуметтік жауапкершілігін, отансүйгіштігін және экологиялық санасын қалыптастыруға бағытталған. Философиялық тұрғыдан бұл бағдарламалар қоғамның құндылықтық негізін қайта өндіретін және жастардың дүниетанымын қалыптастыратын детерминациялық жүйе ретінде қарастырылады. Жастар мәселесін категориялық анықтама ретінде ғана емес, мемлекеттік саясаттың маңызды субъектілері ретінде қарастырудың бір көрініс осы. Бұл Тәуелсіз елдің жастар саясаты мен оларды жұмыспен қамтуды институционалдық тұрғыда шешуге тырысуының көрінісі.

Аталған заңның Бірінші бабында: «мемлекеттік жастар саясаты – мемлекет жүзеге асыратын және жастарды қолдау мен дамытуға бағытталған әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық және құқықтық шаралар жүйесі» деп еліміздегі жүргізіліп отырған жастар саясатына анықтама берілген.

Сондай-ақ Қазақстандағы мемлекеттік жастар саясатының қатынастары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделген Мемлекеттік жастар саясаты туралы Заңымен, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерімен және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттың қағидаларымен реттелетіндігі осы заңның Екінші бабында нақтыланған.

«Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 3 бабында мемлекеттік жастар саясатының мақсаты, міндеттері және қағидаттары нақтыланған. Бұл заңның мақсаты «жастардың рухани, мәдени, білім алып, кәсіби және дене бітімінің толыққанды дамуы, шешімдер қабылдау үдерісіне қатысуы, ойдағыдай әлеуметтенуі және олардың әлеуетін елді одан әрі дамытуға бағыттау үшін жағдайлар жасау болып табылады» деп нақтыланған.

Осы бапта мемлекеттік жастар саясатының міндеттері ретінде: «жастардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау; жастарды елдің әлеуметтік-

экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне тарту және азаматтыққа тәрбиелеу және қазақстандық патриотизм сезімін нығайту» деп баяндалған. Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асырудағы негізделетін қағидаттары болса мыналар: мәдени, имандылық және рухани құндылықтарға басымдылық беру; жастарды азаматтық, жауапкершілік, еңбексүйгіштікке баулу; қоғамдағы конфессияаралық келісім мен этносаралық толеранттылыққа тәрбиелеу; ұрпақтар сабақтастығына және отбасылық тәрбиенің басымдығын дәріптеу; мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыруға және іске асыруға жастардың қатысуын қамтамасыз ету.

Аталған Заңның Төртінші бабында мемлекеттік жастар саясатының негізгі бағыттары нақтыланған [59]:

«1) қолжетімді және сапалы білім беруді қамтамасыз ету, ғылыми-техникалық әлеуетті дамыту;

2) денсаулықты сақтау және нығайту, саламатты өмір салтын қалыптастыру;

3) жұмысқа орналасу мен жұмыспен қамту үшін жағдайлар жасау;

4) жастар арасында кәсіпкерлік қызметті дамыту үшін жағдайлар жасау;

5) жас отбасылар және жұмыс істеп жүрген жастар үшін қолжетімді тұрғын үй жүйесін дамыту;

6) жастардың құқықтық мәдениет деңгейін арттыру;

7) экологиялық мәдениетті қалыптастыру;

7-1) жастарда сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыру;

8) дарынды жастарды дамытуға жәрдемдесу;

9) мәдени оқу-ағарту мен бос уақыт үшін жағдайларды қамтамасыз ету;

10) жастардың цифрлық сауаттылығын арттыру;

11) жастардың волонтерлік қызметін дамыту болып табылады».

Осы заңды іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметі 2023 жылы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 247 қаулысы» деген құжатты қабылдады [60]. Осы құжатта жастар саясатына қатысты ең кейінгі, заманауи тұжырымдар көрініс тапқан.

Құжатта қалыптасқан жағдайды талдау былай айтылады: «Жастар дамуының сапалы шарттары тұтастай алғанда ұлттың табыстылығы мен бәсекеге қабілеттілігін айқындайды. Жастар саясатының рөлі мемлекет дамуының кешенді стратегиясын қалыптастыруда шешуші болып есептеледі. Қазақстанда тәуелсіздігімізді қалпына келтіргеннен кейінгі жылдарда бағдарламалар мен жобалардың заңнамалық және институттық базасы қалыптасты, олардың мақсаты жастардың өзін-өзі жүзеге асыруы үшін әлеуметтік-экономикалық жағдайлар жасауға бағытталған. Әрбір нормативтік құқықтық актіні қабылдау кезінде мемлекеттік даму стратегиясындағы негізгі өзгерістер мен халықаралық саясаттың факторлары ескерілді» [60].

«Қазіргі таңда жастар саясаты мемлекеттің ішкі саясатының құрамдас және болашақты қалыптастырушы бөлігі ретінде мемлекет пен қоғам институттарының өзара әрекеттесу үрдістерін ескере отырып, ағымдағы сұраныстарға іс-қимылдың нақты алгоритмін талап етеді. Қаралып отырған әлеуметтік топтың құқықтық, саяси және әлеуметтік-экономикалық салаларын қамтитын шаралар кешені саналатын ойластырылған жастар саясатын қалыптастыру мақсатында Қазақстан жастарының қазіргі даму үрдістерін белгілеу қажет» – делінген ары қарай құжатта [60].

Тұжырымдамада ауыл жастарына ерекше мән берілген: «Жастардың ішкі көші-қоны, атап айтқанда жастардың қалалық жерге көшуі ауылдың маңызды әлеуметтік проблемасын білдіреді. Жалпы ауыл тұрғындарының көші-қон деңгейімен салыстырғанда, ауылдан қалаға 30 жасқа дейінгі жастардың саны 2-3 есе көп.

Ішкі көші-қонның негізгі факторы жастарды жұмыспен қамту мәселесімен сабақтасып жатыр. Ауыл жастарының жұмыссыздық проблемасын шешу мақсатында жаңа жұмыс орындарын құруды ынталандыру талап етіледі, бұл экономикалық өсу, агросфераның жедел дамуы жағдайында ғана мүмкін болатындығы анық.

Ауыл жастарының еңбекке қабілетті халықтың басқа топтарымен салыстырғанда әлсіз бәсекеге қабілеттілігі оқу орнын бітіргеннен кейін жеткілікті біліктіліктің болмауына, сондай-ақ жұмыс берушілердің жас қызметкерлерді кәсіптік оқытуға байланысты қаржылық және ұйымдастырушылық шығындарды көтеруге құлықсыздығына байланысты. Сонымен бірге кемшіліктермен қатар, ауылдық жерлердегі жастар жас ерекшеліктерімен анықталатын айтарлықтай артықшылықтарға ие: алдағы еңбекке қабілеттіліктің ұзақ кезеңі, физикалық денсаулық пен төзімділіктің ең жақсы көрсеткіштері және жоғары көші-қон ұтқырлығы.

Өңірлік проблема жастардың ауылдық жерлерден көші-қон ағыны, соның салдарынан өңірлердегі жұмыс күшінің үлесінің төмендеуі болып қала береді. Сонымен қатар ауыл жастары жұмысқа орналасуда, соның ішінде қалаға көшу кезінде үлкен кедергілерге тап болады. Сондай-ақ ауыл және қала жастары арасында Цифрлық сауаттылық деңгейінде алшақтық бар» [60].

Елімізде жастардың қоғамның түрлі салаларында әлеметтенуіне жағдай жасайтын жастар ұйымдары құрылған. Жастар ұйымы – жастарды дамытуға, құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, сондай-ақ жастардың әлеуметтік, мәдени, білім алу, рухани және өзге де қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған үкіметтік емес ұйым.

Жастар ұйымдары, өз кезегінде: мемлекеттік жастар саясатының өзекті мәселелерін талқылауға, мемлекеттік жастар саясаты саласындағы консультативтік-кеңесші органдардың қызметіне қатысуға, республикалық және өңірлік жастар форумдарының жұмысына қатысуға және жастардың өзін-өзі басқару органдарының қызметіне қатысуға құқылы. Жастардың әлеуметтенуін қамтамасыз ететін жастардың өзін-өзі басқару органдары түрлі білім беру мекемелерінде, атап айтсақ, орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім

беру, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында және еңбек ұжымдарында құрылуы мүмкін.

Сондай-ақ халықаралық ұйымдар да жастар тақырыбын назардан тыс қалдырған емес. Атап айтсақ, 1965 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымында «Жастар арасында бейбітшілік, өзара құрмет және халықтар арасындағы өзара түсіністік мұраттарын тарату туралы Декларация» қабылданған [61].

Декларация былай басталады: «Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымының мақсаты білім, ғылым және мәдениет салаларындағы ұлттар арасындағы ынтымақтастықты ынталандыру және осы Ұйымның жастарды халықаралық түсіністік, ынтымақтастық және бейбітшілік рухында тәрбиелеудегі рөлі мен үлесін мойындау арқылы бейбітшілік пен қауіпсіздікке үлес қосу екенін еске сала отырып, адамзатты шарпыған соғыс өрті кезінде ең көп зардап шеккен және ең көп құрбан болған жастар болғанын ескере отырып, жастар өз болашағына сенімді болғысы келетініне және бейбітшілік, бостандық пен әділдік олардың бақытты өмірге деген ұмтылысын жүзеге асырудың негізгі кепілдіктерінің бірі екеніне сенімді бола отырып, жастардың адам қызметінің барлық саласында атқаратын маңызды рөлін және оның адамзат тағдырын құруға арналғанын ескере отырып, біздің үлкен ғылыми, техникалық және мәдени жетістіктер дәуірінде жастардың күш-қуатын, ынтасын және шығармашылық дарындарын барлық халықтардың материалдық және рухани прогресіне жұмсау керектігін ескере отырып, өскелең ұрпақ өз елінің және бүкіл адамзаттың мәдени мұрасын білуге, құрметтеуге және дамытуға тиіс екеніне сенімді бола отырып, сондай-ақ жас ұрпақты бейбітшілік, өзара құрмет пен халықтар арасындағы түсіністік рухында тәрбиелеу, сондай-ақ жастар мен идеялармен алмасу халықаралық қатынастарды жақсартуға және бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтуға ықпал ете алатынына сенімді бола отырып, осы Декларацияны жастар арасында бейбітшілік, халықтар арасындағы өзара құрмет пен түсіністік идеалдарын тарату туралы жариялайды және үкіметтерді, үкіметтік емес ұйымдар мен жастар қозғалыстарын төменде баяндалған принциптерді тануға және тиісті шаралар арқылы олардың сақталуын қамтамасыз етуге шақырады» [61].

1985 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы Халықаралық Жастар жылы деп жариялады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының 1995 жылы Бас Ассамблеяның «2000 жылға дейін және одан кейінгі кезеңге арналған жастарға қатысты дүниежүзілік іс-қимыл бағдарламасы» қабылданды. Бұл бағдарлама жастарға қатысты қызметтің он бес басым бағытын қамтиды. Бұл бағдарламада бүкіл әлемдегі жастардың жағдайын жақсартуға бағытталған халықаралық қолдаудың саяси негіздері мен тәжірбиелік нұсқаулары белгіленген.

1999 жылдың желтоқсанында Бас Ассамблеяның қарарымен 12 тамыз Халықаралық Жастар күні деп жарияланды. 2009 жылдың желтоқсанында, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының қарарымен 2010 жылды Жаңа Халықаралық Жастар Жылы деп жариялады.

2015 жылы Қауіпсіздік Кеңесінің қарарымен: мемлекеттерді зорлық-зомбылықтың алдын алу және бүкіл әлемде бейбітшілік орнату мақсатында жастарға бейбітшілік құрылысына қатысуға мүмкіндіктер ұсынатын тетіктер құруды қарастырды.

2020 жылдың шілдесінде Қауіпсіздік Кеңесінің қарарымен жастардың қақтығыстардың алдын алу мен реттеудегі маңызды рөлін атап өтті. Бұл қарарда 2030 жылға дейінгі жоспарланған бағдарламада жастардың мүдделерінің ескерілуіне мән берілді. Бұл құжатта жастардың мәселелері төрт сала бойынша негізге алынған: жастарды жұмыспен қамту, жасөспірім қыздар, білім беру және бейбітшілік мүддесіне бағытталған спорт. 2030 жылға жоспарланған бағдарламада жастарды – «ту ұстаушылар» деп сипаттайды. 2030 бағдарламасындағы көзделген мақсаттарға қол жеткізу үшін жастарға қатысты проблемалары (жұмыссыздық, саяси шеттету, білім мен денсаулықтың қол жетжетімділігі және т.б.) шешімін табуы қажет.

Жастар жасына байланысты мүмкіндіктерін шектейтін қоғамда құқықтарына қол жеткізуге қатысты түрлі кедергілерге тап болуы мүмкін. Біріккен Ұлттар Ұйымы жастарды қорғау және қолдау және олардың қажеттіліктерін қанағаттандыру, өзекті мәселелер бойынша әрекет ету үшін жағдай жасауға бағытталған бағдарламалары бар.

Біріккен Ұлттар Ұйымындағы жастар мәселелері бойынша іс-шараларды үйлестіретін Экономикалық және әлеуметтік мәселелер департаментінің (DESA) БҰҰ Жастар бағдарламасы қабылданған. Бұл бағдарлама дүние жүзіндегі жастардың жағдайы туралы хабардарлықты арттырады; құқықтарын қорғайды; және олардың бейбітшілік пен дамуды қамтамасыз ету үшін шешім қабылдау процестеріне қатысуын арттыруға ықпал етеді.

2013 жылдың қаңтарында БҰҰ бас хатшысының ұсынысымен Жастар ісі жөніндегі өкілі тағайындалды. Жастар ісі жөніндегі өкілінің міндеттеріне: жастардың Біріккен Ұлттар Ұйымына қолжетімділігін арттыру, даму негіздерін әзірлеуге, енгізуге және бағалауға жастардың көбірек қатысуын қолдау, жастар мәселелері бойынша халықаралық хабардарлықты арттыру, жастар мәселелері бойынша серіктестікті нығайту үшін мүше мемлекеттермен, жеке сектормен, академиялық ортамен, бұқаралық ақпарат құралдарымен және азаматтық қоғаммен араласу және БҰҰ аясындағы үйлестіруді жақсарту кіреді. Сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымының Экономикалық және әлеуметтік мәселелер департаментінің жетекші басылымы болып табылатын және екі жыл сайын жарияланатын Дүниежүзілік жастар есебі жарияланымы бар. Бұл жарияланымда дүние жүзіндегі жастардың алдында тұрған негізгі проблемалар мен жағдайлар сипатталады [62].

Жастар тақырыбына қатысты түрлі мәселелерді көтеретін ECOSOC Жастар форумының қызметі де маңызды. Бұл форум басқа мүдделі тараптармен, әсіресе мүше мемлекеттермен бейресми диалог арқылы жастарға өздерінің қажеттіліктері мен мәселелерін талқылау және барлық деңгейлерде жастарды дамытуға жәрдемдесу жолдарын зерттеу үшін платформаны ұсынатын жыл сайынғы іс-шара. Форум жастардың БҰҰ жұмысына қатысуы үшін ең үлкен

және ең институттандырылған платформа және 2030 күн тәртібін жүзеге асыру үшін жастар арасында қолдауды жұмылдырудың маңызды құралы болып саналады.

2023 жылы пандемиядан кейін алғаш рет жеке форматқа оралған форум бүкіл әлемнен 1000-нан астам жас көшбасшыларды біріктірді. Талқылау «COVID-19 қалпына келтіруді жеделдету және тұрақты дамудың 2030 күн тәртібін әр түрлі деңгейлерде толығымен іске асыру» тақырыбына арналды.

Жастарды қолдау бағдарламалардың бірі ретінде 2015 жылғы қарашада КСР БҰҰ-ның бүкіл әлем бойынша жастарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі жалпы жүйелі бастамасы болып табылатын жастарға лайықты жұмыс орындарын қамтамасыз ету жөніндегі жаһандық бастаманың стратегиясын мақұлдады [62].

Дамуды көздейтін әрбір мемлекеттің негізгі мақсаты құқық жүйесін жетілдіру арқылы заң үстемдігі орнаған құқықтық мемлекет құруды көздейді. Құқықтық мемлекеттің дамуында құқықтық сана мен құқықтық мәдениет маңызды факторлардың бірі. Құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің жастар болмысында қалыптасуы мемлекеттің құқық жүйесінің дамуында маңызды түйін болып саналады.

Құқықтық мәдениет ұғымы идеяларды, көзқарастарды, құндылықтарды және мазмұны жағынан құқықтық болып саналатын пікірлерді қамтитын болса, құқықтық сана – құқықтық маңызды жағдайларда адамның мінез-құлқын реттеуге арналған және ақпараттық технологиялар арқылы алынған ақпаратқа, сондай-ақ құндылық бағдарларға, құқықтық нұсқауларға негізделген құқық, құқықтық шындық туралы идеялар, теориялар, түсініктер, сезімдер, әдеттер жүйесі.

Қазақстандық ғалымдардың көзқарасы бойынша, құқықтық сананы қоғамдық сананың жеке бір саласы деуге болады және оған мынадай анықтама бере аламыз: «Құқықтық сана дегеніміз – Қазақстан Республикасы азаматтарының жүзеге асырылып жүрген заңдарға, оларды қолдануға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына және қалаулы құқыққа, басқа да құқықтық құбылыстарға құқық сезімдерінің, көзқарастарының, пікірлерінің, бағаларының жүйесі. Яғни, құқықтық болмыс жөнінде білімдер, құқықты бағалау және оны жүзеге асыру тәжірибе, құқықтық мақсаттар, құндылық бағдары заңдық мәні бар жағдайлар туындағанда адамдардың жүріс-тұрыстарын реттейді. Басқаша айтқанда, құқықтық сана дегеніміз – адамдардың, әлеуметтік бірліктердің қоғамда бар және олардың тілек-ықыластарына сай келетін құқыққа қатыстылықтарын көзқарастарының, идеяларының, түсініктері мен сана-сезімдерінің жиынтығы» [63].

Осы тақырыпты зерттеуші тағы ғалым А.А. Жигулин мынадай анықтама береді: «Жастардың құқықтық санасының мазмұны жастардың әлеуметтік жағдайының ерекшеліктерімен байланысты. Олардың субъективтілігін қалыптастырудың өтпелі кезеңі өмірдің барлық саладағы, соның ішінде құқықтық саладағы мәртебесінің өтпелі сипатымен анықталады. Осыған байланысты уақытша қажеттіліктер, қызығушылықтар, құндылықтар

туындайды, олардың көрінісі құқықтық сананың тұрақсыз сипатын арттырады. Жастардың әлеуметтік позициясының тұрақсыздығы мен маргиналдылығы құқықтық кеңістікте де көрінеді, бұл оның құқықтық саладағы өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктерін бағалаудан көрінеді. Осыған байланысты жастардың құқықтық институттармен және құқық қорғау органдарымен қарым-қатынасы жиі шиеленісте болып, олардың құқықтық санасына да кері әсерін тигізіп жатады. Сонымен, жастардың құқықтық санасы құқық, заңдылық, құқық тәртібінің мәні, принциптері туралы теориялық идеяларды, білімдерді, нормаларды, идеяларды, сондай-ақ құқықтық саладағы нақты үдерістерді көрсету, оларды осы әлеуметтік топтың өмір-тіршілігін құқықтық реттеудің құндылық-нормативтік жүйесіне сіңіру және шоғырландыру, құқықтық қатынастарды қайта дамыту субъектісі ретінде түсінуді білдіреді» [64].

Бұл жерде құқықтық сананың жалпы сипатынан гөрі жастардың әлеуметтенуін, жас ерекшеліктеріне орай олардың бойында құқықтық сананың қалыптасуын фокусқа алудың маңызды екенін байқаймыз. Жастар әртүрлі топтарға бірігу арқылы әлеуметтенудің түрлі сатыларын бастан кешіре отырып, жауапкершілік арқалайтын субъектіге айналу жолында күрделі қоғамдық қатынастарға араласады. Осы тұста, жастардың құқықтық санасының қалыптасуы білім беру институттарынан бастап, қоғамдағы жалпы мәдени, отбасылық, құқықтық негіздердің сапасына тәуелді болады. Сондықтан, мемлекеттің жастар саясаты маңызды институттық шешім қабылдайтын фактор ретінде бағалануы тиіс деп түюге болады.

Жалпы кең қабылданған түсінікте, құқықтық сана – адамдардың білімінің заңдық қорына негізделген қоғамдық сананың ерекше формасы ретінде қоғам мүшелерінің танымдық ойлау үдерістерін сипаттайтын, тарихи дамудың барлық кезеңінде қоғамның ұжымдық болмысын қайта құрудың өнімі ретінде көрінетін қоғам мүшелерінің мінез-құлық ерекшеліктерінің негізгі реттеуші элементі ретінде әрекет етеді; сондай-ақ ұжымдық дамудың қажеттіліктерін дамыта отырып, құқық пен ұжымдық қатынастардың өзара әрекетін қалыптастырады.

Ғылыми әдебиетте мемлекеттің жалпы құқықтық нормалары мен ережелерін сақтайтын, негізгі қызметі әлеуметтік маңызды позитивті тұлғаны, оның ішінде жастардың бойында қалыптастыруда әлеуметтік ортаны білдіретін «тәрбиелік әлеуметтік орта» термині қолданыла бастады. Бұл тұжырымдамаға сәйкес, әлеуметтік ортаның әсерінен азаматтардың, әсіресе жастардың белгілі бір жеке қасиеттері қалыптасады, белгілі бір әлеуметтік орта үшін маңызды ережелер мен нормалар игеріледі. Жастардың құқықтық әлеуметтенуімен байланысты тұлғаның қалыптасуы, әлеуметтік қатынастардың өзгеру үдерісімен бірге жүреді. Құқықтық сипаттағы тетіктер мен әлеуметтік реттеу әдістерінің тікелей өзара іс-қимылы жастардың құқықтық санасының өсуіне, әртүрлі құқықтық қызметтің дамуына, сондай-ақ тұтастай алғанда құқықтық мәдениеттің қалыптасуына ықпал етеді [65].

Ақпараттық технологиялар жастардың құқықтық санасын дамытуда жаңа мүмкіндіктерге жол ашып берді. Ақпараттық қоғамға көшумен құқықтық санаға әсер ететін БАҚ, құқықтық білім беру, тұлғааралық қарым-қатынас секілді

құқықтың дәстүрлі факторлармен қатар әртүрлі ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуымен және жетілдірілуімен байланысты жаңа факторлар (интернет форумдары, интернет – конференциялар, вебинарлар, мәліметтер базасы, электрон басылымдар) пайда болды.

«Жалпы, құқық саласында ақпараттық технологияларды интеграциялау мемлекеттің құқық жүйесіне және құқықтық реттеуде төмендегідей нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді: қолданыстағы құқықтық нормалардың тәжірбиеде жүзеге асатын әлеуметтік ортаны қалыптастыру, қоғамның құқықтық мәдениетін арттыру және құқықтық сана деңгейін арттыру; тұтастай алғанда мемлекеттің құқықтық жүйесінің заңнамасын жасаудың сапалы жаңа деңгейіне көшу. Құқықтық сананың деңгейіне ақпараттық технологиялардың ықпал ету тиімділігін арттыру және құқықтық мәдениетті қалыптастыру мақсатында ақпараттық технологияларды пайдалану саласында ойластырылған мемлекеттік саясат және сапалы құқықтық ақпарат қажет» [66].

Қазіргі қазақстандық қоғамға да тән жастардың құқықтық санасының кең тараған маңызды белгілері: азаматтардың басым көпшілігінің құқықтық сауатсыздығы; қоғамда заң аясынан тыс әрекеттерді жасауға бейімділік; құқықтық сананың тарихи сабақтастығының үзілуі; құқықтық жүйесі дамыған деп саналатын еуропа мемлекеттерінің құқықтық жүйелерінің құрамдас бөліктерін сол қалпында көшіру және еліктеу көріністері.

Бұл тұрғыда қоғамда ақпараттық технологиялар арқылы зиянды ақпаратты таратуға мемлекеттік бақылауды күшейту үшін жастардың психикалық денсаулығына, моральдық және рухани дамуына зиян келтіретін, құқықтық сананың деформациясын тудыратын ақпараттан қорғауға бағытталған заңдардың болуы ақпараттық қоғам форматының қажеттілігі өмір талабынан туындап отырғанын пайымдаймыз.

Мемлекеттік органдар интернет желісінің жұмыс істеуіне мемлекеттік органдардың қатысу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және ақпараттық қауіпсіздік құралдарын таңдау құқығын сақтауға тиіс мемлекеттік емес субъектілер үшін ақпаратты қорғауға жағдай жасауға міндетті. Қазақстан Республикасында құқық жүйесіндегі реформалардың негізгі мақсаты заң үстемдігін жақсартуға бағытталған шаралар [67].

Елімізде ақпараттық қоғамның талабына сәйкес ақпараттар ағымын реттеу, бақылау, ақпараттандыру қызметі және ақпаратты басқаруды жетілдіру мәселелері бойынша бірқатар заңдар, Президент жарлықтары, ҚР Үкіметінің қаулылары қабылданды. Бұл жаңа шаралардың арасында Қазақстан Республикасында ақпараттық кеңістік қызметін реттеуге байланысты маңызды екі бағдарламаны атап өту керек. Бұл құжаттар: Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы 20 наурыздағы №145 қаулысымен қабылданған Қазақстан Республикасының ақпараттық доктринасы [68] және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 269 қаулысымен қабылданған 2023-2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация,

ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасы [69].

Бұл құжаттардың біріншісі – Қазақстан Республикасының ақпараттық доктринасы – еліміздегі ақпараттық сала қызметін дамуына бағытталған, ақпараттық кеңістіктің ашықтығы мен бәсекеге қабілеттілігін реттейтін қағидаттар жүйесін құрайды. Сонымен бірге Ақпараттық доктрина мемлекет пен қоғамның үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін және халықтың мүддесіне сай жүргізілетін идеялық-құндылық бағдарларды қамтиды.

Қазақстан Республикасының ақпараттық доктринасы: отандық ақпараттық кеңісіктігінің ағымдағы жағдайына талдау жасау, ақпараттық кеңістікті дамыту әдістері, ақпараттық саясатты одан әрі жетілдіру, отандық ақпараттық контенттің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету және сапасын арттыру, отандық ақпараттық кеңістікті құндылықтық тұрғыдан толықтыру секілді қызметтерді қамтиды. Қазақстан ақпараттық қоғам жағдайында түрлі ақпараттық көздер арқылы жететін ақпараттар ағымын реттеу қызметі жалпы адамзаттық құндылықтар ұстанымдарына сәйкес келетін және қоғам мүшелерінің негізгі құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған идеяларға негізделуге тиіс.

Мемлекеттік ақпараттық саясат ұлттық құндылықтарды ұстануға бағытталғанын атап өткен жөн. Оның ішінде ең маңыздылары: тәуелсіздік пен патриотизм және әділеттілік пен заңның үстемдігі. Ақпараттық доктринада азаматтардың құқықтық мәдениетін үнемі жетілдіріп отыру арқылы азаматтарда құқықтық тәртіп дағдысын қалыптастыру, сонымен қатар цензураға тыйым салу және азаматтық жауаптылық арқылы сөз бостандығын қамтасыз ету секілді негізгі мақсаттар атап өтілген [68].

Еліміздегі ақпараттық кеңістіктегі ақпараттар қызметін реттеуге байланысты екінші құжат – 2023-2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасы. Бұл тұжырымдаманың негізгі мақсаттары: ақпараттық кеңістіктің ағымдағы жағдайы, халықаралық тәжірбиеге шолу, цифрлық трансформацияның іске асырылуы, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және киберқауіпсіздік салаларын дамыту жағдайы, дамудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері, нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелерді (қағидаттар, тәсілдер, цифрық трансформация, деректерді басқару, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту, киберқауіпсіздік) қамтитын алты бөлімнен тұрады.

Аталған тұжырымдама аясында 2023 жылы Қазақстан Республикасының «электрондық үкіметінің» архитектурасын жаңғырту жоспарланды және бірнеше салалар цифрландыру арқылы электрондық форматқа көшірілді. (мектепке дейінгі ұйымдарға бірыңғай цифрлық кезек; әскерге шақырудан босату немесе уақытша кейінге қалдыру рәсімін автоматтандыру; тұрғын үй алуға цифрлық кезек; онлайн режимінде еңбек шарттарын жасау; мобайл қосымшада жеке тұлғалар үшін кедендік декларациялау және т.б.). Тұжырымдамада көрсетілген шараларды жүзеге асырудың негізгі мақсаты

азаматтар мен бизнес өкілдерінің қызметін оңтайландыруға, әртүрлі деңгейдегі құжаттармен жұмыс жасау сатыларында уақыт үнемдеуге бағытталған [69]. Бұл цифрлық оңтайландыру істері еңбек нарығында маңызды орын иеленетін жастардың да өзін кәдеге жаратып, кәсіби тұрғыдан дамуына, әл-ауқаты артқан қоғамдық субъектіге айналуына мүмкіндік береді деп топшылдауға болады.

Қазақстандық ғалым Ғ. Әбсаттаровтың пікірінше, Қазақстан халқының құқықтық санасын дамытуда бірнеше жұмыстар атқарылуға тиіс: біріншіден, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам негіздерін қалыптастырудағы нақты саяси-құқықтық мәселелермен байланысты деректер ағымының сапасын өзгерту қажет; екіншіден, кадрлық мәселелерді шешу кезінде лауазымды тұлғалардың қолданыстағы заңнама мен елдің құқықтық саясатының негіздерін білуі талап етілуі керек; үшіншіден, халықтың құқықтық ақпараттандыруда ынталандыру жұмыстарын өзгерту қажет [70].

Сонымен бірге құқықтық мәдениет пен құқықтық сананы дамыту, қоғамдағы заңдылықты нығайту, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету және адамшылық атмосфераны құру тұрғысынан үлкен рөлге ие. Тұтастай алғанда қоғамдағы құқықтық мәдениеттің төмен деңгейінің негізгі себептерінің бірі – азаматтардың мемлекеттік істерді басқару үдерістерінен алшақ екенімен де байланыстыру керек [71, 181 б.].

Ақпараттық қоғамның қалыптасуымен тек құқықтық институттардың қызметі ғана емес, құқықтық ойға да әсер етіп, құқықтық сананың жаңаша даму сатысына жетуне, жалпыға бірдей құқықты түсінудің дамуына ықпал етеді.

Заңдылықты нығайтудың басты құралдарының бірі азаматтарда жоғары дамыған құқықтық сана мен азаматтық борыш сезімін қалыптастыру және халықты құқықтық тәрбиелеуден бастау алады. Халықтың құқықтық санаға назарын арттыру жұмысы тек заңдылықты одан әрі нығайту міндетімен ғана емес, сондай-ақ елді жаңғырту жағдайында қоғамның әлеуметтік-мәдени қажеттіліктерінің барлық саласының дамытумен қатар жүзеге асады. Яғни, ғылыми-техникалық прогрестің, қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының, халықтың саяси белсенділігі, сондай-ақ азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қанағаттандыру мен қорғауға назар аударумен қатар, қоғамдық тәртіпті, ұйымдасқан және тәртіпті қамтамасыз етуге қойылатын талаптардың артуын талап етеді. Мұның бәрі мемлекеттің заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту жөніндегі жұмысының, оның ішінде қазақстандық адамдардың құқықтық сана деңгейін арттыру жөніндегі идеялық-тәрбие жұмысының әлеуметтік-саяси маңыздылығын көрсетеді [71, 182 б.].

Құқықтық ақпарат көздері жастарға құқықтық ақпаратты өз қызметінде тиімдірек алуға және пайдалануға мүмкіндік береді. Құқықтық ақпаратты қолдану үдерісінде жастар өздеріне қажетті: құқық ұғымдары, заң органдарының қызметі, құқықтық механизмдердің қызметі секілді құқықтық мазмұндағы ақпараттарды ала алады. Құқықтық сананы қалыптастыруда, азаматтарды құқықтық тәрбиелеуде және құқықтық мәдениетінің деңгейін арттыруда құқықтық ақпаратты оңтайлы пайдалану өте маңызды рөл атқарады. Еліміздегі кейінгі жылдары жүргізіліп жатқан жаңа өзгерістер – телекоммуникациялар мен

ақпараттық технологиялардың жалпы қолжетімділігі құқықтық ақпаратты алу мен түсінудің бұрын қолданылған әдістерін заманауи, жылдамырақ және ыңғайлырақ әдістерге ауыстыруды жүзеге асыруы ақпараттық қоғам талаптарына сәйкес екенін білдіреді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы заң жүйесіне де оң әсерлерімен қатар теріс әсерлерімен өзгерістер алып келді. Ақпараттық қоғамда ақпаратты және интернетті қолдану сауаттылығын және қәуіпсізділігін қамтамасыз ету мақсатында заңдардың қызметімен қатар, жас ұрпақты, ақпараттық этика аясында виртуал әлемде мінез-құлық ережелерін тәрбиелеуге басымдық берілу, құқық пен информатиканың белгілі бір нормативтік актілер бойынша ынтымақтастығын дамыту қажеттілігі, сондай-ақ жеке және құқықтық өлшемдерді де зерттеу керек. Сондай-ақ құқықтық санаға әсер ететін ақпараттық қоғамдық қатынастарды мемлекет заңнамасымен құқықтық реттеу мүмкіндігін арттыру, барлық ақпараттық ресурстың құқықтық табиғатын талдау, осыған қатысты заңнаманы жетілдіру бойынша жұмыстарды жүргізу негізгі қажеттіліктер екенін ұмытпау керек.

Осы орайда жастарға қатысты заңнамалық қағиданың әсер етуін талдай келе «заңнамалық жастар» деген ұғымды пайдалануды ұсынамыз. Бұл ұғымның екі жағы бар деп тұжырым жасауға болады.

Біріншіден, жастарға қатысты мемлекеттік саясат міндетті түрде заңның негізінде болуға тиіс. Ол жайында осы тарауда егжей-тегжейлі талдау жасадық. Қазақстан егемендігін қалпына келтірген тұста жастар саясатын үйлестіретін бірінші заң қабылданған болатын. Содан кейін 1999, 2004, 2015, 2022 жылдарда жастар саясатына қатыста жаңа заңдар мен тұжырымдама қабылданды.

Жастарға көрсетілетін қолдау бірінші кезекте мемлекеттік заңдар аясында іске асырылуда. Ондай қолдаудың түрлері жыл сайын асып келеді. Атап айтсақ, тек кейінгі бір-екі жылда әскерден келген жастарға жоғары оқу орындарына тегін грант бөлу, әскер қатарында жүрген жастардың несиелік ауыртпалығын жеңілдету, ауылға дипломмен барған жастар мамандықтарының түрлерін көбейту, жас кәсіпкерлерге тиімді несие ұсыну, жас отбасыларға арнайы ипотекалық бағдарлама қарастыру, және т.б.

Сол себептен бүгінгі қазақстандық жастарды «заң тұрғысынан қолданған жастар» деуге толық негіз бар.

Екіншіден, жастар санасының негізгі қазығы заңға бағыну болуға тиіс. Жастардың құқықтық санасын қалыптастыру бүгінде өте өзекті мәселе болып отыр. Заманауи ақпараттық желілер: Интернет, әлеуметтік желілер, Инстаграмм мен ТикТок, т.т.б., арқылы келетін ақпараттың пайдасынан гөрі зияны басым бүгінде.

Мысалы, діни ағымдар туралы неше түрлі жалған ақпарат тарауда, солардың арасында Қазақстанда ислам мемлекетін құру, немесе біздің дәстүрлерге қарсы шығу, мемлекеттік заңдарға бағынбау сынды идеялар көптеп кездеседі.

Жастар санасын улайтын тағы бір бағыт – қазақ менталитетіне жат, заңға қайшы келетін теріс қылықтардың таралуы, әсіресе лудомания (құмарлық ойындарға берілу), наркомания, маскүнемдік, жезөкшелік.

Сонымен қатар ақпараттық-коммуникациялық құралдар арқылы жастарға қарсы да, жастардың өздерінен де жасалатын қылмыс түрі көбейіп келеді. Қаржылық пирамида, жалған несие алу, интернет алаяқтық сынды заң бұзушылық күннен күнге өршіп келеді.

Осындай жағдайда жастарда құқық сананы қалыптастыру бірінші орындағы міндет болмақ. Бір айтып кететін жайт – заңға бағыну біздің қанымызда бар әдет.

Сонау түркілік заманнан саяси құндылықтар арасында маңызды мәнге ие құндылық – мемлекет, билік, заң. Тәңірден бастау алатын қағандар билігінің қасиеттілігі көптеген байырғы түркі ескерткішінде қашалып жазылды. Тәңірі қағандарға билікті береді, мұндай өкілдік өте қиын саяси жағдайларда бұл билікті нығайтуға тиіс еді. Көптеген байырғы ескерткіш сол кездегі саяси тарихты, әсіресе, шайқастар, жеңіс пен жеңіліске толы көршілес халықтармен қарым-қатынасын суреттейді. Мұндай жағдайда киелі сипаттағы күшті күш болмаса, мемлекетті сақтау, нығайту қиын болды.

Осы себептен бүгінгі қазақстандық жастардың санасы құқықтық сана арнасында болғаны абзал. Оларды «заңға бағынатын жастар» десек жастар саясатының негізгі міндеттерінің бірі іске асар еді. Ал осы екі анықтаманы қосып бір ұғымға сыйдыратын болсақ, онда бүгінгі қазақстандық жастарды қысқаша «заңнамалық жастар» деп айтуға толық негіз бар. Әрине бұл ұсыныстың ары қарай талқылануға тиіс екенін жоққа шығармаймыз.

1.3 Жастарға білім берудің заманауи платформаларының мәдени-әлеуметтік, саяси-философиялық келбеті

Білім – адамды алдын ала белгіленген мақсаттарға бағыттайтын және индивидтің тұлға ретінде қалыптасуын, оның көзқарасын, білімі мен дағды деңгейін дамытуға бағытталған үдерістердің жиынтығы ретінде анықталады. Қазіргі таңдағы білім берудің басты мақсаттарының бірі әрі бірегейі жоғарғы білімді және жалпы адамзаттық ұстанымдары бар жеке тұлға тәрбиелеуге бағытталғанымен мазмұндалады. Білім алудың негізінде адамның негізгі білімдері мен дағдылары дамып, жеке және әлеуметтік құндылықтарды меңгеруге болады. Білім берудің басқа да тұлғалық артықшылықтарын проблеманы шешу дағдыларын дамыту, өмір сүру деңгейін арттыру, қылмысқа бейімділіктің төмендеуі, негізгі дағдыларды дамыту, шешім қабылдау және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту деп санауға тиіспіз.

Сапалы білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету арқылы еңбек нарығына да бәсекеге қабілетті болу және тұрақты дамуға қол жеткізуге болады.

Қазақстанның Жастар туралы заңында жастардың білім беру және ғылым саласындағы қажетті құқықтарымен қамтамасыз етілуі және мұны жүзеге асыру

үшін білім және ғылым саласындағы уәкілетті органның қызметтері назардан тыс қалмаған. Аталған заңда білім беру және ғылым саласындағы уәкілетті органның негізгі қызметтері: мемлекеттік жастар саясатын іске асыру; жастар ұйымдарымен білім беру және ғылым мәселелері бойынша өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асыру; білім беру мәселелері бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру, оның іске асырылу мониторингін және нәтижелерін бағалауды жүзеге асыру деп көрсетілсе, ғылым саласында уәкілетті органның негізгі қызметтері, мемлекеттік жастар саясатын іске асыратындығы нақтыланған [58].

Жастарға білім беру жүйесінің қазіргі жағдайы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» деген құжатта көрсетілген.

«Білім беру саласында бакалавриат бағдарламаларына 2022 жылы 170 мың мектеп түлектеріне 56 мыңға жуық грант бөлінді, бұл ретте білім беру гранттарын беру конкурсына тек 80 мыңға жуық грант қатысты. Магистратура және докторантура бағдарламаларына сәйкесінше 13 және 2 мыңға жуық грант бөлінді. «Techdda» IT-мамандарын даярлау бағдарламасы іске асырылуда. Жалпы, 2025 жылдың соңына дейін Қазақстанның 20 мың азаматы үшін IT-мамандықтарға оқыту қаржыландырылатын болады» [60].

ЮНЕСКО деректері бойынша Қазақстанда техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларымен қамтылған 15-24 жас аралығындағы жастардың үлесі 14,6%-ды құрайды. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы бойынша бұл көрсеткіш орта есеппен 18% -ды құрайды.

Осы тұрғыда жекеменшік оқу орындарының талаптарын айтсақ: Қазақстанда оқу құны жылына 250 мыңнан бірнеше ондаған миллион теңгеге дейін өзгереді. Жоғары шығындар мектеп түлектері мен студенттердің шетелге кетуіне ықпал етіп жатқаны жасырын емес.

«Қазақстан жастары» зерттеудің нәтижелері жастардың алған біліміне қанағаттану деңгейі бұрынғы деңгейде қалғанын көрсетті, 2021 жылы 79,3 % болса 2022 жылы 79,5 % болды.

Қазіргі заманғы еңбек нарығының байқалған трансформациясы жұмыс берушілердің дипломға деген адал көзқарасын және жұмыс іздеушілерді жұмысқа қабылдау кезінде белгілі бір дағдылар жиынтығына – skill set қажеттілігінің артуын көрсетеді. Жұмыспен қамту нарығындағы трендтер біліктілікті арттыруға және lifelong learning-ке бағдарлануға неғұрлым саналы көзқарасқа әкеледі: жас қазақстандықтардың 23,5% үздіксіз білім алуға бағытталған.

Осы тұжырымдамада сонымен бірге жастарға білім белуде алдымызда атқарылатын жұмыстар жайында да жазылған.

«Мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыруды еңбек нарығындағы ағымдағы және болжанатын сұраныстың ерекшеліктеріне сәйкес келтіру қажет, өйткені Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің деректері бойынша еңбек нарығындағы мамандардың негізгі

дағдыларының 40% алдағы 5 жылда өзгеруі мүмкін және әрбір екінші қызметкер қайта біліктіліктен өтуі тиіс» [60].

Lifelong learning (өмір бойы оқыту) қағидатын енгізу, мысалы, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің әлемнің жетекші университеттерінің (оның ішінде Coursera, edX және басқа да оқыту платформалары арқылы) онлайн курстарына қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі бастамасын одан әрі жалғастыру.

«Жоғары біліммен қамтуды ұлғайту үшін өңірлер мен техникалық, кәсіптік және жоғары білім беру ұйымдарының мамандықтары бөлінісінде еңбек нарығының қажеттіліктеріне талдау жүргізілетін болады» – делінген Тұжырымдамада.

Аталған талдау сондай-ақ жұмысқа орналасу міндеттемесі бар кәсіпорындардың өтінімдері бойынша кадрларды нысаналы даярлауды ескеретін болады. Жастарға консультациялық кәсіптік бағдарлау көмегі шеңберінде жастарға арналған әлеуметтік қызметтердің қызметі ұйымдастырылатын болады.

Шығармашылық индустриялар отандық мәдениеттегі оң өзгерістердің триггері болады және оның субсидиялау саласынан жоғары қосылған құнды құрайтын секторға өтуін қамтамасыз етеді.

Креатив индустрияны дамыту жас таланттар үшін «әлеуметтік лифттерді» іске қосады және Қазақстанның және оның мәдениетінің шетелде танылуын арттыруға ықпал етеді.

Жастар ресурстық орталықтар базасында Астана, Алматы және Шымкент қалаларында креатив кластерлер мен хабтар құру; Астана, Алматы және Шымкент қалаларында үш креативті бизнес-инкубаторлар мен акселераторлар құру; және осы қалалардағы үш көпфункционал білім беру-көрме орталықтарын құру жоспарлануда.

«Жастар мен волонтерлік бастамаларды дамытуға бағытталған жобаларды гранттық қаржыландыру ұлғаяды. Жастарды экологиялық қызметке тарту, жастардың қоршаған әлеммен экологиялық және этикалық жауапты қарым-қатынасын дамыту ерекше қолдау алады» [60] – делінген Тұжырымдамада.

Халықаралық тәжірибеге жүгінетін болсақ БҰҰ «Жастар арасында бейбітшілік, халықтар арасындағы өзара құрмет пен түсіністік идеалдарын тарату туралы Декларациясында» былай делінген: «Ата-ананың немесе отбасының маңызды басшылығын қоса алғанда, жастарды оқыту мен ақпараттандырудың барлық құралы жастар арасында бейбітшілік, гуманизм, бостандық және халықаралық ынтымақтастық идеалдарын және халықтарды жақындастыруға ықпал ететін барлық басқа идеалдарды таратуға ықпал етуі керек және жастарды бейбітшілікті сақтау мен қолдаудың халықаралық құралы ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымына тапсырылған рөлмен таныстыру керек» [61].

Жастар нәсіліне, түсіне, этникалық шығу тегіне немесе пікіріне қарамастан, барлық адамның қадір-қасиеті мен теңдігін құрметтеу негізінде және адамның негізгі құқықтары мен халықтардың өзін-өзі билеу құқығын құрметтеу

рухында тәрбиеленуі керек. Осы қағида біздің атап өткен «заңнамалық жастар» деген ұғымға ұқсас екенін байқауға болады.

«Жастарды осы Декларация рухында біріктіру мақсатында білім, мәдениет және спорт салаларында барлық елдің жастары арасында өзара алмасу, саяхат, туризм, кездесулер, шет тілдерін үйрену, қалалар мен университеттерді кемсітусіз бауырластыру және осыған ұқсас іс-шараларды ынталандыру және кеңейту қажет» [62].

Жастардың ұлттық және халықаралық бірлестіктері Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсаттарына, әсіресе халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдауға, мемлекеттердің егеменді теңдігін құрметтеуге негізделген халықтар арасындағы достық қарым-қатынастарды дамытуға, отаршылдық пен нәсілдік кемсітушілікті және адам құқықтарының басқа да бұзылуын түпкілікті жоюға қол жеткізуге ынталандырылуы керек.

Осы Декларацияға сәйкес жастар ұйымдары жас ұрпақты осы мұраттарға сай тәрбиелеуге ешқандай кемсітусіз үлес қосу үшін өз қызмет салаларында барлық тиісті шараларды қабылдауы керек.

Жоғарыда аталған ұйымдар бірлестіктер бостандығы қағидатына сүйене отырып, осы Декларация қағидаттары мен оның Жарғысында баяндалған Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсаттары рухында еркін идеялар алмасуға жәрдемдесуі керек.

Барлық жастар ұйымы осы Декларацияда баяндалған қағидаттарды ұстануға тиіс.

Жастарды тәрбиелеудің негізгі мақсаты олардың барлық қабілетін дамыту, бейбітшілік, бостандық, қадір-қасиет пен жалпы адамзаттық теңдік сияқты асыл мұраттарға терең берілген, адамзатқа, оның жасампаз еңбегіне деген құрмет пен сүйіспеншілік сезіміне толы адамшылығы мол азаматтарды қалыптастыру болуы тиіс. Бұл тұрғыда маңызды рөл отбасына тиесілі.

Жастар өздерін басқаруға шақырылатын дүниедегі жауапкершілігін сезініп, адамзаттың жарқын болашағына деген сеніммен шабыттануы керек.

Білім алу – бүкіл әлем жастарының негізгі құқығы. Тұрақты дамудың Төртінші мақсаты инклюзивті және тең сапалы білім беруге және барлығы үшін өмір бойы білім алу мүмкіндіктерін ілгерілетуге шақырады. Бұл мақсатқа қол жеткізу жас әйелдер мен ерлердің тегін, сапалы білім алуына, сондай-ақ олардың қажеттіліктеріне бейімделген кәсіптік оқу бағдарламаларына қол жеткізуі үшін бірлескен күш-жігерді қажет етеді. Кейінгі статистикалық мәліметтер білім берудегі елеулі жаһандық теңсіздіктерді көрсетіп, жалпыға бірдей орта білімді көптеген адам үшін, әсіресе кедей елдерде екінші мақсат ретінде қалдырады.

«Инклюзив және тең сапалы білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету еңбек нарығына және лайықты жұмысқа сәтті көшу үшін маңызды және көптеген Тұрақты даму мақсатына қол жеткізудің кілті болып есептеледі. Сапалы бастауыш және орта білім жастарды жұмысқа орналастыру және кәсіпкерлік үшін тиісті дағдылармен қаруландыратын қолжетімді техникалық, кәсіптік және жоғары біліммен толықтырылуы тиіс» [62].

Мемлекеттік жастар саясатының басты және кезек күттірмейтін міндеттерінің бірі – нарықтық қатынастар жағдайында жастарды дұрыс бағдарлау. Қазақстан Республикасының білім беру саясатының негізгі ұстанымдары: білім берудегі барлық азаматтың теңдігі; білімнің қолжетімділігі; білім берудің зайырлы сипаты; білім беруді және білім беру мекемелерінің әртүрлілігін ынталандыру; білім беруді басқарудың демократиялық сипаты; білім берудің гуманистік және дамытушылық сипаты; білім, ғылым және өндіріс интеграциясы; кәсіптік бағдар беру; білім беруді ақпараттандыру [72].

Қазіргі уақытта Қазақстанда жалпы орта және жоғары білім беру жүйесінде көптеген мәселе қордаланған. Білім сапасын арттыру үшін оқыту әдістемесін түбегейлі жаңарту қажет, бұл қазіргі қазақстандық білім беру жүйесінің жиі қозғалып жүрген мәселелерінің бірі. Оқыту жүйесін инструменттік жаңғырту орта және жоғары білім беру жүйесінде оқытудың өзін сапалы жақсартумен қатар жүруі тиіс [73].

Білім беру саясатының маңызды бағыты білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету. Білім берудің қолжетімділігі мәселесін талдаған кезде өзара байланысты үш аспектіні бөліп көрсету қажет.

Ең біріншісі, халықтың әртүрлі категориялары үшін жоғары білімнің қолжетімділігіне әсер ететін әлеуметтік факторлар мәселесін шешу керек. Бұл факторларға қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық теңсіздік пен әлеуметтік-мәдени динамика, әртүрлі топтар мен қабаттардың құндылықтар жүйесіндегі жоғары білімнің орны, сондай-ақ олардың әлеуметтік және мәдени потенциалы жатады.

Екінші аспекті, әртүрлі аймақтардағы жоғары білім беру жүйесінің өзінің жағдайымен, оның инфрақұрылымы мен әлеуетімен, ондағы жүзеге асырылатын дамудың нақты нысандары мен стратегиясымен, білім беру үдерісін ұйымдастырудың әлеуметтік маңызды ерекшеліктерімен анықталатынымен байланысты қолжетімділік.

Үшінші аспекті елдегі білім беру жүйесінің, жеке оқу орнының және білім сапасына қолжетімділік факторының қалай әсер ететінін білдіреді. Білім берудің қолжетімділігінің азаюы оқудың түрлерінің ақылы қызметтерін енгізумен ғана емес, сонымен қатар қоғамның кейбір топтарының экономикалық әлеуетінің, олардың оқуға ақы төлеу қабілетінің төмендеуімен де байланысты.

Мемлекет немесе жұмыс берушілер тарапынан мамандарға сұраныстың белгісіздігі кезеңінде жоғары оқу орындарынан қызығушылық танытқан ұсыныстардың мен білімнің әртүрлі деңгейлері арасындағы жоғары білімнің пайдасына арақатынасын нашарлатты. Кәсіптік білім берудің деңгейлік құрылымындағы ұсынатын пропорциялар қоғамдағы кәсіби білікті құрылымды жаңғырту қажеттіліктеріне жақын болуы керек деген ойдамыз. Дегенмен университеттер түлектердің жұмысқа орналасу нақтылығына қарамастан, кадрлар даярлау көлемін ұлғайтуда.

Қазақстан жастарының қазіргі жағдайына белгілі бір әсер ететін түйткілдердің бірі – білікті жұмысшы кадрларын дайындау үшін орта арнаулы білімнің аздығы. Кәсіптік оқу орындарының саны айтарлықтай қысқарды, бұл

оқу орны дайындайтын мамандардың түлегі бірнеше есе азайды. Қазақстанда кәсіптік лицейлер мен колледждерге қарағанда жоғары оқу орындарында оқитын жастар көп. Университеттер айтарлықтай жылдам дамып, жоғары білімі бар мамандардың қоғамға қажетті саннан артық маман дайындайды, керісінше орта кәсіптік білім беру мекемелері студенттерді жинақтауда үлкен қиындықтарды бастан кешіруде.

Жақын болашақта университеттің алдында салыстырмалы түрде жаңа міндеттер тұр. Біріншісі кәсіптік білім беру және жұмыспен қамту саласындағы әлеуметтік әріптестікті дамытуға қатысты. Ол осы саладағы барлық мүдделі тараптың, атап көрсеткенде билік органдарының, жұмыс берушілердің, отбасылардың және кәсіптік білім алушылар және жұмыс іздеушілер ретіндегі жастардың өздерінің күш-жігерін біріктіруі керек. Екінші міндет – кәсіптік білім берудің жаңа әлеуметтік кеңістігін дамыту және әртүрлі білім беру бағдарламаларын әзірлеу қажеттілігін айтуға болады.

«Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» деген құжатта білім беру жүйесін заңнамалық, инвестициялық, экономикалық және кадрлық жетілдіру шаралары қарастырылған. Қазақстандық білім беру жүйесінің әлемдік рейтингтердегі позициялары адами капиталды дамыту және Қазақстандағы білім беру қызметінің бәсекеге қабілеттілігін кезең-кезеңімен арттыру үшін барлық қажетті жағдайдың бар екенін растайды» [74].

Тәуелсіздігімізді қалпына келтіргеннен кейінгі тарихымызда білім беру саласында бірнеше жаңашыл реформалар енгізілді. Бұл жаңа бағдарламалардың ішіндегі ең мыңыздыларының бірі «Болашақ» бағдарламасы. Бұл бағдарламаның негізгі бағыттарының бірі – идеялар мен шетелдік тәжірибені трансферттеу, жаһандық үдерістерді талдау бойынша елімізде кәсіби сарапшылық қоғамдастықтың қалыптасуына ықпал ету, дарынды жастарды анықтау, Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының түлектерінің дайындық деңгейін арттыру, студенттерді өз мамандығы бойынша пәндерді тереңірек оқуға ынталандыру. Сондай-ақ Назарбаев Зияткерлік мектептері мен Назарбаев Университетінің ашылуы жоғары білім беру саласында үлкен жетістіктердің бірі деп санау керек.

Жыл сайын жоғары оқу орындарынан айтарлықтай көп жас білікті мамандар шығарылатынына қарамастан еңбек нарығында жоғары білікті жұмыс күшінің, сондай-ақ халықаралық нормалар мен стандарттарды, шет тілдерін білетін, шетелде және халықаралық компанияларда жұмыс тәжірибесі бар мамандар тапшылығы байқалады. Қазақстандық жоғары оқу орындарында студенттердің практикалық дайындық деңгейінің төмендігі өндірістік тәжірибенің жоқтығының, жұмыс орындарының жетіспеушілігінен көптеген кәсіпорынның болашақ мамандарды өндірістік тәжірибеге қабылдауға құлықсыздығының салдары. Бұл мәселелердің алдын алу мақсатында жас мамандар оқуды бітіргеннен кейін тағылымдамадан өтіп, қайта даярлаудан өтуі керек. Осы орайда, «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы жастарды

мамандығы бойынша бастапқы жұмыс тәжірибесін алуға көмектесу үшін арнайы әзірленген және мемлекеттік бюджет есебінен төленетін бағдарлама.

Көптеген дарынды жастың, әсіресе ауылдық жерлерден келген, жоғары білім алу мүмкіндігі жатақханадағы орындардың жетіспеушілігімен, тұрғын үй құнының өсуімен және жолақы құнының өсуімен шектеледі. Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесіне қазіргі жағдайда оның тұрақты дамуын қамтамасыз ететін жаңа тәсілдер мен идеяларды әзірлеу қажет екені анық. Мемлекеттік білім беру саясатының негізгі бағыты нақты, жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдардың құндылықтарын негізді біріктіретін және әрбір адам үшін білім минимумы ретінде түсінілетін жалпыға бірдей қазақстандық білім беру стандартына бағдарлануға тиіс. Осы қағидатты жүзеге асыру мақсатында Қазақстанда бұған дейін де тиісті заңнамалық актілер, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен Үкімет қаулылары қабылданып, шыққаны белгілі.

Қазақстанда әлеуметтік-экономикалық факторлар жеткілікті түрде жұмыс істемейтін жағдайда білім беру қоғамның адами әлеуетінің индексін қамтамасыз ететін бірден-бір дерлік фактор болып қала беретін жағдай қалыптасып отыр. Білім беру әлеуетінің мұндай тұрақтылығы білім беру жүйесі оның дамуының барлық негізгі факторымен күшті кері байланыс жүйесін сақтайды деп айтуға болады. Осының негізінде қазақстандық қоғамның дәстүрлі білім беру жүйесін сақтай отырып, әлемдік білім беру кеңістігіне қосылуға толық мүмкіндігі бар, бұл Қазақстанның жаһандық инновациялық білім беру үдерістеріне тиімді қатысуы үшін объективті қажеттілік.

Қазақстанда білім беру саясатының табысты жүзеге асуына ең алдымен ұлттық келісім, патриотизм, саяси және экономикалық тұрақтылық идеялары ықпал етеді. Қазақстан сияқты көпэтносты мемлекетте кез келген этнос өзіндік болмысын сақтауға ұмтылып, ұлттық қауымдастықтардағы бірігу, ассимиляция үдерістеріне қарсы тұруға тырысып, өзінің құндылықтарын, мәдениетін, тілін, салт-дәстүрін, тұрмыс-салт ерекшеліктерін дамыта алады. Қазақстан Республикасында білім беру саясаты елдің барлық азаматы үшін біртұтас білім кеңістігін ұсынады. Мұндай кеңістік ұлттық және әлеуметтік тиістілігіне қарамастан, барлық азамат үшін білім алудың біркелкі шарттарын, біртұтас мазмұны мен оқыту деңгейін білдіреді [74].

Республикамызда жүргізіліп жатқан білім беру реформасы өзінің алғашқы нәтижелерін беруде. Ұлттық білім беру жүйесінің жаңа моделі әзірленді, білім беруді ақпараттандыру қарқынды жүзеге асырылуда, білім беру нормалары мен стандарттары әлемдік деңгейге көтерілді, мектеп жасындағы балаларды біліммен толық қамтуға қол жеткізу бойынша жұмыстар белсенді жүргізілуде, білім беру мектептерін, институттарды, университеттерді және т.б. материалдық-техникалық қамтамасыз ету үдерісі жүргізілуде.

Қоғам дамуының негізі және жастардың болашағына бағытталған маңызды мәселелердің бірі білім беру саласына басымдылық. Қоғамда көрініс тапқан түрлі әлеуметтік, саяси, экономикалық және мәдени өзгерістердің жастардың білім алу үдерісіне әсер ететіндігі шындық. Жастардың білім деңгейі

қоғамның бір мүшесі ретінде тұлғалық дамуына және қоғамдағы орнын анықтауға мүмкіндік береді. Жаһандану үдерісінің бір көрінісі ретінде қазіргі таңда білім беру жүйесінде де жаңашылдықтар енгізілуде.

Еліміздің білім беру жүйесінің халықаралық білім беру бағдарламаларына өтуі, ақпараттық қоғам қажеттілігіне сәйкес оқыту жүйесіне жаңа технологиялардың енгізілуі секілді түрлі өзгерістер жүзеге асуда. Білім беру саласының басты мақсаттарының бірі – жастарға жаңа талаптарға сәйкес білім алу мүмкіндіктерін жан-жақты қамту болып есептеледі.

Білім беру үдерісінде жастардың әлеуметтенуі жүзеге асатын маңызды фактор. Сондай-ақ білім беру саясаты дұрыс жүргізілген жағдайда жастардың әлеуметтік теңдігі артып, түрлі әлеуметтік топтар арасындағы алшақтықты болдырмауға болады.

Білім берудің негізгі миссияларының бірі жастарды тұлға ретінде жан-жақты дамуын қамтамасыз ету. Жастардың мәдени құндылықтарды қабылдауының негізгі үдерісі отбасыдан кейін осы білім беру мекемелерінде жүзеге асады. Білім беру саласының жастардың ұлттық бірегейлігі мен жалпы адамзаттық мәдениетке деген қатынасын қалыптастыруда маңызды рөлі бар. Сондай-ақ қоғамдағы мәдени әртүрлілік, толеранттылық және әлеуметтік жауапкершілік сияқты құндылықтарды жастар білім беру мекемелерінде дамытады.

Қазіргі жаңа заманның талабы ретінде цифрлық технологиялардың білім беру үдерісінде қолданылуы жастарды ақпараттық қоғамның шарттарына бейімдеуде. Ақпараттық қоғамның ерекшеліктері ретінде: интернет, онлайн білім беру платформалары, цифрлық ресурстарды қолдану жастардың білім алуында жаңа дағдыларды меңгеруіне қажеттілік туындатты. Ақпараттық қоғамда ақпаратқа қол жеткізудің қолжетімділігі және оны пайдалану мәдениетін үйрену қазіргі кезеңде мән берерлік маңызды жұмыс деп тұжырымдауымызға болады. Жастар білім беру жүйесіне қатысуы арқылы қоғамдағы өзгерістер мен жаңалықтарға бейімделеді, қоғамдағы әлеуметтік және мәдени рөлін анықтауы және жеке тұлға ретінде қалыптасуы жүзеге асады.

Елімізде білім беру саласының мектепке дейінгі мекемелерден бастап ЖОО-нан кейінгі мекемелерге дейінгі барлық сатыдағы құрылымдарының қалыптасқан иерархиясы бар және құрылымы мен функциялары бойынша тиісті отандық және халықаралық стандарттарға сәйкес қызмет етеді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Статистикалық Бюросының мәліметтері бойынша білім беру саласындағы төмендегі сандарды көрсетуге болады [59]:

- Мектепке дейінгі ұйымдар – 11 346;
- Жалпы білім беру мектептері – 7 833;
- Жалпы білім беру мектептеріндегі оқушылар саны – 3 819 071;
- Дербес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары – 711 және 39 филиалдары бар;
- ЖОО – 113 (оның ішінде: 42,5% – мемлекеттік меншікте, 56,6% – жеке меншік, 0,9% – шетелдік).

Сонымен қатар тағы біраз мәлімет алуға болады бұл ақпарат көзінің көмегімен.

Мысалы, бүгінде Қазақстанда жастар (14 жастан 35 жасқа дейінгі) саны шамамен 5,8 млн құраса, студенттер саны 625 мың, демек жастардың 11% жуығы екен.

Студенттер қалалары деп елдің үш қаласын атауға болады: Алматы – 37 жоғары оқу орнында 202 мың студент білім алуда; Астана – 14 ЖОО 86 мың студент бар; Шымкент – 8 ЖОО студенттер саны 83 600 екен [75].

Ұлттық статистика бюросы жариялаған құжаттарға сәйкес, 2009 жылдан бері елімізде жоғары білімі бар адамдар қатарының артқанын байқап отырмыз. 2009 жылғы санақ қорытындысы бойынша жоғары білімді 2 407 523 адам болыпты. Бұл сол кездегі жалпы халықтың шамамен 15 пайызын құрады. Ал 12 жылдан кейін, яғни 2021 жылғы санақ бойынша жоғары білімді жұртшылық қатары 3 731 201 адамға жетті. Бұл жалпы халықтың шамамен 19 пайызы. Яғни қазір халқымыздың бестен бірі жоғары білімге ие.

Біздің ел білім жағынан алдыңғы қатардағы елдердің арасында. Қазақстан халқының халықаралық рейтинг бойынша сауаттылық деңгейі – 99,80 пайызды құрайды [60].

Әлемдік деңгейдегі Жастар Сауаттылығы Индексі бойынша Қазақстан Республикасы 155 елдің тізімінде 15-орынды иеленеді [76]. Бұл көрсеткіш бірнеше дамыған мемлекеттердің алдында тұрғаны Қазақстанның болашақта жаңа зияткерлік держава бола алатынын мүмкіндігі бар екеніне үміт береді. Жоғарыда атап өткеніміздей, жастардың білім алуы үшін мемлекет білім беруде заман талабына сай бағдарламалар мен технологиялық жабдықтармен қамтамасыз етілген және білім берудегі кейінгі тенденцияларға сәйкес жүргізуде.

Білім беру – қоғамды белгіленген мақсаттарға бағыттайтын және жеке адамдардың көзқарасын, білімі мен дағдыларын жақсартуға бағытталған үдерістердің жиынтығы. Елдердің даму деңгейі, білім беру саясаты және гендерлік теңдік/теңсіздік принциптері сияқты факторлар жас ұрпақтың білімді болуына, табысқа жетуіне және бейімделуіне әсер етеді

Жастардың тиімді білім алуы олардың әлеуметтік, экономикалық, мәдени және саяси үдерістеріне жан-жақты қатысуының маңызды факторы болып есептеледі. Біріккен Ұлттар Ұйымының 2013 жылғы жастарға білім беру баяндамасы бойынша жариялаған ұсынымдарында: білім беру саясаты, оқу жоспарлары мен оқыту бағдарламалары ұлттық дамудың басымдықтары мен қажеттіліктеріне, халықаралық даму стратегияларына және еңбек нарығының талаптарына сәйкес үйлестірілуі керек деп көрсетілген. Бұл ұсыныста жастардың білім алу мүмкіндігін жақсартумен қатар, кедейшілікпен және білім берудегі гендерлік теңсіздікпен де күрес жүргізілуі басымдылық беріледі.

Біріккен Ұлттар Ұйымының 2015 жылғы жастар туралы баяндамасында тағы бір мәселе – 15-24 жас шамалары арасындағы әлем жастарының 10,6% сауатсыз екені көрсетілген. Бұл көрсеткіш Африкада 29,6%, Оңтүстік және Батыс Азияда 18,5% құрайды. Халықаралық деңгейде қабылданған

міндеттемелердің ішінде «Дүниежүзілік жастар бағдарламасы», «Мыңжылдық даму мақсаттары», «Баршаға арналған білім мақсаттары» және «Жаһандық білім беру бастамасы» сияқты бастамалар білім беруді дамытуға бағытталған [24, Б. 21].

Білімнің жеке тұлғалық дамуында және қоғамның дамуында маңызды әсері бар. Кейінгі жылдары жаһандану үдерісіне байланысты елдердің өмір сүру деңгейіндегі елеулі өзгерістер де, білімнің маңыздылығын арттырды. Көптеген елде білім беруге қатысу көрсеткішінің артуы адами капиталдың дамуына және жұмыс күшінің қатысуы мен ұлттық табыс көрсеткіштерінің артуына ықпал етті. Білімге инвестиция салу арқылы көптеген ел жұмыспен қамтуға қатысуды арттырды және тұрақты экономикалық дамуға қол жеткізді.

Жастарды тәрбиелеуде білім, ғылым, мәдениет сынды маңызды үш сала бір-бірімен байланысып, тұлғаның жан-жақты дамуына жағдай жасайды. Олар жастардың тұлғалық қасиеттері мен әлеуметтік жағдайын қалыптастыруда, олардың қоғамдағы орны мен рөлін анықтауда шешуші рөл атқарады. Қазақстандық жастардың оқу үдерісінде білім, ғылым және мәдениеттің интеграциясы оқудағы осы аспектілердің өзара әрекеттесуінің маңыздылығын айқын көрсетеді, сонымен қатар қазақстандық жастардың болашағының сипаты мен траекториясын ерекше түрде ашады. Қазіргі ғылым, білім және мәдениет дамуының негізгі тенденциялары мен бағыттарына мыналар жатады: жаһандану, іргелендіру, ізгілендіру, технологияландыру, стандарттау және компьютерлендіру [77].

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаттарының бірі – адамды шығармашылық ойлауға үйрету, оқушылар мен студенттердің рухани құндылықтары мен адамшылық тәрбиесін арттыру [78]. Білім беру саласын жастарға қатысты талдаудың негізгі нәтижесі мынау деп айтуға болады – жастардың санасына оң әсер ететін негізгі құрал бұл бүгін орта және жоғары білім ошақтары болып қала береді. Сол себептен жастар санасын жүйелі қалыптастыру, сол санаға құндылықтар еңгізу білім жүйесі арқылы тиімді жүргізіледі.

Білім берудің маңызы әрқашан да өзекті екені даусыз, дегенмен мұны оңтайлы шешу арқылы жоғары бөлімде айтып өткен, жастардың әлеуметтенуі мен функционалдық маңызын іске асыруға болады. Жастардың білім беру үдерісіндегі орны мемлекеттік институттардың тиімді жұмыс істеуін ғана емес, капиталистік қатынастар мен экономикалық процестердің оңтайлы қызметін де анықтайды. Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардан бастап білім беру ісінде оқшау саясат ұстанған емес, себебі, экономика сыртқы факторларға тәуелді құбылыс. Ал, жастардың әлемдік білімді игеруі, шетелдік тәжірибені меңгеруі ұлттық экономиканың тұрақтылығымен қатар, бәсекеге қабілетті мемлекет құрудың, әрбірден соң ұлттық қауіпсіздіктің негізі. Қорыта айтқанда, білім беру үдерісіндегі жастардың заманауи трентерді игеруі, олардың функционалдық қызметінің сапасын айқындайды. Әлеуметтену процесі кезеңінде барынша жаһандық талаптарға сай әрі заманауи сапада білім игерген жастар әлеуметтік құрылымның маңызды субъектісіне айналады. Бұл бөлімде хронологиялық

тұрғыда тізбектеп шыққанымыздай, білім беру платформаларын қдайы жетілдіріп отыру мемлекеттік саясаттың басты бағдары болғаны көрінеді. Дегенмен, оны қаншалықты тиімді іске асырды деген сұрақ, түрлі тұжырымдарға әкелуі мүмкін. Саяси-философиялық тұрғыдан алғанда мүмкіндіктер шеңберінде бұл үрдісті барынша тиімді атқаруға тырысқан жөн. Себебі, жастар қоғамдық өмірдің динамикасын айқындайтын әлеуметтік топ ретінде маңызды дегіміз келеді. Жаңа қабылданып жатқан Конституция баптарында да ғылым мен білім және технологиялық даму стратегиялық маңызға ие болып отырғаны бекер болмаса керек.

2 САЯСИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ТҮРКІЛІК ДҮНИЕТАНЫМДАҒЫ НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕР

2.1 «Құндылық», «саяси құндылық», «жастар құндылықтары» ұғымдарының логикалық-семантикалық құрылымы

Құндылықтар адамзат тарихының түрлі кезеңдерінде уақыт қажеттіліктеріне сәйкес мәнге ие болып қоғамның дамуына ықпал ететін негізгі фактор ретінде анықталады. Құндылықтар – белгілі бір уақыт кезеңінде өмір сүрген қоғамның және оның мүшелерінің қалаулары мен ұмтылыстарын қамтитын қажеттіліктер. Қоғамда қабылданған құндылықтар қоғам мүшелерінің басынан өткерген оқиғалардан алған тәжірибелері нәтижесінде пайда болады және уақыт өте келе олар жеке адамдардың мінез-құлқының қалыптасуына әсер етеді. Сондай-ақ құндылықтар қоғам тіршілігінің жалғасуын қамтамасыз ететін бақылау механизмі ретінде де қызмет етеді және қоғамдағы әртүрлі топтарды ажырататын өлшемдерді анықтайды. Құндылықтар қоғамға лайықты ой мен мінез-құлық көзін қамтамасыз ете отырып, қоғамға қажетті өлшемдерді анықтап, оны соған бағыттайды [79].

Құндылық ұғымы философия, антропология, психология, дінтану және әлеуметтану сияқты ғылым салаларында талқыланатын маңызды термин. Құндылықтар тақырыбының тарихы ежелгі дәуірден бастау алып бүгінгі күнге дейін қоғамда және ғылым саласында маңыздылығын жоғалтқан жоқ.

Түркілік саяси-философиялық ойдың қалыптасуында Қожа Ахмет Ясауи, Махмұт әл-Қашқари және Жүсіп Баласағұн еңбектері іргетас қалаушы рөл атқарады. Ясауи іліміндегі ішкі тазару мен рухани кемелдену идеялары халықты имандылық пен даналыққа бағыттаса [81], Махмұт әл-Қашқари «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегінде түркі халықтарының тілдік және мәдени бірлігін саяси тұрақтылықтың кепілі ретінде негіздеп, білім мен еңбекті қоғам дамуының басты қозғаушы күші деп айқындады [82]. Бұл құндылықтар жүйесі Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» трактатында одан әрі тереңдетіліп, білім мен ақыл адамның басты құндылығы ғана емес, мемлекетті басқару мен әлеуметтік құрметке жетудің негізгі шарты ретінде қарастырылды [83]. Бұған келесі бөлімде толығырақ тоқталамыз. Әзірге Батыс өркениеті мен ғылымындағы саяси құндылық ұғымының эволюциясын талдауға кезек берсек.

Батыс философиясында «құндылық» категориясы алғаш рет антика философиясында талқыға салынады. Грек тіліндегі «құндылық» сөзін алғаш рет Лаэрттік Диоген заттарды немесе адам қасиеттерін екі категорияға бөлген стоиктердің философиялық көзқарастарын сипаттау үшін қолданған: артықшылық және аулақ болу. Құндылығы барларға артықшылық беріледі, керісінше, құндылығы жоқтар, қоршаған ортаның қолайсыз формалары. Диоген құнға былайша анықтама береді: «... Құндылық, біріншіден, әрбір игілікке тән үйлесімді өмір сүруге көмектесу; екіншіден, табиғатқа сәйкес өмір сүруге ықпал ететін қандай да бір делдал немесе пайда, табиғатқа сәйкес өмір сүруге ықпал ететін мұндай пайда байлық пен денсаулықты қосады; үшіншіден, тауардың

айырбастау бағасы, мысалы, арпа және қосымша қашыр соншалықты тәжірибемен тағайындалған – дейді олар» [84].

Платон жақсылықтың универсал тұжырымдамасын дамытып, «жақсылықты білуді» ең жоғары құндылық деп санап, оларды құдайдан адамдық және жеке игілікке бұрды. Платонның ілімі бойынша адамзаттың сезімдік заттарының ішіндегі жақсылық идеялар әлемінің иерархиясының шыңы ретінде қабылданады. Платон қалыптастырған игіліктің элементтері ежелгі әлемдік тәртіптегі еркін адамдардың абсолют әмбебап игілігіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін идеал мемлекеттің кемел үлгісін жасауға ұмтылды. Бір сөзбен айтқанда, көне мәдениетте парасаттылық пен жақсыны білу жеке адам үшін ең биік құндылық саналып, «рационал өмір» адам болмысының идеалымен айқындалған.

Платон бірінші болып «ең жоғары игілікті» құрайтын белгілі бір идеал моральдық және эстетикалық категориялардың жіктелуін ұсынды: «Біріншіден, белгілі бір мағынада өлшемге, қалыптылыққа және уақыттылыққа қатысты барлық нәрсе, ал осы сияқтылардың бәрі мәңгілікке жатады», екінші орында «әдемі, кемел», үшіншіде «әдемі, мінсіз», төртіншіде «өнер», «түсінік», бесіншісінде «ойсыз деп анықтап, жанның өзінің пәк ләззаттары деп атаған сол ләззаттар...», алтыншысында «ән құрылымы» [85].

Аристотель игілік ұғымының көп мағыналылығын анықтап, игіліктерді жіктей отырып, «құндылық», «бағалы», «құнды» анықтамаларын қолданады: «Тауарлардың кейбіреулері бағаланады, басқалары мадақталады, ал басқалары мүмкіндіктер. Бағалау деп мен құдайдың игілігін, ең жақсысын, мысалы, ақыл-ойды, принципті, ең алдымен, не нәрсеге ұқсайтынын айтамын. Бағаланатын нәрсе – қастерленген нәрсе, ізгілік те құнды, өйткені ол ізгілікке тән сұлулыққа жетеді» [86].

Қазіргі замаңғы мағынада «құндылық» ұғымын зерттеу XIX ғасырдың 60-80 жылдарында Вильгельм Виндельбанд, Генрих Риккерт, Рудольф Лотце, Вильгельм Дильтей еңбектерінің негізгі тақырыптары болды.

Виндельбанд, құндылықты қоғамға және жалпыға бірдей қажетті ұғым ретінде сараптайды. Ол философияға жалпыадамзаттық құндылықтарды зерттеу, оларды ғылыми, моральдық және эстетикалық бағалауды қамтамасыз ететін нормаларды сыни тұрғыдан түсіну құралы ретінде анықтама береді. Философ биік құндылықтарға ізгілік, ақиқат, сұлулық пен киелілік ұғымдарын жатқызып, олар тарихтан тыс сипатта, әйтсе де адамзат тарихының бағытын осы құндылықтар қалыптастырады деп тұжырымдайды.

Неокантшылдықтың Баден мектебінің өкілі Виндельбанд құндылықтар табиғаттың бір бөлігі емес, адам әрекетін реттейтін нормативтік идеалдар деп есептеді. Ғалым ғылымдарды номотетикалық (заңдарды зерттейтін) және идеографиялық (жеке құбылыстарды зерттейтін) деп бөлді. Оның түсінігінде тарих басқа ғылымдар сияқты жалпы заңдылықтарды іздемей, қайталанбас оқиғаларды зерттеуі керек.

Сонымен, Виндельбанд философиясында құндылықтар адам қызметінің бағытын анықтап, құбылыстарды бағалау критерийлерін қалыптастыратын басты рөл атқарады деген пайым жасалғанын дәйектейміз [87].

Риккерттің пікірі бойынша, құндылық – адамдардың қалауларынан тұратын материалдық әлемнен тәуелсіз қажеттіліктер. Риккерт құндылықтың трансцендент сипатын атап көрсетеді, оны бағалау актілерінен және адамдар тауар деп атайтын объектілерден ажыратады. Ол жалпы мәнді, құндылықтарға жататын нәрсе түсінікті болған кезде, ол трансценденталды түсіну категориясын, яғни құндылықтарға жатқызуды енгізеді. Сонымен бірге мәдениетті ол «...жалпы мәнді құндылықтармен байланысты және осы құндылықтар үшін қастерленетін объектілердің жиынтығы...» деп түсінеді [88].

Риккерт құндылықтардың жеке тұлғадан жоғары және эмпирикалықтан жоғары әлемге тиесілілігін білдіретін трансценденттілік олардың объективтілігін білдіретінінен келіп шығады. Құндылықтар өзгермейді, тек оларға деген көзқарасымыз өзгереді деп жазады. Осыған байланысты Г.Риккерт құндылықтардың ақиқатпен, объектімен және субъектімен байланысын атап көрсетеді: «Құндылық біріншіден, объектіге соңғысы – сол арқылы – игілікке айналатындай, сондай-ақ бұл әрекет бағалауға айналатындай субъект әрекетімен де байланысты болуы мүмкін».

Риккерт өзінің «Құндылықтар жүйесі жайынан» туындысында индивидтің құндылыққа қатынасы еркіндіктің ең жоғары көрінісі екенін атап көрсетеді, өйткені бұл жағдайда адам шығармашылық және еркін мәнділік әлемін жасай алады: «тұлға, оның әлеуметтік байланысының барлық күрделілігінде және оның арқасында ол игілікке айналатын құндылық – қоғамдағы немесе әлеуметтік автономия» [89].

Лотценің ойынша құндылықтар – қоғамдағы міндеттіліктер болып саналады. Лотце құндылықтардың адамға әр түрлі әсер етуі мүмкін екенін атап өтеді: «Күмәнсіз, жанның тек бір сәттік және кездейсоқ күйіне немесе әсер ететін қандай да бір жеке ерекшеліктеріне сәйкес келетін құндылығы азырақ; рух өз тағдырын жүзеге асыру үшін еркін болатын ұйымның жалпы және қалыпты белгілерімен үйлесетін нәрсе маңыздырақ. Оның дамуында ешқандай ауытқудың ізі жоқ ішкі күйлерде бұдан жоғары ештеңе жоқ» [90].

Неміс философы және социологы Николас Луман құндылықтарға қатысты ең бір танымал тұжырымдаманың авторы. Ол құндылықтарды белгілі бір әрекеттің ең қолайлы салдарымен байланыстырады, оларды «бірліктер ретінде таңбаланған артықшылықты күйлер мен оқиғаларға қатысты ортақ ұстанымдар» деп атайды [91]. Н. Луманның пікірінше, коммуникация әлеуметтік шындықты белгілейді, осы себепті әлеуметтік жүйе ішіндегі коммуникация жергілікті деңгейдегі құндылықтардың қалыптасуын, сонымен қатар функционал сипаттамаларын анықтайды, өйткені құндылық консенсусы тұтас қоғам үшін мүмкін емес. Мысалы, қарым-қатынас үдерісінде күші бар өзіне тәуелді адамдарды кейбір құндылық көзқарастарды ассимиляциялауға немесе сіңірмеуге итермелей алады.

Луман әртүрлі әлеуметтік жүйелердің құндылық бағдарларының ерекшелігі жөнінде ой қозғайды, мұндай жүйелердің аксиологиялық құрылымдары да олардың шекарасы болып табылатын кезде: «Функциялар мен кодтардың нақтылануы қазірдің өзінде басқа жүйелік бағдарларды жоққа шығаруға әкеледі, яғни ол үнемі алынып тасталатындардың болуын болжайды және осыған байланысты құндылықтарды тұжырымдау олардың әрбір жүйеден қандай тілде қандай мағынаға ие екенін көрсетеді» [91, 185 б.].

Жалпыланған құндылықтарды түрлендіретін әртүрлі әлеуметтік жүйелердегі сәйкестендіру тетіктерінің әрекетін ескере отырып, құндылықтардың қоғамда сөзсіз қабылданатынын, даму бағытының бағдарламаларын өзгертуге болатынын есте ұстаған жөн: «Норматив үлгілер жағынан енді шартсыз қабылданатын құндылықтар мен шартты түрде қабылданатын бағдарламалардың аражігін ажырату қажет; және бұл олардың жеке функционал өзгермейтін бағдарламаларын сәйкестендіретіндіктен ғана». Луманның пікірінше, қоғамда бар бағдарламалық-рөлдік өрісті «позитивизацияланған» түрде, яғни жеке адамдардың шешіміне байланысты түсіну керек, өйткені сөзсіз мәнді құндылықтар үшін ғана бекітуге болады [91, 187 б.].

Н. Луман қоғамға сыртқы дүниемен байланысты өзгерістерге тез әрекет етуге мүмкіндік беретін тітіркену үдерістерінің координацияланбағандықтан қауіпті екенін ерекше атап өтеді. Осылайша, Н. Луманның пікірінше, құндылықтарға негізделген жауапсыздықтың кері үдерістерін белгілі бір дәрежеде ынталандыру «кездейсоқ болып кеткен шындықтан асып түсуге» көмектеседі: «Этикаға сүйене отырып, аяқ астынан берік жер табу қиын болғандықтан, олар ұзақ мерзімді келісілмеген құндылықтармен байланысты белгісіздікпен күресуге тырысады» [91, 215-216 бб.]. Луман мұндай рөлді әлеуметтік жүйелердегі құндылықтарға береді, өйткені ол оларды коммуникация жүйесіндегі белгілі бір «үзіліссіз деңгей» ретінде қабылдайды.

Құндылықтардың егжей-тегжейлі сипаттамасына көше отырып, Луман құндылықтарды түпкілікті теріске шығару немесе қабылдау мүмкін болмаған кезде тексеру үдерісінен оқшаулау сияқты құндылықтарды атап өтеді. Әлеуметтанушы құндылықтар әлеуметтік жүйенің жадына салынғанын және қоғамның белгілі бір құндылықтардан бас тартуының әртүрлі жағдайларын «жүйе ұмыта алмайды» деп жазады, бұл тиісті уақытта осы құндылықтардың жаңа талқылауын тудырады. Бұл тұрғыда Луман абсолют құндылықтарды «шағылысқан бәсекелестігі» бар аксиологиялар ретінде түсінеді, бұл кезде ешкім олардың мән ретіндегі мәртебесіне дауласа алмайды. Қоғамдағы «құндылықтарды бұрмалау» мәселесіне тоқталған Луман әлеуметтік жүйенің мұндай жағдайға тітіркенумен әрекет ете алатынын атап көрсетеді. Осы себепті ол заң шығару, партиялық бағдарламаларды тұжырымдау, т.б. кезінде күнделікті тіл айналымына қосу арқылы қоғамның «талассыз құндылықтарға» тәуелділігін күшейтуді ұсынады [91, 218 б.].

Луманның теориясында БАҚ әлеуметтік жадты қалыптастырады, нені есте сақтау және нені ұмыту керектігін таңдап жазып алады. Ақпарат құралдарының

көмегімен алынған білім өздігінен басқа құндылық нұсқауларды алмастыра отырып, элементтері бір-бірін мықтап бекітетін тұйық шеңберді құрайды. Луманның пікірінше, автопоэтикалық үдерістермен қамтылған әлеуметтік жүйеде «жеткілікті құндылық консенсусы мен келісімі» дамуы керек. Ол өзара әрекеттесу және соның нәтижесінде жеке адамдар мен құндылықтардың өзара қолдауы қоғам өмірінің негізі екеніне назар аударады [91, 419 б.].

Құндылықтар қоғамның әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуының нәтижесі ретінде саналады. Құндылықтар белгілі бір кезеңде өмір сүрген қоғам мүшелерінің рухын, арман-тілектерін, қалаулары мен ұмтылыстарын қамтиды. Қоғамның мақсаттар мен мүдделері үшін жалпы қабылданған барлық қағида құндылықтар ретінде айқындалады. Басқаша айтқанда, топ немесе жеке адам қалаған қалаулардың бәрі құндылық ретінде бағаланады. Құндылықтар әлеуметтік тәртіптің маңызды элементі болып табылатын нормалар. Құндылықтар қоғамдық құрылымды қалыптастыруда белсенді рөл атқаруы арқылы жеке адамның мінез-құлқына және қоғамға да әсер етеді. Қоғам қалыптастыратын құндылықтар көптеген элементті қамтиды. Жеке адам өзі өмір сүріп жатқан қоғамның құндылықтары арқылы өзінің мақсаты мен бағытын анықтайды. Жеке тұлғаның өзі өмір сүретін қоғамда үйлесімді әлеуметтік өмірді құра білуі құндылықтардың функционал ерекшеліктерімен тығыз байланысты.

Белгілі бір қоғамның рухани мәдениеті, әдебиеті мен өнері, ғылым мен техникасы, әлеуметтік жағдайы және т.б жетістіктері сол қоғамдағы халықтың ұлттық құндылықтары жүйесін құрайды. Қоғамдық құндылықтар сол қоғамды құраушы халықтың (ұлттың және этностардың) өзіндік санасының ерекшеліктеріне байланысты да қалыптасады. Қандай да бір қоғамдағы құндылықтар қабылданған жалпыадамзаттық құндылықтан бөлек белгілі бір ұлттардың өзіндік ерекшеліктеріне негізделген құндылықтарымен ажыратылады. Бір қоғамды екінші бір қоғамнан ажыратын негізгі ерекшеліктердің бірі де ұлттық сана. Ұлттық сананың қалыптасуы түрлі факторларға негізделеді, атап айтсақ: халықтың өмір сүру образы; әлеуметтік-экономикалық және тарихи жағдайлары; қоғамның этникалық құрылымы; салт-дәстүрлер; діни көзқарастар; халықтың көш-қон үдерісі; қоғамдағы этникааралық қарым-қатынастар; мемлекет және оның институттары және т.б. [92].

Тарихтың қай кезеңінде болмасын әрбір қоғам сол қоғамды құрайтын мүшелері және түрлі әлеуметтік топтардың мақсат, мүдделері және бағыттарын анықтайтын ортақ құндылықтарымен ерекшелінеді. Құндылықтар тарихи кезеңдерге, қоғамдағы қалыптасқан өзгерістерге байланысты мәні мен мазмұны өзгеріске ұшырап отырды. Бастапқыда қоғамдық құндылықтар бірегей ұғым ретінде қабылданса, уақыт өте келе құндылықтардың жіктелуі нәтижесінде саяси құндылық ұғымы да қалыптасты. Адамзат тарихында қоғам дамуының әрбір сатысында құндылықтардың сипаты да ауысып отырды. Мысалы: индустриал қоғамда құндылық материалдық сипатта болса, постиндустриал қоғамда құндылық материалдық емес, яғни, ақпарат ретінде мән беріледі.

Жалпы қоғамның қай түрі болмасын барлық әлемнің барлық халқына тиесілі, яғни жалпыадамзаттық құндылықтары болады; бұл құндылықтар: бостандық, бейбітшілік, әлеуметтік теңдік, ағартушылық, руханият, әсемдік, жақсылық, адамшылық, демократия, құқықтық қоғам, құқықтық мемлекет, гендерлік теңдік және т.б. [87, 156 б.].

Әлеуметтік ғылымдарда құндылықтарды зерттеудің негізгі үш бағыты бар: тарихи-антропологиялық, әлеуметтік-мәдени және мәдени-философиялық. Тарихи-антропологиялық тәсілде, құндылықтар адамдарды басқа жанды әлемнен ажырататын мәдениеттің бір түрі ретінде тұжырымдалады. Мәдени-философиялық тәсілде құндылықтар – қоғамды құрайтын түрлі әлеуметтік топтардың қоғамдық идеалы ретінде көрініс табады және жалпы адамзаттың өмірлік қызметінің нәтижесі деп саналады. Құндылықтар қоғам мүшелері арасындағы қарым-қатынасты әлеуметтік реттеуде негізгі фактор.

Әлеуметтік өмірдің барлық дерлік саласында тұлғаны бағыттайтын құндылықтардың әртүрлі анықтамаларымен қатар әртүрлі классификациялары бар. Солардың кейбіріне тоқталып өтуді жөн деп санаймыз.

Герт Хофстеденің мәдени өлшемдердің типологиясы мәдениетаралық коммуникацияның негізі болып есептеледі. Факторлық талдаудан алынған ақпаратты пайдалана отырып, ол қоғам мәдениетінің оның мүшелерінің жеке құндылықтарына қалай әсер ететінін және бұл құндылықтар олардың мінез-құлқына қалай әсер ететінін сипаттайды.

Типология құндылықты алты мәдени өлшемге бөлуге болатын идеяға негізделген. Бұл өлшемдер: биліктен қашықтық, оқшаулану, мускулиндік, белгісіздіктен аулақ болу, стратегиялық ойлау және индульгенция. Хофстеде мәдени өлшемдер шешім қабылдауды жеңілдету үшін белгілі бір мәдениетті бағалауға көмектесетін негіз ғана екенін атап көрсетеді. Жеке қасиеттер, отбасылық тарих және жеке әл-ауқат сияқты басқа факторларды ескеру қажет. Ұсынылған өлшемдер жеке адамдардың мінез-құлқын болжай алмайды.

Хофстеденің теориясы әртүрлі салаларда зерттеу парадигмасы ретінде, әсіресе мәдениетаралық психологияда, халықаралық менеджментте және мәдениетаралық коммуникацияда қолданылады. Бұл типологияны ең танымал деп санауға болады, ол қай елде орналасқанына немесе олар әрекет ететін кеңірек мәдени контекске қарамастан ұйымдық мәдениеттерді талдауға қолайлы универсал параметрлердің сәтті табылған жиынтығымен түсіндіріледі [77].

Американдық әлеуметтанушы және психолог Милтон Рокич дәйектеуінше құндылықтардың екі түрі бар: инструменттік және терминалдық. Инструменттік құндылықтар біздің түпкілікті мақсаттарымызға жетудің құралы. Терминалдық біздің түпкілікті мақсаттарымыз ретінде анықталады. Инструменттік құндылықтардың мысалдарына сыпайылық, мойынсұнушылық және өзін-өзі бақылау жатады.

Құндылықтарды ауқымды зерттеулер үшін М. Рокичтың тікелей рейтинг әдісі негізінде модификацияланған әдістері жиі қолданылады. Түпнұсқа Rokeach Value Survey әдісі құндылықтар тізімдерін тікелей саралау әдісіне негізделген [94]. Ең алдымен, ол жеке ортақ құндылықтардың иерархияларын анықтауға

мүмкіндік береді, өйткені Рокичтың болжамына сәйкес, жеке тұлғаның құндылық бағдарларының жүйесі белгілі бір әлеуметтік мәдениет аясында жеке тәжірибе барысында қалыптасады.

Рокичтың бастапқы сауалнамасы американдық мәдениет үшін маңызды құндылықтарды қамтыды және осы жағдайды ескере отырып, бұл сауалнаманы басқа мәдениеттер үшін әмбебап деп санауға болмайды.

Рокичтың тұжырымдамалық түрлендірілген және кеңейтілген әдісінің мысалы ретінде Шалом Шварц (Иерусалимдегі еврей университеті) және Еуропа елдеріндегі құндылықтарды ауқымды және кең тақырыптық зерттеуде – батыстық әлеуметтік сауалнамада қолданылады.

Шварцтың құндылықтар сауалнамасы адамзаттың «негізгі» құндылықтарының тізімі әмбебап, ал жеке тұлғаның немесе әлеуметтік топтың құндылық бағдарларының жиынтығы әртүрлі мотивациялық мақсаттарға негізделген деген идеяға негізделген. Сауалнамаға адам болмысының жалпыадамзаттық қажеттіліктері ретінде түсінілетін «негізгі» құндылықтарды енгізу арқылы Шварц оларды алдыңғы зерттеулердің қол жетімді нәтижелеріне сүйене отырып таңдады.

Шварцтың негізгі құндылықтар теориясы мінез-құлық пен шешім қабылдаудың негізінде жатқан 10 әмбебап құндылықтарды анықтайды: билік, дәстүр, бірегейлік, қауіпсіздік, әмбебаптық, мейірімділік, ынталандыру, гедонизм, жетістік және тәуелсіздік. Бұл мәндер бір-бірін толықтыратын мәндер және қарама-қарсы полюстерде қарама-қарсы мәндері бар шеңбер түрінде ұйымдастырылған [95].

Құндылықтарды белгілі бір салаларға байланысты да бөлуге болады. Осы салалардың бірі саясаттану ғылымы саласы, мұнда құндылықтар «саяси құндылықтар» ретінде таразыланады. Рокичтің пікірінше, салалық құндылықтар адамдардың жеке құндылықтарынан тәуелсіз емес және жеке адам құндылықтары саяси негізгі құндылықтарды ұйымдастырады. Бұл тұрғыда негізгі құндылықтар адамдарды әлеуметтік контексте олар үшін пайдалы болуы мүмкін идеологияларды немесе саясаттарды таңдауға итермелейді [94, 145 б.].

Жоғарыда келтірілген анықтамалар мен классификацияларды сарапқа сала келе, жеке тұлға өзінің әлеуметтену үдерісінде қоғамда қалыптасқан стандарттарды, яғни нормалар мен құндылықтарды қабылдау арқылы қоғамдық құндылықты рөліне әсер ете алатынын тұжырымдаймыз.

Қоғамдық құндылықтардың ажырамас құрамдас бөлшегінің бірі ретінде саяси құндылықтарды есептеуге болады. Саяси құндылықтар – бұл жеке адамның немесе қоғамның саяси сенімдері мен мақсаттары, олардың санасында белгілі бір мағыналардың, қағидалар мен құбылыстардың тұрақты жағымды мәнін көрсететін және саясат әлеміндегі бағдар.

Батыс философиясында құндылықтың әлеуметтік-саяси мәнін алғашқылардың бірі болып Толкотт Парсонс анықтады, ол «Қоғам тұжырымдамасы: құрамдас бөліктер және олардың өзара байланыстары» мақаласында былай деп пайымдайды: «Жүйе ретіндегі қоғамның өзегі құрылымдық норматив тәртіп, оның көмегімен халықтың ұжымдық өмірі

ұйымдастырылады. Тек олардың мәдениетпен арақатынасы оларға мән беріп, заңдылық береді, ол белгілі бір тұлғалардың қоғамға тиесілілігінің критерийлерін белгілейді» [96].

Саяси құндылықтар батыс әдебиетінде еуропалық критерийлер негізінде талданады. Осылайша, «еуропалық құндылықтар» түсінігі, мойындалғандай, адам құқықтарын, либерал демократияны және заң үстемдігін қамтиды. Кейбіреулер бұл 1799 жылғы Француз революциясының «Бостандық, теңдік және бауырластық» ұранының заманауи түсіндірмесі деп санайды. Кейіннен саяси құндылықтардың әртүрлі тізімдері жасалды, олардың арасында Рональд Инглхарттың көзқарасы ерекшеленді [97].

Осы тұста, 1990 жылдары «еуропалық құндылықтардан» басқа «азиялық құндылықтар» ұғымы пайда болғанын атап өткенміз абзал. Ол ең алдымен Махатхир Мохамад пен Ли Куан Ю есімдерімен байланысты [98] және әлеуметтік бейбітшілік, тәртіп пен келісім сияқты құндылықтарды қамтиды; билікті тану (соның ішінде саяси); ұжымшылдыққа басымдық береді.

Қазіргі Қазақстанның саяси мәдениетінің қалыптасуына әкелген бірқатар себептер бар. Совет қоғамының саяси саласының идеялық-құндылық жүйесі ондаған жылдар бойы қалыптасып, қоғамдық санаға терең еніп кеткені біздің қоғамның саяси санасының бір ерекшелігі. Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени қайта құрулар халықтың құндылық бағдарларының өзгеруімен тығыз байланысты.

Қазақстандық философ Гүлжан Әбдіғалиева былай деп жазады: «Саяси құндылықтар адамның, әлеуметтік топтың санасында сәйкес идеялар, мақсаттар, нормалар түрінде рухани өмірдің өнімі ретінде пайда болып, қызмет етеді. «Артықшылықты анықтау» деп аталатын нәрсенің болуы әрбір саяси құндылықтың көптеген байланысқа түсуіне және осы жағдайға байланысты келесі кезеңде субъектілердің тиісті құндылық қажеттіліктерін тудыра бастайтын екі элементке – дерексіз және нақтыға «бөлінуге» ұшырауына ықпал етеді. Топтық сана элементтерінің жиынтығы ретінде және саяси құндылықтарды қалыптастырудың негізі ретінде артықшылықтар жүйесі, осылайша, бүкіл саяси үдерістің басталуы мен айқындалуының шарттарын анықтайтын маңызды фактор болып табылады.

Әрбір саяси үдерістің өз қалауы болады және сол арқылы ұқсастармен өзара әрекеттесуде маңызды құрамдас бөлікке айналатын өзінің құндылық ұясын табады. Саяси құндылықтарды осы субъективті критерийдің көмегімен анықтауға болады, соның ішінде ұйымдасқан субъектілер ретіндегі әлеуметтік қауымдастықтар ие болуы мүмкін артықшылықтар. Мысалы, біздің үнемі айтып жүрген құқықтық мемлекет, ең алдымен, әртүрлі қоғамдарда сан алуан жағдайлар мен себептердің, қатынастардың, әрекеттердің, қалыптасқан әлеуметтік және саяси институттардың үлкен санына байланысты әртүрлі жолмен жүзеге асатын идея. Біз шындықта не бар екенін және осы шындықтардың ерекше белгілерін, олардың өзара байланыстарын бағалаймыз. Соның салдарынан біз саяси құндылық ретінде тұжырымдап, сипаттаған

нәрсенің іс жүзінде мүлде басқаша көрінетінін және деформацияланған құндылық екенін жиі көреміз» [99].

Саяси құндылықтарды зерттеудің ең ауқымды жобасы ретінде 1981 жылдан бастап жүргізіліп келе жатқан дүниежүзілік «Құндылықтарға дүниежүзілік шолу» (World Values Survey) тақырыбындағы жобасын айта аламыз. Бұл жоба адамдардың құндылықтары жөнінде, бұл құндылықтардың уақыт өте өзгеретіндігін және бұл өзгеріске әсер ететеін әлеуметтік және саяси себептерді зерттейтін дүниежүзілік ғылыми-зерттеу жобасы.

1981 жылдан бастап 100-ге жуық өкілетті елде сауалнамалар арқылы жүргізілген жобада қойылған негізгі сұрақтар: жаһанданудың ықпалы, қоршаған ортаға қатынас, демократияны қолдау, шетелдіктер мен этникалық азшылықтарға толеранттылық, гендерлік теңдікті қолдау, дін орны мен діншілдікті өзгерту, жұмыс, отбасы, саясат, ұлттық бірегейлік және мәдениет.

Белгілі бір қоғамның дамуына түрлі мәдениеттер, этникалық топтар, әлеуметтік жүйелер, тілдердің әртүрлілігі секілді факторлар әсер етеді. Бұл әртүрлілік сол қоғамда әлеуметтік, қоғамдық және саяси құндылықтардың өзіндік жүйелерін қалыптастырады. Қоғамдық құбылыстардың құрылымына негізделген қоғамдық-саяси құндылықтар: қоғамдық тәртіп, бейбітшілік, қауіпсіздік, бостандық, теңдік, әділдік секілді құндылықтарды жатқызуға болады. Қоғамның әлеуметтік стратификациясының әр сатысындағы әлеуметтік топтардың саяси құндылықтарын ажыратуға болады.

Сондай-ақ құндылықтар макродеңгейде және мемлекеттік деңгейде қалыптасып дамиды. Саяси құндылықтардың екі деңгейі назар аудартады. Микроқоғам деңгейінде саяси құндылықтар белгілі бір әлеуметтік топтың (партияның, таптың, әлеуметтік топтың және т.б.) мүдделері мен қажеттіліктерін көрсететін әлеуметтік-саяси қатынастар саласындағы мақсаттардың, көзқарастардың, идеалдардың жиынтығы. Макроқоғамды бұл құндылықтың бағалану аясы мемлекеттік деңгейге көтеріледі, яғни саяси құндылықтар жүйесі идеологиялық жүйеге айналады [100].

«Құндылықтар дегеніміз қоғамдағы жеке адамның немесе әлеуметтік топтың жоспарланған игі мақсаттарына апаратын бағыт бағдарлар. Жеке құндылықтар жеке адамның биологиялық, әлеуметтік және психологиялық қажеттіліктерімен байланысты болады. Құндылықтар қоғамдағы идеологиялық негіздердің қалыптасуына әсер ете отырып саяси құндылықтың негізін қалайды. «Саяси құндылық» түсінігі жеке адам өзін жалпы әлемге және соған қатысты оқиғаларға, институттарға, субъектілерге, әлеуметтік немесе саяси функцияларға бағдарлау үшін қолданатын ұғым ретінде қабылданады. Яғни, «құндылық» – бұл жеке адамның өз өмірін басқару немесе қоғамдық және саяси өмірге мән беру кезіндегі пікірінің, көзқарасының, ойының және әсерінің жиынтығы. Азаматтар өздерінің саясатқа деген қалауларын хабардар ету, мемлекеттік басқарушыларды бағалау және дауыс беру үшін өздерінің негізгі саяси құндылықтарына сүйенеді» – деп байыптайды түркілік зерттеуші Демирташ Мехмет [101].

Эндрю Хейвудтің пікірінше, құндылықтар – бір қоғамда болуы керек моральдық принциптерді немесе идеалдарды білдіреді, ал саяси

құндылықтардың мысалдарына «әділдік», «бостандық», «адам құқықтары», «теңдік» және «толеранттылық» жатады. Саясаттанушылар негізінен «негізгі саяси құндылықтар» деп атайтын саяси саладағы қарым-қатынастарда туындайтын эгалитаризм, адам құқықтары, нәсілшілдік ұғымдарын есептейді. Басқа бір көзқарас бойынша, сайлау, сөз бостандығы және демократияның сабақтастығы секілді саяси өмірдің элементтері саяси құндылықтар деп саналады. Басқа бір анықтамаға сәйкес, саяси құндылықтар саясат пен қоғамға қатысты кеңінен қолданылатын және тұрақты мақсаттар ретінде анықталады. Яғни, саяси құндылықтарды «жеке адамның саяси өмірді түсіну кезіндегі барлық пікірлері, көзқарастары, ойлары мен әсерлері» деп түсіндіруге болады.

Қазіргі әлем құндылықтардың бұрын-соңды болмаған жылдам өзгеруімен, көптеген дәстүрлі идеяның күйреуімен, бұрын өзгермейді деп саналатын дүниелердің көбісінің құнсыздануымен сипатталады және керісінше, көптеген үдеріс мен құбылыс өзгеріп, жаңа құндылықтар пайда болуымен де ерекшеленеді. Құндылық ұғымы қажеттіліктерді, тілектерді, борыштарды, моральдық міндеттемелерді және басқа да көптеген таңдаулы бағытты білдіреді. Құндылықтар – жеке адамдардың өз мақсаттарын анықтауға көмектесетін, олардың іс-әрекеттерін бағыттайтын, пайымдаулардың қалыптасуына ықпал ететін және жақсы-жаман, дұрыс-бұрыс сияқты таңдау жасауға бағыттайтын бір бағдар ретінде де түсіндіріледі.

Қоғамдық құндылықтың бір бөлшегі ретінде саяси құндылықтар жеке адамның әлеуметтік және жеке тәжірибесінің арақатынасы негізінде қалыптасатын идеологиялық және идеологиялық емес сипатқа ие болуы мүмкін. Қоғамның дамуында қоғамдық институттардың қызметінің маңызы зор екені белгілі. Бұл институттар өз құндылықтарымен қоғамның жұмыс істеуіне көмектесуімен қатар, қоғамдық бірлік пен келісімді қамтамасыз етеді. Жеке тұлғаның әлеуметтену үдерісінде үйренетін құндылықтарының көпшілігі институттар арқылы қалыптасады.

Қорытындылай келе, қандай да бір қоғамның дамуына түрлі факторлар әсер ететіндігін тұжырымдаймыз. Бұл факторлар мәдениеттер, этникалық топтар, әлеуметтік жүйелер, тілдер т.б секлді әртүрлі болуы мүмкін. Қоғамдық құрылымның әртүрлілігі сол қоғамның әлеуметтік, қоғамдық және саяси құндылықтардың өзіндік жүйелерін қалыптастырады. Сәйкесінше, әр қоғамда құндылықтардың басымдылық берілу дәрежесі де әрқилы болады.

Дегенмен жалпыадамзаттық құндылық ұғымы бар секілді, кең тараған саяси құндылықтардың да негізгі категориялары бар. Бұл категориялар қоғамдық тәртіп, бейбітшілік, қауіпсіздік, бостандық, теңдік, әділдік секілді құндылықтар. Жоғарыда атап өткеніміздей ғалымдардың құндылыққа қатысты зерттеу еңбектерімен қатар дүниежүзілік құндылықтарды зерттеудің арнайы жобалары да қоғам құндылықтары туралы зерттеу еңбектерімен бұл саланы толықтырып отырады [103]. Демократиялық бағытта дамуды көздейтін қоғамдар аталған категорияларды саяси құндылық ретінде қабылдағанын әлемдік тәжірибеден көре аламыз.

Жастарды саяси әлеуметтендірудің басты мақсатына – жеке тұлғаның және топтың саяси қызмет жүйесіндегі рөлін саналы түрде анықтауға қол жеткізу саяси білімсіз мүмкін емес.

Қазақстандық көрнекті философ Серік Нұрмұратов атап көрсеткендей: «Еліміздегі жастардың кейбір бөлігінде әлі де дүниеге көзқарастағы құндылықтық басымдылықтардың қандайы маңызды екеніне, базалық құндылықтардың айқындылығы туралы оқу және тәрбие орындарында жеткілікті білім алмайтындығы байқалады. Білім беру саласындағы технократиялық бағдарларға бет бұрған үлкен өзгерістер осы мәселеге де көңіл бөлуі шарт. Ұзақ уақыт бойы кеңестік кезеңде негізінен мемлекеттік патернализм саясаты жүргізілді және осындай жағдайға үйренген аға ұрпақ негізінен нарықтың қыспағы заманында, әсіресе әлеуметтік қиындықтар кезеңінде билікті сынауды әдетке айналдырғанын жасырмауымыз керек. Дәл осындай жағдай көрші жатқан Қырғызстанда да жылдар бойы жалғасып келе жатқанына тоқталсақ та болады. Сондықтан бейбіт шерудің арты белгілі бір жастардың өкілдері үшін девиантты әрекеттерге әкелді» [102, 80 б.].

Әрине, елімізде тарихи сананың жақсы үлгілерінде тәрбиеленген жастарымыз көп, бірақ кейде осы өркениеттіліктің, мәдениеттіліктің белгісінің өзара байланыстық деңгейдегі өзіндік астасу ауқымы төмен кездері де болады. Мәселен, ұлт менталитеті негізінен халықтың рухани өміріндегі әлеуметтік психологиялық бейімділіктер мен таптаурындық негізде қалыптасқан ұстанымдардың синтезінен тұрады. Ал тарихи сана соның белгілі тарихи кезең мен кеңістіктегі әлеуметтік әділдік пен саяси мәдениеттің деңгейінен тұрғысынан алғандағы азаматтық бірегейленумен астасқан көрінісі екені анық. Сондықтан кез келген ұлттың заманауи кезеңдегі болашағы жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына барынша бұқаралық санада орнықтырумен тікелей байланысты.

Қазақстандық жастардың құндылықтары мен бағдарлары негізінен саяси емес салада орналасқан, ал саяси жаңалықтарға деген қызығушылық дағдарыстық оқиғаларға назар аударудан басқа қалыпта болып қала береді. Елдегі саяси реформалар мен қайта құрулардың қарқындылығына қарамастан, жастардың саяси жаңалықтар мен оқиғаларға деген қызығушылығы төмен болып қала береді. Сонымен бірге жас қазақстандықтар заң бұзушылықтардың алдын алу үшін мемлекеттік билік және бизнес институттарының қызметін мониторингтеу және қоғамдық бақылау функциялары болуға тиіс болашақ азаматтық қоғамның тірегі деген жөн.

Тұтастай алғанда, Интернетті мазмұнды тұтынатын жастар жаңа пікір көшбасшыларының әлеуетті аудиториясын ұсынады, олар оған тартымды идеологияны көрсете алады, жастар арасында беделге ие болады және болып жатқан оқиғаларға өздерінің субъективті бағасын насихаттай алады.

«BRIF Research Group» жүргізген Жастар 2025 зерттеуіне сәйкес Қазақстан жастары әлеуметтік желілерде күн сайын бірнеше сағат өткізеді. Қазақстан жастары арасында ең танымал әлеуметтік желілер: Instagram, Вконтакте және Youtube (қалаға қарамастан) [103].

Жалпы алғанда, зерттеулердің өзекті деректері әлеуметтік желілер, мессенджерлер, блогтар – 60,3% жетекші мәнге ие екенін көрсетеді. Бұдан әрі, дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарының жастар арасында танымал еместігі туралы кең таралған стереотиптерге қарамастан, 36,1% қазақстандық жастар теледидар, газеттер, радионы атап өткен. Іс жүзінде әрбір үшінші адам жаңалықтар мен оқиғалар туралы Қазақстандық интернет-ресурстар (29,5%) арқылы біледі. Сауалнамаға қатысқан әрбір бесінші адам негізгі ақпарат көзі ретінде 22,2% жақын ортаны атап өтті.

BRIF Research Group (2025) жастардың білім алу контексіндегі прагматикалық ұстанымдары мен олардың қазіргі цифрлық трансформация жағдайындағы өзгермелі құндылықтық бағдарлары зерттеуі аясында макро және микро деңгейдегі үрдістердің өзара байланысы арқылы кешенді түрде зерделеген еді. Макродеңгейде жастар болмысына ықпал ететін негізгі факторлар ретінде цифрлану үдерісі, жаһандық еңбек нарығының трансформациясы, жасанды интеллекттің таралуы және білімнің капитал ретіндегі маңызының артуы айқындалды. Атап айтқанда, жастардың 52%-ының шетелде білім алып немесе тәжірибе жинақтап, кейін елге оралуға бейім болуы білімді тек жеке даму құралы емес, трансұлттық мобильділік пен әлеуметтік капиталдың тетігі ретінде қабылдайтынын көрсетеді. Сонымен қатар, интернетті пайдалану деңгейінің 92,9% жетуі, ал әлеуметтік желілердің қолдану көрсеткішінің 75,7% болуы білім алу арналарының дәстүрлі институционалдық шеңберден шығып, цифрлық кеңістікке ығысқанын дәлелдейді. Бұл өз кезегінде білімнің аксиологиялық мәнімен қатар, оның функционалдық және инструменталдық сипаттарының өзгергенін көрсетеді.

Микродеңгейде жастардың күнделікті тәжірибесі мен білімге қатысты мінез-құлық модельдері олардың құндылықтық бағдарларының нақты көрінісі ретінде қарастыруға болады. Зерттеу деректеріне сәйкес, жастардың 66,2%-ы әлеуметтік желілерді тұрақты қолданады, ал ақпараттық контентке қызығушылық деңгейі 69,2%, ойын-сауық мазмұнына 60,6% құрайды, бұл білім мен ақпараттың гибридті форматта (ресми емес, цифрлық, қысқа мерзімді) игерілетінін көрсетеді. Осы тұрғыда жастар арасында дағдылық (skills-based) білімге, қысқа курстар мен онлайн платформаларға сұраныстың артуы байқалып, білімнің классикалық академиялық моделінен гөрі нәтижеге бағытталған, икемді және жекелендірілген формасына көшу үрдісі бой көрсетіп келеді. Нәтижесінде, макроқұрылымдық өзгерістер мен микродеңгейдегі тәжірибелердің өзара ықпалы жастар санасында білім құндылығының когнитивтік мазмұнымен қатар, оның функционалдық, прагматикалық және өмірлік стратегияларды айқындайтын негізгі ресурсқа айналып отырғанын байқатады.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сәйкес 2019 жылдан бастап адам құқықтарын нығайту, заңның үстемдігі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мақсатында аса маңызды демократиялық реформалардың төрт пакеті жүзеге асырылуда. Нәтижесінде 2020 жылдан бастап заңнамалық деңгейде әйелдер мен жастар үшін сайлау партиялық тізімдерінде 30% міндетті квота көзделеді. Бұл шара жастар мен әйелдердің мүдделерін

айқындауға және олардың мүдделерін саяси деңгейде қорғауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде 2021 жылғы қаңтарда өткен жетінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіне сайлаудан кейін Мәжіліс депутаттары арасындағы әйелдердің үлесі 27,4% - ға жетті.

Жастардың елдің қоғамдық-саяси үдерістеріне тартылуы жастардың мемлекеттік басқару жүйесіне қатысуымен, саяси партияларға мүше болуымен, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде және мәслихаттарда өкілдік етуімен, сондай-ақ жастар ұйымдарының қызметіне қатысуымен айқындалады. Көп жағдайда жас қазақстандықтар саяси партиялардың мүшелері болып табылмайды (90,9 %). Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде 2022 жылы 35 жасқа дейінгі 7 депутат болды, ал 2021 жылы сайланған мәслихат депутаттары арасындағы жастардың үлесі шамамен 7% немесе 228 адамды құрады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің деректеріне сәйкес, 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 29 жасқа дейінгі мемлекеттік қызметшілердің саны 14 990 адамды немесе қызметшілердің нақты санының 83 963 адамның 17,9%-ын құрады. 29 жасқа дейінгі мемлекеттік қызметшілердің жалпы құрылымында – 57,5% орталық мемлекеттік органдарға жатады, 42,5% жергілікті атқарушы органдарда жұмыс істейді. 2016 жылдан 2023 жылға дейін мемлекеттік қызмет саласындағы жастардың өкілдігін талдау орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарда жастардың үлесі тұрақты түрде төмендеп келе жатқанын көрсетеді.

Билік органдарында өкілдік ету және волонтерлік, немесе өзге де қоғамдық ұйымдардың қызметіне қатысу жастардың саяси және азаматтық қатысуының қолданыстағы арналары мен қолжетімді нысандары болып есептеледі. Волонтерлік жастар арасындағы белсенді қызмет бағыты, ал мемлекеттік қызметте және өкілді билік органдарында (мәслихаттарды қоспағанда) жастардың үлесі әлі де төмендеуде.

Қазақстандық жастардың құндылық бағдарлары қалыпты түрде өзгеруде. Дәстүрлі құндылықтардың басым болуы қоғамдық дамудың негізгі тренді болып қала береді. Отбасы жас қазақстандықтардың өмірлік стратегиялары мен мақсаттарының қалыптасуына, дүниетанымы мен қоршаған әлемге деген сеніміне әсер етеді. Постматериализм мен индивидуализмге ұрпақаралық көшу Қазақстанда болжанғаннан баяу жүруде. Жас қазақстандықтар қоғамдық ұйымдарда және көлденең бастамаларда сирек кездеседі.

Мәдени құндылықтарды Р. Инглхарт картасымен өлшеу қорытындысы тұрғысынан алғанда Қазақстанның ұстанымы жалпы бейтарапқа жақын, зайырлы құндылықтарға қарағанда дәстүрлі құндылықтарға аздап бейімділікпен және өзін-өзі көрсету құндылықтарымен салыстырғанда өмір сүру құндылықтарына айтарлықтай бейімділікпен сипатталады.

«Жастар 2025» зерттеуінің деректері бойынша респонденттердің құндылық қатарында бірінші орындарда отбасы (респонденттердің 83,3% жауаптарына сәйкес), денсаулық (64,2%), достық (40,7%), материалдық қамтамасыз етілген өмір (39,3%), махаббат (22,8%), қызықты жұмыс, мамандық

(19,6%) және білім алу (19,5%). Отбасы мен денсаулық құндылықтарының білімге үстемдігі жастардың өмір сүру құндылықтары деп аталатындығын көрсетеді [103].

Отбасының құндылықтар шкаласына ғана емес, сонымен қатар практикалық мінез-құлыққа әсері World Value Survey (2018) 7-ші толқынының зерттеу нәтижелерімен расталады. Қазақстандағы жастардың 92% үшін өмірдегі маңызды мақсаттардың бірі ата-аналарға өздеріне деген мақтаныш сезімін ояту болып табылады [104].

Алайда, жаһандық трендтер қазіргі қазақстандық жастардың құндылықтарының өзгеруіне сөзсіз әсер етеді. BANI дәуірі (Brittle Anxious Nonlinear Incomprehensible World аббревиатура, ағылшынша адамзат бастан кешіп жатқан нәзік, мазасыз, сызықты емес, түсініксіз дегенді білдіреді) жас қазақстандықтар бейімделуі қажет жаңа болжанбайтын шындыққа айналды. Вок-мәдениеттің пайда болуы (ағылш. «woke» – оянған), әлеуметтік, этникалық және гендерлік теңдік мәселелеріне көбірек көңіл бөлу, гомогенизацияны тудыратын жаһандану, COVID-19 пандемиясы және экологиялық күн тәртібі мүлдем жаңа құндылық негізін құрайды.

Құндылық ұғымының тарихи қалыптасуы әр дәуірдің дүниетанымдық және әлеуметтік қажеттіліктерімен тығыз сабақтас. Антикалық ойшылдардан бастап (Платон, Аристотель) құндылық игілік, парасат, ізгі өмір идеяларымен байланыстырылса, түркі-ислам философиясында (Әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари) ол рухани кемелдену, білім, адамшылық және қоғам игілігіне қызмет ету өлшемдері арқылы түсіндірілді. Кейінгі неокантшылдық дәстүрде (Виндельбанд, Риккерт) құндылықтар эмпирикалық шындықтан жоғары тұрған нормативтік-идеалдық категориялар ретінде қарастырылды. Луман сынды әлеуметтанушылар оны әлеуметтік коммуникация мен жүйелік таңдаулардың нәтижесі ретінде сипаттайды. Осылайша, тарихи контексте құндылық бірде моральдық идеал, бірде мәдени-нормативтік бағдар, енді бірде әлеуметтік жүйелерді реттейтін механизм ретінде әртүрлі деңгейде түсіндіріліп келген көпқабатты ұғым болып шығады.

Қорыта айтар болсақ, қазіргі жастардың құндылықтық бағдарларын түсіндіруде тарихи сабақтастық мәселесі айрықша маңызды. Қазақстан жағдайында дәстүрлі құндылықтар (отбасы, құрмет, рухани) мен жаһандық трендтер (өзін-өзі көрсету, еркіндік, теңдік) қатар өмір сүріп, кейде бір-бірімен шиеленісе әрекет етеді. Бұл құбылыс кеңестік кезеңнен қалған патерналистік сана, тәуелсіздік кезеңіндегі нарықтық трансформация және цифрлық мәдениеттің ықпалы арқылы күрделі сипат тапқанын байқаймыз. Нәтижесінде жастардың саяси және әлеуметтік құндылықтары біртекті емес, фрагменттелген сипат алады: бір жағынан – дәстүрлі ұжымдық бағдарлар, екінші жағынан – индивидуализм мен жаңа медиа желілердің әсерімен қалыптасқан трендтік сипаттағы құқндылықтар. Олай болса тарихи сабақтастық үзілген емес, қайта тұжырымдау арқылы жалғасып, құндылықтардың гибридті моделін қалыптастырып отыр дей аламыз.

2.2 Түркі дүниетанымындағы саяси құндылықтардың тарихи-мәтіндік негіздері

Түркілік дүниетанымдағы саяси құндылықтарды зерттеуде ежелгі кезеңдегі тарихи деректер мен тасқа қашалған жазбалар текстологиялық тұрғыда маңызды бағдар бола алады. Феноменологиялық тұрғыда алғанда сол ежелден қалыптасқан құндылықтар жүйесінің өзегін құрайтын ұғымдар дүниетанымдық ядроны білдіреді дей аламыз. Дегенмен, бұл ұғымдар ортағасырларда түркілік, түркі-исламдық және қазақ халлықын ауызша мұрасында жалғасын тапты. Бұл мәннің немесе дүниетанымдық ядроның саяси ойлау дәстүріндегі манефистациясы ретінде түрлі кезеңдердегі саяси ойлау дәстүрінің контекстуалдық ерекшелігін есепке алу керек. Сондықтан, бұл бөлімде түркілік дүниетанымдағы құндылықтардың тарихи-мәтіндік негіздерін қарастыра отырып, хронологиялық ретпен сипаттама беруге тырысамыз. Ал, мәтін дегенде тек құжаттық деректерді ғана емес, қазақ халқының ауыз әдебиеті мен жыраулық мұраларын да есепеке аламыз. Қанша жерден ауыз әдебиеті саналғанымен, бұл деректер XX ғасырда жинақталып баспадан шығу арқылы жазба дерекке тән сипатты толық иеленген деп санаймыз. Сонымен қатар, мәтін дегенді тұпнұсқа жазба дерекпен өлшеу, түркілік дүниетанымның өзегін аша алмайтын еуропацентристік ұстаным болары даусыз. Мұндай түсінік толыққанды отырықшы, модерн дәуірде индустриалдық революцияны бастан кешірген әрі әлемге отарлық оптикамен қарайтын Батыс ориенталистикасына тән болса да, ғылымның деколонизациясы тұрғысынан алғанда біздің «далалық ойлау» дағдымызды түсінуге сәйкес келмейді дегіміз келеді. Яғни, біздің түсінігімізше, түркілік саяси құндылықтардың тарихи-мәтіндік негіздері жазбаша деректермен қатар, ауыз әдебиеті үлгілерін де қамтиды.

Мәтіндік (жазбаша және ауызша мәтіндер) деректерге сүйенсек, түркілік саяси құндылықтар бұл дүниені түсінудің, оған үңілудің және әлемді адамгершілік өлшеммен игерудің өзіндік формасы. Оны тек саяси құндылықтар аясында ғана емес, жалпы түркілік дүниетанымның кешенді болмысының бір қыры ретінде қарастыру қажет. Бұл жүйеде саяси білім мен билік туралы түсініктер ең әуелі миф пен аңыз, этникалық жад, жыр-толғаулар мен шежірелер арқылы көрініс тауып, руханият пен мәдениеттің өзегіне айналған.

Түркілік саяси құндылықтардың қалыптасу тарихын бірнеше маңызды кезеңдерге бөліп қарастыруға болады:

1. Ежелгі бастаулар немесе антикалық жазбалардағы түркілік саяси құндылықтар бейнесі (б.з.д. VI ғ. – б.з. II мыңжылдығы): Далалық ойлаудың ерте бейнесі ретінде антикалық дәуірде аты шыққан скиф ойшылы Анахарсисті атауға болады. Анахарсис феномені далалық ойлаудың басты саяси қасиетін – әлемге ашық бола отырып, өз болмыстық өзегінен (төл мәдениеті мен саяси дербестігінен) ажырамау қабілетін көрсетеді. Бұл құндылық қазіргі жастардың жаһандану дәуіріндегі ұлттық бірегейлігін сақтаудың тарихи прецеденті іспетті. Бұл кезеңде түркілік саяси құндылықтардың өзіндік дербес деректері хатқа

түспегенімен, далалық қоғамның әлеуметтік болмысын танытатын жанама тарихи дәлелі қалыптасты.

2. Орхон дәуірі: Мемлекеттік сананың хатталуы (VI–VIII ғғ.): Түркілік саяси құндылықтардың ең көне мәтіндік негізі Орхон жазба ескерткіштері (732, 735 жылдар). Бұл жәдігерлерде мемлекеттің тұтастығы, ел мен жердің киелілігі, билеушінің халық алдындағы әлеуметтік жауапкершілігі сияқты іргелі саяси ұғымдар бекітілген. Бұл кезең далалық ойлаудың тарихи-мәтіндік кемелдену кезеңі болып саналады.

3. Ортағасырлық түркі-исламдық философиялық синтез: Түркілік саяси ойдың іргелі арналарын қалыптастырған ойшылдар қатарына Қорқыт ата, әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Қожа Ахмет Ясауи, Ахмет Йүгінеки және Мұхаммед Хайдар Дулатиді жатқызамыз. Олардың еңбектеріндегі негізгі саяси категориялар мынадай:

– Әділет пен Билік: Биліктің парасат пен иманға негізделуі;

– Бақыт пен Құт: Мемлекеттік басқарудың түпкі мақсаты ретіндегі қоғамдық әл-ауқат;

4. Қазақ философиялық дәстүрі мен ағартушылық: түркілік саяси құндылықтар сабақтастығы Асан Қайғы, Бұқар жырау, Шал ақын, Дулат, Махамбет шығармаларында жалғасып, кейіннен Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы және Алаш қайраткері Әлихан Бөкейхан еңбектерінде жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Бұл тұлғалардың мұрасы жастардың саяси санасындағы еркіндік, теңдік және ұлттық мемлекеттілік идеяларын қалыптастырудың қайнар көзі десек болады.

Түркілік дүниетанымдағы саяси құндылықтарды зерттеу тек бір пәннің шеңберімен шектелмейді. Мұны тарих, философия, мәдениеттану, этнология және саясаттану тоғысындағы кешенді бағыт деуге болады. Қазіргі жастардың саяси санасына ықпал етуші фактор ретінде бұл құндылықтардың өзегін тануға тырысу қажет. Сонда ғана, түркілік саяси құндылықтардың тарихи-мәтіндік негізінің сабақтастығын пайымдауға мүмкіндік аламыз.

Деректанулық тұрғыда алғанда түркілердің саяси құндылықтарын аршып алуға септесетін жазбаларды оқу, текстологиялық талдау мен қолжазбаларды ғылыми айналымға енгізуде XX ғасырдың екінші маңызды ілгерілеулер іске асты. «Codex Cumanicus» еңбегінің де Батыс зерттеушіренің болды. Византия, испан, италия, француз саяхатшылары, елшілері, тарихшылары мен географтары, соның ішінде түркі елдеріне саяхатпен барғандар (569-571 жылдары Византия елшісі Зимархтың Алтайдағы түріктерге сапары; Плано Карпинидің, Гийом Рубруктың, Андре де Лонжюмоның және Марко Полоның XIII ғасырдағы саяхаттары; Гонсалес де Клавихоның 1404 жылы Орталық Азияға Әмір Темір сарайына саяхаты және т.б.) түркологияның дамуына ықпал етті. Түркологияның дамуына елеулі серпін 1893 жылы Вильгельм Томсен жүргізген Орхон-Енисей жазба деректерінің ашылуы болды. Қазіргі уақытта түркология ғылымдар кешені ретінде лингвистика, топонимика, ономастика, этимология, археология, генетика, генетика және басқа да әртүрлі пәндердің арқасында үнемі кеңейіп келеді [105].

Дәстүрлі түркілік дүниетаным, түркілік дүниені түсіну, дүниенің түркілік бейнесі – түркологияның зерттеу нысандарының бірі әрі бірегейі болып есептеледі. Дәстүрлі түркі дүниетанымындағы саяси ұғымдарды зерделегенде түркі тарихындағы саяси дәстүрлердің сан алуандығы бұл ұғымдардың анықтау жұмысын қиындатады. Бұл мәселенің бірнеше себептерін атап өтуге болады.

Біріншіден, түркі халықтары жайындағы тарихи деректердің сан алуан болуында. Зерттеушілердің пікірінше, түркілер туралы алғашқы деректер Алтай аймағына тиесілі және б.з.д. III ғасырдан бастау алады. Екі мың жылдан астам уақыт ішінде көптеген мемлекет, билеуші мен саяси жүйе өзгергендігінен қандай да бір ортақ ұғымдарды анықтау қиынға соғады.

Екіншіден, екі мың жыл ішінде түркілер табиғи ландшафты жағынан да, әлеуметтік-мәдени жағдайлары жағынан да алуан-алуан кең-байтақ аумаққа тарады. Осындай жағдайларда қоғамдық-саяси қауымдастықтың көптігі соншалық, олардың жіктелуінің өзі өте күрделі ғылыми проблеманы құрайды.

Үшіншіден, түркі халықтарының антропологиялық әртүрлілігі генетикалық себептермен анықталады. Бұл да белгілі бір дәрежеде түркі саяси концептуал саласының көрінісін қиындатады.

Түркі дүниетанымдық көзқарасындағы саяси түсініктер Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде, тыва халқының «Хунан қара» батырлық дастаны мен Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» этикалық-саяси трактатында жеткілікті түрде көрсетілген. Түркі дүниетанымының «Ел» деген саяси ұғымы – «өлке», «мемлекет» және «халық» мағынасында жиі қолданылады.

«Ел» ұғымының түркі тарихының алғашқы кезеңдерінде үлкен мәнге ие болғандығы, оның түркі батырлық эпосында көрініс тапқаны белгілі. «Құтадғу білік» поэмасында бұл ұғым мемлекеттік биліктің көрінісі ретінде кездеседі. «Халық» ұғымы түркі деректерінде «будун», «бодун», «ара-албытызы» терминдері арқылы беріледі. Бұл ұғым «Құтадғу білікте» би билігінің табысты болуының критерийі ретінде өте маңызды мәнге ие.

Түркілердің дәстүрлі дүниетанымы XIX ғасырдан бастап зерттеле бастады; В.В. Радловтың «Алтай тұрғындарының мифологиясы мен дүниетанымы» еңбегі [106], Н.Ф. Катановтың, А. Вамберидің, А.Фон Габаиннің, С.Е. Маловтың, А.Н. Самойловичтің, А.Н. Кононовтың еңбектерінде түркі дүниетанымының ерекшеліктеріне қатысты пікірлер көптеп кездеседі.

Кейінгі кеңестік кезеңде КСРО Ғылым академиясының Сібір бөлімшесі басып шығарған «Оңтүстік Сібір түркілерінің дәстүрлі дүниетанымы» деген жалпы атаумен түркілердің кеңістік пен уақыт, дүниенің бастауы және материалдық дүние туралы түсініктерін (адам, оның өмірлік шеңбері, табиғаттағы және қоғамдағы орны туралы; ғұрыптық қызмет, белгілер, отбасылық қарым-қатынастар және т.б. туралы) жеке-жеке таразылайтын үш кітап назар аударуға тұрарлық. Авторлардың өздері жазғандай, олардың міндеті «көп ғасырлар бойы Оңтүстік Сібір түркілерінің қоғамында үстемдік еткен әлемге көзқарастар жүйесінің контурын» көрсету болды [107].

Түркілердің дәстүрлі дүниетанымы А. Досымбаеваның «Түркі халықтарының тарихы. Түріктердің дәстүрлі дүниетанымы» [108] кітабында да

талданған. Бұл кітапта, маңызды археологиялық материалды пайдалана отырып, зерттеуші Орталық Азия мен Шығыс түркі аймақтарының маңызды идеологиялық нышандарын ашуға тырысады.

Сондай-ақ О.С.Сапашевтың «Орталық Азия халықтары арасында әлем суретін бейнелеу принциптері» мақаласы концептуал болып табылады, онда автор төменденідей қорытынды жасайды: «Түркілер арасындағы дүниенің қазіргі бейнесі өте терең дәстүрлі тамырларға ие. Түркілердің полифониялық дүниетанымында дүние суретінің қасиетті орны бар» [109].

Түркі мәдениетіне тән дүниенің түрлі суреттері де жеке кітаптар мен мақалаларда талданады: С.Аязбекова «Этнос әлемінің суреті: Қорқыт-ата және қазақ музыкасының философиясы», Г.Р. Гусейнов «Дүниенің түркі тілдік-мифологиялық суреті оның ежелгі Таяу Шығыс контекстінде», Г.Смағұлова «Дүниенің фразеологиялық бірліктердегі түркі лингвистикалық суреті», В.И.Харитонова, «Тыва (нео)шаманизм қазіргі әлемдегі культ және емдік тәжірибе ретінде» және т.б.еңбектерде зерттеу тақырыбы болған [110].

Көптеген еңбекте дүниетанымның діни аспектісіне мән беріледі. Сондықтан да жарияланымдардың едәуір бөлігі тәңіршілдікке арналған (кейбір авторлар тәңіршілдікті тек діни мағынада ғана түсінбейді): Н. Аюпов «Тәңіршілдік – ашық дүниетаным», Р. Безертинов «Тәңіршілдік – түркілер мен моңғолдардың діні», «Тәңіршілдік деген сенім» (Таңдаулы: мақалалар жинағы), М.С. Ұланов «Орталық Азия көшпенділерінің тарихы мен мәдениетіндегі Тәңіршілдік» және басқалар [111].

Түркі өркениетінің саяси аспектілері (көшпелі қоғамдардағы) бүгінде негізінен объективті тарихи мағынада, саяси жүйелер мен құрылымдар ретінде талданады [112].

Ал, дүниенің идеологиялық бейнесінің бір бөлігі ретінде саяси ұғымдар: құндылықтар ретінде: Х. Әбжанов «Көне түркі қоғамының әлеуметтік-мәдени құндылықтары мен бағдарлары», М.Ю. Горбунова «Түрік дәстүрінің құндылық үстемдіктері: көшпенділердің мәдени-тарихи қабаты» еңбектерінде; идеалдар ретінде: С.Г.Кляшторный «Көне түркі мемлекеттеріндегі қоғамдық идеалдар мен қоғамдық құрылым»; саяси мәдениет ретінде: С.В. Дмитриев «Тарихи-этнографиялық тұрғыдан түркі-монғол көшпенділерінің саяси мәдениеті» еңбектерінің негізгі зерттеу тақырыбы болған [113].

Түркі әлемінің ойшылдары Әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи, Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұн құндылықтар туралы толғанғанда, ең алдымен адамның рухани-адамшылық қасиеттерін, адамның рухани жетілуіне көмектесетін ұлы қазынаны түсінді.

Әл-Фараби философиясында құндылық бақыт пен ізгілік ұғымымен тығыз байланысты. Ол шынайы бақытқа адамдар бір-біріне көмектесу және білім мен ізгілікке ұмтылу негізінде ортақ мақсаттарға жету үшін біріккен ізгі қалада болады деп есептеді. Надан қалалар, керісінше, шынайы бақытты түсінбей, байлық пен ләззат сияқты жалған игіліктерге ұмтылумен сипатталады [80]. Әл-Фараби бұл тұжырымдамаға ерекше мән беріп, оны қоғамдық ұйымның идеал түрі деп есептеді. Мұндай қалада адамдар шынайы бақытқа жетелейтін білім мен

ізгілікті басшылыққа ала отырып, өзара көмекке ұмтылады. Әл-Фараби бақытты уақытша ләззат емес, рухани даму мен ізгілікке ұмтылу арқылы жететін кемелдік күйі деп бағалаған. Бақытқа жетуде білім мен парасаттың маңыздылығын атап көрсетті. Өнерлі қала тұрғындары білімге ұмтылып, оны өз өмірі мен қоғам өмірін жақсартуға пайдаланады. Әл-Фараби философиясында құндылықтар иерархиясы бар, мұнда шынайы бақыт ең биікте, ал байлық пен ләззат сияқты жалған игіліктер төменірек.

Жалпы, әл-Фараби үшін құндылық тек материалдық игіліктер емес. Бұл кемелдікке, ізгілікке, шынайы бақытқа жетуге ұмтылу, ол тек ортақ мақсаттар мен рухани дамуға ұмтылыспен біріктірілген қоғамда мүмкін болады.

Әл-Фараби идеялары ортағасырлық және қайта өрлеу дәуірі философиясының, әсіресе этика мен саясаттың дамуына айтарлықтай әсер етті.

Қожа Ахмет Ясауи философиясында моральдық өзін-өзі жетілдіру және білімге ұмтылу арқылы қол жеткізілетін кемел адам (инсан-и камил) идеясы орталық мәнге ие ұғым. Ясауи жүректі тазартып, надандық, тәкаппарлық сияқты жаман әдеттерден арылып, білім алуды жақсы істерге негіз етіп алудың маңыздылығын атап көрсеткен.

Ясауи адамның рухани өсуіне, адамшылық жағынан өзгеруіне үлкен мән берген. Бостандық, көреалмаушылық, өтірік сияқты жағымсыз қасиеттермен күресіп, бойында жақсы қасиеттерді тәрбиелеуге шақырды. Ясауи білімді ұлылық пен кемелдікке жетудің негізі деп санаған. Ол оқудың маңыздылығын, әлемді және өзін түсінуге деген ұмтылысты атап өтті.

Ясауи сопылық ілімнің түркілік тармағының негізін қалаушы екені белгілі, оның философиясы сопылық іліммен тығыз байланысты. Ол дамытқан сопылық ілімнің маңызды аспектілері – ішкі тазару, өзін-өзі тану және Құдаймен бірігуге ұмтылу. Сайып келгенде, Яссауи философиясы өзін-өзі жетілдіру және исламдық қағидаларды ұстану арқылы Аллаға жақындауға бағытталған. Ясауи шығармаларында, әсіресе, «Диуани хикметте» бұл құндылықтар халықты рухани ағартуға бағытталған даналық сөздер мен нұсқаулар түрінде көрініс тапқан [81, 67 б.].

Атақты «Диуани лұғат ат-түріктің» авторы Махмұт әл-Қашғари түркі халықтарының тілі мен мәдениетіне, олардың бірлігіне үлкен мән берген. Оның еңбегі, шын мәнінде, түркі тілдерінің тұңғыш энциклопедиялық сөздігі еді және түркі тарихын, этнографиясын және тіл білімін зерттеуде маңызды дереккөз. Сондай-ақ ол ізгілік, білім мен адамдарға қызмет етудің маңыздылығын атап өтті. Қашқари тілді түркі халықтарының тарихы мен мәдениетін танудың кілті деп есептеді. Оның «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегін жай сөздік емес, түркі өркениетінің нағыз энциклопедиясы деп пайымдауымызға болады. Қашқари тілдер мен диалектілерді зерттей отырып, географиялық алшақтыққа қарамастан түркі халықтарының ортақ тамырын анықтап, бірлігін көрсетуге ұмтылды.

Қашқари білім мен еңбекті тұлға мен қоғамның дамуының негізі деп санады. Оның еңбектерінде білім алудың, қоғамға қызмет етудің маңыздылығы туралы ой-толғауларды жиі кездестіре аламыз. Махмұт Қашқари адамшылық пен ізгілік мәселелеріне мән беріп, олардың жарасымды тұлға

қалыптастырудағы маңызына тоқталды. Артында жақсылыққа еріп, жамандықтан сақтанудың маңыздылығы жайындағы толғамдар қалдырды. Қашқари ғалам мәселелерін ой елегінен өткізе келе, адамның дүниедегі орны жайындағы өз көзқарасын ұсынып, оның еңбек пен білімдегі ең жоғары мақсатын атап көрсетті. Жалпы алғанда, Махмұт Қашқари түркі халықтарының тарихына, мәдениетіне, тілдеріне қызығатын адамдарды жігерлендіріп, нұрландырып келе жатқан мол мұра қалдырды.

Жүсіп Баласағұн «Құтадғу білік» («Құтты білім») еңбегінде адам құндылығын білім мен даналық призмасы негізінде байыптаған. Ақыл мен білім адамды хайуаннан ерекшелендіретінін, оны құнды ететінін баса айтқан. Білім, оның ойынша, құрмет пен байлықтың негізі, онсыз адам қауқарсыз.

Баласағұн өз еңбегінде Қарахан қағанаты өмірінің сан алуан жақтарын зерттеп, билеушілерге практикалық кеңестер береді. Ол білімнің тұлға мен қоғамды қалыптастырудағы рөліне ерекше көңіл бөледі. Ол, ақыл мен білім адам мен жануардың негізгі айырмашылығы болып, оның құндылығын анықтайды деп есептеді. Оның түсінігінде білім адамды рухани байытып қана қоймайды, сонымен бірге оны қоғамға пайдалы, пайда әкелетін, құрметтеуге қабілетті етеді.

Баласағұн адам құндылығын оның тәлім-тәрбие, өмір тәжірибесі арқылы алған даналығымен байланыстырды. «Құтадғу білік» түркі әдебиеті мен философиясының дамуына зор ықпал етіп, кейінгі ойшылдар мен ақындарды шабыттандырды. Демек, Баласағұн үшін адамның құндылығы оның білімге құштарлығымен, даналығымен және оларды қоғам игілігі үшін қолдана білуімен айқындалады.

Енді түркілік саяси құндылықтардың тарихи-хронологиялық негіздеріне кезеңдеу жүргізсек, маңызды формалық өзгерістерді байқаймыз. Түркілік саяси құндылықтардың дүниетанымының іргелі негізі ретінде Орхон жазбаларында адамның Көк пен Жердің арасындағы табиғи жолдың заңдылығымен өмір сүруін айқындайтын болып мазмұндалғанын көреміз. Түркілер үшін әлем тек географиялық аумақ емес, мағынасы бар тірі кеңістік: қоныс, жайлау, қыстау, тау, өзен, бұлақ, асу, жол, төр, ошақ, босаға және табалдырық сияқты ұғымдар мемлекеттік пен қоғамдық құрылымның тұрақтылығын білдіретін сакралды символдар болып табылады. Тәңірлік сана әлемнің жоғарғы ретін негіздесе, түркілік ойлау сол ретті адамның өмір тәжірибесінде, кеңістікпен қатынасында, мінез-құлқында, билік түсінігінде және ұрпақ тәрбиесінде жүзеге асырады. Бұл феномен онтологиялық, космологиялық, аксиологиялық, антропологиялық және эпистемологиялық деңгейлерде көрініс тауып, түркі мәдениетінің терең философиялық қабатын ашады.

Ерте түркілік кезеңде далалық ойлау Көк Тәңірі мен Жер-Су арасындағы ғарыштық үйлесімді, құт пен киеге негізделген құндылықтық тәртіпті алға тартты. Бұл кезеңдегі саяси сана еркін ойлау мен саяси дербестіктің нышаны ретінде Анахарсис бейнесінен бастап, Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі мемлекеттік идеологияға дейін жалғасты. Көне түркілер үшін билік Тәңірдің пәрменімен берілетін жауапкершілік, ал қағанның міндеті «төре» (заң) арқылы халықты бай әрі бақытты ету болды. Бұл дәуірде далалық ойлау онтологиялық

деңгейде дүниенің біртұтастығын, ал космологиялық деңгейде әлемнің жоғары тәртіпке бағынған құрылымын паш етті. Тәңір, Жер-Су, құт және жол сияқты архетиптер арқылы түркілік саяси сананың алғашқы матрицасы қалыптасты.

Ортағасырлық түркі-ислам дәуірінде түркілік ойлау феномені жаңа рухани арнамен толысты. Бұл кезеңдегі Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари және Қожа Ахмет Ясауи сияқты ойшылдар далалық танымды исламдық құндылықтармен шебер ұштастырды. Мәселен, Ясауи философиясындағы ішкі тазару мен өзін-өзі тану идеялары далалық этиканың рухани өзегіне айналды. Баласағұнның «Құтты білік» еңбегіндегі «құт» категориясы білім мен ақыл арқылы басқарылатын әділ мемлекеттің негізі ретінде қарастырылды. Бұл дәуірде далалық ойлау тек тұрмыстық қана емес, ғылыми-философиялық деңгейге көтеріліп, орнықты. Ойшылдар дүниенің өтпелілігін, адамның «жолаушы» екенін айта отырып, биліктегі адамгершілік пен әділеттілік өлшемдерін бекітті.

Қазақ халқының жыраулық дәстүрі мен ағартушылық кезеңінде далалық ойлау өзінің шыңдалған этикалық формасына енді. Жыраулар толғауында саяси сана «этика қазақ философиясының өзегі» деген қағидаға негізделді. Адам–жұрт–жер–ұрпақ байланысы антропологиялық негіз болып бекітіліп, билеушінің халық алдындағы міндеті обал-сауап, ар-намыс және ынтымақ ұғымдарымен өлшенді. Абай мен Шәкәрім бастаған ағартушылық кезеңде далалық ойлау заманауи парасаттылықпен астарласып, адамның кемелдігі оның білімі мен кісілігі арқылы айқындалды. Бұл кезеңде В. Юдин енгізген «степная устная историология» (далалық ауызша тарих) маңызды рөл атқарып, шежіре арқылы ұлттық идентификация мен саяси сабақтастық жаңа мазмұнға ие болды.

Бүгінгі таңда түркілік ойлаудың саяси құндылықтар кешенін құрайтын болмысын төрт негізгі өзек арқылы жүйелеуге болады.

1. Бірінші өзек —кеңістік категориялары: дала, жер, атақоныс, мекен, өріс, жол және көш. Бұлар мемлекеттік тұтастық пен территориялық жауапкершіліктің негізі болып табылады.

2. Екінші өзек — тарихи-уақыттық сабақтастық категориялары: миф уақыты, ырғақ, маусым, кезең, ата-баба жады және ұрпақ. Бұл өзек саяси санадағы тарихи жадтың маңыздылығын көрсетеді.

3. Үшінші өзек — әлеуметтік-этикалық және саяси нормалар: ар, намыс, тектілік, аманат, ынтымақ, қонақжайлық, әділет, қанағат, уәде және кісілік. Бұлар қоғамдық қатынастарды реттейтін моральдық архитектониканы құрайды.

4. Төртінші өзек — идеологиялық-танымдық және сакралды категориялар: Тәңір, Көк аспан, сөз киесі, ишара, астар, жад, шежіре, аңыз және бата. Бұл элементтер саяси биліктің легитимділігі мен рухани тереңдігін қамтамасыз етеді.

Түркілік саяси құндылықтардың тарихи сабақтастығы зерттеу —қазіргі жастардың саяси санасын қалыптастырушы іргелі факторларды анықтауға мүмкіндік береді. Түркі-қазақ дүниетанымындағы саяси құндылықтар жүйесі біркелкі, бірақ көпқабатты құрылымнан тұрады, оның өзегінде адамның Көк пен Жердің арасындағы табиғи үйлесімде өмір сүру заңдылығы жатыр. Дала адамы үшін әлем жай ғана географиялық кеңістік емес, мағынаға толы сакралды орта:

қоныс, жайлау, атамекен, төр мен босаға сияқты ұғымдар мемлекеттілік пен әлеуметтік тәртіптің символдарына айналған. Бұл тарихи сабақтастық ежелгі дәуірден бастап бүгінгі күнге дейінгі бірнеше сапалық кезеңді қамтиды. Ерте түркілік кезеңде далалық ойлау Тәңірлік парадигма аясында дамып, саяси билікті «Құт» — яғни Тәңірден берілген қасиетті жауапкершілік ретінде қабылдады. Бұл дәуірдегі саяси сананың ерекшелігі антикалық ойшыл Анахарсис бейнесінен бастау алған еркін ойлау мен өзіндік болмысты сақтау қабілетінен көрінді. Орхон-Енисей жазбаларында хатталған «Ел» мен «Төре» ұғымдары мемлекеттің тұтастығы мен заң алдындағы теңдіктің алғашқы концептуалды негіздерін бекітті. Түркі қағандары үшін халықты «аш болса — тоқ, кедей болса — бай» ету моральдық-саяси міндет болып саналды, бұл биліктің әлеуметтік жауапкершілігін білдіретін алғашқы демократиялық нышандардың бірі еді.

Ортағасырлық түркі-ислам дәуірінде бұл құндылықтар жүйесі философиялық және теологиялық синтезден өтіп, рухани ағартушылық сипатқа ие болды. Қожа Ахмет Ясауидің сопылық іліміндегі ішкі тазару мен өзін-өзі тану идеялары саяси мәдениеттегі этикалық басымдықты күшейтті [81]. Махмұт әл-Қашқари «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегінде түркі халықтарының тілдік және мәдени бірлігін саяси тұрақтылықтың басты шарты ретінде негіздеп, ортақ тарихи тамырды анықтау арқылы түркілік бірегейліктің энциклопедиялық негізін қалады. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» трактатында саяси құндылықтар ақыл мен білім призмасы арқылы байыпталды. Оның пайымдауынша, білім — тек жеке тұлғаның жетістігі емес, ол мемлекетті әділетті басқарудың, қоғамда тәртіп орнатудың басты құралы. Баласағұн ұсынған «Әділет», «Дәулет», «Ақыл» және «Қанағат» төрттігі қазіргі саяси менеджмент пен мемлекеттік қызмет этикасының тарихи прототипі іспетті. Бұл кезеңдегі «далалық білім» адамды дүниенің уақытша қонағы ретінде қарастыра отырып, билікке деген прагматикалық емес, этикалық көзқарасты қалыптастырды.

Қазақ хандығының құрылуымен және жыраулық дәстүрдің гүлденуімен далалық ойлау өзінің классикалық-этикалық формасына енді. Жыраулар толғауында саяси сана «этика — қазақ философиясының өзегі» деген қағидаға сүйенді. Мұнда саяси антропологияның негізгі бірлігі адам–жұрт–жер–ұрпақ байланысы ретінде айқындалды. Адамның болмысы оның сөз ұстауынан, уәде сақтауынан және елдік санаға қатысынан көрінді. Асан қайғы, Бұқар жырау сияқты тұлғалардың мұрасындағы «Жерұйық» концепциясы мен ұлттық тұтастық идеялары далалық ойлаудың жоғары саяси-философиялық деңгейін көрсетті. Бұл дәстүр кейінгі ағартушылық кезеңде Абай мен Шәкәрімнің еңбектерінде «кемел адам» мен «ар ілімі» концепциясы арқылы жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Абайдың саяси ойларындағы «адам бол» қағидасы мемлекет пен қоғамның дамуы үшін жеке тұлғаның моральдық кемелдігінің маңыздылығын паш етті. Бұл сабақтастықты Алаш зиялылары ұлттық мемлекеттілік идеясымен ұштастырды.

Қазіргі таңда түркілік саяси құндылықтардың кешенді болмысы төрт негізгі өзек бойынша жүйелеуге тырысқан едік. Енді соның мазмұндық

талдауына кезек берсек.. Бірінші өзек кеңістік категориялары (дала, атақоныс, жол), олар мемлекеттік егемендік пен жердің тұтастығын қабылдаудың ішкі матрицасын құрайды. Екінші өзек — тарихи-уақыттық сабақтастық категориялары (ата-баба жады, ұрпақ), олар саяси санадағы уақыт пен тарихтың үзілмейтін байланысын қамтамасыз етеді. Үшінші өзек — әлеуметтік-этикалық категориялар (ар, намыс, әділет, аманат, кісілік), бұл құндылықтар қоғамды ұстап тұрған моральдық архитектониканың негізі. Төртінші өзек — идеологиялық-танымдық және сакралды категориялар (сөз киесі, бата, шежіре), олар саяси биліктің легитимділігі мен рухани тереңдігін айқындайды. Мұның барлығы жиыла келе экзистенциалдық-антропологиялық категорияларды қалыптайды (құт, мұрат, еркіндік), бұл элементтер адамның кеңістік пен қоғам алдындағы жауапкершілігін тұтастыра түсіндіреді. Осы категориялық жіктеу түркілік дүниетанымынң тек тарихи жәдігер емес, өзін үнемі жаңғыртып отыратын мәдени-интеллектуалдық жүйе екенін дәлелдейді. Бұл құндылықтар кешені қазіргі жастардың саяси санасында мемлекетшілдік сезімді, ұлттық бірегейлікті және демократиялық принциптерді дәстүрмен сабақтастыра отырып дамытудың басты бағдары болып табылады. Осылайша, түркілік дүниетанымдағы саяси құндылықтардың тарихи сабақтастығы қазіргі Қазақстанның саяси жаңғыру үдерісіндегі рухани темірқазық рөлін атқарады.

Жалпы, қазіргі ғылымда «құндылық» ұғымы, логикалық-семантикалық тұрғыдан алғанда, бірнеше деңгейде сипатталады: 1) аксиологиялық деңгейде – адамның және қоғамның маңызды, қажетті деп таныған идеалдары мен нормалары; 2) функционалдық деңгейде – мінез-құлықты реттейтін және әлеуметтік тәртіпті қамтамасыз ететін бағдарлар жүйесі; 3) когнитивтік деңгейде – индивидтің әлемді бағалау, таңдау жасау және мағына беру тәсілі; 4) саяси деңгейде – билік, әділдік, еркіндік, теңдік секілді ұғымдар арқылы саяси шындықты түсіну құралы. Ал жастар құндылықтары осы жалпы құрылымның динамикалық бөлігі ретінде әлеуметтік тәжірибе, жаңа цифрлық әлемнің ықпалы ментарихи контекст қиылысында қалыптасатын өзгермелі бағдарлар жиынтығын көрсетіп отыр. Бұл дегеніміз, құндылықтарды біржақты анықтау мүмкін емес; құндылық – тарихи тұрғыда шартталған, әлеуметтік жүйелер арқылы бекітілетін және жеке санада интерпретацияланатын көпөлшемді мағыналық құрылым. Осы жерде құндылықты «қалыптастыру-қалыптасу» детерминациясы арқылы қарастыруға тура келеді. Сонда ғана қоғамдық деформацияның алдын ала отырып, тарихи сабақтастыққа сүйнетін құндылықтық бағдарды айқындай аламыз. алдыңғы бөлімде BANI дәуірі ретінде айқындап өткен тұрақсыз, айқын емес әлемде түркілік негізге сүйенетін қазақтың дәстүрлі құндылықтары жастардың саяси санасы мен мәдени жадын қалыптастыру үшін қайта тұжырымдалуы қажет деп білеміз. Олай болса, келесі бөлімде түркілік саяси құндылықтардың құрылымдық-функционалдық және концептілік негіздерін талдауға кезек бермекпіз.

2.3 Түркі дүниетанымына тән саяси құндылықтар жүйесінің құрылымдық-функционалдық және концептілік негіздері

Түркі дүниетанымындағы алғашқы саяси түсініктер жоғарыда айтып өткеніміздей, тасқа қашалған Орхон жазба ескерткішінің мазмұнында көрініс тапқан. Яғни, алғашқы саяси құндылықтар туралы деректер түркология ғылымының зерттеу тарихымен тығыз байланысты. Ал, түркі халықтарының тілі, тарихы, мәдениеті жөніндегі ортағасырлық мұсылмандық кезеңдегі мәліметтерді XI ғасырда Махмұт әл-Қашқари жазған «Диуани лұғат ат-түрік» шығармасында кездеседі. Одан кейін көптілді және екі тілді сөздіктер пайда болып, олардың ішіндегі ең танымалы «Codex Cumanicus» болды. Византия, испан, италия, француз саяхатшылары, елшілері, тарихшылары мен географтары, соның ішінде түркі елдеріне саяхатпен барғандар (569-571 жылдары Византия елшісі Зимархтың Алтайдағы түріктерге сапары; Плано Карпинидің, Гийом Рубруктың, Андре де Лонжюмоның және Марко Полоның XIII ғасырдағы саяхаттары; Гонсалес де Клавихоның 1404 жылы Орталық Азияға Әмір Темір сарайына саяхаты және т.б.) түркологияның дамуына ықпал етті. Түркологияның дамуына елеулі серпін 1893 жылы Вильгельм Томсен жүргізген Орхон-Енисей жазба деректерінің ашылуы болды. Қазіргі уақытта түркология ғылымдар кешені ретінде лингвистика, топонимика, ономастика, этимология, археология, генетика, генетика және басқа да әртүрлі пәндердің арқасында үнемі кеңейіп келеді.

Саяси құбылыстарға концептуал көзқарас, Светлана Неретина мен Александр Огурцовтың «Саяси мәдениеттің концептілері» монографиясында [114] барынша сәтті қолданылған. Бұл жұмыста, авторлар қолданған әдісі – Платон, Аристотель және Марк Аврелийдегі «саясат» тұжырымдамасының дамуын талдау арқылы көрсетеді. Кітапта бай тарихи-философиялық материалдармен қатар Лев Штраус пен Ханна Арендттің концептуалд тәсілдері де талданады. Бұған қоса, авторлар: билік, қорқыныш, теңдік, орыс ерекшелігі, азаматтық қоғам сияқты жеке саяси ұғымдарды да талдайды.

Түркі-исламдық ақыл-ойының көрнекті туындысы Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» поэмасы мазмұны жағынан этикалық-саяси трактат болып табылады және бұл шығармада түркі дүниетанымның негізгі ұғымдары көрініс табады. Бұл ұғымдардың ішінде «билік», «әділет», «заң», «билеуші», «саяси ұстаным» сияқты саяси ұғымдар елеулі мәнге ие болған. Өлеңнің өзінде автор трактатындағы саяси құрамды былай деп жазады: «Онда данышпандардың түрлі көзқарастары айтылған: билеушілер қалай билеу керек, олардың өздері кім, билеушілер мемлекетті қалай сақтау керек – қандай шараны ардақтау керек, елді не күйретеді, билікті не нығайтады, не бұзады, әскерді қалай жинайды, оны қандай өткелдерге дайындау керек, қалай жорыққа аттанады» секілді мазмұндас мәтіндер бар [115].

Қазіргі ғалымдар трактаттағы саяси ойларға да көңіл бөледі. Сонымен, Х. Миннегулов Баласағұн шығармашылығындағы мемлекеттілік мәселелерін талдай отырып, «әмірші», «заң», «халық жағдайы», «елді басқару», «әдептілік»

сияқты тақырыптарды ерекше атап көрсетеді. С. Малабаев конференция жинағында жарияланған мақаласында бұл шығармада: «заңдылық», «ағартушы билеуші», «әміршінің халыққа қатынасы», «шыншылдық» және т.б саяси аспектідегі маңызды ойларға да тоқталады [116].

Салыстырмалы зерттеу контексінде түркілердің батырлық эпосындағы саяси концептілермен салыстырғанда «Құтадғу біліктегі» саяси концептілердың елеулі эволюциясы идеясын ерекше атап өту маңызды. Бұл, ең алдымен, Жүсіп Баласағұнның саяси концептілер жүйесінде орталық мәнге ие «әділет» сияқты саяси концептіге мән беруіне қатысты.

Аталған жырдың негізгі мазмұны төрт кейіпкер арқылы ашылады: Күнтоғды, Айтолды, Оғдулміш, Одғұрмыш. Бірінші және ең маңыздысы – Күнтоғды – елік, билеушісі, бұл мағыналық қатардың басын білдіреді: «Бұл кітаптың негізі – бірнеше мәңгілік құнды болмыс: біріншісі – Әділдік, екіншісі – Бақыт, үшіншісі – Парасат, төртіншісі – Қарапайымдылық» [115, 163-168 бб.].

Сондай-ақ А.Н. Кононов атап өткендей бұл құндылықтар кітапта: «Күнтоғды – «Күн туған», Айтолды – «Толған ай», Өгдүлміш – «Лайықты» және Одғұрмыш – Ояну» түркі терминдері арқылы түсіндіріледі [117, 485–517 бб.].

Байырғы түркі дүниетанымындағы ең басты құндылық «Ел» синтетикалық концептісінде көрініс тапқан. Бұл полисемантикалық ұғым «ел», «халық», «мемлекет» дегенді білдіретіндіктен түркі саяси сөздігінің өзегі болып табылады. Менің ойымша, мұндай көзқарас түркі дүниетанымының жалпы синкретизмімен түсіндіріледі, ол табиғи және қоғамдық құбылыстарды бағалауда да көрінеді.

«Көне түркі сөздігінде» мұның дәлелін табамыз. Онда «Ел» ұғымының үш негізгі мағынасы келтірілген: «1. Тайпалық одақ, тайпалық ұйым; 2. халық; 3. мемлекет, әкімшілік бірлік» [118].

Орхон-Енисей ескерткіштерінде «Ел» ұғымы шамамен жүз рет кездеседі. Оның үстіне бұл ұғым әртүрлі мағынада қолданылады.

Ұғымның бірінші мағынасы – «ел, тайпалық одақ». Бұл құбылыстың түсіндірмесі территориясы бірінші кезектегі маңызы бар түркі халықтарының тұрмыс-тіршілігімен байланысты. Ол кездегі түріктердің жылқы-көшпелі өркениеті шаруашылық жүргізу үшін үлкен аумақтарды қажет етті, ел деген ұғымның маңызы зор болды.

Ел, ең алдымен, ең жалпы түрде, категориялық мағынада түсініледі. Бұндай қолданысты біз Орхон ескерткіші Tuñuquq-та кеңейтілген түрде кездестіреміз.

Бұл жалпы формада Енисей деректерінде «El» ұғымы қолданылады, олар негізінен марқұмның атынан ойылған эпитафиялар екені белгілі. Дәл құндылық ретінде елдік эпитафияларда белгіленеді: олардың көбінде батыр туған-туыстарын, балаларын, жарын ғана емес, елін де тастап кеткеніне өкініш білдіреді: «esiz elim».

«Ел» ұғымы «beŋgű el» (мәңгілік ел) тіркесінде ерекше мәнге ие. Жалпы түркі философиялық дәстүрінде «beŋgű el» идеясы мынадай мағыналық коннотацияларға ие болған. Бұл ел басқаратын, дүниенің төрт бұрышынан

жаумен күресуге көмектесетін өз астанасы, ел орталығы бар халық. Бұл – мықты мемлекет, оны құру үшін кемеңгер билеуші, тұрғындар арасындағы қолдаушы қарым-қатынас, әділ заң, білімге құштарлық сияқты шарттар қажет. Бұл – жайлы табиғи жағдайда өмір сүріп жатқан халқы берекелі, бейбіт елге деген халықтың ұмтылысы жүзеге асатын идеал қоғам. Бұл – «Мәңгілік өмірге» деген құштарлық, түптеп келгенде, Ажалға қарсы емес, ізгілікті істердің өлместігі мен ұрпақ жадында мәңгі сақталатын даңқты есім ретінде ұғынылады. Ел ең жоғары құндылық ретінде қабылданады: «elimke tapïdïm», «Teŋiri elimke», «El berigme Teŋiri».

Бұл интерпретацияның ең жарқын және толық көрінісі Chaa-khol ескерткішінде табылды: «eredemim elimke tapïdïm: Teŋiri elimke» (Жауынгерлер еліне бар ерлігіммен бас иемін; Тәңіртәрізді (Тәңірден жаралған) елге тағзым етемін) [119].

Түркілер өз елін аса қастерлі құндылық ретінде «Тәңір сыйлығы» деп атаған. Мысалы, түркілердің туған жерін қашанда қадірлегеніне дәлел мына атаулар: «Ïduq Ötüken», «Ïduq Jerim» («Қасиетті Өтүкен, киелі жер»).

Бұл терминнің мұндай жалпы түсіндірмесі басқа елдерді жаулап алу кезіне де тән. Мұнда Орхон-Енисей деректерінде: «elligig elsiretmis : qaγanlïγïγ qaγansïratmïs» («елді алды (тікелей мағынада «елсіз қалдырды»); қағанатты қағансыз қалдырды») деген жиынтық тіркес қолданылады. Басқа елді басып алу халықтың елсіз, қағансыз қалуына әкеледі. Сонымен қатар басқа да метафоралар қолданылады: «тізесі барларды тізерлеуге мәжбүр етті; бастары барларды бастарын иуге мәжбүр етті».

«Ел» терминінің жалпы терминнен кейінгі келесі қолданылуы жекелеген елдерге қатысты. Нақтылау елдегі халықтардың атауларына негізделген: Түркі Елі, Табғач Елі, Бедиз-Ұғ Елі, Шолұқ Ел және т.б. Айтпақшы, ел атауларына қарап Түрік қағанаттарына қандай мемлекетаралық қатынастар тән болғанын пайымдауға болады.

Орхон-Енисей ескерткіштерінде біршама мемлекеттер аталады. Бір жерде олар Түркі қағанының жерлеуіне келгендерді сипаттайтын Күлтегін ескерткішінде көрсетілген. Бұл мемлекеттер мен тайпалық одақтардың өкілдері болды: «Bökùli : Čölùg el : Tùpùt : Apar : Purum : Qïrqïz : Ùč Qurïqan : Otuz Tatar : Qïtañ : Tatabi...» [120].

Тарихи-географиялық тұрғыдан қарағанда, түркі мемлекеті мен тайпраларының ықпал аймағына әртүрлі елдер мен халықтар енгені байқалады. Бұл қатарға мыналар жатады: Бокули Чолуг – Корей түбегінің солтүстігіндегі мемлекет, мүмкін Пэкче немесе Когурё; Тибет – Тибет империясы; Апар – аварлар (паннондық аварлар), Авар қағанаты; Пурум – Рим, Византия (Шығыс Рим) империясы; Қырқыз – Моңғолияның солтүстік-батысында, Тывада, Хакасияда өмір сүрген түркі этносаяси бірлестіктері; Уч Құрақан – Байкал маңын мекендеген түркі-моңғол тайпалары; Отуз татарлар – Маньчжурия мен Байкал өңіріндегі моңғол тектес көшпелі тайпалар; Қитан – Солтүстік Қытайды мекендеген маньчжур тектес тайпалар; Татаби – Орталық Моңғолиядағы моңғол-манчжур тектес көшпелі топтар.

Ең жиі айтылатын «Tabγač Eli», ол Солтүстік Вэй әулеті басқаратын мемлекеттің атауы болды. Бұл таңқаларлық емес, өйткені бұл мемлекет түріктердің ең көп соғысып, сауда-саттық жүргізетін тікелей көршісі болған.

Сонымен қатар «El» байырғы түркілер үшін саяси мәні зор болғаны соншалық, оның көптеген қағанның есімдерінде кездесетінін айта кеткен жөн. Мысалы, көне Түрік қағанатының негізін қалаушы Бумын қағанның «El qaγan» ресми атағы болғаны белгілі. Сондай-ақ мынадай есімдер мен атаулар бар: «El Etmis»; «Teŋiride : bolmuš : El Etmiš Bilge : qaγan»; «Elteris qaγan»; «Elbilge qatun»; «Elteber»; «El Čur»; «El Tuγun».

Тывалық «Хунан қара» батырлық эпосында талдау тікелей дидактикалық түрде емес, баяндау контексі арқылы бастаулары Орхон-Енисей деректерінде кездесетін саяси ұғымдарды анықтауға мүмкіндік береді. Бұл ұғымдар – ел, халық, күш, ерлік. Бұл коннотация, ең алдымен, көшпелі өркениетке тән ортақ түркілік дүниетаным, ортақ менталитетке себеп болады. Алтай аймағын мекендеген түркі тайпаларының ортақ тарихи өткені осы коннотацияны күшейтті.

«Ел» ұғымы «Хунан қара» дастанында ел «держава, ұлы жерім» («улуг чурт») деп аталады. Туған жерге деген құрмет эпопеяда басты кейіпкердің дүниетанымы арқылы айқын көрінеді. Ертегіде Хунан-Қара туған жерге деген қатты сағыныш сезімін бірнеше рет басынан өткереді, мысалы: «ойына анасы мен әкесі кірді, Арзылаң-Ала-Тайға – Шіл-Дага, Шилен-Дага келді» [121].

Туған жердің, ел-жұрттың қадір-қасиеті дастандағы басты кейіпкер ата-анасын, қол астындағыларды, малын аман алып қалу үшін Шүлбүге қарсы соғысқа аттанғанда жары Ұзын-Назын-даңғынаға неліктен елде қалу керектігін төмендегідей жолдармен түсіндіреді: «Егер жақын болса, жеті жылдан кейін оралармын. Егер алыс болса, тоғыз жылдан кейін оралармын... Жерімізді жақсы басқар...» деген жолдарда дәл мағынасы берілген [121, 4235–4240 бб.].

Сосын туған елге қатысты өзінің және оның негізгі миссиясын: «Сени улуг чурттуң күрүзүн тудар дээш, Алган-на болгай мен… Сен улуг чурттуң күрүзүн Ээлээр сен...», «Мен сені билікті – ұлы жерді қабылдау үшін, ұлы жерді билікпен билеу үшін алдым!» – деп нақтылайды [121, 4266–4267 бб.].

«Құтадғу білік» трактатында ел ұғымы Орхон-Енисей жазба деректерінде қалай түсінілсе, дәл солай түсіндіріледі. Ел мемлекеттік биліктің басты мақсаты ретінде түсініледі.

Елік Күнтоғды «Әділет қасиетінің мәнін», яғни оның есімін түсіндіріп, «kayu élke tegse meniŋ bu törüm ol él barça ethlür taş erse korum» (сөзбе-сөз аудармасы: «Менің бұл заңым қай елге жетсе де, сол елдің тастары да гүлденгендей болады») деп уәзіріне жүгінеді. С.Н.Ивановтың аудармасында: «Менің билігімнің жетістіктері халықтың игілігі үшін жақсы: Заң күшті жерде тастар да гүлдейді!» [115, 830 б.].

Әділ биліктің табысты болуының ең басты өлшемі – елдегі жағдай. Бұл жерден мынадай сөздерді кездестіреміз: «İlig saklıkı kıldı elke asığ, bu asğı bile boldı elde tatığ» (сөзбе-сөз, жоларалық аудармасы: «Эликтің қырағылығы елге пайда әкелді, бұл игілік елді бейбіт етті»). «Құтадғу білік» академиялық

басылымында: «Данышпан билеуші тұсында ел көркейіп, жамандықты білмей, береке-бірлікте өмір сүрді» [115, 448 б.] деген поэтикалық аудармасы берілген.

Сонымен бірге «Құтадғу біліктегі» «ел» мағынасында «El» ұғымының Орхон-Енисей деректеріндегі және түркі батырлық эпосындағы ұғымға тән тікелей, патриоттық мағынаның аздығы байқалады. Бұл жерде елді мемлекеттік биліктің тиімділігін бағалау тұрғысынан түсіндіріледі. Кейінірек көретініміздей, эликтің билігі, оның поэмадағы сипаттамаларына басымдық беріледі. Ал елдің әл-ауқаты – мемлекеттік саясаттың салдары болып табылады. Әрине, бұл трактат жазылған тарихи кезеңмен байланысты екені сөзсіз. Бұл әр түрлі этнос өкілдерінің, халықтардың көшпелі және отырықшы өмір сүру образы болған, ежелден қалыптасқан, күшті мемлекеттің уақыты болды. Сондықтан мемлекет бірінші орында, ал ел, яғни жер екінші орында болды.

Жалпы, «El» ұғымының түркі тарихының ерте кезеңдерінде үлкен мәнге ие болғандығы, ол Орхон-Енисей деректерінде және түркілердің батырлық эпосында да көрініс тапқан деген қорытынды жасауға болады. «Құтадғу білік» поэмасында бұл ұғым дербес емес, керісінше көмекші сипатта болып, мемлекеттік биліктің салдары ретінде әрекет етеді.

Түркі дүниетанымы үшін «El» терминімен жиі белгіленетін екінші маңызды құндылық – халық. Рас, бұл «халық» ұғымы үшін Орхон-Енисей жазба деректерінде «budun» деген жеке, ерекше термин қолданылады.

Көне түркі сөздігінде бұл терминнің мағыналары былайша берілген: «1. халық, субъектілер; жұртшылық; 2. халық бұқарасы, қарапайым халық; 3. халық (этникалық қауым ретінде); 4. адамдар» [118, 108 б.].

Бұл мағыналардың барлығы Орхон-Енисей деректерінде кездеседі. Ең алдымен «халық», «түркі халқы» деген мағынаны білдіреді.

Сонымен бірге бұқараның халық болып қалыптасуының, ел болып қалыптасуының аса маңызды тетігі Күлтегінде былайша суреттеледі: «Türük : budun : yoq : Bolmazun : tejin : budun bolčun tejin : aqanim : Elteris qauanïü : ögüm : ögüm : Elteris qauanïü : ögűbil: Elteris qauanïü töpesinte : tutup : jügürü : kötürmüs erinč» («Түркі бүтін (халық) жоқ болмасын дейін, бүтін (халық) болсын дейін, Әкем Елтеріс қағанды, Шешем (өгейім) Елбілге Қатұнды Тәңірі төбесінде тұтып, жоғары көтерген еді») [120].

Түркі дүниетанымындағы ең жоғары құндылықтардың бірі ретінде халықтың маңыздылығы халық қамын жеген қағандардың қызметі туралы жолдар арқылы айтылады. Күлтегінге арналған стелада: «Türük : budun : üčün : tün udïmadïm : küntüz : olurmadïm» («Түрік бүтін (халық) үшін түн ұйықтамадым, күндіз отырмадым») делінген [120].

«Budun» терминінің тағы бір мағынасы әлеуметтік-саяси тұрғыдан. Мұнда будун, халық билеуші элита – бектермен («беглер») салыстырылып, ажыратылады. Мысалы, Күлтегінде мынадай жолдар бар: «begleri jeme : budunï jeme : tüz ermis» («бектері де, бүтін (халық) та түзу (адал) еді»).

Орхон-Енисей деректеріне қарағанда, Тыва эпосында халық деген ұғымның толық сипаттамасы жоқ. Халықты білдіретін термин «ара-албатызы», яғни тұрғындар деген мағынада берілген. Хан ұлды болғанда қол астындағылар:

«Ара-албатызы-даа Алган-йөрээнтурган иргин ийин», «Тұрғындары бұған игі тілек айтты» [121, 371–372 бб.] деп құттықтайды.

«Хунан қара» эпосындағы бұл ұғымды барынша дұрыс түсіндіру үшін халықтың жекелеген өкілдерінің ханмен, ханның әйелі және олардың баласымен тең дәрежеде әрекет етіп, оларға көмектесіп, жиі қиындықтан құтқаруы маңызды. Әңгіме аңыздағы екі кейіпкер: «Қыртын-Шоқар шолақ құйрықты айғырдағы Сайын-Қуу хавыршы (жылқышы)» және «Қойшы Қойысқан қария» маңызды болып табылады.

Сайын-Қуу, мәселен, ханға: «Эки чүме көөр чүмедир, хаан», «Жақсылық бар, хан!» деген хабарды [120, 131 б.] рухты қымыздық биенің құлын туғанына байланысты осындай тұжырыммен жеткізеді. Ал бұл жақсылық – ханның ұлды болуы еді. Туылғаннан кейін-ақ ол Қыртын-Шоқар шолақ құйрықты атымен бірге бас кейіпкерге Шөлбі Амырға-Қара-маңғысты жеңуге көмектеседі. Ертегінің соңында дәл осы екі кейіпкер басты кейіпкерге тағы бір Шульба-қара-Когел ханды жеңіп, ата-анасын құтқаруға көмектеседі.

«Халық» ұғымын түсіндірудің тағы бір мағынасы эпостағы сюжеттік дамуы баяндалған: аса қауіпті сәттерде басты кейіпкер халықтың төменгі тап өкілі кейпіне енеді. Бұл түрлендіру эпоста былай суреттеледі: «Арзылан-Қара азып-тозып, өле жаздады. Ал Хунан-Қараның өзі кедейге айналды, сары киіз кебенек киіп, борсық терісінен жасалған ер-тоқымға, ағаш үзеңгіге мініп, әрең қозғалды» [120, 4369-4377 бб.].

Бұл қулық, өзінің күшті бола тұра қаншалықты әлсіз екенін көрсетуге деген ұмтылысы, және бұндай «халықтық интенция» сипаттамасы түрлі елдің фольклорында: Алдар-Көсе, ақымақ Иван, Ержүрек жауынгер Швейк және т.б. кейіпкерлерінде бірнеше рет қайталанған.

«Құтадғу білікте» «халық» ұғымы «bodun» терминімен де берілген. Ең алдымен, «халық» ұғымының «билік» ұғымымен тығыз байланысты екенін атап өтейік: «Begi edgü bolsa bodun barça tüz…» («Би жақсы болса, халық та тәртіпті...»).

Құтадғу білікте халық та ел сияқты мемлекеттік биліктің қамқорлығының нысаны болып табылады. Поэмада елдің құдіреті халықтың тұрмыс-тіршілігіне қарай бағаланады деген ой жиі қайталанады: «Bayudı bodun hem itildi eli, iligke duâ kıldı bodnı tili», сөзбе-сөз аудармасы: «Халық байып, ел өсті, Елдің сөзі күшті болды». Академиялық аудармада: «Халқы байыды, елі күшті болды, // Басшыға бәрі дұға етті» [115, 1039 б.].

«Халық» ұғымының екінші аспектісі «Құтты білікте» өте ерекше. Жүсіп Баласағұн бұл трактатын зерттеушілер саяси қызметшілерге арналған өзіндік «нұсқаулық» ретінде бағалайды. Ал саяси қызметкерлердің басты міндеттерінің бірі халықпен, тұрғындармен жұмыс жасау болды. Сондықтан да, Баласағұн өзінің саяси трактатында мемлекеттік лауазымдар иерархиясы жүйесімен қатар өз дәуіріндегі қоғамның әлеуметтік құрылымын да талдайды. Сондай-ақ бұл шығармада: ғалымдар, дәрігерлер, емшілер, түс жорушылар, астрологтар, ақындар, егіншілер, саудагерлер, малшылар, қолөнершілер, кедейлер секілді

қоғамдағы түрлі әлеуметтік таптар мен топтарды анықтайды. Сонымен қатар осы топтармен өзін қалай ұстау керектігі жөнінде практикалық кеңестер де беріледі.

Жүсіп Баласағұн қарапайым халықпен өзін қарапайым ұстау керектігі жөнінде кеңес береді: «Tilin sözle yumşak negü kolsa ber…»; «Сөзіңе жұмсақ бол, сұрағанын бер...» [115, 4331 б.].

Автор бұл еңбегінде асыл текті адамдарға басқаша қарау керек, өйткені олардың арасында «пайғамбар ұрпақтары» бар деп жазады. «Bularnı katığ sev köŋülde berü, negin edgülük kıl baka tur körü»; «Оларды шын жүрегіңмен, бар жігеріңмен сүй, // Оларға сыйлық жібер, оларға жақсылық жаса» [115, 4338 б.].

Баласағұн халықпен тіл табысу тек мемлекеттік қызметшінің міндеті ғана емес, сонымен бірге оларға пайдалы да болуы мүмкін деп есептеді. Автор, білімді ғұламаларға қатысты мынадай жолдарды жазады: «Олардан ақыл мен білім алуға ұмтыл...», «Олардан аз да болса білім ал...» [115, 4342 б.].

Сондай-ақ Баласағұн дәрігерлермен қарым-қатынас жасаудың да пайдалы екенін жазады: «Дәрігерді құрметте, олармен дос бол, // Халыққа керек, құқықтарын қорға» [115, 4360 б.].

Көпес қоғамға ерекше пайда әкеледі, оны Баласағұн былай сипаттайды: «Қытайдан керуен болмаса, // біреу бізге жібек мата әкеле ме?». Сондықтан ол: «Олармен жақсы қарым-қатынаста бол: сұрағандарын бер, сауда-саттықты орнат» [115, 4421 б.] деп кеңес береді.

«Құтадғу биліктің» авторы малшылар мен қолөнершілердің де еңбегін ерекше атап өтеді. «Киім-кешек, тамақ, жылқы – бәрі олардың игілігінен, // Олар мал өсіреді. Қымыз, сүт, май, ірімшік, сүзбе, оның төсек-орны мен ер-тоқымы – бәрі де сенің игілігің үшін» [115, 4441–4442 бб.] деп малшыларға баға береді. Аталған еңбекте автор қолөнершілер туралы былай деп жазады: «Етік тігу мен ұсталық шеберлерімен, садақ пен жебе қайраушылармен» – «Олармен қарым-қатынасыңды арттыр» [115, 4458 бб.].

Осылайша, қаған мен бек билігінің табысты болуының критерийі ретінде Орхон-Енисей және «Құтадғу білік» деректерінде «budun» («bodun») ұғымы өте маңызды. Оның үстіне, мемлекеттік биліктің негізгі объектісі – «халық» болып табылады. Сонымен бірге бұл ұғымның түркі дүниетанымында екі төл мағынасы бар. Олардың бірін «бұқара имитациясы» деп атауға болады, бұл жасанды элитизмге қарағанда көбірек пайда әкеледі. Мұны біз «Құнан қара» дастанынан көреміз. Екіншісі – «Құтадғу білікте» берілген «халықпен жұмыс істеу әдісі». Бұл тұжырымдаманың көп өлшемділігінің ғана емес, оның мазмұндық өзіндік ерекшелігінің де дәлелі.

Түркі дүниетанымындағы «Ел» ұғымы арқылы да берілетін үшінші маңызды құндылық – мемлекет.

Түріктер бұл құндылықтың ерекше маңыздылығын толық түсінді, өйткені мемлекеттен айырылған кездері болды.

Күлтегін ескерткішінде ол осылай суреттелген. Ең алдымен, мемлекеттіліктің жойылуына әкелген себептер сипатталады: «bilgesiz : qaγan : olurmïs erinč : yablaq : qaγan : olurmïs erinč : bujruqï : jeme : bilgesiz erinč...» «begleri : budunï : tüzsüz : učün», «inili : ečili : keksürtükin : üčun» («біліксіз қаған отырған

екен, жабайы қаған отырған екен, бұйрығы да біліксіз екен», «бектері бүтін (халық) түзусіз үшін», «інілі әкелі кектескені үшін» [120].

Бұл жағдай қайғылы салдарға әкелді: «urı̈ : oüulı̈n : qul : boltı̈ : silik : qı̈z oüulı̈n : kün̡ boltı̈», «Türük : begler : Türük : atin : ürük : atin : ïtünčn Tabüač : qaüanqa : körmis : elig jil : isig küčüg : bermis» («ұрық ұлын құл болды, сұлу қыз ұлын күң болды», «Түрік бектер Түрік атын итере, Табғач-қытвйсыну бектер Табғач аиын тұтып-ақ Табғач қағанға бағынды» [120].

Сондықтан түркі дүниетанымында үш құрамдас бөліктің бірлігі деп түсінілетін елдің, халықтың, мемлекеттің болуы осындай құндылыққа ие болды.

Бұл құндылық үшін – мемлекет үшін – мемлекетті басқару қабілеті өте маңызды. Сонымен бірге мемлекет пен билік көп жағдайда синонимдер ретінде түсініледі, демек, мемлекеттік билік туралы сөз болып отыр.

Мемлекеттік басқаруды, мемлекеттік билікті білдіретін терминдер әртүрлі. Біріншіден, бұл «qazγandı̈m» термині (сөзбе-сөз «аяққа тұрғыздым», біріктіріп билей бастады). Бұл термин, әсіресе, алғашқы қағандарға қатысты олардың мемлекеттік қызметінің мәнін өте дәл көрсетеді: мемлекеттік басқару жүйесін құрып, біртұтас тайпаларды бір халыққа, бір елге біріктіру.

Мемлекетті басқаруды білдіретін тағы бір термин, дәлірек айтсақ, бірнеше терминдер: «qaγan : olurtum» («қаған ретінде отырдым»); «El tutdı̈m», «El : tutum» («елді басқардым»).

Бұл туралы негізгі байырғы түркі жазба ескерткіштерінде, атап айтқанда Күлтегінде анық айтылады: «Teŋiri : yarı̈lqadı̈qı̈n : učun : ötüm : qutum : bar učun : qaγan : olurtum» («Тәңірі жарылқадығын үшін, өзім құтым бар үшін, қаған отырдым») [104].

Бұл жерде біз мемлекеттік билікті білдіретін басқа терминге – «törüsin» дегенге көшуді байқаймыз. «Bilge qaγan» ескерткішінде бұл термин мынадай мағынада қолданылады: «qaγan : učduqda : özüm : sekiz yašda : qaldim : ol törüde : üze : ečüm qaγan : olurtü» («қаған ұшқанда өзім сегіз жаста қалдым, ол төрелікте, үстінде атам қаған отырды») [122].

Жалпы, «törü» термині мемлекеттік билікті де, осы билік беретін жоғары лауазымды да, тұқым қуалайтын тектілікті де білдіреді (айтпақшы, қазіргі түркі тілдерінде бұл термин үйдегі ең құрметті орынды білдіреді). Мысалы, сол ескерткіште сол кездегі билікке қалай жетуге болатыны суреттеледі: «Türügeš : qaüanqa : qı̈zı̈mı̈n : bertim … uluü : törün : oüulı̈me : alı̈ bertim» («Түргеш қағанға қызымды бердім...; ұлық төрелігін ұлыма алып бердім»).

Дегенмен көбінесе «törü» термині оның синонимі ретінде «El» терминімен бірге қолданылады және билікті де, мемлекетті де білдіреді. Кейде бұл қатарға «budun» термині қосылып, одан кейін түркі түсінігінде халық, ел, билік бірлігінің формуласын аламыз: «Estemi qaγan : olurmı̈š : olurupan : Türük : budunı̈γ : Elin : törüsün : tuta : bermis» («Естемі қаған отырды, отырып-ақ Түрік бүтін (халық)ын, Елін, төрелігін тұта берді») [120].

«Көне түркі сөздігінде» «törü» терминінің мағынасы бірнеше сөзбен берілген: «(1) тәртіп, ереже, заң; (2) әдет-ғұрып, салт...». Дегенмен басқа туынды сөздер бұл терминді көп мағыналы етеді. Сонымен, «tör» әрі «құрметті орын»,

«құндылық», «маңыз» дегенді білдіреді; «tȍrü ȍŋdi urul» – «белгіленетін (заңдар туралы)»; «tȍrü ur-» – «заңдарды белгілеу»; «tȍrülüg» – «(1) заңдарды білу; (2) әділ» [118, 580-582 бб.].

Тывалардың «Хунан Қара» батырлық эпосында «мемлекет» ұғымы мемлекеттің негізгі қызметі – «билікті жүзеге асыру» тұрғысынан түсіндіріледі. Сондықтан дастанның басты кейіпкері үшін оның мұраты – ел билеу. Мұндай миссияны жүзеге асыру үшін мықты күш қажет болды, ол кезеңде билік мұрагерлікпен берілетін еді. Сондықтан да аңыздың басында ұлы болмаған Далай-Байбын хан: «Улуг чурттуң күрүзүнде мен Хаан төрезинден Төрел аралгыр болзумза, Араалбатыдан Эки оол төрүттүнер бе?» деп сұрайды; « Мен өлгенде, хан билігін тастап, лайықты бала туа ма, менің державамда – ұлы өлкемде, менің қол астындағылардың арасында?» [121, 191-195 бб.].

Бұл шағын үзіндіде дәстүрлі түркі дүниетанымының үш маңызды саяси концептілері жинақталғаны көңіл аударарлық. Біз бұлардың екеуі – «Улуг чурт» – «ұлы жер» және «Ара-албаты» – «халық, бағыныштылар» туралы жазғанбыз. Үшіншісі – қазіргі таңда талқыға салынып жатқан «мемлекет, билік» ұғымы. Оны «Хаан төрези»– «хан билігі» деген ұқсас термин арқылы береді, мұндағы «tȍrü», «төре» түбірі Орхон-Енисей жазба деректерінен түркілердің батырлық эпосы арқылы орта ғасырлардағы түркі жазба деректеріне дейін инвариантты болып қалады. Сонымен қатар эпостағы хан билігі концептіні сипаттайтын терминдер: «хаан дүжүлгези» – хан тағы және «дөр» – тақ [121, 889 б.].

Хунан-Қара кейіпкерінің өзі Күлтегін рухында мемлекеттік биліктің басты міндетін анық түсінеді: «Ңөре тудар Ужурлуг-даа мен, Дөрт чааны базар Төөгүлүг-даа мен»; «Мен [әкемнің] билігін сақтауым керек! «Мен төрт [жақтан келген] жауды жеңемін!» [121, 758–761 бб.]. Бұл жолдардан Күлтегін ескерткішіндегі жолдардың сөзбе-сөз дерлік қайталануын көруге болады: «Төрт тарапта жау көп болды; төрт жақтан соғысып, талайларды жеңдік, талайларды тыныштандырдық».

Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» поэмасында да «мемлекет» ұғымының көптеген құрамдас бөлігі бар, оның ішінде «билік», «заң», «әмірші» т.б. Сонымен бірге трактаттағы эволюция осы ұғымдар кешенінің «әділеттілік» сияқты құрамдас бөлігіне баса назар аударуымен байланысты.

Поэмада «әділдік» – «kȍnilik» терминімен берілген. Баласағұн былай деп жазады: «Menig me kılınçım ağar okşadı, könilik bile toldı eksümedi»; «Менің істерім шыраққа ұқсайды: менің әділеттілігім де өшпейді» [105, 826 б.].

Көне түркі сөздігінде бұл терминнің анықтамасы бар: «könilik – шыншылдық, әділдік». Термин «(1) адал, шыншыл, шынайы, (2) әділ, дұрыс» деген мағыналарды білдіретін «köni» түбірінен шыққан [118, 315 б.].

«Құтадғу білік» Жүсіп Баласағұн «әділдікке» мынадай анықтама береді: «Munu men me körgil könilik törü, törü kılkları bu baka tur körü»; «Мен – Әділдіктің белгісімін, ақиқат заңымын, оның даңқты және әділ екенін түсініңіз» [115, 800 б.].

Әділдік мынадай төрт қыры арқылы ашылады: жеке қасиеттер, билікке тарту, елдің гүлденуі және заңның үстемдігі. Көріп отырғанымыздай, бұл

түркілердің саяси дәстүріне деген құрмет сезімін оятатын демократиялық саяси құндылықтар деп бағалауға болады.

Поэмада билеушінің кісілік қасиеттері де суреттеледі: «Kılınçı köni erdi kılkı oŋay, tili çın bütün hem közi köŋli bay»; «Ол ісінде әділ, тура әрі қатал, сөзінде шыншыл, рухы биік» [115, Б. 407]. Келесі қасиетті де ерекше атап өтуге болады: «Билеуші өз еркін істердің бұйрығымен тексере алатын дана қабілетіне ие болды» [115, Б. 410], деген өлең жолдарын қазіргі заманғы басқару тұрғысынан саяси көшбасшы қызметінің тиімділігінің кілті деп атауға болады.

Әділ билікке қажет тағы бір маңызды қасиет – басқаруға жақсыларды тарту (қазір мұны меритократия принципі деп атайды): «Ол барлық дана адамдарды босағасына шақырды, барлық ақылды адамдарды қолдап, жұмысқа тартты» [115, Б. 416].

Саяси тұжырымдама ретінде сот төрелігінің маңызды аспектісі заңдарға қатысты. Әділ мемлекет – бұл құқықтық мемлекет; Баласағұнның саяси идеясы осылайша өте заманауи естіледі: «İdi edgü beglik takı edgürek, törü ol anı tüz yorıtğu kerek»; «Бектің күші үлкен мақтауға тұрарлық, бірақ заңы одан да жақсырақ» [115, 454 б.].

Поэмадағы «törü» терминінің қолданысы аясында «Құтадғу білік» және Орхон-Енисей ескерткіштері идеяларының тікелей сабақтастығына назар аударайық. Орхон-Енисей ескерткіштерінде ол мемлекеттік билікті де, осы билік беретін жоғары лауазымды да, мұрагерлік жолмен берілетін билікті де білдірді. Баласағұнда: «Күнтоғды билеушісін бейнелейтін берік, дұрыс заң (köni törü)» [115, 508 б].

Тарихи-философиялық тұрғыдан қарағанда, Жүсіп Баласағұн еңбектерінде әділеттілік ұғымы мемлекеттік басқару мен қоғамдық тәртіптің негізгі тірегі ретінде сипатталады. Ол заңның үстемдігін сақтау мен биліктің тұрақтылығы арасындағы байланысты атап көрсетеді: «Köŋül tuzse begler yontsa toörü, bu beglik buzulmaz turur keç örü»; «Бектер заңды шын жүректен қабылдаса, олардың билігі көпке дейін мызғымайды».

Сонымен қатар «Bu beglik ulı kör könilik-turur, koni bolsa begler tiriglik bolur» деген тұжырым биліктің өміршеңдігі әділеттілікпен тікелей байланысты екенін аңғартады. С.Н. Ивановтың пайымдауынша, Күнтоғды мен Өгдүлміш тірі қалуы арқылы Әділет пен Парасаттың түркі қоғамының саяси болмысындағы басты қасиет ретінде жоғары мәенге ие болғанын айғақтайды. Осыған сүйене отырып, әділеттілік ұғымы сабақтастығын сақтай отырып қазіргі жастардың саяси санасы мен қоғамдық құндылықтарының өзегін құрай алады дер едік.

Сонымен бірге «Құтадғу біліктегі» саяси ұғымдар категориясына «мемлекет қайраткерінің келбеті» сияқты қолданбалы ұғым да кіреді. Автор билеушінің жағымсыз қасиеттерді сол әміршінің атынан арнайы суреттейді: «Міне, маған ұнамайтын бірінші нәрсе: алдау және зорлық-зомбылыққа бейімділік те кемшіліктер. Өзімшілдік пен ұятсыз мінез лайықсыз, ал ашуланғанда әділетсіз өткір мінез. Ыстық мінез – жауыз, ашу – жаман, жауыз бен шарапқұмар – зиянды» [115, 849-850 бб.].

Жалпы, поэмада белгілі бір саяси шенеуніктердің функциялары сияқты қолданбалы саяси құндылықтарды сипаттайтын көптеген практикалық ұсыныс бар.

Баласағұнның пікірінше, елдегі ең маңызды қызмет – билеуші, бектен басталады. Билеушіге: ақылдылық, білімділік, парасаттылық, қырағылық, тектілік, ар-намыс және ерлік секілді өте жоғары талаптар қойылады. Автор бектің қамқор, сақ, ар-ожданы мол, ойлы, батыл болуы керектігін жан-жақты суреттейді. Мұндай егжей-тегжейлі сипаттама Орхон-Енисей деректерінде қағандарға қойылған талаптардың жалғасы екені сөзсіз. Ал тікелей сабақтастық осы жерде байқалады, оның үстіне Баласағұн жырда осы сабақтастықты нығайта отырып, «Өтікен бек» тұжырымына сілтеме жасайды.

Дәл осындай жоғары талаптар уәзірлік қызметке де белгіленген. Оның негізгі қызметі былайша көрсетілген: «Beginde basa ilke elgi uzun, vezir ol iligke kılınçın sözün»; «Халықтың басшысы – бекке ерген уәзір, оның ісі мен кеңесіне мұқтаж» [115, 2193 б.]. Уәзірдің шыққан тегі бөлек айтылып, бұл оның осындай маңызды қызметке жарамдылығының кепілі болып табылады.

Баласағұн шығармасында, хас хажиб, сарай басқарушысы, елші қызметтерін жеке-жеке зерттеп, оларға мынадай сипаттамалар береді. Хажиб «иманында шыншыл және кішіпейіл болуы керек», сарай меңгерушісі – «сарайда түнде ол күн сияқты шығады, сол жерде күні батқанын қарсы алады», ал елші – «Елші ақылды және сабырлы болуы керек, ол сөздің даналығына ие болуы керек» деп есептейді [115, 2600-2601 б.]. Сонымен қатар хатшы, қазынашы, аспаз, басқарушы, шарапшы, сусындарға жауаптыларға да талаптарын да атап өтеді.

Осылайша, классикалық түркі дүниетанымындағы көп қырлы «мемлекет» ұғымына «әмірші», «билік», «заң» сияқты семантикалық бірліктерді жатқызады. Түркі тарихының алғашқы кезеңдерінде мемлекет үшін билеуші мен оған бағынатын әскери басшылар маңызды болды. Сондықтан Орхон-Енисей жазба деректерінде «қаған», «билік», «бек» ұғымдарына баса мән беріледі.

Түркі қаһармандық эпосы дәуірі үшін «хан», «билік» ұғымдарымен қатар «мұралық билік», «мемлекетті басқару» сияқты ұғымдардың маңызы зор.

«Мемлекет» ұғымының жан-жақты дамуы Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» поэмасында көрініс тапты. Мұнда бұл ұғымның жан-жақтылығы дүниені саяси түсіну үшін «заң», «әділет», «билеушінің жеке қасиеттері», «саяси ұстанымдар» сияқты маңызды ұғымдардың болумен мағынасы күшейтілді.

Екіншіден, мемлекетке қатысты ұғымдар жүйесі құрылды. Пирамиданың жоғарғы сатысында мемлекетке қатысты ұғымдар үшін ғана емес, жалпы «Құтадғу біліктің» барлық саяси концептілері үшін де негізгі болып табылатын «әділет» ұғымы орналасқан. Мысалы, «елдің көркеюі», «халықтың әл-ауқаты» әділ биліктің тікелей нәтижесі болып табылады. Сондай-ақ поэмада сот төрелігінен кейінгі екінші деңгейде одан туындайтын «билеушінің жеке қасиеттері», «мемлекетті басқаруға жақсыларды тарту», «заңды сақтау», «мемлекет қайраткері» деген ұғымдар да бар.

Түркі дүниетанымындағы маңызды ұғым – «әскери ерлік». Бұл дәл саяси концепт, өйткені ол кездегі мемлекет пен билік әскери ерлікке тікелей тәуелді болды. Мұндай жағдайда басты саяси дағдылардың бірі, әрине, әскери өнер болды. Бұл өнерді пайдалану «төрт тараптан халықты бағындырған» бейбіт еңбекпен айналыса алатын қуатты түркі мемлекетін құруға мүмкіндік берді. Шайқастардың негізгі нәтижелерінің бірі ««jaγsïz qïltïm» («жау болмайтындай етіп жасадым») деп сипатталатын мемлекет болды.

Мұндай батыр тұлғаны белгілеу үшін көне түркі деректерінде «er» және «alp» («alïp») терминдері қолданылады. «Көне түркі сөздігінде» «er» сөзі: «(1) күйеу, ер, (2) күйеу, жар; (3) еркек» деген мағынаны білдіреді. Сонымен бірге сөздікте «erăt» термині «ер, ерлер, жауынгерлер» дегенді білдіреді [120, 175-176 бб.]. Сөздің этимологиясы екі компонентке байланысты болуы мүмкін: «күйеу» және «есім/ат».

«Er» терминінен айырмашылығы, «alp» терминінің көптеген коннотациясы мен ассоциациясы бар. Көне түркі сөздігінде бұл терминнің негізгі мағыналары былай берілген: «(1) өткір мерген; (2) батыр, мықты; (3) ержүрек, батыл, батыр; (4) ерлік, батыл, қайрат». Сонымен қатар терминнің келесі туынды сөздері бар: «alpaγut» – жауға жалғыз аттанған батыр, батыл, ержүрек; «alp atïm» – ерлік; «alp jürăk» – батыр, батыл.

Сондай-ақ «қайратты, батыр, ержүрек жауынгер» дегенді білдіретін «alp er» деген арнайы термин бар [118, 36-37 бб].

Орхон-Енисей жазбаларында сол кездегі әскери-саяси жағдай Күлтегін ескерткішінде жақсы суреттелген: «törüt : buluŋ : qop : yaγï ermis : sü sülepen : törüt : buluŋtagï : budunïγ : qop almiš : qop baz qïlmïs : bašlïγïγ : jüküntürmüs : tizeligig : sökürmüs : ilgerü : Qadïrqan : Jïšqa tegi : keri : Temiz qapïγqa tegi : qonturmus : ekin ara» («төрт бұрыш көп жауы екен сү(ңгілі) сүңгілетіп, төрт бұрыштағы бүтін (халық)ты көп алды, көп тыныш қылды, бастығын жүгіндірген, тізелігін шөктірген, ілгері Қадырқан Йышқа тие, кері Темір Қапығқа тие, құндақтады (жорытқан) екі ара(сы)») [120].

Байырғы түркі ұстындарында түркі мемлекетінің шайқастар арқылы құрылуы жан-жақты сипатталған. Алғашында Елтеріс қағанның он жеті ержүрек батыры болған, кейін даладан, таудан келген адамдар қосылып, жетпіс батыр, кейін жеті жүз батыр болған. Ал олардың жеңістері мен әскерінің өсуінің басты шарты: «aqanïm : qaγan : süsi : böri teg : ermis : yaγïsï : qoñ teg ermis» («әкем қағанның жауынгерлері қасқырдай, жаулары қойдай») болуы еді.

Одан әрі әскери жеңістердің қалай жеткені суреттеледі: Елтеріс қаған қырық жеті рет шайқаста болып, жиырма шайқасқа қатысқан; Қаған Қапаған жиырма бес жорыққа шығып, оларда он үш рет соғысты; Білге қағанның өзі талай шайқастарға қатысқан.

Күлтегіннің әскери жорықтарын суреттеуде соғыс өнері ерекше атап өтіледі. Бұл ретте оның әскери жетекшілік қабілеті де, тұлғалық ерлігі де назар аударады. Көптеген шайқаста аттар оның астында өледі, бірақ ол жауларын жойып, бірнеше рет жеңіске жетеді. Ал «жүзден астам жебе оның қаруы мен

шапанын тисе де, бетіне де, басына да тиген жоқ». Өзі жеті-тоғыз жауды найзаның ұшымен жеңеді.

Мұндай батыр тұлғаны белгілеу үшін байырғы түркі деректерінде «er» және «alp» («alïp») терминдері қолданылады. Мысалы, Күлтегін он алты жасында «er at boltï» («батыр атанған») екен.

«Хунан-Қара» қаһармандық эпосында «әскери ерлік», «жанкештілік» сияқты ұғымдар нақты берілген. Ол ертегідегі басты кейіпкердің болмысын, іс-әрекетін бейнелеу арқылы беріледі. Батырдың дүниеге келуі ерекше және ғажайып құбылыс ретінде сипатталады: «Бұл жаңа туған бала тегін бала емес! Таңертең сұр жұмыртқа салатын үйректер тұмсықтарымен шоқтырған кезде, бұл шайқас үшін туылған баланың дүниеге келгенінің белгісі» [121, 257–263 б.].

(«Әскери ерлік» ұғымының мағыналы сипаттарының бірін ашуға мүмкіндік беретін «чаа-дайын» – ұрыс-соғыс термині эпоста жиі қолданылады).

Эпостарда көбіне, ерекше бала өмірге келгеннен кейін бірден жылдам өсе бастайды: әрең жүре бастаған бала шулбу мен маңғытпен төбелесіп, оларды жойып жібереді. Кейін Хунан-Қара тағы да көптеген жауын, соның ішінде оның басты қарсыласы Демир-Могені жеңеді. Ертегінің соңында бас кейіпкердің жауынгерлік ерлігіне қысқаша сипаттама беріледі, бұл да Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі Күлтегінге берілген сипаттамаларға көп жағынан ұқсас. «Арзылан-Қара атты тұлпары бар Хунан-Қара-мөге деген кісіні бірде-бір жау жауырынын жерге тигізіп жеңе алмайды, даңқты адамды ешкім жеңе алмайды, атып та алмайды. Үш мерзім үзіліссіз отыз мың сұрапыл шайқаста жеңіске жетті; тоғыз мерзім бойы сансыз жантүршігерлік шайқастарда [ол] жеңіске жетті» [121, 4526-4542 бб.].

Баласағұнның «Құтадғу білік» шығармасындағы әртүрлі саяси тұлғаларға қойылатын талаптар суреттелетін бөлігінде «ерлік» ұғымы көрсетілген. Бұл әскери басшыға қойылатын нақты талаптарды көрсетеді. «Құтадғу білік» авторы дәуірінде байырғы түркі тарихының алдыңғы дәуіріне қарағанда соғыстар мен шайқастар аз болғанымен, Қарахан мемлекетінде әскери қолбасшылық үшінші маңызды лауазым болды.

Оған қойылатын талаптар жеткілікті түрде егжей-тегжейлі сипатталған: «Bu işke idi kurç katığ er kerek, başında keçürmiş tükel toŋ yürek. İdi ök uluğ iş bu sü başlamak, çerig tüzmeki hem yağını sımak»; «Бұл жұмысқа өмірдің бәрін көрген, батыл күресетін мықты ер керек. Жауларды жеңу, әскерлерді басқару және оларды шайқасқа апару – ұлы өнер» [115, 2271-2272 бб.].

Сондай-ақ: «Ол әрқашан сақ және қырағы болуы керек», «Ол батыл және мерген болуы керек», «Ол батыл, білімді және шайқаста табанды және батыр болуы керек», «Ер намысын қорғап, сақтау керек» [115, 2273 б.].

Өлеңнің метафоралық стилін жоғарыда айттық, бұл жерде әскери қолбасшының қасиеттерін суреттеуден аллегорияның тағы бір мысалын көреміз: «Yağıda kür arslan yüreki kerek, karıştukta esri bileki kerek. Tonuz teg titimlig böri teg küçi, adığlayu azğın kotoz teg öçi. Yana alçı bolsa kızıl tilkü teg, titir buğrası teg kör öç sürse kek. Sağızğanda şakrak kerek tutsa öz, kaya kuzum teg yırak tutsa köz. Uluğ tutsa hamyet kür arslanlayu, ügi teg usuz bolsa tünle sayu»; («Шайқаста

арыстанның батылдығы, жолбарыстың қармаулығы, қабанның қайсарлығы мен қасқырдың ептілігі, аюдың айуандығы, киіктің шабысы болуы керек. Айлада түлкідей жауынгер, ашулы түйедей қаһарлы да болуы керек. Ер қырағы болсын, Таудағы қарғадай көреген болсын! Арыстаннан да қаһарлы, үкідей ұйқысыз жүрсін») [115, 2310-2314 бб.].

Жүргізілген талдауды деректердің хронологиясы бойынша тұжырымдар болсақ, түркі саяси ұғымдарының тарихи қалыптасуы мен мазмұндық кеңеюін байқауға болады.. Бастапқы кезеңде «ел», «халық», «мемлекет», «билік», «әмірші», «ерлік» секілді ұғымдар басым болса, уақыт өте олардың қатары «әділет», «заң», «саяси қызметкер» сияқты категориялармен толыққанын көкреміз. Бұл өзгерістер түркі дүниетанымында саяси ұғымдардың тек сандық емес, сапалық тұрғыдан да күрделі сипат тапқанын танытады. Ерте кезеңде ел мен биліктің тұтастығы, батыр тұлғаның рөлі алдыңғы қатарда болса, кейін бұл ұғымдар мемлекеттік құрылымның ішкі ұйымдасуымен және тұрақтылығымен байланысты жаңа мазмұнға ие болған.

Қорыта айтқанда, Орхон-Енисей жазбаларынан «Құтадғу білікке» дейінгі аралықта түркі саяси ойының эволюциясы айқын көрінеді. Алғашқы кезеңде «елді біріктіру» идеясы басым болса, кейінгі кезеңде тұрақты мемлекетті сақтау мен басқару мәселелері алдыңғы орынға шыққан. Осы үдерісте «әділеттілік» мемлекеттік билікті жүзеге асырудың негізгі қағидасы ретінде айқындалып, басқару, кадрлық саясат, марапаттау мен жазалау, сыртқы қатынастар секілді барлық саяси үдерістердің өлшеміне айналған. Сонымен қатар билеуші тұлғасына қойылатын талаптар да өзгеріп, қара күш иесі болғаннан гөрі даналық пен білім, қоғамдық жауапкершілік басым моральдық құндылық ретінде алға шыққанын байқаймыз.

Осы тарихи сабақтастықты ескере отырып, түркі саяси ойындағы «әділет» ұғымын қазіргі жастардың саяси санасы мен қоғамдық құндылықтарының өзегіне орнықтыру маңызды бағыттардың бірі ретінде қарастыруды қажет етеді дегіміз келеді. Өйткені әділеттілік тек тарихи категория емес, сонымен қатар қазіргі қоғамдағы саяси мәдениетті, азаматтық жауапкершілікті және қоғамдық келісімді қалыптастыратын негізгі құндылықтардың бірі.

Аксиологиялық және функционалдық деңгейлер тұрғысынан Орхон-Енисей жазбалары мен «Құтадғу білік» мәтіндері құндылықтардың мәндік және реттеуші сипатын айқын көрсетеді. Аксиологиялық деңгейде бұл дереккөздерде «ел», «жер», «әділет», «құт» ұғымдары қоғам үшін ең жоғары идеалдар мен нормалар ретінде ұсынылады, яғни не құнды, неге ұмтылу қажет екені айқындап көрсетеді. Ал функционалдық деңгейде осы құндылықтар нақты басқару тәжірибесінде көрініс тауып, билікті ұйымдастыру, қоғамдағы тәртіпті сақтау, билеуші мен халық арасындағы қатынасты реттеу құралдарына айналады. «Құтадғу біліктегі» әділетке негізделген басқару қағидасы немесе Орхон мәтіндеріндегі ел бірлігін сақтау идеясы – құндылықтардың әлеуметтік тәртіпті қамтамасыз ететін нақты механизмге айналғанының көрінісі.

Саяси деңгейде бұл сабақтастық қазіргі жастар санасында жаңа мазмұнмен қабылданады десек болады. Жастар тарихи мәтіндердегі құндылықтарды өз

дүниетанымы арқылы қайта интерпретациялап, оларды қазіргі әлеуметтік шындықпен байланыстыра отырып түсінетіні сөзсіз. Әділет, еркіндік, теңдік секілді ұғымдар жастар үшін саяси үдерістерді бағалаудың, азаматтық ұстаным қалыптастырудың негізгі категориялары ретінде бағалануы қажет. Осылайша, Орхон-Енисей жазбалары мен «Құтадғу білік» еңбегінде көрініс тапқан құндылықтар жүйесі аксиологиялық, функционалдық, когнитивтік және саяси деңгейлер арқылы қазіргі жастардың құндылықтық бағдарларында өз жалғасын таба алады деуге негіз бар.

3 ЕЛІМІЗДЕ ЖАСТАРДЫҢ САЯСИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ ӨЛШЕМДЕРІ

3.1 Түркілік саяси құндылықтардың жастар санасына ықпал ету көріністері мен технологиялары

Түркі халықтарының саяси құндылықтары түркі қоғамының дүниетанымы эволюциясының нәтижесі деп пайымдауымызға әбден болады. Түркі халықтарының саяси құндылықтары мәдени, әлеуметтік, дәстүрлі және діни аспектілерге негізделген. Аталған зерттеуіміздің маңыздылығы әлемдік қауымдастықтың түркі әлеміне деген қызығушылығының артуына байланысты өзекті болып отыр. Әсіресе, түркі тілдес қоғамдағы жастардың құндылықтарға қатысты сана-сезімі қалай қалыптасады деген мәселелерді зерттеу қазіргі таңда аса маңызды. Түркі жастары әлемдік тенденцияларға белсенді түрде әсер ете бастады және бүгінде жастардың бұл құндылықтарды түсінудегі қажеттілік маңызды рөл атқарады.

Түркі халықтарының саяси құндылықтарын зерттеудің өзектілігі жыл сайын артып келеді. Түркі әлемінің дүниежүзілік мәдениет пен саясатқа ықпалы мәселесін зерттей отырып, түркі әлемінің мәдени, адами, саяси ресурстарына сұраныстың өсу қарқынын байқауға болады. Осы ресурстардың бірі – адам капиталы және оның қозғаушы күші – жастар болып есептеледі.

Қазіргі әлемде жер шарындағы түркі халықтарының үлесі 3,5 пайызды құраса, 2050 жылға қарай ол 5 пайызды құрайды деп күтілуде. Халық санының өсуі дәстүрге, дінге, мәдениетке, географиялық, экономикалық және әлеуметтік факторларға негізделген қоғамдық өзгеріске әкеледі. Осыған орай, халықаралық қатынастар тұрғысынан түркілердің саяси құндылықтарын зерттеу маңызды үдеріс екенін тағы да атап өткеніміз артық болмайды деп есептейміз.

Жаһандану жағдайында түркі халықтарының саяси құндылықтары жастардың санасына қалай әсер ететінін түсіну зерттеу тақырыбымыздың негізгі мақсаты. Бұл құндылықтарды игеру арқылы жастардың адамзат даму тарихына өзіндік үлес қосатын бағытын айқындайды. Демек, түркі әлемі үшін жастардың санасына әсер ететін саяси құндылықтарды зерттеу маңызды тақырыптардың бірі әрі бірегейі. Жаһандану жағдайында түркі халықтарының алдында тұрған бірнеше міндетті атап өтуге болады: біріншіден, түркілер өздерінің мәдени болмысын сақтауы керек. Екіншіден, кейбір түркі халықтарының дербес мемлекеттілігі жоқ екенін ескерсек, қақтығыстар ықтималдығы және ол аймақтардың тұрақсыздықтардың алдын алу қызметін жүзеге асыру қажет. Жоғарыда айтылғандарды, түркі халықтарының саяси құндылықтарын зерттеудің өзектілігі олардың қоғамдық сананы, саяси мәдениетті және жалпы қоғам құрылымын, әсіресе, жастарды қалыптастыруға қосқан маңызды үлесінен көрінеді деген қорытындыға келуге болады.

Түркілердің саяси құндылықтары түркі топтары қауымдастығының дүниетанымын қалыптастырған түркі мәдениетінің бірқатар мәдени, этникалық, діни және тұрмыстық ерекшеліктерін қамтиды. Бұл саладағы зерттеушілер саяси

құндылықтардың мәдени, генетикалық және әлеуметтік секілді бірнеше категорияларын анықтайды.

Түркі халықтарының мәдени құндылықтары түркілердің қауым болып қалыптасу дәуірінен бастау алады. Мәдени құндылықтар – бұл бір-бірімен тығыз байланысты адамдардың өнерінің, дәстүрлерінің және наным-сенімдерінің ерекшеліктері [123].

Генетикалық құндылықтар ұлттық бірегейлендіруді білдіреді және өзіндік ерекшеліктері ортақ ұлыстан ұлт қалыптасады. Қазіргі түркі халықтары сырт келбетінен бір-бірінен өте ерекшеленеді. Бұл ерекшелік түркілердің дүние жүзін көп шарлап, әртүрлі мәдениеттермен қарым-қатынаста болуына байланысты.

Сонымен бірге гентикалық саяси құндылықтар қазіргі жастардың санасына әсер етпей қоймайды.

Алдыңғы тарауда талданған құндылықтар бүгінгі жастар бойынан табылады деген сенімдеміз. Ол құндылықтар:

1) Ел, жер құндылығы. Бүгінгі жастар санасында осынау байтақ жерге мақтаныш сезімінің бар екеніне күмән жоқ. Бүгінде жер аумағы бойынша түркілік мемлекеттердің жағдайы келесі: Қазақстан – 2 724 900 шаршы км; Түркия – 780 580 ш. км; Түркменстан – 491 200 ш. км; Өзбекстан – 447 400 ш. км; Қырғызстан – 198 500 ш. км; Әзірбайжан – 86 600 ш. км. Қосқанда 4 729 180 ш. км құрайды екен.

Бірақ түркі әлемінің жер аумағы бүгіннің өзінде бұнымен шектелмейді. Ресей мемлекетінің құрамында қалған түркілік республикалар жер аумағынан мынандай көрсеткіш беруде: Саха – 3 083 523 ш. км; Шыбаш – 1 159 768 ш. км; Хакас – 525 557 ш. км; Тыва – 168 608 ш. км; Башқұртстан – 142 947 ш. км; Алтай – 92 903 ш. км; Татарстан – 68 000 ш. км. Жалпы – 5 241 306 ш. км.

Сонымен түркілер бүгіннің өзінде 9 970 486 ш. км. жерді иеленуде. Әлемдік жалпы жағдай бойынша бұл Ресей мен Канада елдерінен кейінгі үшінші орын. Әрине осындай алпауыт мемлекет құру бүгінде мүмкін емес шығар, бірақ осынау ұлан-байтақ жер түркілердікі екені жастар санасына мақтаныш сезімін ұялатауы сөзсіз ақиқат. Осынау жерді түркі бабаларымыз тек «найзаның ұшымен, білектің күшімен» алып қалған жоқ. Мұның түбінде қаншама дипломатиялық қарекет жатқанын бағамдай беруге болады.

Бүгінде түркі жастары Қазақстанды – «қара шаңырақ» десе, бұл да біздің бірлігіміздің бір нышаны деп бағалауымыз қажет. Және қазақстандық жастар осынау үлкен құрметке лайықты болулары тиіс деп санаймыз.

2) Ел, жұрт, халық құндылығы. Бүгінде халықты, ұлтты белгілейтін бірден-бір белгі – бұл тіл. Қазіргі заманда 40-тан астам түркі тілдерін 180 млн адам өзінің ана тілі деп атаған екен. Солардың арасында ең көп тараған тілдер мыналар: түрік тілі – 85 млн адам, әзірбайжан тілі – 30 млн, өзбек тілі – 28 млн, қазақ тілі – 12 млн, ұйғыр тілі – 9 млн, түрікмен тілі – 6,8 млн, татар тілі – 6,5 млн, қырғыз тілі – 4,5 млн, башқұрт тілі – 2,2 млн, шыбаш тілі – 1,8 млн.

Қазақстандық жастар үшін бұл құндылықтың екі тұсы бар деуге болады. Біріншіден халықты құндылық ретінде бағалау бұл халықтың дәстүрін, әдет-ғұрпын сыйлау, төл мәдениетті қастерлеу, үлкендерге құрмет көрсету.

Екіншіден, бұл өз халқыңның басты құндылығын – тілін құрметтеу, тілді білу.

3) Ел, мемлекет, билік құндылығы. Мемлекет тәуелсіздігін бағалау бұл қазақстандық жастардың негізгі қағидаларының бірі болуға тиіс.

Ал бұл тәуелсіздікті сақтап қалу міндетті түрде қатаң билікті талап етеді. Және ол міндетті әр жас азамат өзіне алса абзал болар еді.

4) Ер, тұлға құндылығы. Қазіргі жастардың бойынан табыла бермейтін құндылық. Тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру үшін қажырлы еңбек, жігер, намыс керек екені белгілі. Ал ер мінезді болу бұл тек туа біткен қасиет емес екені белгілі, ер жігіттердің бойына осы қасиетті бала кезден бастап еңбек ету, денені шынықтырып спортпен айналысу, әскерге барып, Отан қорғауға өз дайындығын пысықтау жатады десек болады.

Түркілердің әлеуметтік құндылықтары түркілердің тұрмыс-тіршілігімен байланысты түсіндіріледі. Түркілердің әлеуметтік құндылықтары, көптеген мәдениеттегі сияқты, халықтың өмірінде маңызды рөл атқарады, саяси ортаны қалыптастыратын әдет-ғұрыптарды, нормаларды, қоғамдық қатынастар мен дүниетанымдарды қалыптастырады. Түркі әлемі біркелкі емес, сондықтан мәдениеттердің алуан түрлілігі аймақтан аймаққа немесе қоғамға қарай ерекшеленеді, бірақ саяси құндылықтардың қалыптасуына үлкен әсер еткен түркі халқының әлеуметтік құндылықтарының ортақ белгілерін байқауға болады.

Түркі қоғамындағы құндылықтар күнделікті өмірдің маңызды құрамдас бөлігі болып саналады. Түркі халықтарының құндылық элементтері ретінде – ауыз әдебиеті, үлкенге құрмет, толеранттылық, өзара көмек және т.б.

Түркі халықтарының құндылықтарының ерекшелігі – оның музыкалық аспаптарына, әдебиетіне, өнеріне, ұлттық тағамдарына, үй тұрмысына әсер еткен көшпелі және жартылай көшпелі, сонымен қатар отырықшы өмір салтымен тығыз байланысты. Түркі халықтарының наным-сенімдері салт-дәстүрмен тығыз байланысты болғандықтан, өнер осы нанымдар негізінде дамыды. Түркі халықтары ежелден шығармашылықтың элементтері болып табылатын халық ертегілері мен аңыз-әңгімелер арқылы өз салт-дәстүрін жеткізсе, сонымен бірге ертедегі түркі халықтарының дәстүрлерінің көпшілігі ұлыстардың мәңгілік аспанға деген сеніміне негізделген.

Түркі халықтарының дәстүрлі тұрмыс-тіршілігінің маңызды ерекшеліктерінің бірі – үлкенді қастерлеу дәстүрі. Үлкенге құрмет, кішіге ілтипат түркі халықтарының мәдени ерекшелігінің маңызды бөлігі, мысалы, жиындарда ақсақалдардың төрден орын алуы, карттарға құрмет көрсетіліп батасын алуы дәстүрдің ажырамас бөлігі болып табылады.

Түркілердің маңызды әлеуметтік құндылықтарының бірі – отбасылық қарым-қатынастар. Түркі халықтарының қоғамында алыстағы ағайындармен жиі араласу, туыстық байланысты сақтау әдеттегідей болып саналса, көптеген еуропалық мәдениетте мұндай байланыстар қолдау таппайды. Бұл дәстүр құндылық ретінде жағымды жағы, отбасылық қарым-қатынастың маңыздылығы

түркі тілдес халықтардың қоғамының саяси және әлеуметтік мәселелерге белсенді жауап беруіне мүмкіндік береді [124].

Толеранттылық ұғымы түркі халықтарының өмір салтының маңызды бөлігі, ал тату көршілік қарым-қатынас қоғамдастықтың табысты саясаты үшін өзекті. Түркілер арасындағы толеранттылық және басқа мәдениеттерді қабылдау мәдениеттің бір бөлігі болып саналады. Қазіргі түркі тілдес қоғамда толеранттылық саяси күн тәртібінің маңызды бөлігі деуге болады және түркі тілдес мемлекеттердегі түрлі конфессиялар мен этностардың өзара түсіністігі және толеранттылығы бір қоғамда бейбіт жағдайда өмір сүру үшін маңызды болып отыр. Діни және дәстүрлі саяси құндылықтар барлық дін мен ұлт тату-тәтті өмір сүретін қоғамның қалыптасуында көрінеді.

Осы және басқа да құндылықтар түркі халықтарының қоғамдық тәртіптің негізін құрап, кейіннен мемлекеттің саяси философиясына әсер етті. Уақыт өте келе қоғам құндылықтары жаһандық тенденциялардың әсерінен өзгеріп отырады және қоғамдық құндылықтар ғасырлар бойы қалыптасып, дамып, өзгеріске ұшырап отырады.

Саяси құндылықтар ұзақ уақыт бойы қалыптасады және әділетті әлеуметтік тәртіп идеяларын қамтитын мәдени және әлеуметтік факторлардың көрінісі. Қоғам ұзақ уақыт бойы қоғамның қажеттіліктеріне байланысты саяси құндылықтарды қалыптастырады. Саяси құндылықтардың өзі қалыптаса отырып, жастардың санасына үлкен әсер етіп, ата-баба тәжірибесін өскелең ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік береді [125].

Әрине, мұндай қоғамда саяси құндылықтар ескіріп, заманауи талаптарға сай келмеуі мүмкін және заманауи жағдайларға бейімделуді талап етеді. Түркі халықтарының саяси құндылықтарының ерекшелігі – мультимәдениеттілік және басқа ұлттармен, мәдениеттермен қарым-қатынас, қажетті құндылықтарды заманауи қоғамға сәтті бейімдеуге мүмкіндік береді.

Түркі халықтарының саяси құндылықтарын бірнеше топқа бөлуге болады: ұлттық бірегейлік, түркі патриотизмі, демократиялық идеялар, әлеуметтік әділеттілік, діни және дәстүрлі құндылықтар мен мәдениетаралық өзара әрекеттестік.

Түркілердің ұлттық болмысы ұлтына, тіліне, тарихына, мәдениетіне деген патриоттық сезімнен көрініс табады. Түркі патриотизмі өз мемлекеттілігінің дамуына, сонымен қатар басқа түркі мемлекеттерімен өзара әрекеттесуге ықпал етеді. Демократиялық идеялар түркі мемлекеттерінің территориясында орта ғасырлардан бастап пайда бола бастап, дала демократиясы да кең өріс ала бастады.

Түркі халықтарының саяси құндылықтарының қалыптасу және дамуында жастардың рөлі маңызды болып саналады. Жастар санасы – өскелең ұрпақтың танымдық, эмоционал, әлеуметтік және мәдени үдерістерінің әртүрлі аспектілерін қамтитын күрделі және көп қырлы психологиялық құрылым. Жалпы мағынада сананы адамның өз болмысын, қоршаған әлемді, сондай-ақ жеке адамға әсер ететін ішкі және сыртқы факторларды білуі ретінде анықтауға болады.

Жастардың санасына қатысты анықтаманың бірнеше негізгі аспектілер бар.

Алғашқысы, когнитив аспектілер – ойлау, қабылдау, ақпаратты түсіну және проблемаларды шешу қабілеттері жатады. Жастар өздерінің танымдық құрылымдарын қалыптастырады, ақпаратты өңдейді, жаңа білімді игереді және дүниеге көзқарастарын дамытады.

Екіншісі, жастардың санасына сезім тәжірибесі, оқиғаларға эмоционал реакциялар және басқалармен қарым-қатынас сияқты эмоционал аспектілер кіреді.

Үшінші, әлеуметтік аспектілер – жастардың қоғаммен қарым-қатынасын көрсетеді. Жастардың санасы әлеуметтік-мәдени нормалардың, құндылықтардың, институттардың және әлеуметтік күтулердің әсерінен қалыптасады.

Төртінші, мәдени аспектілер – мәдени құндылықтардың, салт-дәстүрдің, тілдің және өзіндік сананың жастардың санасына әсерін көрсетеді. Мәдени факторлар жастардың құндылықтары мен әлеуметтік сенімдерінің қалыптасуына әсер етуі мүмкін.

Осы төрт аспектіні талдай келе жастардың саяси санасы сыртқы факторлардың ықпалында қалыптасатынын көреміз: Жастардың саяси санасы өзін-өзі дамытуға бағынатын динамикалық үдеріс және бұл жеке тұлғада әлеуметтік, мәдени және саяси әсерлердің өзара әрекеттесуінің нәтижесінде құрылады [126]. Жастардың санасының қалыптасуына әсер ететін негізгі факторлар ретінде мыналарды көрсетуге болады:

1. Отбасындағы өзара әрекеттестік, отбасылық құндылықтар мен тәрбие арқылы жеке тұлғада негізгі құндылықтар, дүниетаным, дағдылар қалыптасады.

2. Жастардың санасын қалыптастыруға мектеп, университет сияқты оқу орындарының ықпалы жоғары. Қоғамдағы білім деңгейі, ұсынылатын оқу бағдарламасы және тәрбиешілермен қарым-қатынас жастардың интеллектуалды және мәдени дамуына айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

3. Қала немесе ауыл сияқты жастар өсетін орта да олардың көзқарастарына, құндылықтарына және ресурстар мен мүмкіндіктерге қол жеткізу деңгейіне әсер етеді.

4. Жастардың санасын қалыптастыруда бұқаралық ақпарат құралдары, соның ішінде теледидар, интернет, әлеуметтік желілер және т.б. үлкен әсер етеді. Бұқаралық ақпарат құралдарында оқиғалардың, идеалдардың, мінез-құлық үлгілерінің бейнеленуі жастардың дүниетанымына әсер етеді.

5. Достарымен, құрдастарымен және қоғамның басқа мүшелерімен қарым-қатынас әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды қалыптастырады. Әлеуметтік орта жастардың мінез-құлқы мен көзқарасына оң және теріс әсер етуі мүмкін.

6. Экономикалық жағдайлар, ресурстарға қолжетімділік және экономикалық мүмкіндіктер де жастардың санасының қалыптасуына әсер етеді.

7. Саясаттағы оқиғалар мен саяси үдерістер жастардың саяси санасына айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Саяси қатысу, белсенділік пен саяси саналылық жастардың көзқарасын қалыптастырады.

8. Жастардың сана-сезімін қалыптастыруға мәдени дәстүрлер, діни наным-сенімдер, тіл мен болмыстың ықпалы зор.

9. Мәдениет пен бірегейлік жастардың сана-сезімін қалыптастыруда, олардың көзқарастарына, құндылықтарына, мінез-құлықтарына және әлемді қабылдауына әсер етеді.

Мәдениет пен бірегейлік жастардың санасын қалыптастырудағы негізгі аспектілер ретінде бағамдалады. Мәдениет пен бірегейлік белгілі бір құндылықтарды салт-дәстүр, әдет-ғұрып, дін және тіл арқылы жеткізеді. Бұл құндылықтар жастардың дүниетанымын, қоғамға деген көзқарасын қалыптастыруға негіз болады.

Тіл мәдениеттің негізгі элементі ретінде қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу тәсілдерін қалыптастырады және ақпаратты қабылдауға және талдауға әсер етеді. Тілдік ерекшеліктер жастардың өз ойын білдіру және әлемді қабылдау тәсілдерін анықтай алады. Дәстүрлі мәдени рәсімдер мен мерекелерге қатысу жастардың мәдениетпен байланысын нығайтуға, өз халқының тарихын қайта қарауға және мәдени мұра контексінде өзінің жеке басын дамытуға көмектеседі. Көпмәдениетті қоғамда жастар әртүрлі мәдениеттермен өзара әрекеттесу арқылы әлемді кеңірек қабылдауға және түсінуге ықпал ете алады [127]. Жастардың белгілі бір мәдениетке деген берік тәуелділік қоғамдық және саяси өмірге қатысуға мотивация береді. Қазіргі қоғамдарда әртүрлі мәдениеттердің жастардың санасын қалыптастыру үшін бірегей контекст жасайды.

Түрік ғалымдары Өзен Йенер мен Гүл Явуз «Түркі ұлттық-мәдени құндылықтары және құндылықтардың тұлғалық сипаттағы көріністері» атты еңбектерінде моральдық құндылықтар пайда болған кезде тұлғаның мінез-құлық қасиеттері үйреншікті реакция үлгісіне айналатын тұжырымдаманы ұсынады. Осылайша, кейіпкерлердің құрамдас бөліктерін түсіну арқылы авторлар түркі халықтарының жастардың даму моделі үшін негізгі деп қабылдайтын алты әмбебап қасиетті ажыратады. Бұл қасиеттер: адалдық, сыйластық, жауапкершілік, әділдік, қайырымдылық және азаматтық [128].

Кез келген қоғамдағы жастар сияқты түркі жастары үшін де адалдық, сыйластық, жауапкершілік, әділдік, қайырымдылық пен азаматтық құндылықтар тұлғаның қалыптасуында, қоғамдық байланыстардың нығаюында және жалпы қоғамның дамуында маңызды рөл атқарады.

Адалдық – түркі тілдес халықтардың мәдениетіндегі басты құндылықтардың бірі болып саналады. Адалдықты әдетке айналдырған жастар қоғамдағы сенімділікті арттыруға үлес қосады. Бұл адамдар бір-біріне сене алатын салауатты қоғамдастық ортасына ықпал етеді.

Үлкенге құрмет, салт-дәстүр мен мәдени әртүрлілік түркі жастарының болмысының ажырамас бөлігі болып саналады. Бұл құндылық қоғамдағы келісімді сақтауға және тұлғааралық қарым-қатынасты нығайтуға көмектеседі. Түркі жастарының қалыптасуында отбасы, қоғам, ел алдындағы жауапкершілік маңызды рөл атқарады [128, 751 б.].

Жауапты мінез-құлық қоғамның тұрақты дамуына ықпал етеді және кейінгі ұрпақтар үшін жағымды үлгілерді сақтайды. Әділет құндылық ретінде басқаларға әділ қарау және әділдік үшін күреске қатысу теңгерімді және этикалық қоғамды құруға ықпал етеді.

Қайырымдылық дәстүрі түркі мәдениетінде ертеден келе жатқан құндылық. Түркі жастарының өз қоғамының өміріне саналы түрде азаматтық қатысуы мемлекеттің тұрақтылығы мен дамуын қамтамасыз етуге септігін тигізеді [128, 753 б.].

Тұтастай алғанда, бұл құндылықтар жеке тұлғаның дамуына ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар тұрақты және дамыған қоғамның негізін құрайды. Түркі жастары осы қағидаларды ұстана отырып, өз қоғамындағы оң өзгерістерге белсенді түрде әсер етіп, түркі мәдениетінің жаһандық мұрасына үлес қоса алады [128, 754 б.].

Көптеген ғалымның пікірінше, түркі әлемі алуан түрлі тарихы, мәдениеті және саяси дәстүрлері бар көптеген этносты біріктіреді. Түркі халықтарының саяси мәдениетінің негізгі аспектілерінің бірі – ұлттық бірегейлікті нығайту. Бұл өз ұлтына, тіліне, тарихына және мәдениетіне деген құрмет ұлттық бірегейлікті нығайтуда жаһандық кеңістікте танылатын тұтас ұлтты қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Түркілердің саяси ойлауында патриотизм мен отанға деген сүйіспеншілік маңызды мәнге ие. Бұл құндылықтар жастардың санасына әсер етіп, елінің болашағы үшін жауапкершілік сезімін оята алады. Бірқатар түркі елдерінде демократиялық идеялардың жастардың саяси санасына әсері байқалады. Бұған азаматтық қоғамға қатысу, адам құқықтарын қорғау және демократиялық институттарды дамытуға ұмтылу кіреді.

Дәстүрлі түркі құндылықтары аға ұрпаққа және дәстүрлі құндылықтарға құрмет көрсетуге ерекше мән береді. Бұл аға ұрпақтың құндылықтары мен даналығын жеткізу арқылы жастардың санасына әсер етуі мүмкін.

Жаһандану және мәдениетаралық өзара әрекеттесу жағдайында түркі жастары басқа мәдениет өкілдерімен идеялар мен тәжірибе алмасу арқылы саяси құндылықтарды қабылдап, оларға әсер ете алады. Түркі қоғамдарының әртүрлілігін ескере отырып, түркілердің саяси құндылықтары мен олардың жастарға әсері жайында көбірек зерттеу жүргізу түркі әлемі ғылымындағы маңызды міндеттердің бірі деп есептеу керек.

Түркі халықтарының саяси құндылықтарын қалыптастыру және дамытуда түркі тілдес мемлекеттердің де белсенді қызметтерін атап өткен жөн. Бұл қызметтер, яғни бағдарламалар, тек түркі тілдес мемлекеттер қауымдастығын құрайтын мемлекеттердің ішкі шеңберінде ғана емес, сонымен қатар халықаралық дәрежеде жүзеге асып жатқан белсенді бағдарламалар да бар.

Бұл бағдарламалардың жүзеге асуында бастамашы болған және түркі тілдес мемлекеттердің мүше болған ең маңызды ұйым – Түркі Мемлекеттері Ұйымы. Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Түркия елдерінің одағынан тұратын Түркі Мемлекеттері Ұйымы түркі әлемінің ортақ мүдде

аясында бірігуінде көптеген бастаманы көтерді және бағдарламалар сәтті жүзеге асырылып жатыр.

Сол бағдарламалардың ішінде түркі халықтарының саяси құндылықтарын қалыптастыру және дамыту бағытындағы бағдарламалар да бар. Атап айтсақ, «Türk Dünyası 2040 Vizyonu» (Түркі әлемі келешігі – 2040), Түркі әлемінің цифрлық азаматтық жобасы (TUDVA) және Түркі әлемін цифрландыру және жастар ұйымы (TDDGT).

Осы бағдарламалардың ішінде ең маңыздысы «Türk Dünyası 2040 Vizyonu» (Түркі әлемі келешігі – 2040) стратегиялық бағдарламасы түркі тілдес елдердің түрлі салаларда интеграциялануын қамтиды. Бұл бағдарлама түркі халықтарының аймақтық деңгейдегі қажеттіліктерге негізделген және Түркі Мемлекеттері Ұйымына мүше елдердің жаһандану үдерісіндегі пайда болған қиындықтарға қарсы қорғануда маңызды рөл атқарады [129].

«Түркі әлемінің цифрлық азаматтық жобасы» (TUDVA) «Түркі әлемі келешігі – 2040» бағдарламасы аясында дайындалған жоба және түркі тілдес халықтарының ең көп қатысқан әлеуметтік-мәдени жобасы болып саналады. Түркі әлемінің цифрлық азаматтығы жобасының (TUDVA) негізгі мақсаты – түрлі географиялық кеңістікте тұратын түркі әлемінің жастарын бір цифрлық платформада біріктіру және осы арқылы цифрлық азаматтық сананы қалыптастыруды көздейді.

Түркі әлемінің цифрлық азаматтығы жобасының негізгі мақсаттары ретінде мәдениеттің жалпы және негізгі құндылықтарын меңгеруде, дағдыларды дамытуда (топпен жұмыс, көшбасшылық,т.б.), Түркі әлеміне қатысты мәселелерді талдауда, Түркі әлемі одағының құрылуы мен болашағы туралы талқылауларда қолдау көрсетуге бағытталған. Бүгінгі таңда «Түркі әлемінің цифрлық азаматтығы» жобасының жұмысы сәтті басталып, түркі тілдес мемлекеттер тарапынан белсенді қолдау тауып, атқарылған қызметтер оң нәтижелерін бере бастады [67, 74 б.].

Түркия тарапынан жүргізіліп отырған халықаралық жобаның тағы бір түрі «Түркі әлемін цифрландыру және жастар ұйымы» (TDDGT). Бұл технология, ғылым, мәдениет және өнер салаларында жобалар жасайтын және «Жүректер бірлігі» қоры аясында жұмыс істейтін халықаралық жастар ұйымы. Түркі әлемін цифрландыру және жастар ұйымы ұсынылған жобаларға референттік ұйым болуды мақсат етеді және жастардың цифрлық әлем, технология, мәдениет пен өнер туралы хабардар болуы мен білімін арттырудағы жалғастыруды қолдайды [67, 75 б.].

Бұл бағдарламалар жастар саясатын интеграциялық деңгейге шығарып, құндылықтық бағдар қалыптастыру арқылы түркі жастарына әсер етеді, яғни оларды ортақ мәдени, саяси және цифрлық кеңістікке біріктіруді көздейді. Әсіресе «Türk Dünyası 2040 Vizyonu» мен TUDVA жобасы жастардың цифрлық азаматтық санасын дамытып, оларды трансұлттық деңгейде коммуникацияға, ынтымақтастыққа және ортақ мәселелерді талдауға тарту механизмі ретінде қызмет етеді. Ал TDDGT секілді ұйымдар жастардың технология, мәдениет және білім салаларындағы белсенділігін арттыру арқылы олардың заманауи

құндылықтық бағдарларын қалыптастыруға институционалдық негіз бола алады.

Жүзеге асып жатқан жобалардың негізгі мақсаты – Түркі халықтарының ортақ тұлғасы Ысмайыл Ғаспыралының «Dilde, fikirde, işte birlik!» («Тілде, ойда, істе бірлік» ұранын жүзеге асыруға бағытталған.

Дүниежүзілік өркениет тарихында түркі дүниесінің құндылықтары маңызды мәнге ие. Тамыры бір, тілегі ортақ түркі халықтарының – тілі, тарихы, мәдениеті, өнері мен салт-дәстүрлері негізгі біріктіруші элементтері екені даусыз. Қазіргі заманда түркі мемлекеттерінің ортақ мүдделерге бірігуі олардың түрлі салаларда интеграция сипатында жүзеге асады. Түркі тілдес мемлекеттер кейінгі отыз жыл ішінде білім беру, мәдени, саяси және экономикалық ынтымақтастықты дамыту бойынша түрлі Меморандумдарға қол қойып, аталған салаларда өзара ынтымақтастық қызметтерін сәтті жүзеге асырып келеді [130.].

Түркі тілдес мемлекеттердің ең басты екі көшбасшысы ретінде Қазақстан мен Түркия арасында сауда, инвестиция, өндіріс, логистика, білім және ғылым, инновация, жаңа технологиялар, ауыл шаруашылығы, банк қызметтері және т.б. салаларының ынтымақтастығын қамтитын «Жаңа Синергия» ортақ бағдарламасы бекітіліп, бұл бағдарлама жұмысы да оң нәтижелерін берді [131].

Осындай бағдарламалар нәтижесінде елдердің өзара ынтамақтастығы артып, қоғамдық санада елдердің туысқандық сезімі оянып, ортақ құндылықтардың қалыптасуына ықпал етеді.

Түркі халықтарының саяси құндылықтарының жастар санасына әсер етуінің негізгі тенденциялары мен заңдылықтарын анықтау әртүрлі факторлардың үйлесімін жүйелі талдауды қажет етеді. Төменде осы контексте анықтауға болатын негізгі бағыттар мен үлгілер берілген:

1. Ұлттық бірегейлік – түркі халықтарының саяси құндылықтарының әсері жастар арасында ұлттық бірегейлікті нығайтуға бағытталған. Жаһандану және мәдени әралуандылық жағдайында жастардың ұлттық бірегейлігін сақтауға деген ұмтылысы бар екенін байқауға болады.

2. Патриотизм және азаматтық ұстаным – Түркі халықтарының саяси құндылықтары жастардың патриоттық сезімін және белсенді азаматтық ұстанымын оята алады. Қалыптасқан ұлттық патриотизмді жастардың қоғамдық-саяси өмірге белсене араласуымен және мемлекеттік бастамаларды қолдауымен байланыстыруға болады.

3. Дәстүрлермен және мәдени мұралармен өзара әрекеттесу арқылы құндылықтардың ықпалындағы жастар мәдениетті, салт-дәстүрлерді және тілді сақтауға және таратуға қызығушылық танытуы мүмкін.

4. Демократиялық құндылықтарды дамыту арқылы түркі қоғамдарында сөз бостандығы мен адам құқықтарын құрметтеу дағдыларын қалыптастыруға деген жетістіктер бар. Осы құндылықтармен өскен жастар азаматтық белсенділік танытып, қоғамдық қозғалыстарға қатысып, демократиялық институттарды жақсартуға ұмтыла алады.

5. Халықаралық қатынастар аренасында түркі халықтарының саяси құндылықтары халықаралық қатынастарға, соның ішінде көршілер мен серіктестерге деген белгілі бір көзқарасты қалыптастыра алады.

6. Сыбайлас жемқорлықпен және әлеуметтік әділетсіздікпен күресу де түркі халықтарының саяси құндылықтары ретінде қабылданған қоғамдарда жастар сыбайлас жемқорлыққа қарсы әлеуметтік бастамаларды белсенді түрде қолдай алады.

7. Біріктіру және әлеуметтік инклюзия – түркі халықтарының саяси құндылықтары жастар арасында қоғамдастық пен бірлік сезімін қалыптастыруға ықпал ететін және ортақ саяси құндылықтарды қолдайтын және толеранттылық пен ынтымақтастыққа бағдар беруші элемент ретінде бағаласа болады.

Түркі әлемі әртүрлі мәдениеттер мен контекстерді білдіретінін және саяси құндылықтардың әсері нақты ел мен қоғамға байланысты әртүрлі болуы мүмкін екенін атап өткен жөн.

Түркі халықтарының саяси құндылықтарының жастар санасына әсері жайындағы ғылыми зерттеулер кең және сан алуан білім көзқарастарды қамтиды.

Мәдени бірегейлікті сақтауға және нығайтуға бағытталған түркі халықтарының саяси құндылықтары жастардың өзіндік санасы мен ұлттық болмысына деген мақтаныш сезімін қалыптастыруда шешуші рөл атқара алады. Мәдени бірегейлікті сақтау ұлттық тәрбиенің маңызды идеяларының біріне айналды.

Демократиялық идеялар мен азаматтық белсенділікті дамыту арқылы ұлттық бірегейлікті нығайту мемлекеттің жастар саясатын қайта қарауға мүмкіндік береді. Түркі халықтарының саяси құндылықтарының идеяларын дамыту жастар арасында демократиялық наным-сенімдерді дамытуға және қоғамдық-саяси өмірге белсенді қатысуға ықпал ете алады және қоғамдағы демократия идеяларының дамуы мемлекетаралық ынтымақтастықты жақсартуға көмектеседі.

Тақырыпқа байланысты зерттеу еңбектерінде қоғамдағы кейбір құндылықтар жастардың өз құндылықтарымен сәйкес келмеген жағдайда сыншыл және төзімді болу дағдыларын қалыптастырудың маңызы зор екенін атап көрсетеді.

Зерттеушілер түркі халықтарының саяси құндылықтарының ықпалындағы жастардың сана-сезімін қалыптастырудағы білімнің рөліне де назар аударып, оқу орындарының жастардың осы құндылықтарды қабылдауын қалай кеңейте алатынын немесе шектейтінін анықтауда.

Кейбір зерттеушілер түркі халықтарының саяси құндылықтарының әлеуметтік өзгерістер мен трансформацияға, әсіресе, жаһандық сын-қатерлерге бейімделу мен жаңашылдыққа ұмтылу контексінде қалай әсер ететінін талдауға назар аударады.

Кіндік Азиядағы түркі тілдес мемлекеттер тәуелсіздігін қалпына келтірген уақыттан бастап түрлі салаларда өзара интеграциялану үдерісі ақылы біршама

оң нәтижелерге қол жеткізді. Бұл кезең аралығында түркі тілдес мемлекеттері ынтымақтастығы нығайып, стратегиялық әріптестік деңгейіне көтерілді.

Түркітілдес халықтарының тілінің, мәдениеті мен дәстүрлерінің ортақтығын негізге ала отырып, ғылым мен техника, білім беру, мәдениет, жастар, спорт және туризм секілді салаларда ынтымақтастығының дамуы түркі халықтарының ортақ құндылықтарын қалыптастыруға ықпал етеді деп тұжырымдаймыз.

Түркілік саяси құндылықтардың қазіргі жастар санасына ықпал ету тетіктерін тарихи сабақтастықта қарастырғанда, Орхон-Енисей жазбалары мен «Құтадғу білік» еңбектерінде қалыптасқан құндылықтар жүйесінің аксиологиялық, функционалдық, когнитивтік және саяси деңгейлерде қайта жандануы байқалады дей аламыз. Аксиологиялық қырынан алғанда алдыңғы тарауда көне жазбаларда кездесетін «ел», «жер», «әділет», «бірлік» ұғымдары бүгінгі жастар үшін де құндылықтық бағдар екені көрінеді; функционалдық деңгейде олар білім беру, мәдени бағдарламалар, жастар ұйымдары мен цифрлық платформалар арқылы нақты әлеуметтік тәжірибеге енгізіліп, интеграйиялық жобаларға айналып жатқанын көреміз. Ал, когнитивтік деңгейде жастар бұл құндылықтарды тарихи мұра ретінде ғана емес, қазіргі әлемді түсіндіру құралы ретінде қабылдап, өз дүниетанымына бейімдейді, саналы деңгейде тарихи құндылықтардың сабақтастығын бойына сіңіреді. Ал саяси деңгейде әділет, еркіндік, бірлік секілді ұғымдар жастардың азаматтық позициясын, қоғамдық белсенділігі мен саяси бағалау қабілетін қалыптастырудың негізгі категорияларына айналып отыр.

Осы тұрғыдан алғанда, түркі әлеміндегі заманауи бағдарламалар мен бастамалар (интеграциялық стратегиялар, цифрлық азаматтық жобалар, жастар ұйымдары) тарихи құндылықтарды жаңа технологиялық және институционалдық форматта жеткізудің нақты механизмдері ретінде көрінеді. Бұл процесте Ысмайыл Ғаспыралының «Dilde, fikirde, işte birlik!» ұраны кездейсоқ таңдалған символ емес, керісінше аксиологиялық (ортақ құндылық), когнитивтік (ортақ ойлау кеңістігі), функционалдық (бірлескен әрекет) және саяси (интеграциялық бағдар) деңгейлерді біріктіретін тұжырымдамалық өзек қызметін атқарады. Соның нәтижесінде түркілік саяси құндылықтар жастар санасында тек тарихи мұра ретінде емес, қазіргі жаһандану жағдайында бағыт-бағдар беретін, біріктіруші және әрекетке итермелейтін жанды жүйе ретінде көрініс табады.

3.2 Қазақстан Республикасындағы ұлттық саяси құндылықтарды қалыптастыру беталыстарының тарихи-мәдени платформаларын қайта құрылымдау бағдарлары

Жеке құндылықтар саяси құндылықтарды ұйымдастырады және үйлестіреді. Жеке тұлғада саяси құндылықтардың қалыптасуында қоғамдағы өзгерістер әсер етеді. Яғни, жеке тұлғалардың құндылық басымдықтарында

кейбір өзгерістер көрініс тауып, соған сәйкес жеке тұлғаның осы құндылықтарға қатысты көзқарасы қалыптасады. Жеке адамдардың саяси құндылықтарын қалыптастыру үшін отбасы, дәстүр, білім, ел саясаты, халықаралық оқиғалар, экономикалық жағдай сияқты көптеген фактор тоғысады. Қоғамның әрбір мүшесінің дағдылары, яғни, оқыған газеті, көретін телебағдарламасы, митингілер мен жиналыстарға қатысуы секілді дағдылары адамдардың саяси құндылықтар бағытын айқындайды.

«Саяси құндылықтар» ұғымы либералдық және социалистік саяси ойлардың пайда болуымен байланысты 19 ғасырда қолданыла бастады. Адамзат тарихындағы көзқарастардың және мінез-құлықтардың өзгеруі қоғамдарды саяси өзгерістерге алып келді. Құндылық басымдықтарының бұл өзгеруі саясаттанудағы құндылықтар мәселесінің өзектілгін арттырды. Бүгінгі таңда саясаттануда құндылықтарды зерттеу екі кезеңде бөлінеді. Бірінші кезең – саяси мінез-құлықты зерттеу. Бұл бағыт алғашқы үдерісті саяси мәдениетпен түсіндіруге тырысты. Саясаттану саласында құндылық зерттеулерінің артуына ықпал еткен екінші кезең – Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі саяси көзқарастар мен мінез-құлықтардың өзгеру кезеңіне сәйкес келеді [132, 121 б.].

Саясаттану саласындағы саяси құндылықты зерттеу Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін маңызды бола бастады. Г. Алмонд пен С Вербаның «Азаматтық мәдениет» еңбегі осы саладағы алғашқы зерттеулердің бірі болған еді. Бұл зерттеуде Г. Алмонд пен С. Верба азаматтық мәдениет түсінігі әртүрлі саяси жүйелерді түсіну үшін қажет екенін айтады. Азаматтық мәдениет – бұл сенім, саяси өмірге қатысу, өзгелерге төзімділік секілді демократиялық институттардың қызмет етуіне жағдай жасайтын құндылықтар жүйесін білдіреді. Олардың ойынша, тұрақты демократия үшін әр халықтың өзіне тән құндылықтар жүйесінің маңызы зор. Қазіргі уақытта оны дамытудың ең маңызды құралы білім беру ісі [133, 486-487 бб.].

Дегенмен, қазіргі кезеңнің өзінде саяси құндылықтардың мәнін ашатын нақтыланған теория жоқ. Саяси аренадағы құндылықтар екі ерекше құндылыққа – бостандық пен теңдікке бағытталған. Бұл құндылықтар, мысалы Рокичтің пікірінше, «Құндылықтар туындауы керек немесе пайда болуы керек моральдық принциптерге немесе идеалдарға жатады. Саяси құндылықтардың мысалдарына «әділдік», «еркіндік», «адам құқықтары», «теңдік» және «толеранттылық» жатады» [132, 121-122 бб.]. Саясаттанушылар негізінен «негізгі саяси құндылықтар» деп атайтын саяси саладағы категорияларды: эгалитаризм, адам құқықтары, нәсілшілдік және шектеулі билік секілді ұғымдарды жатқызады. Басқа бір көзқарас бойынша, сайлауды еркін ортада өткізу, сөз бостандығы мен демократияның сабақтастығы сияқты түсініктер саяси құндылықтар ретінде қабылданады.

Саяси құндылықтар жөнінде түрлі пікірлер бар екенін атап өткеніміздей саяси құндылықтарды құрайтын элементтері туралы да көзқарастар сан алуан. Кейбір саяси құндылықтарды анықтау бойынша жүргізілген зерттеуге сәйкес, негізгі саяси құндылықтар: «жүйе», «адам құқықтары», «діни өмір» және «экономикалық саясат» қатысты құндылықтар. Басқа бір зерттеуде құқық

тәртібі, дәстүрлі мораль, теңдік және еркін кәсіпкерлік, жеке бас бостандығы, қатаң патриотизм сияқты терминдер саяси құндылықтардың бір бөлігі екені айтылған [132, 122 б.].

Құндылықтар басқа салалардағы сияқты саясаттануда да дұрыс пен бұрысты таңдауға мүмкіндік береді. Алайда құндылықтарды меңгеру үдерістері әрбір жеке тұлғада бірдей бола бермейтіндіктен және саясаттанудағы ақиқат кейде субъективті болуы мүмкін болғандықтан, индивидтердің саясилану үдерістері мен деңгейлері де әр түрлі болды. Нәтижесінде қоғамды әртүрлі саяси көзқарастарымен ерекшеленетін саяси тұлғалар қалыптасады.

Жеке адамдар немесе топтар арасындағы саяси құндылықтардағы айырмашылықтар түрлі факторларға байланысты әртүрлі сипатқа ие болды. Саяси партиялар жүйесі дамыған елдерде саяси партияларға мүшелік арқылы пайда болған құндылық айырмашылықтары бойынша бөліну көрініс тапқан. Бірақ белгілі бір кезеңдерде жеке адамдар немесе топтар арасындағы айырмашылықтар терең алауыздыққа, тіпті қақтығыстарға дейін дамып, нәтижесінде бұл айырмашылықтар тұрақты сипатқа ие болып, әлеуметтік мәселеге айналған қоғамдар да бар.

Құндылықтар адамдардың жеке және әлеуметтік ерекшеліктерімен байланысты және оларда көрініс табады. Сондықтан саяси құндылықтар жеке адамдардың саяси көзқарастарымен де байланысты. Сайлауда сайлаушылардың дауыс беру тәсілі адамның партиялық жеке басына және кандидаттың имиджіне байланысты, ал идеология, құндылықтар немесе белгілі бір саясатқа көзқарастар бейсаналық түрде болады. Ол жеке тұлғалардың саяси бағдарында рөл атқарады.

Басқа анықтамаға сәйкес, саяси құндылықтар саясат пен қоғамға қатысты кеңінен қолданылатын және тұрақты мақсаттар ретінде анықталады. Бұлар да жеке құндылықтар сияқты маңыздылық деңгейі бойынша әр адамда әр түрлі болады. Осы анықтамалардың барлығын бірге назарға алғанда, саяси құндылықтарды «жеке адамның саяси өмірді түсіну кезінде алатын пікірлерінің, көзқарастарының, ойлары мен әсерлерінің жиынтығы» деп түсіндіруге болады [132, 122 б.].

Жеке құндылықтарды идеологияның негізі ретінде пайымдауға болады. Құндылықтар мен идеология – бұл адамдардың саяси қалауына әсер ететін екі негізгі субъективті элемент болып есептеледі. Демократиясы дамыған мемлекеттерде жастардың саяси белсенділігінің артуына саяси партиялардан басқа, көптеген үкіметтік емес ұйым және студенттік бірлестік саяси идеяларды кеңірек топтарға жеткізуде белсенді рөл атқарады.

Саяси құндылықтар адамдарды саяси әрекеттер арасында таңдау жасауға бағыттайды. Демократияның негізгі құндылықтарының бірі болып табылатын дауыс беру де халықтың саяси құндылықтарының айқын көрінісінің өзегі деуге болады.

Үкіметтік емес ұйымдар – адамдар мен табиғат қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ерікті түрде бірігетін жеке адамдар құратын бірлестіктер, қорлар, т.б. ұйымдар. ҮЕҰ қоршаған ортаны қорғаудан мүгедектерді қолдауға дейін, кемсітушілікпен күресуден кедейлікті азайтуға дейін, адам құқықтарының

бұзылуының алдын алудан мәдени және өнер саласындағы іс-шараларға дейін көптеген салада жұмыс істейді және әсіресе мемлекет қол жеткізе алмайтын жерлерде қатысу арқылы әлеуметтік жеңілдіктер береді.

Бірегейлік әртүрлілігі (саяси, әлеуметтік, этникалық) бар қоғамдарда бірлік, ынтымақ пен әлеуметтік келісімді қамтамасыз ету үшін адамдарды біріктіретін ортақ құндылықтар қажетті фактор болып табылады.

Толеранттылық құндылық ретінде қоғамдық бірлікті қамтамасыз ету тұрғысынан маңызды болса, теріс нәтижеде әлеуметтік поляризацияны көрсетеді. Өйткені әлеуметтік поляризацияның басты себептерінің бірі – адамның өзі мен әртүрлі ұлттық, нәсілдік, діни немесе саяси топтардың мүшелері арасында қабылдайтын «әлеуметтік қашықтық» және жеке адамдар арасындағы айырмашылықтар мен теңсіздіктердің жоғары деңгейін сипаттайды.

Дін феномені өзіндік құндылық қана емес, сонымен қатар жеке адамдардың мінез-құлқына әсер ететін құндылықтардың қайнар көзі болып табылады. Көптеген қоғамда бұқара халықтың көпшілігі белгілі бір дінмен байланысты екенін ескерсек, қатысушылардың діни құндылықтары олардың саяси өміріне ықпал етуі мүмкін деп айтуға болады. Дін мәдениет пен қоғамның барлық дерлік аспектісін қозғайтын және қалыптастыратын ең көрнекті және кең ауқымды әлеуметтік институттардың бірі.

Діннің саяси салаға әсер ететін институционалдық жағдайлары да бар. Мысалы, Америка Конституциясында Конгресс пен дін арасындағы қарым-қатынас заңмен анықталады. Дін мен мемлекет арасындағы қарым-қатынасқа қатысушылардың көзқарастары олардың көптеген саяси, діни және әлеуметтанулық құндылықтарын көрсететін маңызды зерттеу саласы.

Жоғарыда айтылғандай, адамның саяси қатысуына көптеген фактор әсер етеді. Ең алдымен, жеке адамдар саяси әрекетке қатысу үшін оларды ынталандыратын жағдай туындауы керек. Экономикалық өркендеуге қол жеткізген жеке тұлғаның саяси қатысу деңгейі кедейліктегі жеке тұлғамен бірдей болмауы мүмкін немесе өмірінің белгілі бір кезеңінде кемсітушілік ұшыраған жеке тұлғаның саяси қатысуын өткермеген жеке тұлғаның саяси қатысуының ұстанымдары әртүрлі болуы мүмкін.

Осы тұрғыдан нидерландтық ғалым Берт Кландерманс адамдарды саяси қатысуға итермелейтін мотивтерді үш топқа бөлді: құралдық, бірегейлік және идеология. Құралдық саяси ортаға әсер ету әрекеті ретінде әрекетке қатысуды жатқызады. Бірегейлікті әрекетке қатысуды топпен сәйкестендірудің көрінісі ретінде көрсетеді. Басқаша айтқанда, ол ұжымдық тұлғаны сезінумен байланысты. Үшіншісі, саяси оқиғаларға қатысуда мағынаны іздеу және өз көзқарасын білдіру ретінде – идеологияны жатқызады [134].

Кландерманстың пайымдауынша «Кейінгі онжылдықтарда бірегейлік ұғымы наразылықтың әлеуметтік психологиясында барған сайын орталыққа айналды. Ұжымдық бірегейлік саясаттандырылған ұжымдық бірегейлік, дуальді бірегейлік және бірнеше бірегейлік наразылықтың әлеуметтік психологиялық динамикасын түсінуге және сипаттауға көмектесетін ұғымдар. Наразылыққа қатысу контексіндегі бірегейлік үдерістері туралы теория жасауға болады:

топтық бірегейлік әлеуметтік бірегейлік пен ұжымдық бірегейлік арасындағы байланысты қалай орнатады, көптеген бірегейлік пен қосарланған бірегейліктер наразылыққа қатысуға қалай әсер етеді және ұжымдық бірегейлік қалай саясаттанады және радикалданады. Осы дәлелдерді Нидерланды мен Испаниядағы фермерлер, Нидерланды мен Нью-Йорктегі түрік және марокколық иммигранттар, Оңтүстік Африка азаматтары зерттеу топтарына жүргізілген көше демонстрацияларына қатысушылар арасындағы ұжымдық әрекетке қатысу туралы зерттеулердің нәтижелерімен суреттеуге болады» [135].

«Ұлттық құндылықтар академиясы» қоғамдық бірлестігі 2023 жылдың 1 сәуірі күні әл-Фараби атындағы кітапханада «Ұлттық құндылықтар: саралау, жүйелеу, негіздеу» тақырыбында Ғылыми кеңес өткізген болатын. Ғылыми кеңесте «Ұлттық құндылықтар академиясы» қоғамдық бірлестігі әзірлеген Ұлттық құндылықтардың жүйесі талқылауға ұсынылды.

Ұлттық құндылықтар академиясы» қоғамдық бірлестігі ұсынған құндылықтар жүйесі Адам, Отбасы, Отан, Тіл, Руханият, Білім, Еңбек, Табиғат деген сегіз құндылықтан тұрады және ішкі құраушылары мен мазмұны айқындалады [136].

1. Қазақстан Республикасының Конституциясының Бірінші бабының 1 тармағында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп көрсетілген [137]. Яғни, мемлекет үшін ең үлкен құндылық – Адам. Мемлекеттің басты саясаты адамдардың игілігіне бағытталған.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты XXXIII сессиясындағы баяндамасында: «Биліктің барлық тармағы адамның заңды мүддесін, құқығы мен еркіндігін қорғауға және оны ілгерілетуге негізделген жаңа жүйе бойынша жұмыс істей бастады. Біз әділдік, инклюзивтілік, прагматизм қағидаларына негізделген және халықтың әл-ауқатын арттыруды көздейтін жаңа экономика үлгісіне көшіп жатырмыз.

Осылайша, әр азаматтың бақуатты өмір сүруіне барлық жағдай жасалып, тең мүмкіндіктер берілетін мемлекет құрамыз. Қазақстанда бұрын-соңды мұндай ауқымды реформа жасалмаған. Бірақ бұған тоқмейілсіп отыруға болмайды, реформаны сапалы жүзеге асыра беруіміз керек» – деп мемлекеттің негізгі мақсаты Қазақстан азаматтарының бақуатты өмір сүруіне жағдай жасау екенін баяндады [138].

Өкінішке қарай, қазіргі күнге дейін, біздің елімізде адамның өмір сапасы тамаша дей алмаймыз. Қазақстанда жол-көлік апатынан қайтыс болу мүмкіндігі Еуропа елдеріне қарағанда 11 есе көп, жыл сайын 10 мыңнан аса адам опат болады. Өндірістегі апаттар 200-ге тарта адамның өмірін жалмайды. Өрттен, суға кетуден т.б. қаза болып жатқандар саны жан шошытады.

Өмір сүру ұзақтығы бойынша Қазақстан әлемдік рейтингте 152 орында (CIA World Factbook 2023 жылғы мәліметтері) [139].

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, еліміздегі кедейлер үлесі 5,1%. Мұның барлығы азаматтарымыздың өмір сапасы бағытында қаншама жұмыс жүргізілу қажетін көрсетеді.

«Адам» құндылығының келесі жүйеқұраушысы «адамшылық, ар-ождан». Бұл – адамның адамдық болмысын, табиғатын, рухани бейнесін анықтайтын адалдық, әділеттілік, абырой, ар тазалығы, жүрек тазалығы, мейірбандық, сүйіспеншілік, ізгілік, әдептілік, парасаттылық, ынсап, қанағат, рақым, ақ ниет, кең пейіл т.с.с. асыл қасиеттердің жиынтығы. Абайдың сөзімен айтқанда, «жылы жүрегі».

Бұл туралы Шәкәрім Құдайбердіұлы: «Өмірдің өкінбейтін бар айласы, Ол айла-қиянатсыз ой тазасы. Мейірім, ынсап, әділет, адал еңбек,Таза жүрек, тату дос – сол шарасы» деген еді [140].

Білім мен тәрбиенің, адамның өмірлік қаракеті мен ұстанымдарын көкірек көзін ашып, хикмет кеудесінің өлшеусіз әлеуетін пайдалануға бағыттау – жасампаз және әділетті қоғамды орнатудың алғышарты. Керісінше, нәпсінің ырығында кетіп, дүниелік мақсаттарға әсіре елігу адам бойында дүниеқоңыздық, арамдық, сатқындық, жемқорлық, дарақылық, қулық-сұмдық, пасықтық, жағымпаздық, екіжүзділік т.с.с жағымсыз қасиеттерді ұялатып, надандық пен қасіретке әкеліп тірейді.

Қожа Ахмет Ясауидың мына ой-толғамына назар аударуды ұсынуға болады: «Зұлматтың ең үлкен көмекшісі – надандық. Оның әкелген қараңғылығы залымдардың зұлымдық орнатуына ыңғайлы мүмкіндік туғызады. Міне, осыдан барып, қоғам құрдымға бет алады».

Өкінішке қарай, бірқатар кесапат құбылыстар елімізді жайлады. Transparency International ұйымы 2022 жылғы мәліметі бойынша сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексінде Қазақстан 180 елдің арасында 88-орында тұр [141].

Жемқорлық – надандықтың көрінісі. Оны еңсерудің бір пәрменді жолы әр азаматтардың сана-сезімінде адамшылық, ар-ождан құндылықтарын орнықтыру, «көкірек көзін ашып, іштегі кірді кетіру», «малым жанымның садағасы, жаным-арымның садағасы» деген халық даналығын тіршілік ұстанымына, білім мен тәрбие қағидасына айналдыру.

2. Ұлттық құндылықтың маңызды элементі ретінде «Отбасы» танылады. Отбасы құндылығы – қазақ халқының салт-дәстүрлері, қарашаңырақ, әулет абыройы, тектілік, ұрпақ үшін жауапкершілік, отбасындағы татулық пен сыйластық, ата-анаға құрмет пен қамқорлық, ата-әже, ата-ана тәрбиесі, саналы ұл-қыз тәрбиесі секілді түсініктерді қамтиды.

Отбасы – адамзаттың тірегі, мемлекеттің іргетасы, ұлағатты ұл, инабатты қыз тәрбиелеудің ұясы. Бесіктен басталатын тәрбиенің қайнар көзі. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» дегендей, елдің қуатты болуы отбасылардың берекелі болуымен тікелей байланысты.

Елімізде отбасы құндылығының құлдырауға ұшырағанын отбасылардың ажырасуы көрсеткіші бойынша Қазақстанның 114 елдің ішінде 16 орында тұрғаны көрсетеді (Ranking.KZ 2022 жылғы мәліметі) [142]. Бұл қазақ халқы

мәдениетіне жат құбылыс. Отбасындағы берекесіздік, әсіресе балалардың психологиялық жай-күйіне, әлеуметтік хал-ахуалына зор залалын тигізеді.

Қазіргі кезеңде балалар мен жасөспірімдер мінез-құлқындағы келеңсіз үрдістер мен девиантты құбылыстардың артуы отбасылық құндылықтардың әлсіреуімен тығыз байланысты деп пайымдауға негіз бар. Осыған байланысты отбасы институтын нығайту мақсатында қазақ халқының дәстүрлі құндылықтарын – қарашаңырақ ұғымын, әулет абыройын, тектілік қағидатын, ұрпақ алдындағы жауапкершілікті, отбасылық татулық пен өзара сыйластықты, ата-анаға құрмет пен қамқорлықты, сондай-ақ ата, әже, әке және ана тәрбиесінің сабақтастығын жүйелі түрде білім беру және тәрбие бағдарламаларына енгізу қажеттілігі туындайды. Бұл құндылықтарды әлеуметтік практикада тұрақты өмір салтына айналдыру тұлғаның үйлесімді дамуына ықпал ететін маңызды факторлардың бірі.

Аталған бағытта қоғамдық ұйымдар тарапынан жүзеге асырылып жатқан бастамаларды институционалдық тұрғыдан қолдау, оларды мемлекеттік саясатпен үйлестіру өзекті мәселе. Мемлекеттік қолдау тетіктері арқылы дәстүрлі отбасылық құндылықтарды жаңғырту және оларды қазіргі әлеуметтік-мәдени ортаға бейімдеу қоғамдағы тәрбиелік әлеуетті арттыруға мүмкіндік береді.

Мектеп пен ата-ана ынтымақтастығын нормативтүрде нақтылап, оқу бағдарламаларына отбасы құндылықтарын енгізу, баланың аман-саулығы мен тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігі туралы арнайы Ата-аналар кодексі немесе Заң қабылдануы қажет деп ойлаймын.

«Ұрпақ» құндылығының мәні – ұрпаққа қамқорлық пен жауапкершілік. Қазіргі кезде әрбір баланың аман-саулығы мен дамуына теңдей қолайлы жағдай жасау, құқығын қорғау – мемлекет, ата-ана, мектеп бірлестігінің басты міндеті.

Мемлекет басшысының пәрменімен бастауыш мектептің балаларын тегін тамақпен қамтамасыз ету, «Ұлттық қор – балаларға» жобасы ұрпаққа жасалған зор қамқорлық. Балаларымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оларды жаман қылықтар мен әдеттерден, компьютер, смартфон, құмар ойындарға тәуелділіктен, теріс пиғылды діни ағымдар мен экстремистік, радикал топтар ықпалынан қорғау үшін арнайы заңнамалық актілер, нақты шаралар қабылдануы қажет. Тәжікстан Республикасының «Баланы оқыту мен тәрбиелеудегі жауапкершілік туралы» Заңын [143] үлгі етуге болады.

Баланың бақытты болуының іргетасы – ұлттық құндылықтарға негізделген ізгі тәрбие, сапалы білім, кәсіби бағдар алуы, заманауи, өзін-өзі дамыту құзыреттіліктерінің қалыптасуы.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқу жүктемесінің көлемі, оқытылатын пәндердің мазмұны, олардың тәрбиелік әлеуеті мен кәсіби бағдар беру деңгейі жеткілікті дәрежеде үйлестірілмегені байқалады. Оқу жүктемесінің шамадан тыс артуы және бағдарламалардың балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келмеуі олардың денсаулығына, психологиялық-эмоционалдық жағдайына кері әсерін тигізіп, білім сапасының төмендеуіне және тәрбие жүйесінің әлсіреуіне алып келуде.

Сонымен қатар, білім беру саясатының маңызды бағыттарының бірі – балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға жағдай жасау. Осы тұрғыда еңбек, спорт, өнер, шығармашылық және танымдық қызмет түрлеріне жүйелі түрде қатысу мүмкіндіктерін кеңейту қажет. Әсіресе, ақысыз және қолжетімді үйірмелердің жеткілікті деңгейде болуы балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін маңызды әлеуметтік-педагогикалық шарт ретінде қарастырылады.

Буллинг, суицид, қатыгездік оқиғалары, NEET (Not in Education, Employment or Training. *қаз:* білім алмайтын, жұмыс істемейтін және кәсіби даярлықтан өтпейтін жастар тобы) категориясына кіретін жастардың көбеюі бүкіл мемлекеттік деңгейде шұғыл шаралар қабылдауды қажет етеді. Таңдаулы балалардың әдемі көрсеткіштеріне тоқмейілсімей, басты назарды тәрбиесінде, әлеуметтік жағдайында жайсыздық бар балаларға аудару керек. Яғни білім берудің қазіргі эксклюзив моделінен, инклюзив моделіне көшуіміз қажет.

Мұның айқын мысалы – Финляндия білім беру жүйесі, онда барлық мектепке бірдей жағдай жасалған, әрбір балаға дифференциал көзқарас, қамқорлық жүзеге асырылады.

Финляндияның білім деңгейі жоғары. Мектептер арасында нәтижелердің айырмашылығы шамалы, студенттердің барлығы дерлік уақытында бітіреді. Дайындық, орта және толық орта білім тегін, ал қосымша білімнің көпшілігі де тегін. Әрбір адам, отбасылық табысына қарамастан, сапалы білім алып, белсенді азамат болуға тең мүмкіндіктерге ие болады деп күтілуде [144].

Сенбі күндері мектептердің жабық болуы оқушылардың бос уақытының реттелмеуіне әкеліп, олардың бақылаусыз ортада болу ықтималдығын арттыруы мүмкін. Бұл девиантты мінез-құлықтың қалыптасуына алғышарттар дайындайды дей аламыз. Сонымен қатар, ата-аналардың жұмыста болуына байланысты оқушы балалардың бос уақытын институционалдық тұрғыдан тиімді ұйымдастыру өзекті мәселе болып отыр.

Осының бәрі білім беру моделін «Ұрпақ» құндылығын жүзеге асыруға бағыттау бойынша жедел және кешенді шаралар қабылдауды талап етеді.

3. «Отан» құндылық ретінде жер-ана, туған жер, атамекен, тәуелсіздік, жерұйық, өскен өлке, ауыл, отаншылдық, азаматтық борыш, т.с.с. ұғымдарды қамтиды. Отанды сүю, отанға қызмет ету және отанымыздың дамуына үлес қосу еліміздің әрбір азаматының азаматтық борышы екенін отбасы, білім беру мекемелерінде дәріптеу арқылы жастарда патриоттық сезімін қалыптастыру мақсатында түрлі іс-шаралар жүйесін жүргізу.

«Отан» құндылығы «Ел мен Жер, Отан», «Тәуелсіздік және тарихи таным», «Демократия және мемлекет» жүйеқұраушыларынан тұрады. «Ел мен Жер, Отан» құндылығы Жер-ана, кіндік қаны тамған жер, атамекен, жерұйық, өскен өлке, ауылым – алтын бесігім, елжандылық, отаншылдық, азаматтық борыш, парыз, жауапкершілік, қайраткерлік т.с.с. ұғымдарды қамтиды.

Жастардың білім алуына мемлекет тарапынан белгілі бір деңгейде жағдайлар жасалғанымен, оқу орнын тәмамдағаннан кейінгі еңбек нарығына

интеграциялану мәселесі өзекті күйінде қалып отыр. Бұрынғы кезеңде түлектерді жұмыс орындарымен орталықтандырылған түрде қамтамасыз ету және әлеуметтік қолдау тетіктері болғаны белгілі, ал қазіргі жағдайда «еңбек өтілінің болмауы» себепті жұмысқа қабылдамау, бейресми байланыстардың ықпалы және сыбайлас жемқорлық көріністері жастардың кәсіби әлеуетін іске асыруына кедергі келтіріп, олардың шетелге көшу үрдісін күшейтуі мүмкін. Бұл мәселені ескермеу ұзақ мерзімді перспективада елдің кадрлық және зияткерлік ресурстарының әлсіреуіне алып келуі ықтимал.

«Тәуелсіздік және тарихи таным» құндылығы егемен ел, саяси, идеологиялық, рухани, зияткерлік, экономикалық тәуелсіздік ұстанымдарын, тәуелсіз жасампаз сана, Алаш идеясы, ұлтжандылық, ұлттық рух, батыр бабалар өнегесі, тарихи таным мен әділеттілік, шынайы тарих тағылымдары – болашақтың іргетасы ұғымдарын орнықтырады.

«Демократия және мемлекетшілдік» құндылықтары адамның құқығы мен міндеттерін, бостандығы мен жауапкершілігін, заңның үстемдігін, әділеттілікті, саяси сауаттылық пен азаматтық белсенділікті, мемлекетшілдікті өзара байланыста қатар анықтайды.

Елімізде Әділетті Қазақстан идеологиясы аясында басқарушы және сот билігінің әділеттілігі, ашықтық, сөз бостандығы, басшы атқарушы және өкілетті органдарды халықтың тікелей сайлауы, меритократия, жемқорлықсыз қоғам орнайды деген елдің үміті зор. Биылғы жылы 22 қазанда қабылданған ҚР «Қоғамдық бақылау туралы» Заңы (№ 30-VIII ҚРЗ) демократияландырудың айқын нышаны [145].

Жастардың саяси сауатын арттыру, демократия ұстанымдарын санасына дарыту бойынша кешенді жұмыстар қажет. Мектеп басқарудағы және қарым-қатынастағы әділеттілік, ұстаздар мен мектеп басшыларының адалдығы, жемқорлықты жою, балалардың өзін өзі басқару ұйымдарын жоғарыдан түсірілген шаблонмен емес, олардың таңдау құқығын сақтай отырып дұрыс жүргізу – демократиялық сананың бастауы.

Біздің ойымызша, отаншылдық үлгісі Ежелгі Түркі Қағандығы кезінде-ақ Күлтегін ескерткішінде жазылған дәстүр, кейін Қазақ хандығы тұсында жалғасын тауып, бүгінде бұл сабақтастық ұлттың басты құндылықтарының бірі болып саналады. Отаншылдық – ең алдымен отбасына, өскен ортасына, туған жері мен табиғатына деген құрметтен басталады. Сондай-ақ Отаншылдық – бұл өз ұлтын сүю, тарихын, салт-дәстүрін және ұлтының құндылықтарын құрметтеу болып табылады.

Қазақстанның мемлекеттік егемендігінің нақты жүзеге асуы 1990 жылы 25 қазанда еліміздің Жоғарғы Кеңесі қабылдаған Қазақ КСР-нің Мемлекеттік егемендігі туралы Декларациядан басталды. Бұл құжаттың тарихи маңызы – мемлекеттік егемендікке шынайы мазмұн беруде, көп ғасырлық тарихы, мәдениеті мен қалыптасқан мемлекеттік-құқықтық дәстүрлері бар Қазақстанның төл мемлекеттілігін көрсетуде.

Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияның қабылдануы Қазақ КСР-нің қоғамдық өмірдің барлық саласындағы егемендік құқықтарын нығайту мен

кепілдендіруді, Қазақстан халқының толық саяси, әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуын қамтамасыз етуді білдірді. Декларацияға сәйкес Қазақстан Республикасында егемендіктің бірден-бір иесі және мемлекеттік биліктің қайнар көзі билікті тікелей де, өкілетті органдар арқылы да жүзеге асыратын Қазақстан халқы болып табылады.

Декларацияда жеке адамның, сондай-ақ елімізде тұратын барлық ұлт пен ұлыс өкілдерінің құқықтары мен бостандықтарын қорғауға кепілдік беретін идеялар бекітіліп, барлық конституциялық құқық пен бостандықтың, құқықтық теңдіктің және қоғам өмірінің барлық саласында тең мүмкіндіктердің кепілдігі жарияланған.

Бүгінде барша қазақстандықтарды ортақ құндылықтардың бірі – ұлттық бірлік, Отанға деген мақтаныш, оның ұлы тағдырына араласу біріктіреді. Еліміздің жас азаматтары Тәуелсіздік мұраттарын абыроймен жалғастырып, табыс пен реформалар эстафетасын жалғастыруы қажет екенін сезінуі қажет. Жас ұрпақтың бойында өз Отанына, Атамекеніне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру, халықты отансүйгіштік, табиғат пен сыртқы әлемге деген қамқорлық рухында тәрбиелеу кез келген дамуды көздеген қоғам үшін басым бағыттар болуға тиіс.

Отансүйгіштік дегеніміз бұл азаматтық сана арқылы, яғни білімді, аға буынның мәдени-тәлім мұраларын қабылдаған, туған жері мен елінің рухани-материалдық, мәдени құндылықтарын бойына сіңірген, ақыл мен парасатты жоғары, болашағы үшін жауапкершілікті сезінетін өткен мен келешек үрпақ алдындағы парызды ұштастыра білетін, ұлтжанды саналы азамат болуды талап ететін қасиет [147].

Отаншылдыққа тәрбиелеудің негізгі көздеген мақсаты – жас ұрпақты өнер-білім мен еңбекке баулу, отбасын, туған жерін, отанын құрметтеу және т.б. игі құндылықтарды бойына сіңірген тұлғаны қалыптастыру. Отансүйгіштік құндылығын қалыптастыруда ең алдымен отбасында, одан кейін білім берудің барлық сатысында дәріптеу жұмыстары жүргізілгені абзал. Отансүйгіштік сезімін жас ұрпақта қалыптастыруда тарихты оқыту арқылы, өз тарихына деген құрметті қалыптастыруға болады. Жас ұрпаққа халқымыздың айтулы тұлғаларының Отан мүддесі жолында жасаған ұлы істерін түсіндіру арқылы жастарды ұлтжанды етіп тәрбиелеуге, және олардың мемлекеттік мүдде мен мемлекеттік тәуелсіздігін жоғары қоятын тұлға ретінде тәрбиелеуге басымдық беру қажет.

4. «Тіл» құндылық ретінде әрбір ұлттың негізін құрайтын құрамдас бөлшегі.

«Тіл» құндылығы «Мемлекеттік тіл» және «Тілдік-коммуникативтік мәдениет» жүйеқұраушыларынан тұрады.

Тіл – ұлттың тұғыры, ұрпақтың ғұмыры. Мемлекеттік тіл мәртебесі – ел мәртебесі. Ана тілімізді сақтау мен дамыту – ардың ісі. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, қазақ тілі – қазақтың жаны. Қазақ тілі – титулдық халықтың ұлттық коды, Қазақстандағы жалғыз мемлекеттік тіл. Қазақ тілі – сөз қоры жағынан әлемде үшінші орын алатын айрықша тіл. Қазақ тілі –

данышпандар мен даналар тілі, шешендер мен шайырлар тілі, Алаш арыстарының араша түсіп, жанкештілік жасаған тілі.

Мемлекеттік тілге жеке дара құндылық ретінде басымдық беріп, оны барлық қазақстандықтың басты рухани құндылығына айналдыру қажет. Сонда ғана қазақ тілі ұлтаралық қатынас тіліне, ұлт пен ұлыстарды ұйыстырудың, мәдени-экономикалық прогресстің факторына айналады. Бұл үшін балабақшалар және бастауыш мектеп қазақ тілінде оқуға көшуге тиіс. «Өзге тілде сайрау қауіпті емес, өзге тілде ойлау қауіпті» деп Қадыр Мырза Әлі айтқандай, ана тілімен ойы өскен ұрпақ қана елімізге адал, жерімізге қорған азамат болары анық.

«Тілдік-коммуникативтік мәдениет» қазіргі мидай араласқан жаһандану дәуірінде өзге халықтардың тілін игеріп, тату өмір сүру, мәдени қарым-қатынас жасау, дамыған елдердің ғылымы мен білімін, технологиясын, жақсы қасиеттерін үйрену үшін, туризмді дамыту үшін аса қажет. «Ырыс алды – ынтымақ» деген дана сөзді ұстаным етіп, Отанымыздағы және басқа елдердегі ұлттармен тиімді достық құрудың амалы.

Қазақстан халқының тілдік тұрғыдан биполярлы сипатта екенін ескере отырып, мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтуге оның ішінде жастардың қазақ тіліне деген құрметін және қолдану аясын арттыруға басымдылық берілуі қажет. Қазақстан Республикасының 2023 жылындағы қабылданған Ақпараттық Доктринасында мемлекеттік тіл, тарих және мәдениет ұлттық құндылықтар ретінде танылады [148]. Мемлекеттік тіл топтастырушы фактор болып табылатынын негізге ала отырып, ақпараттық кеңістікте қазақ тіліндегі контенттердің сапасын арттыру және таралу ауқымын кеңейту жоспарланған.

Қандай да бір ұлтты ұлт ететін негізгі құрамдас бөлшегі – ол тіл, яғни тіл – ұлт үшін ең басты құндылықтардың бірі болып есептеледі.

Тіл туралы және тілдің бір ұлттың өміріндегі рөлі туралы көптеген анықтама мен зерттеулер бар. Тіл – бір ұлттың өзгелерден ерекшелейтін, ата-бабасынан мұра ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отыратын құндылық. Қазақстан жағдайында, қазақ тілін табыстың рәмізіне айналдыру үшін, материалдық және рухани әл-ауқаттың құралына айналуына жағдай жасалуы қажет. Ұлттық тілді сақтау және дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болуы керек.

Көпэтносты қоғамдағы барлық этнос сөйлейтін және өзара әрекеттесетін мұндай біртұтас тілсіз қоғамның біртұтас әлеуметтік тұтастық ретінде өмір сүруі мүмкін емес. Яғни, мемлекеттік тілсіз көп ұлтты қоғам бөліктерге ыдырап, әрқайсысының халықты біріктіретін өз тілі болады. Қоғам біртұтас ұлттық тұтастық ретінде өмір сүріп, жұмыс істеуі үшін ол біртекті, мәдени және тілдік болуы керек. Мемлекеттік тіл титулды ұлт тілі ретінде ұлтаралық немесе этносаралық қатынас тілі қызметін атқаруы қажет [149].

Тіл – ұлттық немесе этникалық қауымдастықтың айқындаушы белгісі деген идея ерте заманнан бастау алады. Американдық әлеуметтанушы және лингвист Джошуа Фишман атап өткендей, киелі үштіктегі (қасиетті халық, киелі

жер, киелі тіл) тілдің ерекше орны туралы идея библиялық дәуірдегі иудей-христиандық дәстүрден басталады.

Норвегиялық социолингвист Эйнар Хауген байыптағандай, тілдің ұлт өміріндегі анықтамасы – ұлттық қауымдастықта ауызша қарым-қатынас жүзеге асырылатын бір ғана тіл, бір лингвистикалық код болуы керек.

Этномәдени қоғамдастық үшін тіл мен тарих оның ең маңызды нышандары ретінде бір-бірімен тығыз байланыста және тоғысқан, көптеген ғасыр бойы оның нығайтқыш материалы қызметін атқарып келеді [150].

XVIII ғасырдағы американдық қоғам қайраткері Джеймс Макферсонның пікірінше, халық тілі тарихқа апаратын биік жол ғана емес, ол тарихтың өзі, барлық жетістігімен адамның көз алдында айналып өтетін өткен замандардың үні. Француз философы Этьен Фурноль 1930 жылдардың басында тіл мен тарих егіз, өйткені олар бірге қоғамның ең маңызды екі қажеттілігін білдіреді деп тұжырымдаған [151].

Адамзат қауымдарының өзін-өзі танудың ең маңызды рәмізі дін болды және болып қала береді. Халықтар дүниежүзілік діндерге қосылып, сонымен бір мезгілде, әдетте, өлі тілдер болып табылатын өздерінің қасиетті мәтіндері мен киелі тілдеріне белгілі бір дәрежеде қосылды.

Әрбір халық адамзат тарихындағы өз миссиясын анықтауға ұмтылып, қазіргі халықтар арасынан өз орнын іздейді. Ұлттың болмысы ана тілінде бейнеленіп, онымен қорғалып қана қоймайды, ана тілі – халық жанының ең маңызды бөлігі, сайып келгенде, осы жанның өзі.

Қазақ тілінің нақты мемлекеттік тіл мәртебесін алу мәселесі қазіргі Қазақстандағы барлық ұлттық мәселенің негізгі қайшылығы мен түйінді тоғысуы болып саналады.

Қазақстан Республикасында қазақ тілі мемлекеттік тіл болғанымен, қоғамдық өмірде мемлекеттік тіл түбегейлі орнықты деуге келмейді. Тілдің елеулі дамуы оның әрбір сөйлеушісі қоғам, әлем, мәдениеттер мен халықтар сұхбатына бір-бірінің қосылуын тек көрермен ретінде ғана емес, этникалық қауымдастықта белгілі бір рөл атқаратын актер ретінде де сезінуімен, табиғи қажеттіліктерді қанағаттандырудың әлеуметтік жолдарының өсуімен жүзеге асады. Күрделі тілдік жағдай жаңа қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру тетігінің күрделілігін көрсетеді.

5. «Руханият» құндылығы – «Діл, дін және дәстүр», «Рухани игіліктер және мәдениет» құрамдас компоненттерінен тұрады. Ұлттың тарихы мен мәдениеті халықтың құндылықтары ретінде танылады және бұл құндылықтарды дәріптеу қоғамда бірлік пен ортақ болашақтың контурын қалыптастырады.

Қазақ ұлтының болмысы әділдігі, ауызбіршілігі, өр мінезділігі, өнерпаздығы, шешендігі және т.б. қасиеттерімен сипатталады. Қазақ ұлт ретінде болмысына жат қылықтардан арылып, жаңа заманның талабына сәйкес жаңашылдық, өзгерістерге бейімділік, ізденімпаздық, уақытты қадірлеу, және т.б. дағдыларды қалыптастыруы қажет.

Тәуелсіздігімізді қайтарғаннан кейінгі жылдарда қоғамды мәдени тұрғыдан дамытуға байланысты бірнеше бағдарламалар қабылданып, өз

жұмыстарында сәтті нәтижелер де берді. Сол бағдарламалардың бірі – жас ұрпақтың имандылыққа, руханиятқа, ізгі адами қасиеттерді дамытуға бағыттаған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы.

«Мәдени Мұра» мемлекеттік бағдарламасы – қазақ халқының ежелгі тарихи, мәдени жене рухани әлемінің тамырларын анықтау және зерттеу арқылы ұлттық мұрамызды жанғыртуға мақсатталған. Қазақ халқының дүниежүзілік өркениетте өзіндік сипатымен танылуына мүмкіндік беретін, ұлттық санамыздын ерекшеліктерін саралау үшін ұлттық құндылықтарымызды тану және таныту атқарылуы кейінге қалдырмайтын маңызды жоба бола алды.

Бұл бағдарлама аясында ұлттық мәдениетте ерекше маңызы бар тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін калпына келтіру, археологиялық зерттеулерді жүргізу, қазақ халқының мәдени саласындағы ғылыми жұмыстарды зерттеу қамтылды. «Мәдени Мұра» бағдарлама бойынша атқарылған жұмыстар нәтижесінде зерттеу еңбектері жарияланды. «Мәдени Мұра» мемлекеттік Бағдарламасы бойынша жарияланған еңбектер жас ұрпақты ұлттық және әлемдік мәдени мұраны игеруде үлкен ресурс болып табылады. Казіргі танда белең алған жаһандық мәселелер ұлттық мәдениеттің өзіндік ерекшелігіне нұқсан келмейтіндей бұл құндылықтарды сақтау, қорғау және дамыту әрбір ұлт үшін өте маңызды және кезек күттірмейтін мәселе болып саналады [152].

Дәстүр көбінесе қоғамдар дамуындағы архаикалық құрамдас бөлік, яғни мононормалар (әдет-ғұрып, ырымдар, тыйымдар) әлеуметтік реттеуші қызметін атқарады. Дәстүр – бұл этникалық құндылықтар мен мәдени мұраны сақтау және ұрпақтан ұрпаққа ақпарат берудің генетикалық емес тәсілі. Дәстүр ұрпақтар арасындағы сабақтастық механизмі және үздіксіз қозғалыстың қайнар көзі. Жаһандану үдерісінде қоғамдардың тарихи тамырын сақтай отырып дәстүр мен заманауилықты ұштастыруды көздеуі заман қажеттіліктерінің бірі [153].

Жаһандану жағдайында ұлттық мәдениеттердің, олардың саяси және мәдени мәні бұрын-соңды болмаған өзектілікке ие болуда. Жаһандану үдерісінің салдары – қоғамды стандарттау және біріздендіру біртұтас ұлттық мәдениеттің қалыптасуына ықпал етеді. Жаһандану әртүрлі мәдениеттердің өзара әрекеттесуінде көрініс табады. Сондай-ақ ұлттық мәдениеттердің болуы бүкіл адамзатқа ортақ құндылықтарды тануға ешбір жағдайда қайшы келмейді.

Дін – халықтарды ұйымдастыратын күші бар адамзат тарихындағы ең ежелгі рухани құндылық. Жаһандану үдерісінің бір көрінісі болған ақпаттарға қолжетімділіктің нәтижесінде дүниетанымдық көзқарасы толық қалыптаспаған жастарды дәстүрлі емес діни ағымдар мен радикал топтардың ықпалынан сақтау қажет.

Қазақстан Республикасының Конституциясында нақтыланған мемлекеттік сипаттардың бірі – зайырлы мемлекет. Зайырлы мемлекеттің шарттары: азаматтардың діни наным-сенімнің таңдау еркіндігі және мемлекет пен дін істерінің бір-бірінен бөлінуі екені белгілі. Қазақстан Ресупбликасында 2024 жылдың көрсеткіші бойынша 18 конфессия аясында 3 999 діни бірлестік тіркелген (2858 – исламдық, 347 – православтық, 91 – католиктік, 592 –

протестант, 57 – Ехоба куәгерлері, 23 – Жаңа апостолдық шіркеу, 13 – Кришна санасы қоғамы, 7 – иудаизм, 6 – бахаи, 2 – буддизм, 2 – соңғы күнгі әулиелер Иса Мәсіхтің шіркеуі (мормондар), 1 – муниттер) [154].

Көріп отырғанымыздай, ең көп діни бірлестіктер көрсеткіші ислам діні бойынша тіркелген. Көпконфессиялы зайырлы қоғамда жастарымыздың ұлтымыздың тарихи діни ұстанымындағы құндылықтан ауытқымауын бақылау жалпы ұлттық міндет деп пайымдағанымыз абзал.

Білім беру жүйесіндегі зайырлылық білімнің діни қызметтен бөлініп, оқу орындарына жастарда дінге қатысты қандай да бір нақты көзқарасты қалыптастыруға тыйым салуды білдіреді. Бұл құқық тек заң талаптары аясында діни оқу орындарын аша алатын республикалық немесе облыстық мәртебесі бар діни бірлестіктерге ғана беріледі.

Қазіргі уақытта орта білім берудің оқу жоспарында міндетті түрде «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні, ал жоғары оқу орындары мен колледждердің оқу жоспарында «Дінтану» таңдау пәні бар. Бұл курстарды енгізу жастармен діни мәселелер бойынша теңгерімді тәрбие жұмысын ұйымдастыруға және олардың білімі мен деструктивті діни ағымдардың идеологиясына қарсы иммунитетін дамытуға бағытталған. Бұл жұмыс жастар арасында бар әлемдік діндер, діни нанымдар мен мемлекеттің зайырлылық қағидаттары туралы ғылыми білімді дамытуға бағытталған, бірақ бұл ешбір жағдайда қандай да бір дінді насихаттау немесе оқытуды білдірмейді.

Әлемдік тарихи тәжірибе көрсеткендей, XX ғасырдағы заманауи мемлекет зайырлы болуы керек, тек осы жағдайларда ғана елдің максималды әлеуеті мен оның серпінін жүзеге асыруға болады. Жастарға діндер туралы дұрыс ақпарат беріп, зайырлы қоғамның дәстүрлері мен мәдени нормаларына сәйкес келетін діни сананы қалыптастыруда XXI ғасырдағы білім мен ағартушылықтың тигізер пайдасы орасан.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIII сессиясындағы баяндамасында: «Біз халқымыздың рухани негізін құрметтей отырып, мемлекетіміздің зайырлы ел ретіндегі мәртебесін күшейте түсуіміз керек. Қазақстан өзінің мемлекеттілігіне және қоғамдық моралына қайшы келмейтін діни наным-сенімдердің, түрлі танымдар мен ілімдердің бәріне түсіністікпен қарайды. Бірақ біз батыстың, я болмаса басқа да көзқарас иелерінің ықпалымен төл мәдениетімізге жат әрі әлемнің дуалистік негізіне кереғар құндылықтарды насихаттаушылардың жетегіне еріп кете алмаймыз, кетпейміз де!» деген сөздері діни салаға қатысты алаңдаушылығын байқатады.

Деструктивті насихаттарға біздің еліміздегі балалар да ілесіп кетіп жүр. Сондықтан мұның зардап-залалы өте зор болуы мүмкін. Таразы басында өскелең ұрпақтың рухани жағынан сау-саламатты болу мәселесі тұр. Біздің осыған қатысты ұстанымымызға саяси ахуал да, жер жүзінде сәнге айналған жаңа үрдістер де әсер ете алмайды. Біз дәстүрлі отбасы құндылықтарын табанды түрде орнықтыра беруіміз қажет. Ислам қағидаларын өрескел бұрмалап, қатып қалған догма ретінде қабылдайтын отбасылардағы әйелдерді кемсіту, тіпті қорлау

фактілеріне ерекше назар аударған жөн. Мұндай отбасылардың тұрмыс-тіршілігі ғылым мен техниканың жетістіктеріне толы XXI ғасырдың өмір салтына мүлде үйлеспейтін сорақы тыйымдар мен тәртіптерге негізделген. Кейбір адамдар әдейі кері кетуді қалап, орта ғасырларға тән ескі таным-түсінік пен іс-әрекетке бой ұратын сияқты көрінеді» – деп еліміздегі дін ахуалына тоқтап өтті [137].

Салт-дәстүр – қандай да бір ұлттың өмір сүру қағидаларын анықтайтын құндылықтар жүйесі. Жаһандану кезеңінде, өзге мәдениеттердің ықпалының артуы әрбір ұлттың төл мәдениетін, салт-дәстүрін қорғауға қажеттілік туындатып отыр.

Ұлттық құндылықтың келесі құрамдас бөлшегі – рухани игіліктер мен ұлттық өнер. Бұлар: ауыз және жазба әдебиетінің мұралары, өнер мен мәдениет, рухани тұлғалардың өмірі мен даналық өсиеттері, тарихи жәдігерлер мен мұрағаттар, қазақ үйі, шаңырақ, ұлттық мәдениет, т.с.с. Аталған құнылықтарды жастардың санасына орнату арқылы ұлттық құндылығымыздың ұрпақтар арасындағы сабақтастық ретінде үйлесімділігін қамтамасыз етуге болады.

6. Білім құндылық ретінде адами капиталды дамытуда, оның ішінде сауатты жас ұрпақты қалыптастыруда үлкен рөлге ие. Адамзат тарихы бойынша ғажайып жетістіктерінің барлығы білім мен ғылымның нәтижесі екені белгілі. Мемлекет білім беру үдерісінде әлемдік қауымдастықта көрініс тапқан жаңашыл үдерістерден қалыс қалмай, бұл жаңашылдықтарды білім саласына ұлттық мүддеге сәйкес енгізе отырып жастардың білім саласында бәсекеге қабілеттігін қамтамасыз ету қажет.

Білім мен ғылымға басымдылық берген елдерде, ішкі жалпы өнімнен білімге бөлінетін қаржы 6-7 пайыз, ғылымға бөлінетін қаржы 4 пайыздан асса, елімізде білімге бұл көрсеткіш 3- 4 пайызды, ғылымға 0,13 пайызды құрайды екен. Көріп отырғанымыздай, бұл көрсеткіштер дамыған елдерден әлдеқайда аз. Бұл тұрғыда мемлекет шетелдік тәжірибені қолдана отырып, білім мазмұны, білім беру стандарттары мен оқу бағдарламаларын ұлттық құндылықтар тұғырысында және ұлттық мүддеге сай жүзеге асыруы керек [135].

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылдың 14 наурызында Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында сөйлеген сөзінде ұлттық құндылықтардың негізгі компоненті ретінде ұлттық тарих екенін атап өтті: «Тарихи әділдік қағидатын қатаң ұстану қажет. Біздің көрнекті тарихи тұлғаларымыз ұлықтауға әбден лайық. Сөз жоқ. Олардың есімін ел жадында сақтау – перзенттік парызымыз әрі жалпыұлттық болмысымызға тән қасиет. Кейінгі жылдары біз ұлттық бірегейлігіміздің маңызды факторы – тарих ғылымының дамуына ерекше көңіл бөліп жатырмыз. Көшпенділер өркениетінің бесігі болу дегеніміз – өз еліңнің өткенін есте сақтау ғана емес. Осылайша халқымыздың тарихы мен тарихи тұлғаларымызды ұлықтау арқылы жас ұрпаққа ұлтын сүю сезімін оятуға болады» [155].

7. «Еңбек» құндылық ретінде – халықтың әлеуметтік дамуын қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Жас ұрпақты еңбекке баулу тұлғаның әлеуметтенуінің барлық сатысында жүзеге асырылуын қамтамасыз ету қажет.

Мемлекет басышысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2024 жылғы Қазақстан халқына арнаған жолдауында 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады [156]. Мұндағы мақсат қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттердің бағалануын және еңбек тиімділігін арттыру, еңбексүйгіштік пен білімге ұмтылу. Еңбек – құндылық ретінде жеке табыс пен қоғамның әл-ауқатын арттырудың кепілі және кәсібилік пен құзыреттіліктің негізі болып табылады.

«Еңбек» құндылығы «Құтты білік және заманауи құзыреттілік», «Адал еңбек және жасампаздық» жүйекұраушыларынан тұрады. Ұлттық құрылтайдың ашылуында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Еңбекқорлық біздің негізгі құндылығымыз болуы қажет. Табанды еңбек – еліміздің бәсекеге қабілетін арттыратын басты формуланың бірі және бірегейі», – деді.

«Құтты білік және заманауи құзыреттілік» – Жүсіп Баласағұнның ізімен адамзатқа құт әкелетін қарекеттер. «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деп Әлихан Бөкейхан айтқандай, өз мамандарымыздың бойында еңбекқорлық, әділеттілік, жемқорлықтан адалық, заңға бағыну, уақытты ұтымды пайдалану, қоғамдық этика, басқару және қарым-қатынас мәдениеті, іскерлік, жаңашылдық, шығармашылық сияқты қасиеттер керек. Осы тұста жоғары дамыған халықтардың өнегесін аянбай үйренсек құба-құп.

Заманауи құзыреттілік – қазіргі және болшақтағы өндірістік-технологиялық ортада табысты қызмет етуге қажетті ақпараттық, технологиялық қабілеттерді, заманда болашақтағы мамандықтарды игеру, креативті, іскер және икемді болу.

«Адал еңбек және жасампаздық» – даму мен жетістіктің бастауы, табысқа жетудің кілті. Еңбек – адамзаттың асыраушысы, халықтың әл-ауқатын көтеруші, адами қасиеттерімізді жетілдіруші, ақыл-ойымызды, санамызды толықтырушы, біліктілігімізді арттырушы, шығармашылығымызды шыңдаушы, іскерлік қарым-қатынасқа үйретуші, денеміз бен миымызды шынықтырушы.

«Жалқаулық, көрсеқызар, ашу, мақтан, арамдық, өтіріктен – ерте сақтан. Күні бұрын жуытпа маңайыңа, есер, есірік, ынжықтық – солар жақтан» деп Философ Шәкәрім Құдайбердіұлы ескерткендей, балаларымызды жалқаулық, жеңіл пайда табу, «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүру», жемқорлық, парақорлық сияқты арсыздықтың айлаларынан алыс болуға қалыптастырғанымыз абзал.

«Баланы алты жасқа дейін хандай көтер, бетінен қақпа. Алты жастан он алты жасқа дейін құлша жұмса. Он алты жасқа толғасын досыңдай сырлас, сыйлас» дейді қазақ. Жапон мектептерінде «Гамбари ережесі» – қажырлы еңбек ету қағидаттары енгізілген: арнайы тазалаушы адамдар жоқ, бәрін оқушылар өз қолымен істеуге қалыптасқан. Бұл – нағыз еңбек тәрбиесі, жапондық еңбекқорлықтың іргетасы. Осы берік іргетаста Күншығыс елінің ғажайып жоғары технологиялары құрылуда.

Біздің елде балаларды еңбекке баулудың, олардың еңбекқорлығы мен дағдыларын қалыптастырудың жолы – арнайы қаржыландырылып, пәрменді

жұмыс атқаратын мектеп жанындағы тәжірибелік учаскелер, жылыжайлар, maker space аймақтар, оқу-өндірістік кешендер т.б.

8. «Табиғат» құндылығы жер ұғымымен мәндес. Қазақстан Республикасының Конституциясының Алтыншы бабының 3 тармағында «Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады..» деп көрсетілгендей жер, және оның ресустары халыққа тиесілі және оның пайдалануы халықтың мүддесіне сәйкес пайдалану қажет екені нақтыланған [136].

«Табиғат» құндылығы «Табиғи қазыналар» және «Экологиялық мәдениет» жүйеқұраушыларынан тұрады.

Еліміздің бір облысының аумағындай ғана жер үшін қан төгіп, жан берісіп жатқан халықтардың жайына қарап, осыншама кең байтақ, асты да қазына, үсті де қазына дархан даланы мұра етіп қалдырған ата-бабаларымызға тағзым етеміз. Бүгінгі азаматтардың да парызы, талан-таражға салып, аздырып, тоздырмай ұрпағымыздың игілігіне өткізу. Ол үшін «Туған жердің тоғайы тынысың, торғайы – туысың» деп Қадыр Мырза Әлі ағамыз айтқандай, табиғатқа қамқорлық пен экологиялық сауаттылық мәдениет құндылықтары өмір салтына айналуға тиіс.

Жоғарыда баяндалған «Ұлттық құндылықтар академиясы» қоғамдық бірлестігі ұсынған ұлттық құндылықтар жүйесі мемлекеттік деңгейде, атап айтқанда Қазақстан Республикасы Парламент Сенатында ұсынылған, 2023 жылы 20 наурыздағы Президенттің № 145 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ақпараттық доктринасында көрсетілген құндылықтар тізбесімен үйлеседі және оларды толықтырады, ғылыми біртұтас жүйеге біріктіреді.

«Ұлттық құндылықтар академиясы» қоғамдық бірлестігі ұсынған осындай құндылықтар жүйесі «Әділетті-Қазақстан – Адал азамат» идеясын жүзеге асырудың барлық саласын кешенді және өзара сабақтастықта қамтиды. Бұл құндылықтар жүйесі қоғамдық дамудың, мемлекеттік идеологияның тұғырнамасы, білім беру мен тәрбие бағдарламаларының өзегі, мәдени-әлеуметтік және кәсіби-экономикалық прогрестің кілті болып қызмет атқарады деп сенеміз.

Ұсынылған құндылықтар жүйесін тиімді жүзеге асыру үшін оны декларативті деңгейден нақты институционалдық және функционалдық тетіктер арқылы іске асыруға көшіру қажет. Бұл бағытта білім беру жүйесін қайта құрылымдау негізгі құралдардың бірі ретінде қарастырылады: оқу бағдарламаларына ұлттық және түркілік саяси-азаматтық құндылықтарды интеграциялау, тәрбие компонентіне құндылықтардың тарихи сабақтастығын ұштастыру, мектеп пен отбасы арасындағы жауапкершілікті нақты регламенттеу маңызды. Сонымен қатар, жастар саясаты білім, еңбек нарығы және әлеуметтік қолдау жүйелерімен өзара байланыста дамып, түлектердің кәсіби әлеуетін іске асыруға мүмкіндік беретін тиімді механизмдермен (тәжірибелік бағдарлама,

алғашқы жұмыс орындары, меритократиялық іріктеу) толықтырылғаны жөн деп білеміз.

Қайта құрылымдау бағдары ретінде құндылықтарды қоғамның барлық деңгейінде – отбасы, білім беру, медиа, мемлекеттік саясат және азаматтық қоғам институттары арқылы кешенді әрі функционалдық тұрғыда орнықтыру ұсынылады. Бұл үдерісте ақпараттық және мәдени саясаттың рөлі артып, ұлттық тіл, тарих, руханият және азаматтық жауапкершілік мазмұнындағы сапалы контентті кеңінен тарату қажет. Бұл жерде де түркілік саяси дүниетанымның сабақтастығын и деологиялық платформа ретінде негізге алған жөн. Сонымен бірге, әділеттілік, заң үстемдігі және ашықтық қағидаттарына негізделген басқару жүйесі жастардың саяси сенімін қалыптастыратын негізгі фактор ретінде қарастырылып, түркілік саяси-азаматтық құндылықтарды қазіргі әлеуметтік практикада нақты іске асырудың тетігіне айналдыру қажет деп білеміз.

3.3 Жастардың саяси құндылықтарын «Жаңа Қазақстан» контексінде нығайтудың қағидаттары мен перспективасы

Жастардың саяси үдерістің тәжірибесін өз бетінше түсіну және талдау күрделі екені белгілі. Жастардың саяси бағыты мен көзқарасы толық қалыптаспағандықтан әртүрлі саяси субъектілердің ықпалына оңай түсуі мүмкін. Жастар тобының өзіндік ерекшеліктерін, сана-сезімінің тұрақсыздығын және саяси бағытының өзгермелілігін ескере отырып, жастарды саяси тұрғыдан тәрбиелеу қажеттілік ретінде саналады. Сондықтан жастардың қоғамдық-саяси әлеуетін тиімді және мақсатты түрде жүзеге асыру үдерісі мемлекеттік органдардың міндеті. Жастардың идеологиялық көзқарастары мен құндылықтарын қалыптастыру арналары ретінде жастардың өкілдік органдары қызметінің маңызы зор. Бұл үшін жастар парламенттеріне, жастардың қоғамдық палаталарына, жастар үкіметтеріне және әртүрлі деңгейдегі заң шығарушы және атқарушы билік органдарының жанынан құрылған басқа да консультативтік-кеңесші құрылымдарға, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару құрылымдарына басымдық беру маңызды. Бұл шаралар жастардың мүдделерін біріктірудің оңтайлы формасы болып есептеледі.

Жастардың саяси әлеуметтену үдерісінің күрделілігі – мемлекеттік және мемлекеттік емес институттардың және жеке тұлғалардың ықпалымен жүзеге асуында. Жастардың саяси әлеуметтенуі әртүрлі институттар арқылы жүзеге асады және мұндағы жетекші орынды саяси партиялар институты алады. Саяси партиялардың жастарға деген қызығушылығы олардың маңызды электорал әлеуетіне байланысты. Кадрлық резервті қалыптастыру үшін саяси партиялар өздерінің жастар бірлестіктерін құрады, онда жастар партиялық идеологияға қосылуға және партиялық жобаларға қатысудың алғашқы тәжірибесін алуға мүмкіндік алады. Жастардың саяси әлеуметтену мәселесін зерттеудің күрделілігі жаһандану үдерістерінің күрделілігімен ерекшеленеді. Бұл үдерістің мазмұнын

жан-жақты зерттеу саясаттану, әлеуметтану, психологияның мүмкіндіктерін біріктіруді талап етеді.

Жастардың саяси құндылықтарын қалыптастыру мәселесі қоғамдық-гуманитарлық білімнің әртүрлі салаларының мамандарын қызықтырады. Жастардың саяси әлеуметтену жолында барлық әлеуметтік институттың (мемлекет, БАҚ, білім беру, қоғамдық, шіркеу) ықпалдарын біріктіру қажеттілік туындатады.

Жас ұрпақты дамытуда жастар арасында қоғамдық құндылықтарды сіңіру көрсеткіштері болып табылатын өскелең ұрпақ пен қоғам арасындағы делдал қызметін атқаратын қоғамдық жастар бірлестіктері маңызды рөл атқарады. Кеңес өкіметі кезінде жастар елдегі қоғамдық істерге белсене араласты. Бұған мемлекет тарапынан қолдау тапқан және көпшілікке қолжетімді, тіпті міндетті болып табылатын түрлі ұйымдар ықпал етті. Бүгінгі таңда жастардың қоғамдық бірлестіктері сапалы жаңа деңгейде – ең алдымен әлеуметтік субъект ретінде жастардың ерікті түрде өзін-өзі ұйымдастыру формасы ретінде қызмет етуге шақырылады.

Елімізде жастардың саяси құндылықтарын қалыптастыру қызметін жүзеге асыру барысында бірнеше қайшылықтар атап өтуге болады: жастардың саяси құндылықтарын қалыптастыруды дамыту қажеттілігі мен оның қазіргі жағдайда көрініс табуының нақты деңгейі арасындағы үйлесімнің болмауы және жастардың саяси құндылықтарын қалыптасу деңгейінің төмендігі мен жастардың қоғамдық-саяси үдеріске ықпал ету мүмкіндіктерінің жеткіліксіздігі.

Жастардың саяси құндылықтарының қалыптасуы олардың қоғамдық-саяси белсенділігінің қарқындылығына, оны жүзеге асырудың бағыты мен нақты формаларына оң әсер етеді. Жастардың саяси құндылықтарының қалыптасу деңгейі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым жастар өздерінің қоғамдық-саяси қызметінде өз идеялары мен көзқарастарын өмірде жүзеге асырылуы да жоғары болады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 16 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауында «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» тақырыбында Жаңа Қазақстанды құруды ұсынды.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев: «Жаңа Қазақстан дегеніміз – егемен еліміздің болашақтағы бейнесі. Өз елінің ертеңіне сенбеген халық мықты мемлекет құра алмайды. Бұған тарихтан талай мысал келтіруге болады. Біз келешегіміз кемел боларына және жарқын болашақты өз қолымызбен жасай алатынымызға сенеміз. Әрбір азаматтың конституциялық құқығы мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етеміз. Мемлекет пен қоғамның өзара сеніміне және құрметіне негізделген жаңа саяси мәдениетті қалыптастырамыз. Маңызды шешімдер жұртшылықтың қатысуымен ашық қабылданады. Өйткені мемлекет әр азаматтың үніне құлақ асады. Адал еңбек, озық білім және үздік тәжірибе әрдайым жоғары бағаланады. Мен жаңа Қазақстанның осындай ел болғанын қалаймын» – деп, Жаңа Қазақстан ұғымына анықтама берді [157].

«Жаңа Қазақстан» контексінде саяси құндылықтарды қалыптастыру – бұл елдің саяси жүйесін жаңғырту, азаматтық қоғамды дамыту және ұлттық

бірегейлікті нығайту үдерісінде басты рөл атқаратын маңызды бағыт. Бұл ұғым Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен енгізілген және елдегі саяси реформалар мен қоғамдық трансформациялардың негізі екені анық.

«Жаңа Қазақстан» тұжырымдамасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен енгізілген бұл ұғым елдегі саяси, әлеуметтік және экономикалық реформаларды қамтиды. Бұл тұжырымдаманың басты мақсаты – әділетті, ашық және демократиялық қоғам құру арқылы азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру. «Жаңа Қазақстан» идеологиясы елдің саяси мәдениетін жаңғырту және азаматтардың саяси санасын қалыптастыруға бағытталған ұзақ мерзімді үдеріс. Бұл контексте саяси құндылықтар демократиялық институттардың жұмысын жақсартуға, қоғам мен мемлекеттің арасындағы сенімді арттыруға, сондай-ақ тұрақты әрі әділетті қоғам құруға негіз болады.

«Жаңа Қазақстанда» саяси құндылықтар демократиялық жаңару мен реформалар арқылы қалыптасуда. Бұл үдеріс: «Заң мен тәртіп» қағидасы, азаматтық қоғамды нығайту, саяси плюрализм мен пікір алуандығы және ашық диалог пен қоғамдық бақылау бағыттары арқылы жүзеге асады.

Қазақстан қоғамында «Заң мен тәртіп» қағидасы, Әділетті Қазақстан тұжырымдамасы, заңға бағыну секілді қағидаларды саяси құндылықтар ретінде санауға болады. Қазақстан Республуликасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Әділетті Қазақстан» орнатуда «Заң мен тәртіп» қағидатын ұстану басты шарт деп атайды. Заң үстемдігі орнаған құқықтық мемлекеттегі «демократиялық құндылықтар» негізгі қағидаларының бірі болып есептеледі.

Құқықтық мемлекет – заңдар мен нормалардың жалпыға бірдей тең күші болуымен сипатталады. Әділетті Қазақстан құру үшін «Заң мен тәртіп» қағидатын қоғамда құндылықтар ретінде қалыптастыру және осы бағытта жүйелі жұмыстар жүргізу маңызды болып саналады. Қазақстан Республуликасында жүргізілген құқықтық реформалар әділеттілікті дамытуға бағытталған [142].

Атап айтсақ, 2022 жылғы маусым айындағы өзгертулер мен толықтырулар енгізілген Конституциямызда 33 бабы, яғни 1/3 бөлігіне өзгертулер енгізіліп Конституциямыз жаңа мазмұнға ие болды.

Конституциялық реформа нәтижесінде: билік өкілеттіктерін қайта анықтау, Суперпрезиденттік мемлекеттен күшті Парламенттік мемлекетке өту, Парламент палаталарының рөлін күшейту, халықтың билікке қатысуын қамтамасыз ету және азаматтардың конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында Конституциялық сот құру бағыттарына басымдылық берілді. Сондай-ақ әйел құқығын қорғауға және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған заңның қабылдануы қоғамдағы адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауды дамытуға бағытталған.

2022 жылғы Конституциямыздағы маңызды өзгерістердің бірі Конституциялық Соттың құрылуы мен Конституциялық Сот қызметін реттейтін заңның қабылдануы еді [136].

Конституциялық Сот – Қазақстан Республикасында конституционализмді дамыту, құндылық ретінде заң үстемдігін қамтамасыз ету, адам құқықтарына кепілдік беру және мемлекеттік биліктің тиімді жұмыс істеуін арттыруды

қамтамасыз етеді. Конституциялық Соттың маңызды функцияларының бірі адам құқықтарының бұзылуына жол бермеу және мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін заңдық тұрғыдан шектеу болып саналады.

Конституцияға өзгертулер енгізудегі мақсат Қазақстан Республикасының қалыптасқан саяси жүйесін өзгерту арқылы «Жаңа Қазақстанды» құруға бағытталған. Заң саласында аталған өзгерістер қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету және азаматтардың құқығын қорғау тұрғысынан маңызды шаралар болып табылады.

2026 жылы 15 наурызда өткен референдум нәтижесінде қабылданған Қазақстан Республикасының Жаңа Констиутциясында бір палаталы Парламент құрылып, оның атауы Құрылтай болып өзгерді, мұның өзі түркілік саяси дәстүрдің сабақтастығын көрсететін символизм ретінде қабылдануы тиіс. Сот жүйесі, білім мен ғылымның маңызы, цифрлық әлеует, білім берудің зайырлы сипаты мен саяси басқару жүйесіндегі өзгерістерді қамтыған Жаңа Конституция – жаңа тұрпатты қоғам құрудың заңнамалық негізі болуымен құнды.

Айта кететін жайт, саяси құндылықтардың орнығуы тек заңнамалық өзгерістермен емес, сонымен бірге қоғамдық сананың жаңаруымен тығыз байланысты. Азаматтар өз құқықтары мен міндеттерін түсінетін, сыни ойлайтын және мемлекет істерге белсене араласатын деңгейге көтерілуге тиіс. Бұл үшін қоғамдағы азаматтарда саяси сауаттылық, саяси белсенділік, саяси мәдениет және саяси сана қалыптасуына бағытталған іс-шаралар жүйесін жетілдіру қажет. Азаматтардағы аталған дағдыларды қалыптастыруда азаматтық қоғамның қызметі өте маңызды.

Саяси құндылықтарды қалыптастырудың маңызды бағыты ретінде саяси плюрализмнің қалыптасуы деп бағалауға болады. Саяси плюрализм әртүрлі саяси көзқарастар мен пікірлердің еркіндігі көппартиялы жүйенің дамуы және саяси бәсекелестіктің бар болуы қамтамасыз етілген жағдайда дамиды. Монистік дәстүрлі қоғамнан қазіргі заманғы плюралистік қоғамға өту кезінде институттар мен жеке адамдар арасындағы қарым-қатынастардың сипаты түбегейлі өзгереді. Өзгермелі қоғамда мақсат, ұтымдылықтың күшеюі құндылықтар мен мүдделердің монизмінің жойылғанын, жаңа бағыттардың плюрализмінің пайда болғанын, бірақ негізгі құндылықтар мен мүдделерге қатысты келісімнің жоқтығын білдіреді [146, 57 б.].

Ашық диалог пен қоғамдық бақылау саяси құндылықтарды қалыптастыру механизмдерінің бірі. Ашықтық пен есептілік және билік органдарының қоғам алдында ашық есеп беруі қоғамды демократияландыруда маңызды рөлі бар. Қазақстандағы Ұлттық құрылтай, қоғамдық кеңестер мен түрлі диалог алаңдары арқылы халық пен билік арасында ашық байланыс орнату – саяси мәдениеттің жаңа деңгейіне өту жолы. Қазақстандық ғалым Зәуре Сәрсенбаеваның пікірінше, Қоғамдық Кеңесте әлеуметтік-экономикалық мәселелер, саяси реформа талқыланса, Ұлттық құрылтай жалпыұлттық құндылықтар аясында қоғам бірлігінің ұзақ мерзімді сипатына қатысты түйткілдерді талқылайтын алаңға айналуы тиіс [146, 60 б.].

Азаматтық қоғам демократиялық режимнің басты шарттарының бірі ретінде белгілі және азаматтық қоғамның қызметінің дамуы қоғамның саяси мәдениетінің дамуында үлкен ролге ие. Халықтың саяси өмірге белсенді қатысуы азаматтық қоғамның қызметімен тікелей байланысты болады. Қазақстандағы жүзеге асылырып жатқан реформалардағы мақсаттардың бірі – азаматтық бастамаларға ашық болу арқылы қоғамдық пікірді ескеретін, әділетті шешімдер қабылдайтын жаңа үлгіге көшуге бағытталған. Азаматтық қоғамның дамуы арқылы саяси үдерістерде азаматтық белсенділікті арттыруға және халықтың саяси шешімдерге белсенді қатысуын арттыруға болады.

Қазақстандағы құқық жүйесіндегі реформаның басым бағыттарының бірі – халықтың билікке қатысуын қамтамасыз ету. Бұл бағытта азаматтық қоғам халық пен билік арасындағы байланысты қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында Мемлекет басшысы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын ұсынған болатын. Қазақстан Республикасының азаматтық қоғамды дамытуға бағытталған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет тұжырымдамасы» қабылданған.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» немесе «Listening State» («Құлақ асатын/еститін мемлекет») – бұл билік пен азаматтардың өзара әрекеттесуі, азаматтардың талаптары мен қажеттіліктерін назар аударатын мемлекеттік саясат тұжырымдамасы.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы азаматтармен кері байланыс пен қоғамдық пікірді мойындауға негізделген. «Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің» негізгі компоненттері: ашық байланыс арналарын құру, белсенді өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету, шешімдерді ашық қабылдау, кері байланыстың тетіктерін құру, саясатты бейімдеу, деректерді жинау және талдау, мәдени сезімталдық және инклюзивтілік болып табылады.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы демократиялық қоғам құруға ықпал етеді. «Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің» қазақстандық моделі мемлекет пен азаматтар арасында байланыс арналары арқылы жұмыс істейді. Атап айтсақ: мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын қамтамасыз ететін «Ашық деректер» data.egov.kz, мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор ұйымдарына өтініштер қабылдайтын «Ашық диалог» dialog.egov.kz, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын талқылайтын «Ашық НҚА» legalacts.egov, бюджеттік үдеріске азаматтық қатысу арқылы бюджет қаражатын бөлудің ашықтығын қамтамасыз ететін «Ашық бюджеттер» budget.egov.kz/, мемлекеттік органдар жұмысын бағалайтын https://evaluation.egov.kz/ және мемлекеттік органдарға өтініш беру жүйесі «E-Otinish» арналары арқылы жүзеге асырылады.

Дүниежүзілік экономикалық форумның зерттеу жұмыстарының нәтижесінде 141 елдегі саяси билікке сенім деңгейі анықталған. Зерттеудің 2019 жылғы нәтижелері бойынша «The Global Competetives Report» рейтингісі: құқықтарды қорғау, үкіметтің өзгеруге қабілеті, бюджеттің ашықтығы және

т.б. сияқты 12 көрсеткіш бойынша бағаланады. Бұл рейтинг бойынша Қазақстан 141 мемлекеттің арасында 55-орынды иеленген [158].

БҰҰ электрондық үкіметінің даму индексі (EGDI) мемлекеттің электрондық үкіметті қызмет көрсетудң пайдалану қабілетін бағалайтын көрсеткіш. Ұсынылатын онлайн қызметтердің қолжетімділігін, телекоммуникациялық инфрақұрылымды және адам әлеуетін өлшейтін EGDI рейтингісі бойынша Қазақстан 28-ші орынды иеленген. Бұл көрсеткші теңізге шыға алмайтын дамушы елдер арасында шектеулі ресурстарға қарамастан ең жоғары көрсеткіші [158].

Дамушы және өтпелі экономикасы бар елдердегі басқару мен саяси менеджментті талдауға негізделген Бертельсманның түрлендіру индексі (BTI) бойынша 2022 жылғы мемлекеттік басқару индексі талдауда Қазақстан – 137 орынның 79-орнын және саяси трансформацияда 99-орынды иеленген [158].

Елдердегі сайлау үдерістері мен плюрализм, азаматтық бостандықтар, үкіметтің қызмет етуі, саяси қатысу, саяси мәдениет және азаматтық қоғам қызметін бағалайтын халықаралық «Бейбітшілік демократиясының индексі» нәтижесі бойынша Қазақстанның көрсеткіші саяси қатысу (5.0 балл) және саяси мәдениет (3.75 балл) көрсеткіштерімен алдыңғы орындарды иеленген деп айтуға болады [159].

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» – азаматтық қоғамның дамуын мақсаттайтын, азаматтардың мүдделеріне басымдық беретін мемлекет. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» азаматтардың сұраныстарын естіп қана қоймай, азаматтардың талап тілектерін ескеретін және санасатын мемлекет. Азаматтық қоғамдардың дамуы біріншіден, қоғамда түрлі әлеуметтік билік орталықтарының болуы қажет; екіншіден, азаматтық қоғам субъектілерінің қызметінің тәуелсіздігі қамтамасыз етілуі қажет; үшіншіден, қоғамдық тәртіпті орнықтыратын азаматтық жауапкершілік сезімі қалыптасу қажет.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Президентінің бастамасы бойынша ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Қоғамдық сенім кеңесі құрылды. Бұл Кеңестің құрудағы мақсат – елдегі мәселелерді анықтау және оларды шешудің жолдарын әзірлеу. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің құрамы: зияткерлік элита, халық өкілдері, көрнекті қоғам және саяси қайраткерлерінен құралды.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының қызметін дамыту мақсатында мемлекеттік органдар пен халық арасындағы өзара байланысының жақсарғанын байқауға болады. Бұған негіз болатын бірнеше саяси реформаларды атап өтуге болады: 2020 жылдың 25 мамырында қабылданған «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» Заң қабылдануы, 2020 жылдың 2 ақпанында қабылданған «Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы» қабылдануы, «ҚР сайлау туралы» Заңына өзгерістердің енгізілуі және «Саяси партиялар туралы» Заңға өзгерістер енгізілуі азаматтық қоғам дамуына сөзсіз әсер ететін факторлар болып есептеледі.

Әділетті Қазақстанның басты мақсаты әділ қоғам мен әділ мемлекетті құру. Демократияның негізгі функциясын атқаратын азаматтық қоғамды дамытуды көздейтін мемлекеттердің басты ұстанымы болуы қажет. Жоғарыда атап өткеніміздей, Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамыту бағыттары «Азаматтық қоғамды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасымен» реттеледі.

Тұжырымдама азаматтық қоғам мен оның институттарын дамыту үшін жағдайлар жасау, болып жатқан қоғамдық-саяси үдерістерді, экономикалық бәсекелестікті, пікірлер плюрализмін, азаматтық белсенділіктің нысандары мен әдістерінің алуан түрлілігін ескере отырып, азаматтарды мемлекет пен қоғамның негізгі міндеттерін талқылауға және шешуге тарту жөніндегі шараларды айқындайды. Азаматтық қоғам адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясында және азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде жарияланған, пікір білдіру және бейбіт жиналыстар өткізу бостандығына құқықтарды міндетті түрде сақтай отырып, құқықтық, демократиялық, әлеуметтік және «Халық үніне құлақ асатын» мемлекетті құру үшін негізгі базистерінің бірі бола отырып, мемлекетпен және бизнеспен тең құқықты және сындарлы әріптестікке негізделуге тиіс.

Халық пен билік арасында ашық байланыс орнатуды жүзеге асыратын тағы бір орган – Қазақстан Республикасының Ұлттық Құрылтайы. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші орган ретінде құрылған Ұлттық құрылтай қызметінің негізгі мақсаты қоғамдық бірігуді одан әрі дамыту жөніндегі идеялар мен қадамдарды тұжырымдауға бағытталды. Сондай-ақ Ұлттық құрылтай: қоғамдық бірлікті дамыту, жалпыұлттық құндылықтарды нығайтуға қатысты ұсыныстарды ұсыну, мемлекеттік органдар мен халық арасында диалог орнату секілді міндеттерді атқарады. Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Ұлттық құрылтайдың құрамы: белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері, саяси партиялар, үкіметтік емес сектор, бизнес-қауымдастықтар, сарапшылар қоғамдастығы және мемлекеттің түрлі аймақтарының қоғамдық кеңестері өкілдерінен тұрады.

Құрамы 117 адамнан тұратын Ұлттық құрылтайға барлық облыстың, сан алуан салалардың, әртүрлі буын өкілдерінің қатысуы қамтамасыз етіліп отыр. Ұлттық Құрылтайдың ұтымды тұсы ретінде қоғам мен билік арасындағы тікелей диалог жүреді. Қоғам өкілдері түйткілдерді айқындап, бір тоқтамға келіп, шешімдерді билікке ұсына алады. Қоғамдық ой-пікір айтылып, демократияның нышандарының сипаты көрінеді. Жиында экономистер, сарапшылар, депутаттар, мемлекеттік емес ұйымдардың өкілдері пікірін ашық білдіреді.

Тәуелсіздік қалпына келтіргеннен кейінгі жылдар ішінде барлық категориядағы жастардың мүддесін қорғайтын көптеген шаруа атқарылып, өз нәтижесін де беріп келеді. 2022 жылдан бастау алған Жаңа Қазақстан бағдарының осы уақытқа дейінгі жастардың мүддесін қорғайтын бағдарламалардың жалғасуын қамтамасыз етуді және ары қарай дамуын қолдайды.

Бұлардың ішіндегі ең бастысы жастардың мүддесіне заңдар базасы жасалынды және жастар саясатын жүзеге асыратын негізгі құралдары қалыптасты. Жоғарыда айтып өткеніміздей, 2015 жылы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» жаңа заң қабылданып, жастар саясаты жұмысының заңнамалық негізі нақтыланды.

Жастардың мүддесіне жасалынған екінші маңызды жетістік білім алу қолжетімділігінің артуы болды. ЖОО-лардағы грант санының өсуі жастардың тегін оқуына мүмкіндіктерін арттырды. Қазақстандағы халықаралық «Болашақ» бағдарламасы еліміздің жастарына дүниежүзінің үздік университеттерінде оқуға және ғылыми тағылымдамалардан өтуіне үлкен мүмкіндік екені сөзсіз.

Үшінші маңызды нәтижелердің көрінісі ретінде, жастар саясаты аясында дайындалған жобалар бойынша жастар жалпыұлттық міндеттерді жүзеге асыруға жұмылдырылды. Бұл жобалар: «Жасыл ел», «Серпін–2050», «Еңбек», «Дипломмен – ауылға!» бағдарламалары, жастарды қолдайтын факторы екеніне күмән жоқ.

2022 жылдан бастау алған Жаңа Қазақстанның негізгі бағдарлары, оның ішінде құндылықтарды сақтау және дамыту мәселелері: Қазақстан Республикасының Президентінің Жыл сайынғы Жолдау мәтіндерінде, Қазақстан Республикасының Ақпараттық Доктрина мәтінінде және Қазақстан Республикасының Ұлттық Құрылтай баяндамаларында басымдылық берілген тақырып ретінде белгілі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылдың 14 наурызында Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында сөйлеген сөзінде ұлттық құндылықтар тақырыбын да қозғады. Мемлекет басшысы мемлекеттің ішкі саясаттағы қызметін жүйелейтін біртұтас тұжырымдамалық құжат дайындалуы қажет екенін атап өтті.

Құндылықтарды дәріптеуге және ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруға ықпал ететін бұл құжатта мемлекеттік идеология жұмысының мақсат-міндеттері мен басымдықтары нақты белгіленуі қажет. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бұл тұжырымдамада «...мемлекеттік идеология жұмысының мақсат-міндеттері мен басымдықтары нақты белгіленуге тиіс. Тұжырымдамада халқымыздың бірегей болмысын, өмір салтын сипаттайтын жалпыұлттық құндылықтар мен негізгі нышандар айқын көрсетілуі керек. Бұл, ең алдымен, осы құндылықтар мен нышандарды қоғамда орнықтыру, оларды кеңінен дәріптеу және қорғау үшін қажет» – деген болатын [155].

Қазақстандық қоғамның дамуында жастарға бағыт-бағдар беретін және олардың көзқарастарын айқындайтын құндылықтарды түсіну өте маңызды. Жастардың құндылық бағдарларын анықтау олардың инновациялық әлеуетін анықтауға және бағалауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Философия және саясаттану институты тарапынан жүргізілген сауалнамада қазақстандық жастар мен басқа жас топтары өкілдері арасында төмендегідей құндылықтар негізге алынды: Заңдылық, Қауіпсіздік, Отбасы, Жұмыс, Әділет, Байлық,

Бостандық, Прогресс, Демократия, Кәсібилік, Теңдік, Абырой, Меншік, Толеранттылық, Бейбітшілік, Тұрақтылық, Үй, Келісім, Нарық, Мансап, Реформа, Ұжымшылдық, Интернационализм, Отан, Социализм, КСРО, Қазақстан, Егемендік, Халық, Тек, Ұлт, Патриотизм, Денсаулық, Амандық, Сенім, Индивидуализм.

Сауалнама түрлі категориядағы азаматтарға жүргізіліген, мұнда жастар категориясындағы сауалнаманың ұлттық құндылық мазмұнындағы сауалнама нәтижелеріне шолу жасалды. Сауалнама нәтижелері бойынша: отбасы, Отан, Қазақстан, егемендік, халық, тек, ұлт, патриотизм ұғымдарын құндылық ретінде басымдылық берілгендігін көруге болады.

«Жаңа Қазақстан» – бұл тек реформалар жиынтығы емес, жаңа саяси мәдениеттің қалыптасуы. Саяси құндылықтардың орнығуы – тұрақты, әділетті және демократиялық қоғам құрудың негізі деп бағалауымызға болады.

Жалпы алғанда, «Influence of philosophical and political values in Kazakhstan» атты зерттеуіміз бен жоғарыда талданған материалдар Қазақстан жағдайында саяси құндылықтардың қалыптасуы тек институционалдық реформалармен шектелмей, азаматтық қоғамды дамыту, мемлекеттік идеологияны жүйелеу және жастардың құндылықтық бағдарларын кешенді түрде қалыптастыру арқылы жүзеге асатын көпдеңгейлі үдеріс екенін көрсетеді. «Жаңа Қазақстан» және «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамалары аясында құқықтық мемлекет, ашық диалог, азаматтық белсенділік және жалпыұлттық құндылықтарды орнықтыру бағыттары өзара байланыста қарастырылып, олардың жастар санасында нақты әлеуметтік тәжірибе арқылы бекитіні айқындалды. Осы тұрғыда жастар саясатының тиімділігі білім беру, заңнамалық негіз, мемлекеттік бағдарламалар және қоғамдық институттардың үйлесімді әрекетіне тәуелді екені, ал құндылықтарды қалыптастыру процесі тек декларативті деңгейде емес, функционалдық және практикалық механизмдер арқылы іске асырылуы тиіс екенін көрсетеді дей аламыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жастардың саяси құндылықтарын түркілік дүниетаным аясында «қалыптастыру-қалыптасу» детерминациясын саяси-философиялық тұрғыда бағамдау жан-жақты зерттеуді қажет ететін кешенді әрі күрделі құбылыс екені даусыз. Ең әуелі жастар ұғымының философиялық, әлеуметтанулық және саяси-мәдени қырларын кешенді түрде қарастыру оның көпқабатты табиғатын ашуға мүмкіндік беретінін көрсетті: көне және классикалық ойшылдардан бастап қазіргі теорияларға дейінгі тұжырымдар жастарды қоғамның белсенді, бағыттаушы субъектісі ретінде сипаттайды, ал ақпараттық қоғам жағдайында олардың саяси-онтологиялық болмысы жаңа цифрлық, құқықтық және мәдени трансформациялар аясында қайта пайымдауды қажет етеді. Білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен жаһандық бағдарламалар жастардың құндылықтық бағдарларының прагматикалық және динамикалық сипатын айқындаса, ал жастардың құндылықтарға қатынасын зерделеу – олардың тұрақтылығы мен өзгермелілігін нақты әлеуметтік тәжірибелер арқылы түсіндіруге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, түркілік саяси құндылықтардың тарихи-мәдени негіздері олардың тек символдық емес, тәжірибелік және функционалдық мазмұнға ие екенін дәлелдеп, қазіргі жастар санасында архетиптік деңгейде қайта жаңғыру әлеуеті бар екені зерттеу барысында негізделді.

Осы тұрғыда зерттеу нәтижелері төрт деңгейде жүйеленеді: аксиологиялық деңгейде – жастар құндылықтарының тарихи сабақтастық пен заманауи трансформация арасындағы тепе-теңдікке негізделетіні; когнитивтік деңгейде – жастардың саяси және әлеуметтік шындықты қабылдауы цифрлық орта, білім және мәдени ықпалдар арқылы қалыптасатыны; функционалдық деңгейде – құндылықтардың нақты әлеуметтік практикалар, институттар және саяси құралдары арқылы іске асатыны; саяси деңгейде – жастар құндылықтарының мемлекет, азаматтық қоғам және идеологиялық бағдарлармен өзара байланыста институционалданатыны айқындалды. Нәтижесінде, түркілік саяси құндылықтарды қазіргі жастар санасына енгізу тек мазмұндық емес, оны жүзеге асыратын технологиялар мен тетіктерді жүйелі түрде қайта құрылымдауды талап ететін кешенді үдеріс екені тұжырымдалды.

Зерттеу тақырыбымыз бойынша алынған қорытындыларды тқмендегнідей топтастыруға болады:

1. Қоғам құрылымының маңызды әлеуметтік тобы ретінде жастар тақырыбына қатысты ойлар көне шығыс пен антика дәуірі философиясынан бастау алады. Біз талдап көрсеткен Конфуцийдің, Пифагордың, Гераклит, Демокрит, Сократ, Платон, Плутарх, Аристотель, Цицерон, Сенека сияқты философтардың жастар туралы пайымдаулары көбіне этикалық шеңберде екені айқындалды. Алайда бұл көзқарастар кейінгі, әсіресе, XX ғасырда әлеуметтік-теориялық зерттеулермен толықтырылып, мәдениет пен қоғамның әлеуметтік тұрғыда құрылымдалатыны жайлы тұжырымдар арта бастады. Осы тұрғыдан алғанда, жастар тек жас ерекшелігіне байланысты айрықшаланатын топ емес, әлеуметтік қатынастар жүйесінде орныққан, мәдени кодтар мен нормалар

арқылы қалыптасатын құрылымдық элемент ретінде пайымдала бастады. Жастар түсінігіне әлеуметтанулық (Толкотт Парсонс, Роберт Мертон, Джордж Мид) тұрғыдан талдау жасаған көзқарастар жүйесі олардың қоғамдық қатынастар субъектісі болуымен бірге, сол қоғамның беталысын да айқындайтын әлеуметтік белсенді топ екенін негіздейді. Ал Пьер Бурдье ұсынған «хабитус» тұжырымдамасы аясында жастардың дүниетанымы, мінез-құлық үлгілері мен құндылықтық бағдарлары әлеуметтік орта, мәдени тәжірибе және институционалдық ықпалдар арқылы қалыптасатындығы дәйектеледі. Жастар болмысының биофизиологиялық, демографиялық, психологиялық, мәдени-тарихи негіздерін бағамдайтын Пьер Бурдье, И.С. Кон, Хосе Ортега-и-Гассет, Эрик Эриксон, Карл Мангейм, Д.Д. Накашидзе, В.И. Чупров, Л.А. Седов секілді ғалымдардың көзқарастарын талдау олардың жастардың тұлғалық болмысын жан-жақты, көпқырлы әлеуметтік феномен ретінде ашуға ұмтылғандығын көрсетеді. Осы зерттеулер аясында жастардың саяси-әлеуметтік қатынастардағы орны айрықшаланып, «жастар» ұғымының мазмұны құрылымдық және мәдени контексттерде тереңірек талданды.

2. Қазақстан Республикасының саясаты мен мемлекеттік бағдарламалары аясында қарастырылатын жастар мәселесі олардың саяси-онтологиялық мазмұнын тереңірек ашуды талап етеді. Осы тұрғыда қазіргі ақпараттық қоғам жағдайындағы жастар феноменіне қатысты, атап айтқанда, ақпараттық кеңістіктегі мінез-құлық үлгілері, құқықтық сана, цифрлық трансформация жағдайындағы тұлғалық еркіндік пен жауапкершілік арақатынасы сияқты түйткілді мәселелер жүйелі түрде талданды. Қазіргі виртуал кеңістіктегі өзгерістер мен жаһандық мегатенденциялар ықпалындағы құндылықтық трансформациялар жастар болмысын дәстүрлі түсіндіру шеңберінен шығарып, оны жаңа парадигмалар мен феноменологиялық рефлексиялар негізінде, яғни олардың өзіндік танымы мен саналық құрылымдары арқылы қайта пайымдауды қажет ететіні айқындалды. Осыған сәйкес, жастар феномені мен олардың құндылықтар жүйесінің тұрақтылығы мен өзгермелілігі, сондай-ақ құқықтық нормаларды қабылдау ерекшеліктері «заңнамалық жастар» контексінде зерделену арқылы ашылатын күрделі әлеуметтік-саяси құбылыс ретінде негізделді.

3. Жастардың білім алу контексіндегі прагматикалық ұстанымдары мен олардың қазіргі заманғы жетілу және жаңашалану технологияларымен өзара байланысы рефлексиялық тұрғыда талданды. Әлемдік деңгейдегі «Дүниежүзілік жастар бағдарламасы», «Мыңжылдық даму мақсаттары», «Баршаға арналған білім мақсаттары» және «Жаһандық білім беру бастамасы» сияқты стратегиялардың мазмұны мен институционалдық нәтижелері нақты әлеуметтік практикамен сабақтастыра отырып бағамдалды. Осы үдерісте индустриаланған білім беру жүйесінің негізгі мақсаты ретінде қарастырылатын интеллектуалдық әлеует пен тұлға қалыптастыру мәселесі еліміздегі білім беру философиясының саяси-әлеуметтік негіздерімен байланыста зерделенді. Білім беру саласындағы статистикалық деректер оның бір жағынан прогрессивті динамикасын, екінші жағынан жүйелік түйткілдерін айқындап, соның негізінде жастар санасы мен

өмірлік стратегияларындағы білім құндылығының жаңа, прагматикалық әрі динамикалық парадигмалары қалыптасып келе жатқаны анықталды.

4. Философия мен әлеуметтанудағы құндылықтар туралы дискурстар талданып, олардың сан қырлы, бір мезгілде әрі тұрақты әрі динамикалық сипатқа ие екені айқындалды; жастардың бұл құндылықтарды қабылдауы мен эмоционалдық тұрғыда түйсінуі нақты әлеуметтік тәжірибелер мен аймақтық ерекшеліктер арқылы сараланды. Нәтижесінде құндылықтардың тек теориялық категория емес, үнемі қайта құрылымданып отыратын әлеуметтік-мәдени құбылыс екені негізделіп, ұлттық мемлекет жағдайында құндылықтық бағдарлар идеологиялық құрал деңгейінде емес, үнемі жаңарып отыратын дискурстық кеңістік арқылы өмір сүретін іргелі мәдени институт ретінде пайымдалды. Осы бағытта «BRIF Research Group» және «World Values Survey» деректері негізінде Қазақстан жастарының құндылықтық бағдарларының мотивациялық, детерминациялық және корреляциялық байланыстары жүйеленіп көрсетілді.

Сонымен қатар, жастардың қазіргі әлеуметтік жағдайын сипаттайтын NEET (білім алмайтын, жұмыс істемейтін және кәсіби даярлықтан өтпейтін жастар) және BANI (Brittle, Anxious, Nonlinear, Incomprehensible) ұғымдары талданып, олардың жастар құндылықтарына әсер ету механизмдері айқындалды: NEET үлесінің артуы әлеуметтік интеграцияның әлсіреуін және құндылықтық бағдарлардың практикалық деңгейде іске асуындағы үзілістерді көрсететіні дәлелденді, ал BANI әлемі жағдайында тұрақсыздық пен белгісіздік тәжірибесінің күшеюі жастардың құндылықтарды қабылдауын фрагментарлы және ситуативті сипатқа ауыстыратыны анықталды. Нәтижесінде жастардың саяси және әлеуметтік құндылықтары тұрақты жүйе ретінде емес, өзгермелі, контекстке тәуелді және бейімделгіш құрылым ретінде қарастырылуы тиіс екені тұжырымдалды.

